

Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті

ӘОЖ 373.3.016:811.111:004

Қолжазба құқығында

АСЫЛЖАНОВА ДАНАГУЛЬ ЕРБОЛОВНА

**Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп
оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін
қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері**

6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі

Философия докторы (PhD)

дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Узакбаева С.А.

Шетелдік кеңесшісі профессор Ыргатоғлу А.
(Анкара, Түркия)

Қазақстан Республикасы

Алматы 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР.....	4
КІРІСПЕ	5
1 АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТТІЛДІК КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 «Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы.....	14
1.2 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері	33
1.3 Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастырудың дидактикалық шарттары.....	44
Бірінші тарау бойынша тұжырым	61
2 БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТТІЛДІК КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАЗМҰНЫ	
2.1 Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру моделі	63
2.2 Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыруға бағытталған «EnglishLab» вариативтік курсының оқу-әдістемелік кешені	80
2.3 «EnglishLab» вариативтік курсына арналған интерактивті электронды оқу құралы	98
Екінші тарау бойынша тұжырым	107
3 АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТТІЛДІК КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІ-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ	
3.1 Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің деңгейлерін диагностикалық бағалау.....	109
3.2 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі	122
3.3 Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижелері	141
Үшінші тарау бойынша тұжырым	148
ҚОРЫТЫНДЫ	150
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	152
ҚОСЫМШАЛАР.....	166

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға және нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылды:

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – 01.09.2022ж.

2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы мен тұжырымдамасы.

Қазақстан Республикасы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы және «Цифрлық мұғалім» ұлттық жобасы.

Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
АКТ	– Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
КҚ	– Коммуникативтік құзыреттілік
ШКҚ	– Шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік
БМОШКҚ	– Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі
БМЖМС	– білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
БНжЖОБ МЖМС	– Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
ОӘК	– Оқу-әдістемелік кешен
ШТ	– Шетел тілі
ЭТ	– Эксперимент тобы
БТ	– Бақылау тобы
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
ТМД	– Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі қоғамның өзекті міндеттерінің бірі — шетел тілін еркін меңгеріп, алған білімін әртүрлі қарым-қатынас салаларында қолдана алатын тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндет Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың (2022 ж.) Жолдауында айқын көрініс тапқан. Онда жастар білімінің қоғам дамуының негізгі тірегі екені атап өтіліп, тек білімді әрі бірнеше тілді меңгерген ұрпақ қана болашаққа сенімді қадам жасай алатыны, ал елдің әлеуеті жас ұрпақтың зияткерлік деңгейімен тікелей байланысты екені баса көрсетілген [1]. Осы тұрғыдан алғанда, шетел тілін жүйелі түрде ерте жастан, атап айтқанда, бастауыш мектептен бастап оқыту — көптілді тұлғаны қалыптастырудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Бастапқы кезеңде шетел тілін оқытудың басты мақсаты — оқушының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің қажетті деңгейіне қол жеткізуін қамтамасыз ету, жаңа тілдік ортаға бейімделу, шетел тіліндегі сөйлеу әрекетін өздігімен меңгеруге жағдай жасау, сондай-ақ өзге мәдениет өкілдерімен қарым-қатынасқа түсетін тұлғаны тәрбиелеу болып табылады [2].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану бастауыш мектеп оқушыларының жоғарыда аталған шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндігін арттыра түседі. Зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасының бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттарымен дәлелденеді: «2023–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту тұжырымдамасы» [3], сондай-ақ «Білім беруді дамыту тұжырымдамасы» [4], аталған құжаттарда заманауи білім беру технологияларын қолдану мен оқытудың инновациялық әдістерін енгізу міндеттері нақты көрсетілген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Білім берудің жалпыға міндетті стандарты» құжатында да функционалдық сауаттылықты, соның ішінде шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті инновациялық тәсілдер арқылы қалыптастыру қажеттігі атап өтілген [5], [6].

Ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру саласында пайдалану мәселесінің ТМД және отандық ғалымдардың зерттеулерінде бірнеше бағытта қарастырылғанын көрсетеді. Мәселен, ақпараттық технологиялар Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, А.А.Бодалевтің зерттеулерінде қарым-қатынас пен іс-әрекет теориясы, Ю.А.Бабанский, М.А.Даниловтың біртұтас педагогикалық процес теориясы, В.А.Сластенин, Л.С.Подымованың инновациялық педагогикалық іс-әрекет теориясы бағытында, А.М.Матюшкин, М.И.Махмутов, В.Оконь еңбектерінде проблемалық оқыту теориясы аясында қарастырылса, С.Абдығаппарова, Н.И.Букетова, Г.К. Нургалиева ақпараттық оқытудағы тұлғалық даму ерекшеліктері бағытын негізге алады. Оқыту процесінде компьютер құралдарын қолданудың қажеттілігі, мүмкіндіктері мен педагогикалық тұрғыда мақсаттылығы Д.М.Джусубалиева, Е.П.Ершов, Ж.А.Қараев, М.Серік зерттеулерінде толық зерделенсе, ақпараттық технологияларды білім беру саласында пайдаланудың әдіс-тәсілдері, шарттары, дидактикалық-әдістемелік

негіздері В.П.Беспалько, Ш.М.Каланова, Е.И.Машбиц сынды ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қарастырылған. Осы саладағы отандық зерттеу жұмыстарына тоқталсақ, қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен әдістемесін ақпараттандыру мәселелерін зерттеуде академик С.С. Кунанбаеваның ғылыми мектебі жетекші орын алады. С.С. Кунанбаеваның «Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы» атты еңбегінде шеттілдік білім беруді ақпараттандыру мәселелері жан-жақты талқыланып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың шеттілдік білім беру процесіндегі рөлі мен оқыту сапасын арттырудағы маңыздылығы көрсетілген [7]. Сондай-ақ, ақпараттық технологияларды білім беруде қолдану мәселелерімен Д.М. Джусубалиева, А.Т. Чакликова, Д.Е. Сағымбаева, Д.Ж. Баймұханова және т.б.; қашықтықтан оқыту, Moodle технологиясын жүзеге асырумен Н.С. Асмағұлбаева айналысса, ағылшын тілін электронды оқулықтар арқылы оқыту әдістемесі Ұ.Т.Нұрманалиева, А.И. Тажигулова және т.б. отандық ғалымдардың жұмыстарында зерттеліп, көрініс тапқан.

Ал шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік мәселесіне Л. Бахман, М. Канале, М. Суэйн, М. Н.Вятютнев, Н. Л.Гончарова, И. А. Зимняя, Е. Астахова, И.Л. Бим, Н.Д. Гальскова, Л.В. Щерба және т.б. шетел ғалымдарының зерттеулері арналған. Шетел тілі білімін ерте жастан ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік негіздері шетелдің жетекші ғалымдарының – С. Филлипс, Г. Жирар, Б. Видлок, С. Бруни, Д. Уэбстер және т.б. – еңбектерінде көрініс тапқан. Сонымен қатар бұл бағытта ТМД зерттеушілер мен әдіскерлер – В.Н. Мещерякова, Н.В. Семенова, И.Н. Павленко, И.Л. Шолпо, З. Никитенко, З.Я. Футерман, Л.П. Гусева, М.А. Хасанова, Г.В. Рогова және басқа да ғалымдардың ғылыми-педагогикалық ізденістері маңызды рөл атқарады.

Алайда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде пайдалану мәселесі педагогика ғылымында аса жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған.

Бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру проблемасы бойынша педагогикалық-психологиялық, әдістемелік әдебиеттерге және осы проблеманы мектеп әрекетінде шешудегі практикасына жасаған талдау:

- қоғамның орта білім беру жүйесіне оқушылардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға тапсырысы мен мектептің оны орындауға даярлығының жоқтығы арасында;

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері мен оларды бастауыш мектеп оқушыларына шетел тілін меңгертуде жеткіліксіз пайдалану арасында;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды мектеп практикасында кең көлемде пайдалану қажеттігі мен арнайы жасалған ғылыми-әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы арасында **қарама-қайшылықтардың** бар екендігін көрсетеді.

Осы қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру бізге зерттеу проблемасын анықтауға және зерттеу тақырыбын «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» деп таңдауымызға себеп болды.

Зерттеу объектісі – жалпы білім беретін мектепте шетел тілін оқыту процесі.

Зерттеу пәні – бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеудің мақсаты - бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу және мазмұны мен әдістемесін жасау.

Зерттеудің міндеттері:

1. «Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымының мәнін, мазмұнын, құрылымын нақтылау;

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін анықтау;

3. Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру моделін жасау және дидактикалық шарттарын айқындау;

4. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған «EnglishLab» вариативтік курсының оқу-әдістемелік кешенін және соған арналған авторлық «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралын даярлау;

5. Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ағылшын тілі вариативтік курсына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру әдістемесін ұсыну және оның тиімділігін тәжірибелі-эксперимент барысында тексеру.

Зерттеудің болжамы: бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру тиімді болады, **егер:**

- шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөліктері мен оның қалыптасу критерийлері ғылыми тұрғыда негізделсе;

- бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың моделі жасалып, дидактикалық шарттары айқындалса, әрі оны қалыптастырудың негізгі құралы ретінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылса, **онда** бастауыш мектеп оқушыларының ағылшын тілінде коммуникативтік ниетті жүзеге асыруға дайындығы мен қабілеті қалыптасады, **өйткені** бұл процесс когнитивті, тұлғаға бағдарланған, коммуникативті және ақпараттық-технологиялық тәсілдер негізінде жүзеге асырылады.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздерін:

- білім беру философиясының негізгі ережелері (И.Л. Бим, Е.И. Пассов, Л. С. Выготский, Н.Гез және т. б.);
- оқытудағы жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғаға бағдарланған тәсілдердің тұжырымдамалары (В. В. Давыдов, Н. Хомский, А. В. Хуторской және т. б.);
- құзыреттілік тәсілдің негізгі қағидалары (С.С Кунанбаева, Б.А. Жетписбаева, И.А. Зимняя, И. Бабин, О. Заболоцкая, Н. Хомский және т. б.);
- оқушылардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі саласындағы еңбектер (И. Л. Бим, Н. Д. Гальскова, И. А. Зимняя, З.Н. Никитенко, Р. П. Мильруд, J. Gumperz, D. Hymes, С.С Кунанбаева, А. Головчун, Г.Жумабекова, П.К.Елубаева, С.А.Нуржанова, С.А.Узакбаева және т. б.);
- сөйлеу әрекетін дамыту саласындағы еңбектер (А. Леонтьев, Н.И.Жинкин, Т.А. Кульгильдинова, Ә.Жұмабаева, Г.Жусупбекова);
- бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік қабілеттерін дамыту мәселелерін педагогикалық-психологиялық бағытта қарастырған еңбектер (Ж. Пиаже, В. В. Давыдов, Д.Б. Эльконин және т. б.);
- білім беру мекемелерінің педагогикалық процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану саласындағы зерттеулер (И. В. Роберт, Е.С. Полат, Г.К. Нургалиева, Д.М. Джусубалиева, А.Т. Чакликова, А.И. Тажигулова, Г.Б. Саржанова, А.Н.Жорабекова және т. б.) құрайды.

Зерттеу әдістері:

- теориялық: зерттелу проблемасы бағытындағы психологиялық педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді зерттеп, зерделеу; бастауыш білім беру саласындағы нормативтік құжаттарға талдау; модельдеу; қорытындылау.
- эмпирикалық: бастауыш мектепте шетел тілін оқытудағы стандарт, бағдарлама, оқулық, оқу құралдарына талдау; педагогикалық эксперимент; оқу процесін бақылау; сауалнама, аралық кесінді, тестілеу; әңгімелесу және оның нәтижелерін жүйелеу, өңдеу; тәжірибелі-эксперимент жұмысы нәтижелерін қорытындылау.
- статистикалық: қарапайым математикалық статистика әдісімен алынған материалдар мен нәтижелерді сандық және сапалық өңдеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәні:

1. «Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы нақтыланды;
2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері анықталды;
3. Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру моделі жасалып, оны жүзеге асыруға ықпал ететін дидактикалық шарттары айқындалды;
4. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған «EnglishLab» вариативтік курсының оқу-

әдістемелік кешені және соған арналған «English for Fun» авторлық интерактивті электронды оқу құралы даярланды.

5. Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ағылшын тілі вариативтік курсына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы кезеңдеп қалыптастыру әдістемесі ұсынылды және оның тиімділігі тәжірибелі-эксперимент барысында дәлелденді.

Зерттеудің практикалық мәні. Оқу процесіне ендірілді:

– «EnglishLab» (Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру шеберханасы) вариативтік курсы бойынша оқу-әдістемелік кешен (бағдарлама, тапсырмалар мен жаттығулар жинағы, әдістемелік нұсқаулар және т.б.);

– Оқу-әдістемелік кешенге арналған «English for Fun» атты авторлық интерактивті электронды оқу құралы.

Зерттеу нәтижелерін жоғары және арнайы орта оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептерде, сондай-ақ мұғалімдер білімін жетілдіретін институттарда пайдалануға болады.

Қорғауға келесі қағидалар ұсынылады:

1. Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі деген – коммуникативті өзара әрекеттестіктегі қабілеті болып табылады, өйткені ол меңгерілетін тілдің орфография, фонетика, лексика және грамматикасы, Интернет желісіндегі қарым-қатынас этикасы, компьютерлік технология лексикасы мен тілі меңгерілетін елдің әлеуметтік-мәдени ерекшелігі саласындағы *білімі мен дағдысына*, сондай-ақ тұлғалық қатынас барысында сөйлеу іс-әрекетінің (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) *іскерліктеріне* негізделеді.

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері мынада: мұғалімнің жетекшілігімен ақпараттың заманауи құралдары мен жүйесін және интерактивті веб-элементтерді қолдану оқушылардың шетел тілін меңгерудегі сөйлеу іс-әрекетінің тиімділігін арттыруға және меңгерген білім сапасын бақылауға мүмкіндік береді; Интернет желісінде ағылшын тілінде бейне- және аудио материалдарды іздеу жүйесінің болуы, электронды кітапханаларда, білім беру сайттарында және порталдарда қосымша әдебиеттермен гипер байланыстың болуы әлеуметтік-мәдени білім мен Интернет-технологиялар саласындағы білімін кеңейтеді.

3. Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру моделі блоктар жиынтығын (мақсатты, тұжырымдамалық, мазмұндық-ісәрекеттік, бағалау-нәтижелік) құрайды және дидактикалық шарттарды (АКТ енгізе отырып, оқу процесін ұйымдастыру барысында шетел тілін үйренуге оң мотивация құру; оқу процесіне «EnglishLab» вариативтік курсын және «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралын ендіру; мұғалімнің жетекшілігінде АКТ пайдалану арқылы оқушылардың шетел тілін

меңгертудегі өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру) тиімді пайдалану негізінде жүзеге асырылады.

4. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған «EnglishLab» вариативтік курсының оқу-әдістемелік кешені (бағдарлама, әдістемелік нұсқаулар, жаттығулар мен тапсырмалар жинағы) мен соған бейімделген авторлық интерактивті электронды оқу құралының мазмұны бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыруға бағдарланады.

5. Оқу процесіне тәжірибелі-эксперимент барысында тиімділігі дәлелденген вариативтік курс пен оқу құралын ендіру әдістемесі ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің кезеңдеп қалыптасуын қамтамасыздандырады.

Зерттеу кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2018-2019 жж.) зерттеліп отырған проблеманың жай-күйі қарастырылып, зерттеудің ғылыми аппараты анықталды, зерттеу проблемасы бойынша материалдар (теориялық, әдіснамалық, әдістемелік) жинақталды, зерттеу бағдарламасы әзірленіп, тәжірибелі-эксперимент жұмысына қажетті материалдар дайындалды, бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыруға арналған оқу-әдістемелік кешен мазмұнына қажетті материалдар сұрыпталды, электронды оқу құралы құрастырылды және ғылыми мақалалар даярланып, басылым көрді.

Екінші кезеңде (2019-2020жж.) зерттеу проблемасы бойынша материалдар жинау жалғастырылып, сұрыпталды, вариативтік курс бағдарламасы мен оқу-әдістемелік кешен дайындалды, тәжірибелі-эксперимент жұмысы (анықтау және қалыптастыру кезеңдері) жүргізілді, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделі құрылды, жұмыс түрлері мен әдістері айқындалды, әрбір кезең барысында кесінділілер алынды, кесінділер нәтижелері нақты өлшемдер, көрсеткіштер және деңгейлер бойынша жүйеленді, ғылыми мақалалар, жаттығулар жинағы басылым көрді.

Үшінші кезеңде (2020-2021 жж.) тәжірибелі-эксперимент жұмысы (қалыптастыру кезеңі) жалғасын тапты, жиналған материалдар құрылым бойынша жүйеленді, алынған нәтижелер өңделіп, қорытындыланды, ұсыныстар даярланды, оқу құралдары басылым көрді, пайдаланылған әдебиеттер жүйеге келтіріліп, диссертациялық жұмыс талапқа сай рәсімделді.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі әдіснамалық, теориялық және әдістемелік тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, кешенді әдістерді қолданумен, зерттеу нәтижелерін практикаға ендірумен, тәжірибелі-эксперимент барысында пайдаланылған ұсыныстардың тиімділігімен, ғылыми болжамның дәлелденуімен қамтамасыздандырылады.

Зерттеу базасы: Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және практикаға ендіру. Алынған нәтижелер республикалық журналдарда – 2, халықаралық ғылыми конференция материалдарында – 7, SCOPUS базасына кіретін ғылыми басылымда – 2, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған басылымдарда ғылыми мақалаларда – 4 көрініс тапты:

– The Effect of ICT-Enhanced Blended Learning on Elementary School Student's Achievement in English and Attitudes Towards English Lesson. // International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology, №3 (10) –2022, 632-649pp. E-ISSN: 2147-611X, Түркия (2021 жылы білім беру бойынша процентиль – 71). <https://ijemst.net/index.php/ijemst/article/view/2463>. Берілген мақалада бастауыш мектептегі ағылшын тілі сабақтарында АКТ қолдауымен аралас оқыту бағдарламасы мен дәстүрлі оқыту тәжірибесінің әсерін салыстырмалы түрде зерттеудің нәтижесі көрініс табады. Автордың қосқан үлесі 85%.

– Investigating The Effects of ICT-based Interactive Foreign Language Teaching to Primary School Students // Journal of Social Studies Education Research. – 2024. – V.15. –Iss.5. – 26-58 pp. (JSSER, ISSN: 1309-9108) <https://jsser.org/index.php/jsser/article/view/6085> Автордың қосқан үлесі 85%.

– Formation of foreign language communicative competence of primary school students based on cooperative learning technology // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. –2023. – Том 71 № 4. – 225-237 бб. <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.73.3> Бұл мақала бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ынтымақтастықта оқыту технологиясы негізінде қалыптастыру мәселесіне арналады. Автор үлесі 80%.

– Formation of foreign language communicative competence of primary school students // Journal «Pedagogy and Psychology». Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогикалық серия. – 2024. – Т.58, №1. – 50-57 бб. <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1564/983>. Бұл мақалада бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін интерактивті әдістер арқылы қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Автор үлесі 80%.

– The educational use of electronic textbooks in primary foreign language teaching in the context of digitalization. // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – 2024. – Т.74, № 3. – 432-444 бб. <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.73.3> Бұл мақала бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін интерактивті электрондық оқулық негізінде қалыптастыру мәселесіне арналады. Автордың қосқан үлесі 85%.

– Ағылшын тілін оқытудағы тиімді әдістер. // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2020. – №4, (74). – 354-358 бб. Автор үлесі 95%.

– Classification of digital educational resources and electronic educational methodological complexes: implementation in foreign language education // V Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары «Шеттілдік білім беру: озық тәжірибелер, инновациялар және болашағы». - Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, 2018ж 12-13 қараша - 196-199 бб; Берілген мақала цифрлық білім беру ресурстары мен электрондық оқу-әдістемелік кешендердің жіктелуі мен шеттілдік білім беруде қолданылуына арналған. Автордың қосқан үлесі 90%.

– Бастауыш сыныптарға ағылшын тілін оқытудың коммуникациялық әдіс-тәсілдері // Халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференция материалдары «Филология, лингводидактика және аударматану: өзекті мәселелері мен даму тенденциялары». – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019 ж. 29 қараша. 166-168 бб. Алматы; Автордың үлесі 95%.

– The essence and didactic capabilities of the information and communication environment in foreign language education // Association "Society for Academic Activity" халықаралық медиа конференциясының материалдары «The Science. Socium. Society». 2019 ж. – 228-231 бб. Сербия; Берілген мақала шеттілдік білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық ортаның мәні мен дидактикалық мүмкіндіктері баяндалады. Мақала дайындауда автордың үлесі 95%.

– Бастауыш сынып оқушыларына шетел тілін меңгертудің педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары «Цифрландыру жағдайындағы әл-Фараби педагогикалық құзыреттілігі». – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020 ж. 12 ақпан. 52-55 бб. Алматы; Мақала дайындаудағы автордың үлесі 95%.

– Қазақстан Республикасында ағылшын тілін оқытудың жүйесі. // «Мега Білім» Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық әлеуметтік журналы №1, 2020, 14-15 бб. Автор үлесі 95%.

– The Content of Primary School Foreign Language Education. Халықаралық ғылыми конференция материалдары «Science and Innovation: News, Problems and Achievements – 2021» №2. –KazConf media conference, Астана, 2021ж. 28-29 сәуір. 25-32 бб. Бұл мақалада тұлғаға бағдарланған парадигма тұрғысынан ерте кезеңде шетел тілін оқыту мақсаты мен міндеттері қарастырылып, бастауыш шеттілдік білім берудің мазмұны ашылады. Автор үлесі 95%.

– Ақпараттық-коммуникациялық ортадағы шетел тілін оқытудың психолінгвистикалық негізі. // «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» республикалық институтының ақпарат-әдістемелік хабаршысы «Білім Берудегі Менеджмент», №1 (100), 2021, 77-80 бб. Автордың қосқан үлесі 95%.

Бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытуда электронды ресурсты қолданудың ерекшеліктері // Халықаралық ғылыми конференцияның материалдар жинағы «Ғылым және Инновациялар: Жаңалықтар, Мәселелер мен Жетістіктер», Астана, 2023, 30-31 мамыр, 23-33 бб. Автор үлесі 80%.

Зерттеу жұмысының құрылымы: диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, зерттеудің объектісі, пәні, мақсаты, міндеттері, болжамы, ғылыми және теориялық жаңалықтары, практикалық мәні, қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеу кезеңдері, зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және практикаға ендіру беріледі.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда «бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымының мәні, мазмұны мен құрылымы қарастырылады; ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері жан-жақты мазмұндалады, мектеп стандарты мен типтік оқу бағдарламасына талдау беріледі, дидактикалық шарттары қарастырылады.

«Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру мазмұны» атты екінші тарауда бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру моделі құрылымдалады, «EnglishLab» (Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру шеберханасы) вариативтік курсы бойынша даярланған оқу-әдістемелік кешен мен авторлық интерактивті электронды оқу құралының құрылымдық мазмұнына сипаттама беріледі.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы тәжірибелі-эксперимент жұмысы» атты үшінші тарауда бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру деңгейлерін диагностикалық бағалау жүзеге асырылады, кезеңдік әдістемесі сипатталып, тиімділігі ашылып көрсетіледі, тәжірибелі-эксперимент жұмысының қорытынды нәтижелері баяндалады.

Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелері, қағидалары тұжырымдалады, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

1 АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТТІЛДІК КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы

Бүгінгі таңда көптеген кәсіп түрлерімен айналысу кезінде шетел тілін білу қажет, өйткені көптеген компаниялар, фирмалар шетелдік серіктестермен ынтымақтасады. Бұл жағдайда шетел тілін еркін меңгеру беделді фирмаға немесе компанияға жұмысқа орналасу кезінде бәсекеге қабілеттілікті арттырады. Кәсіби қызметтен басқа, шетел тілін, атап айтқанда ағылшын тілін білу саяхат кезінде әртүрлі елдердің мәдени-ұлттық ерекшеліктері мен игіліктерін зерттеуге, әртүрлі салалардағы әлемдік ғылыми жетістіктерді зерттеу кезінде білімді байытуға мол мүмкіндіктер ашады, ал бұл болашақта таңдалған мамандық бойынша мансаптық өсуге әсер ететіні сөзсіз. Көптеген жоғары оқу орындарында шетел тілі ЖОО-на түсу емтихандарының бірі болып табылатыны да маңызды. Тілді, әсіресе шетел тілін үйрену өте күрделі жұмыс. Бұл жұмыстың нәтижесі – естіген ақпаратты дұрыс қабылдау, оқығанды түсіну, шетел тілінде сөйлеу және жазу қабілеті.

Тілге саналы көзқарас ондағы лексикалық қорды игеруден басталады. Сөз сөйлеудің белсенді бірлігі болғандықтан, лексеманы зерттеуге барлық білім деңгейлерінде тиісті назар аудару керек. Жеткілікті лексикалық қордың бастауыш сынып оқушыларының тек тіл сабақтарында ғана емес, сонымен қатар барлық басқа пәндерді оқу процесінде оқу-танымдық белсенділігін дамытудың іргелі негізі болуы – ауызша және жазбаша сөйлеуді еркін меңгеру шарттарының бірі.

Шетел тілін меңгеру мәселесі Дж. Брунер, Л. Выготский және басқа да ғалымдардың еңбектерінде мүмкіндігінше толық қамтылған [8–9]. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттегі оқушылардың сөздік қорын байыту мәселесі кейбір әдіскерлердің жұмыстарында жан-жақты қарастырылған: лингвистикалық аспектіде – Л. Булаховский, Н. Хомский, психофизиологиялық аспектіде – А.Р. Лурия, С.Л. Рубинштейн, лингводидактикалық аспектіде – И.А. Зимняя, Е.И. Пассов және басқа да бағыттарда [10–15]. Зерттеушілер шетел тілін меңгерудің жоғары деңгейіне жету үшін сөздік қоры өте бай болуы керек екенін атап көрсетеді. Тілді оқытуда сөздік қорын байыту өте маңызды, өйткені ол ауызша және жазбаша тілді дамыту процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қандай да бір проблемалық мәселелерді шешуде, шетел тілдерін меңгеру процесінде оқу мақсаттарына қол жеткізуін қамтамасыз ететін, оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың негізгі тәсілі – құзыреттілік тәсіл болып табылады. Білім беру жүйесіндегі құзыреттілік тәсіл – И. Бабин [16], О. Заболоцкая [17], И. Зимняя [18] және тағы басқа ғалымдардың ғылыми зерттеу пәні.

Құзыреттілік тәсіл білім алушының жай ғана хабардар болуын емес, туындайтын жағдаяттарда мәселелерді тиімді шешу қабілетін басты орынға қойып қарастырады. Мұндай жағдаяттар келесі жағдайларда байқалады:

- заманауи техника мен технологияларды, ақпараттық мәдениетті игеру кезінде шынайы өмір құбылыстарын танып-білу және түсіндіру (бағдарлау, түсіну, бағалау);

- адамдар арасындағы қарым-қатынаста, этикалық нормалар мен мінез-құлық ережелерін бағдарлау, жеке және топтық психологияны ескеру, серіктестерді іріктеу және жеке іс-әрекеттеріне рефлексия жасау кезінде;

- практикалық өмірде әлеуметтік рөлдерді орындау барысында;

- тіршілік ету ортасында, құқықтық нормалар мен әкімшілік құрылымдарды бағдарлау кезінде;

- мамандық таңдау, кәсіби оқу орнына түсуге дайындығын бағалау, еңбек нарығында және кәсіби білім беру жүйесінде бағдарлану процесінде.

Г.Селевко, А. Вербицкий сынды ғалымдар құзыреттілік тәсілдің бейімделу мүмкіндіктеріне назар аударады. Г. Селевко құзыреттілік тәсілді қазіргі заманғы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, ақпараттық-коммуникациялық қаныққан кеңістік жағдайында түлектің өмір сүру дағдылары мен құзыреттер кешенін игеру үшін жағдай жасаудың тетігі ретінде қарастырады [19]. Мұндай оқу процесі «тек есте сақтау және жаттанды жауап беруге» негізделмейді, яғни мәндері ғана ауысатын дайын формулаларды қолданумен шектелмейді. Керісінше, құзыреттілік тәсіл оқушыдан тапсырмаларды орындау талаптарын өз бетінше қоя білу, жаңа тәжірибені жобалау, бағалау, рефлексия жасау және жеке әрекеттерінің тиімділігін бақылау сияқты күрделі танымдық және метатанымдық қызметтерді меңгеруді талап етеді.

А. Вербицкийдің пайымдауынша, білім беруге құзыреттілік тәсілді енгізу жалпы білім беретін және кәсіптік мектептің бүкіл педагогикалық жүйесін өзгертуді, білім беру мен тәрбиелеудің жаңа түріне көшуді көздейді. Құзыреттілік тәсіл арқылы білім беруге көшу ой елегінен өткізу, зерттеу, әзірлеу сияқты ұзаққа созылатын процесстер мен ғылыми негізделген әрі әкімшілік тұрғыдан өлшенген шешімдер қабылдау процесін ынталандырады. Сондай-ақ, бұл процесті іске асыруда, ғалымның пікірінше, дамыған психологиялық-педагогикалық теорияға немесе теориялар кешеніне сүйену қажет [20].

Педагогикалық білім берудегі құзыреттілік тәсіл білім беру процесінің нәтижесіне деген пәнаралық, интеграцияланған талаптарға негізделеді. Оқушылардың оқу, өмірлік және кәсіби жағдаяттарда туындайтын мәселелерді тиімді шешу жолдарын меңгеру қажеттілігі білім беру кеңістігінде құзыреттілік тәсілді қолданудың маңыздылығын арттыра түседі.

Жалпы орта білім беру мекемелерінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда құзыреттілік тәсілдің мәнін ашу контекстінде «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарын талдау орынды. Аталған ұғымдар отандық және шетелдік ғылыми еңбектерде кеңінен зерттеліп, әртүрлі қырынан

қарастырылғанымен, қазіргі педагогика ғылымында бұл түсініктерге қатысты бірыңғай ғылыми-теориялық ұстаным қалыптаспаған.

Құзыреттілік тәсілдің негізгі терминдері ретінде мынадай түйінді ұғымдар пайдаланылады: «құзырет» – бұл қандай да бір салада жақсы хабардар болу; яғни кез келген әрекетті тиімді орындау үшін қажетті білімнің, біліктердің және дағдылардың болуы. Ал «құзыреттілік» – бұл зерттеу контекстінде адамның белгілі бір практикалық жағдайларда алған білімдері, біліктері мен дағдыларын көрсете отырып, өмірдің әртүрлі салаларындағы өзекті мәселелерді тиімді шешуге, барабар әрекет ету қабілеті ретінде анықталатын ауқымы кең ұғым [21].

Соңғы жылдары педагогикалық мерзімді басылымдарда Еуропа мен АҚШ елдерінің білім беру жүйелеріне тән негізгі құзыреттердің мазмұны кеңінен жарияланды. Мысалы, Австрияда келесі негізгі құзыреттер анықталғаны атап өтілді: пәндік құзырет (subject-matter competence) - білімді беру және біліммен тәуелсіз жұмыс жасау және оларды сыни тұрғыдан көрсету контекстінде мүмкін; жеке құзырет (personal competence) – жеке қабілеттер мен таланттарды дамыту, өзінің күшті және әлсіз жақтарынан хабардар болу, өзін-өзі талдау қабілеті, динамикалық білім; әлеуметтік құзырет (social competence) – жауапкершілікті алу қабілеті, ынтымақтастық, бастамашылдық, белсенді қатысу, динамикалық білім. Бұл ұғым сонымен қатар әлемге ашықтық пен қоршаған ортаға жауапкершілікті, командада жұмыс істей білуді (жұмыс этикасының дәстүрлі тұжырымдамасын қамтитын) және қарым-қатынас жасау қабілетін білдіреді; әдіснамалық құзырет (methodological competence) – пәндік құзыреттілікті дамыту үшін талап болып табылады [22].

«Құзыреттілік» ұғымын қарастыра отырып, әдіскер И. Зязюн құзыреттіліктің әр түрлі формада болатын жеке тұлғаның қасиеті екендігіне назар аударады: «шеберліктің жоғары деңгейі ретінде, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру тәсілі ретінде (әдет, өмір сүру тәсілі, құмарлық); жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының кейбір нәтижесі ретінде, қабілеттердің көріну формасы және т. б.» [23].

Ғалым Н. Кичуктың пікірінше, қазіргі ғылымда құзыреттілік дегеніміз – бұл жеке тұлғаның кәсіп немесе қызмет түріндегі белгілі бір стандарттарға қол жеткізуге ықпал ететін қызметті тиімді жүзеге асыруға немесе функцияларды орындауға мүмкіндік беретін тиісті білім, білік пен дағдылар жиынтығын қажет ететін қызметті білікті түрде жүзеге асыру, белгілі бір тапсырманы немесе жұмысты орындай алу қабілеті [24].

«Құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарын ажырата отырып, ғалым И. Зимняя олардың әртүрлі мағынаға ие екенін атап өтеді. Ғалымның пікірінше, «құзыреттілік» жеке тұлғаның алынған сипаттамасы, оның алған білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, тәуелсіз шешім қабылдау және әрекет ету қабілеті ретінде қарастырылады. Ал құзырет – «бұл кейбір ішкі, қуатты, жасырын психологиялық құрылымдар: білім, идеялар, іс-қимыл бағдарламалары (алгоритмдері), құндылықтар жүйесі және қатынастар, содан кейін олар адамның құзыреттілігінде анықталады». Яғни, И. Зимняя қызметте

өзектендірілген құзыреттер құзыреттілікті қалыптастырудың алғышарты деп санайды [25].

А. Хуторскойдың пікірінше, «құзыреттілік жеке тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің жиынтығын (білім, білік, қызмет тәсілдері, тәжірибені) қамтиды және, ең алдымен, оқушының белгілі бір саладағы сапалы өнімді қызметі үшін қажетті білім беру дайындығына алдын-ала берілген әлеуметтік талап (норма) болып табылады» [26].

Осыған ұқсас көзқарасты «құзыреттілікті жеке тұлғаның өзекті сапасы немесе жүйелік жаңа құрылымдар ретінде құзыреттіліктің объективті толықтығы ретінде түсінуде байқалатын» осы ұғымдардың айырмашылығына назар аудара отырып, ғалым В. Шадриков та жақтайды. Автордың осы тұжырымын түсіндіре отырып, құзыретті белгілі бір білім, білік, дағдылар жиынтығы, жеке тұлғаның құндылық қатынасы және оның тәжірибесі ретінде қарастыруға болады, ал құзыреттілік – бұл үлкен ұғым, құзыретке немесе құзыреттерге ие болу [27].

Сонымен, біз ғалымдардың «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарына берген анықтамаларын қарастыра келе, аталған ұғымдар мағынасы жағынан жақын болғанымен синоним емес деген пікірді ұстанамыз және «Құзыреттілік» – оқу процесінде қалыптасқан, білім, білік, тәжірибе, құндылықтар мен қатынастардан тұратын, тәжірибеде толыққанды іске асырылатын оқушының біріктірілген қабілеті; ал «құзырет» – адамның белгілі бір қызмет саласындағы білім, білік, дағдылар мен қатынастардың қоғамдық тұрғыдан мойындалған деңгейі деп ой тұжырымдаймыз.

Зерттеу тақырыбының аспектісінде біз шетел тілдерін оқытуда жүзеге асырылатын «коммуникативтік тәсілді» қарастырған жөн деп санаймыз. Білім беру жүйесіне коммуникативтік тәсілді дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдар Е. Пассов, И. Бим, А. Леонтьев және басқалары [15, 28-29]. Еуропада, АҚШ-та, Канадада ХХ ғасырдың 70-ші жылдарының аяғы мен 80-ші жылдарының басында осы саладағы ғылыми зерттеулердің нәтижесінде шетел тілдерін оқытуда коммуникативтік тәсіл (Communicative Approach) пайда болды.

Коммуникативтік тәсіл төмендегілерді қамтиды:

- оқытудың коммуникативті бағыты, яғни қарым-қатынасты қажет ететін нақты өмірлік жағдайларда тіл қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді;
- ауызша және жазбаша қарым-қатынастың барлық түрлерін өзара байланыста оқыту;
- оқу материалдарының шынайылық сипаты: оқыту үшін, тіпті алғашқы кезеңдерде де түпнұсқа мәтіндер таңдалады;
- жағдаяттылық – сабақта мұғалім оқушылар нақты өмірде кездесетін жағдаяттарды қолданып, оқушылар үшін жаңа коммуникативті тапсырмалар жасайды (мысалы, дүкенде, көшеде сөйлесу, өзекті тақырыптарды талқылау, жұмыстағы немесе мектептегі күнделікті жағдаяттарды модельдеу).
- оқытудың тұлғаға бағытталғандығы – әңгімелесу кезінде оқушы өз пікірін білдіреді, өзі туралы айтады, өзекті мәселелер мен тақырыптарды

талқылайды, жұптық немесе топтық жұмыс шығармашылық қабілеттерін көрсетуге және сабақта белсенді өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді [30].

Ал шетел тілдерін оқытуда қолданылатын коммуникативтік тәсілдің негізгі мақсаты оның барлық кезеңдерінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Шетел тілдерін оқыту әдістемесіндегі коммуникативтік тәсіл шеңберінде тілді жалпы меңгеру коммуникативтік құзыреттілік ретінде айқындалады, ал коммуникацияның негізгі құралы ауызша сөйлеу болып танылады. Басқаша айтқанда, біз коммуникативтік құзыреттілік – белгілі бір іс-әрекет саласындағы қарым-қатынастың мақсаттары мен жағдайына сәйкес меңгерілетін тіл арқылы сөйлеу әрекетін жүзеге асыру қабілеті деп түсінеміз. Оның негізінде мақсатты түрде қарым-қатынасқа түсу мүмкіндік беретін тілдік, сөйлеу және ақпараттық-танымдық білімдерді, біліктерді, дағдыларды меңгерудің белгілі бір деңгейі жатыр. Коммуникативтік құзыреттілік – лингвистикалық, психологиялық және әдістемелік ұйымдастырылған жүйе. Онда «тіл мен сөйлеудің» бірлігіне қол жеткізіледі. Коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуы сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін – сөйлесім, тыңдалым, оқылым және жазылымды меңгеру және қатысымдық жағдаяттар аясында мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуі барысында жүзеге асырылады, яғни меңгерілетін тілде қарым-қатынас жасау жағдайларын құру коммуникативтік тәсілді білдіреді [31].

Осылайша, коммуникативтік тәсілді қолдана отырып, оқушы тіл туралы білімді ғана меңгеріп қоймай, сонымен қатар қоғамдағы мінез-құлық үлгілерін, мәдениет нормаларын және меңгерілетін тіл елінің мәдениеті туралы ақпаратты да қабылдайды, бұл оған нақты қарым-қатынас жағдаяттарында тіл тасымалдаушыларымен дұрыс әрекеттесуге мүмкіндік береді.

«Коммуникативтік құзыреттілік» терминін Д. Хаймс зерттеуші Н. Хомский анықтаған «тілдік құзыреттілік» ұғымы негізінде жасаған. Ол мыналарды қамтиды, «жеке тұлғаның қабілеті: 1) құрылымдық схемалары бойынша құрылған сөйлемдердің шексіз санын түсіну/қалыптастыру; 2) мазмұны жақын сөйлемдердің формальды ұқсастығын/айырмашылығын анықтау» [32]. Д. Хаймстың пікірінше, коммуникативтік құзыреттілік «тілдің жағдаяттық орындылығын іштей білу» дегенді білдіреді [33]. Дж. Гамперц еңбектерінде мынадай анықтама беріледі: «коммуникативтік құзыреттілік - бұл сұхбаттасушының назарын аудару, түсіну және әңгімені қолдау үшін белгілі бір қарым-қатынас нормаларын білу және сақтау» [34].

В. Ульрих зерттеулерінде «коммуникативтік құзыреттілік» термині «адамның сөйлеу қабілеті» ретінде түсіндіріледі [35]. Ғалымдар K.D. Bunting, S. Gunther пайымдаулары бойынша, коммуникативтік құзыреттілік «оқушының нақты коммуникативті жағдайларда барабар қарым-қатынас жасау қабілеті және оның мінез-құлықтың әлеуметтік-мәдени нормаларын және сөйлеудің коммуникативті орындылығын ескере отырып, сөйлеу қарым-қатынасын ұйымдастыра білуі» деп атап көрсетеді [36], [37]. S. Savignon коммуникативтік құзыреттілік идеясын «функционалды тілдік қабілет; мағынаны білдіру, түсіндіру және талқылау, соның ішінде бір немесе әртүрлі сөйлеу қауымдастықтарына жататын екі немесе одан да көп адамдар арасындағы

немесе бір адам мен жазбаша немесе ауызша мәтін арасындағы өзара әрекеттесу» деп тұжырымдай отырып дамытады [38].

И.А. Зимняя «коммуникативтік құзыреттілік қаншалықты алыс болса да, оқу мерзімінде оған қол жеткізілмесе де, оқудың мақсаты да, сондай-ақ нәтижесі болып табылады» деп негіздейді. Оның пікірінше, «коммуникативтік құзыреттілік - бұл адамның коммуникативті іс-әрекеттің субъектісі ретінде әрекет ету қабілеті, оны тек қалыптастыруға, дамытуға және диагностикалауға болады, сонда ғана шетел тілінде сөйлеуге үйретуге болады» [39].


Д. Норман коммуникативтік құзыреттіліктің төмендегідей моделін ұсынады: 1) лингвистикалық құзыреттілік (ұйымдастырушылық, прагматикалық, функционалдық және социолингвистикалық құзыреттіліктен тұрады); 2) стратегиялық құзыреттілік; 3) психомоторлық дағдылар, танымдық процестер. Кейінірек коммуникативтік құзыреттіліктің осы компоненттеріне ол қарым-қатынас жағдайына сәйкес иллокутивті құзыреттілікті (иллокутивті (тілдік) актіні дұрыс қалыптастыру мүмкіндігі (сұрастыру, біреуді хабардар ету) қосты) [30, 125 б.].

Н. Гездің пікірінше, коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөліктері: 1) ауызша-коммуникативтік құзыреттілік; 2) лингвистикалық құзыреттілік; 3) ауызша-когнитивтік құзыреттілік; 4) метакоммуникациялық құзыреттілік болып табылады [40].

В. Коккот ұсынған коммуникативтік құзыреттілік моделі: 1) фонологиялық құзыреттіліктен; 2) лексикалық-грамматикалық құзыреттіліктен; 3) әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттіліктен; 4) дискурсивті, иллокутивтік және стратегиялық құзыреттермен қамтамасыз етілетін елтану құзыреттілігінен тұрады. Ол елтану құзыреттілігіне баламасыз лексиканы қолдану туралы білім мен ережелерді, яғни лингвистикалық елтану құзыреттілігін де жатқызатынын айта кету керек. [41].

Жоғарыда қарастырылған зерттеушілер ұсынған коммуникативтік құзыреттілік модельдеріне жүргізілген талдау нәтижесі көрсеткендей, жалпы білім беретін мектептерде шетел тілін оқыту процесінде тілдік және сөйлеу құзыреттіліктері негізгі әрі жетекші компоненттер ретінде танылады. Бұл көзқарасты зерттеушілердің басым көпшілігі қолдайды. Бұл тұжырым 1-суретте ұсынылған коммуникативтік құзыреттіліктің құрылымдық моделінде айқын көрініс табады, мұнда бастауыш сынып оқушылары үшін қажетті негізгі құзыреттілік түрлері мен олардың құрамдас бөліктері жүйелі түрде бейнеленген (сурет 1).

Тілдік (лингвистикалық) *құзыреттілік* адамға ерекше лингвистикалық құралдарды қолдану арқылы әрекет ету мүмкіндігін береді. Л. Димованың айтуынша, олар үш компоненттен тұрады: лингвистикалық, социолингвистикалық және прагматикалық. Лингвистикалық компоненттің ерекшелігі — ол тілдің лексикалық, фонологиялық, синтаксистік білімдері мен дағдыларын, сондай-ақ тілдің жүйе ретіндегі басқа да параметрлерін қамтиды, бұл ретте олардың социолингвистикалық мәні мен прагматикалық функциялары ескерілмейді [42].



Сурет 1 – Коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөліктері

Тілдік құзыреттілік (латын тіліде «тіл» – «lingvo», сондықтан кейбір зерттеушілер оны лингвистикалық деп те атайды) қарым-қатынас тақырыптарына, салаларына және жағдайларына сәйкес жаңа тілдік құралдарды (фонетикалық, орфографиялық, лексикалық және грамматикалық) меңгеруді көздейді және оқушылардың бұл материалды ауызша және жазбаша тілдесуде қолдануға машықтануын қамтамасыз етеді.

Фонетиканың лингвистикалық аспектісі тілдің дыбыстық жағын коммуникация процесіндегі қызметі тұрғысынан қарастырады. Сондықтан лингвистикалық аспектіні функционалдық деп те атауға болады.

Коммуникативтік құзыреттіліктің келесі құрамдас бөлігі *сөйлеу құзыреттілігі* болып табылады, бұл сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде (тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым) коммуникативті дағдыларын дамытуды білдіреді. Бұл тіл арқылы ойларды қалыптастыру және тұжырымдау тәсілдерін меңгеру, сондай-ақ белгілі бір сөйлеу жағдаяттарында қарым-қатынас процесінде тілді іс жүзінде қолдану мүмкіндігі. Бұл құзыреттіліктің мақсаты – тіл туралы білімді жеткізуден гөрі оны қолдануды үйрету. Коммуникативті оқытуда барлық жаттығулар сөйлеу сипатында, яғни қарым-қатынас жаттығулары болуы керек [43].

Заболоцкаяның пайымдауынша сөйлеу құзыреттілігі белгілі бір тілдің көмегімен ақыл-ой мазмұнын білдіру ережелерін білу және осы қызмет түріне қажетті операциялық құрылымдар мен оларды жүзеге асыру дағдыларын меңгеру; сондай-ақ іс-әрекеттегі тілдік жүйе, тілдік құралдардың шектеулі санын пайдалану, оны айтылымдар құру үшін жұмыс істету заңдылықтары болып табылады [44].

А. Богуш болса сөйлеу құзыреттілігі – бұл тілдік құралдарды нақты жағдайларда орынды әрі тиімді пайдалану қабілеті (өз ойларын, тілектерін, ниеттерін, өтініштерін жеткізу және т.б.), сондай-ақ бұл үшін тілдік емес (мимика, ым-ишара, қозғалыс) және интонациялық көркемдеу құралдарын қолдану дағдылары деп ой түйіндейді. Сөйлеу құзыреттілігі сөйлеу іс-әрекетінің негізгі түрлерін - тыңдалым, сөйлесім, оқылым және жазылым сияқты коммуникативті дағдыларды жетілдіру ретінде анықталады; тілдік және

тілдік емес мінез-құлықты жоспарлай білу, ана тілінің стилистикалық байлығын қолдана білу қабілеті деп санайды [45].

Бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде «шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік» (ШКҚ) ұғымының мәні қарастырылады [46-48]. Ол жеке тұлғаның шетел тілін үйрену қабілетімен және ондағы басқа мәдениеттердің өкілдерімен қарым қатынасқа түсуімен байланысты, сондай-ақ Канале М., Суэйн М. сияқты ғалымдар, «шынайы өмір жағдайы» қажет дегенді қоса айтады [49], оны Н.И. Гез «әлеуметтік детерминистік» деп анықтады [50]. Д. Хаймс зерттеулерінде шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікке «оқушының сөйлеу қарым-қатынасын ұйымдастыра білу қабілеті» де кіретіні атап көрсетіледі [51], ғалым Н.Д. Гальскова «ана тілінде сөйлейтіндер ұстанатын лингвистикалық және әлеуметтік ережелерді ескеру қажет» деп санайды [52].

Кейбір зерттеулерде шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік ұғымы тілдік, сөйлеу және әлеуметтік-мәдени білім, біліктер мен дағдыларды меңгерудің белгілі бір деңгейі ретінде қарастырылады. Мұндай көзқарасты Е.Н. Соловова [53], Н.Л. Гончарова [54] және басқа да зерттеушілер ұсынады.

Ал О.В. Федорова, А.Н. Щукин, И.А. Зимняя шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті фонологиялық, лексикалық, грамматикалық, социолингвистикалық және психологиялық білімдер мен іскерліктердің, дағдылардың кешені ретінде түсіндіреді. Ғалымдардың пікірінше, бұл кешен сөйлеу әрекетіне толыққанды қатысуға мүмкіндік беріп, коммуникативтік мақсаттарға, құралдарға, тәсілдерге және түрлі қарым-қатынас жағдайларына сәйкес келетін міндеттерді тиімді орындауға жағдай жасайды [55-57].

Француз зерттеушісі Д.Косте (D. Coste) шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікке келесі анықтама береді: «Бұл – белгілі бір мәдени кеңістікте ақпаратты қабылдау, жасау, меңгеру, көңіл көтеру, әрекет ету және өзге адамдармен қарым-қатынас орнатуға көмектесетін тілдік құралдар жиынтығы» [58].

Ал Е.Ю. Панина болса, «шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік – тілде сөйлейтіндер ұстанатын лингвистикалық және әлеуметтік ережелерді ескере отырып, түрлі әлеуметтік детерминистік жағдайларда шетел тіліндегі айтылыстарды түсінудегі және туғызудағы жеке тұлғаның интегративті қасиеті және қарым-қатынастың әртүрлі міндеттерінің мақсаты, құралдары мен тәсілдеріне сәйкес келетін дағдылар жиынтығы» деп түсіндіреді [59].

Н.Ю. Александрова «мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін белгілі бір жастағы оқушының коммуникативтік тұрғыдан орынды және табысты сөйлеу әрекетін жүзеге асыруға қабілетті әрі дайын болуын қамтамасыз ететін тілдік дағдыларды, сөйлеу шеберліктерін және әлеуметтік-мәдени білімдерді меңгеруге қажетті және жеткілікті деңгейі» ретінде анықтайды [60].

П. Дойе шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік келесі компоненттерден тұрады деп санайды: 1) сөйлесім құзыреттілігі (лексикалық, грамматикалық, айтылым); 2) жазылым құзыреттілігі (лексикалық, грамматикалық, орфографиялық); 3) тыңдалым кезіндегі құзыреттілік (дыбыстық белгілерді ажырату, сондай-ақ грамматикалық және лексикалық); 4) оқылымдағы

құзыреттілік (графикалық белгілерді ажырату, грамматикалық және лексикалық) [61].

М. Н. Вятютнев те осындай ұстанымды ұстанады, шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік төрт бөлек: сөйлесім, жазылым, тыңдалым және оқылым - құзыреттіліктердің жиынтығы деп санайды [62].

Н. Гездің пікірінше, шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөліктері:

- вербалды-когнитивтік құзыреттілік — ақпаратты өңдеу, есте сақтау және қажет болғанда еске түсіру қабілеті, тілдік белгілерді қолдана отырып, мәліметтер мен білімдерді сақтау;
- лингвистикалық құзыреттілік — меңгерілген тілдік белгілер мен олардың бірігу ережелерін пайдалана отырып, тілдік тұрғыдан дұрыс шексіз көп сөйлемдер құру және түсіну қабілеті;
- вербалды-коммуникативтік құзыреттілік — сөйлеу қарым-қатынасында когнитивтік және коммуникативтік функцияларды жүзеге асыру үшін тілдік бірліктердің контекстуалды орынды қолданылуын ескеру қабілеті;
- метакоммуникативтік құзыреттілік — сөйлеу қарым-қатынас құралдарын талдау және бағалау үшін қажетті ұғымдық аппаратты меңгеру [63].

Жоғарыда қарастырылған шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік модельдерінің барлығында негізгі компоненттер ретінде тілдік, сөйлеу және әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктер қарастырылады. Дегенмен, зерттеу тақырыбымызға сәйкес бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігін ескеру қажет. Бұған дейін бастауыш мектеп оқушыларын оқыту процесінде ана тілін меңгеруге басымдық берілсе, қазіргі кезеңде шетел тілін оқытуға қатысты қызығушылық пен назар айтарлықтай артып отыр. Бұл мәселені жан-жақты зерттеу белгілі бір әдіснамалық және қолданбалы қиындықтарды туындатады, өйткені шетел тілін ерте жастан меңгеруге байланысты бастауыш сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері жеткілікті дәрежеде ескерілмей келеді. Оның басты себептерінің бірі – шетел тілін ерте жастан меңгеру барысында бастауыш сынып оқушыларының когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік даму ерекшеліктерінің, сондай-ақ тілдік орта факторларының жеткілікті деңгейде ескерілмеуі. Бұл мәселе бойынша жүргізілген зерттеулерде Ж. Пиаже және П. МакКей (Р. МакКау) сынды ғалымдар баланың тілдік қабілеті мен даму деңгейі, оқуға деген мотивациясы мен қарқыны сияқты аспектілердің маңыздылығын атап көрсетеді [64, 65].

Бірқатар педагогтар мен психологтардың еңбектерін талдай отырып, біз бастауыш сынып оқушысының келесі ерекшеліктерін атап өттік: дербес, өзін-өзі басқара алатын тұлғаның толық қалыптаспауы; өмірлік және оқу тәжірибесінің жеткіліксіздігі; оқуға деген ынтаның төмендігі. Мидың физиологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып, зерттеушілер В.В. Давыдов, Д. Синглтон, сондай-ақ Д.Б. Эльконин бастауыш сынып оқушылары зейінін ұзақ уақыт бойы бір нысанға шоғырландыра алмайтынын, олардың көбінесе эмоционалды, қозғалғыш әрі импульсивті болатынын атап көрсетеді. Осыған байланысты оқыту процесі белгілі бір қиындықтармен ұштасады [66-68].

Екінші жағынан, зерттеушілер Л.С. Выготский [69] және Л.В. Щерба [70] бастауыш мектеп жасындағы оқушылар үшін маңызды ерекшеліктердің бірі — тілдік құбылыстарға жоғары сезімталдық екенін көрсетеді. Мұндай сезімталдық тілдік қабілеттің дамуындағы жоғары әлеуетпен байланысты және шеттілдік сөйлеудің қарапайым дағдылары мен шеберліктерін сәтті қалыптастырудың маңызды алғышарттарының бірі болып табылады.

Бастауыш мектеп жасындағы балалармен жұмыс істеу барысында тұлғаға бағдарланған тәсілді оқу процесінде тиімді жүзеге асыру көптеген мұғалімдер үшін айтарлықтай күрделі мәселе болып табылады. Бұл тәсілді қолдану барысында туындайтын қиындықтардың қатарына оқушылардың құрдастар тобындағы бейімделу деңгейлерінің әртүрлілігі, танымдық даму мен білім деңгейі әрқилы балаларды бір ортада оқыту қажеттілігі, сондай-ақ бастауыш мектеп жасына тән психологиялық-педагогикалық ерекшеліктер жатады.

Белгілі болғандай, бастауыш мектеп жасы (шамамен 6–7 жастан 9–11 жасқа дейінгі кезең) баланың өмір салты мен мінез-құлық стилінің түбегейлі өзгеруімен сипатталады. Бұл кезеңде бала жаңа оқу талаптарына бейімделіп, әлеуметтік мәні бар міндеттерді орындауға ұмтылады және олардың нәтижесі бойынша қоғамдық бағаға ие болады. Мұндай өзгерістер баланың тұлғалық дамуында маңызды рөл атқарады әрі оқу процесінде педагог тарапынан жан-жақты қолдау мен ескеруді талап етеді.

Шетел тілдерін ерте жастан оқыту әдістемесі дәстүрлі түрде шетел тілдерін оқытудың жалпы әдістемелік жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады және дербес әдістеме ретінде бөлініп көрсетілмейді. Алайда қазіргі кезеңде шетел тілін меңгертуді мүмкіндігінше ерте бастауға ұмтылатын үрдіс айқын байқалады. Бұл мәселе ғылыми-педагогикалық ортада түрлі көзқарастар мен пікірталастар тудыруда. Себебі балалардың психофизиологиялық даму ерекшеліктері мен ерте жаста оқуға дайындығы айтарлықтай дара сипатқа ие болып, оқыту барысында жеке көзқарас пен икемделген әдістерді қажет етеді. А. С. Белкиннің пікірінше, оқыту процесінің бұл кезеңінде жетекші педагогикалық міндеттер мыналар болып табылады: жалпыадамзаттық құндылықтар, адамгершілік, мінез-құлықтың моральдық нормаларының біртұтастығы туралы бастапқы нанымдар мен түсініктерді қалыптастыру, әлеуметтік қатынастарды дамыту, оқу іс-әрекетінде табысқа жету жағдайын жасау [71].

Шетел тілдерін оқыту әдістемесінің даму кезеңдеріне байланысты «шетел тілін ерте жастан оқыту» ұғымының мазмұны әртүрлі кезеңдерде әрқилы түсіндіріліп келді. Бұрын мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту деп қарастырылса, қазіргі уақытта Қазақстанда мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту және көптілді білім беруді енгізу процесіне байланысты 2010-жылдардың басынан бастап «бастауыш шеттілдік білім беру» ұғымы кеңінен қолданыла бастады. Бастауыш шеттілдік білім беру дегеніміз бұл 6–11 жас аралығындағы бастауыш сынып оқушыларына шетел тілін жүйелі әрі мақсатты түрде меңгерту процесі, оның негізгі мақсаты – оқушылардың жас, психофизиологиялық және танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, шеттілдік

коммуникативтік құзыреттіліктің бастапқы деңгейін қалыптастыру болып табылады.

Ғалымдар бұл ұғымды түрлі қырынан қарастырады. З.А. Абильдинаның пайымдауынша, *бастауыш шеттілдік білім беру* – бұл бастауыш жалпы білім беру шеңберінде жүзеге асырылатын оқыту кезеңі, оның барысында оқушылардың шетел тілін түсіну, айту және қабылдау дағдылары олардың жас ерекшеліктеріне сай дамиды [72]. Ал Г.Т. Әбдіғаппарова бұл процесті оқушылардың қарапайым деңгейдегі шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық жағдайлар, әдістер мен құралдардың жиынтығы ретінде сипаттайды. Оның айтуынша, бұл деңгей кейінгі тілдік білім мен дағдыларды меңгеруге теориялық әрі практикалық база қалыптастырады [73]. Ғалым З.Н. Никитенко болса бастауыш шеттілдік дамытушы білім беру ұғымын ұсынып, оған «шетел тілін меңгере отырып, оқушының рухани-адамгершілік, когнитивтік және коммуникативтік дамуын қамтамасыз ететін, оның құндылық бағдарларын, эмоционалды-жігерлік саласын және оқу әрекетін қалыптастыратын, шеттілдік сөйлеу қабілетінің негізін қалайтын күрделі педагогикалық процес» деген анықтама берсе [74], Н. Гальскова бастауыш кезеңде шетел тілін үйретуді тұлғаға бағдарланған, іс-әрекетке негізделген және коммуникативтік тәсілдермен ұйымдастырылуы қажет процес ретінде қарастырады. Ол бұл деңгейде тіл үйрену оқушының шетел тіліне деген қызығушылығын, танымдық белсенділігін және қарапайым коммуникативтік қабілеттерін дамытуы тиіс екенін алға тартады [75].

Мектепте шетел тілін ерте жастан оқытудың стратегиялық мақсаты – өзінің табиғаты бойынша кешенді сипатқа ие және үш негізгі құрамдас бөлікті қамтиды. Атап айтқанда, бұл – оқушының рухани-адамгершілік тұрғыда қалыптасуы (адамгершілік қасиеттер мен құндылықтарды меңгеруі), оқу іс-әрекеті негізінде танымдық және коммуникативтік тұрғыда дамуы. Аталған мақсатты жүзеге асыру нәтижесінде оқушы өзге тілде сөйлейтін құрдастарының тілі мен мәдениетін танып-біледі, ой-өрісі кеңейіп, әлемнің көптілді әрі көпмәдениетті бейнесі туралы түсініктері қалыптасады.

Бұл стратегиялық мақсатқа бастауыш мектепте және орта білімнің келесі сатыларында да шетел тілін табысты меңгеруге мүмкіндік беретін түрлі қабілеттерді дамыту арқылы қол жеткізіледі: моральдық бағдарлану қабілеті (рухани-адамгершілік даму); шетел тілінде сөйлеу және когнитивтік қабілеттер (танымдық даму); шетел тілінде қарым-қатынас жасау және оқу-танымдық іс-әрекетке бейімділік (коммуникативтік даму).

«Бастауыш шеттілдік білім беру» ұғымының мазмұнын айқындауға іс-әрекет тәсілі әдіснамасы негіз болады. Бұл тәсілге сәйкес, тұлғаның дамуы мен оның рухани әлемінің байлығы — жеке тұлғаның жүзеге асыратын іс-әрекетінің мазмұнына және оның қатысатын әлеуметтік қатынастар жүйесіне тікелей байланысты. А.Н. Леонтьев [29, 27 б.] өз еңбектерінде тұлғаның қалыптасуы оның нақты іс-әрекетке араласуы арқылы жүзеге асатынын атап өтсе, П.Я. Гальперин [76] іс-әрекетті тұлғаның танымдық дамуының құрылымдық негізі ретінде қарастырады. Аталған теорияда тұлға, оның қабілеттері мен іс-әрекеті арасындағы өзара байланыстар ашылып көрсетіледі,

сондай-ақ іс-әрекет тұлғаны дамытудың алғышарты әрі негізгі құралы ретінде сипатталады.

Мектептегі бастапқы шеттілдік білім беру – мұғалімнен жоғары деңгейдегі кәсіби құзыреттілік пен әдістемелік дайындықты талап ететін күрделі педагогикалық процес. Оқыту сапасы мен оқушылардың шетел тілін меңгерудегі жетістігі көбінесе осы процесті ұйымдастыратын мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты.

Қазіргі таңда мектептерде шетел тілін 3-сыныптан бастап оқыту ұсынылуы – бұл шетел тілдерін үйренуге деген объективті әлеуметтік қызығушылықты мойындау әрі тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етудегі перспективалық міндеттерді іске асыру қажеттілігін көрсетеді. Бұл процес, ең алдымен, баланың психикалық қызметінің дамуына септігін тигізеді: есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын, қабылдауын, қиялын жетілдіреді. Сонымен қатар, шетел тілін меңгеру баланың жалпы сөйлеу қабілетіне де ынталандырушы әсер етеді. Бұған қоса, бұл екінші шетел тілін оқыту үшін де жаңа мүмкіндіктер туғызады, себебі екінші тілді меңгеру қажеттілігі мен танымдық дайындық деңгейі айқындала түседі.

Шетел тілін меңгерудегі табыс көбіне оқытудың бастапқы кезеңінің қалай ұйымдастырылғанына байланысты. Бұл тұрғыда ағылшын әдіскері Г. Палмер: "Take care of the first two stages and the rest will take care of itself" («Бастапқы екі кезеңге мұқият болыңыз – қалғаны өздігінен қалыптасады») – деп атап көрсеткен [77]. Яғни, алғашқы сатыларда дұрыс ұйымдастырылған оқыту кейінгі кезеңдердегі жетістіктің негізі бола алады.

Осы тұрғыдан алғанда, бастауыш шеттілдік білім беру – тек тілдік білім берудің бастапқы сатысы ғана емес, сонымен қатар оқушының жалпы дамуына ықпал ететін, көптілді және көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған кешенді педагогикалық жүйе болып табылады, яғни оқушылардың танымдық, тұлғалық және әлеуметтік қабілеттерін дамытудың бастапқы сатысы ретінде ерекше маңызға ие. Бұл кезеңде оқушылар шетел тілін тек пән ретінде емес, қарым-қатынас құралы ретінде меңгере бастайды. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына арналған шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда арнайы жас ерекшеліктеріне бейімделген әдістемелік модельдердің болуы – тілдік білім берудің сапасын арттыруда өте маңызды.

Бастауыш деңгейде шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің құрылымдық компоненттерінің модельдерін ұсынған ғалымдардың қатарында О. А. Солопова, Г. А. Никитенко, Т. А. Ладыженская, Н. Н. Сафонова, Е. И. Негневицкая сынды ресейлік зерттеушілерді атауға болады. Бұл ғалымдар бастауыш сынып оқушыларының тілдік дамуы мен әлеуметтенуін ескере отырып, бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің құрылымын жан-жақты негіздеген.

Атап айтқанда, О. А. Солопова ұсынған модель тілдік, сөйлеу, коммуникативтік және әлеуметтік-мәдени компоненттерден тұрады. Бұл құрылым оқушылардың шетел тілінде қарапайым деңгейде еркін сөйлеуіне, нақты жағдаяттарда тілдік әрекет жасауына бағытталған [78]. Г. А. Никитенконың моделінде танымдық, әрекеттік, құндылықтық және

рефлексиялық компоненттер қарастырылады. Бұл модель тек тілдік білімді меңгертуді ғана емес, сонымен қатар оқушының тұлғалық дамуын, өзіндік бағалауы мен әлеуметтік белсенділігін арттыруды мақсат етеді [74, 49 с].

Т. А. Ладыженская тілдік материалды қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға назар аудара отырып, коммуникативтік құзыреттілікті білім, іскерлік, дағды және психологиялық дайындықтың біртұтас жүйесі ретінде сипаттайды [79]. Ал Н.Н. Сафонова мәдениетаралық коммуникацияға негізделген модель ұсына отырып, шетел тілін оқытуда тілдік құралдарды мәдени тұрғыдан дұрыс қолдану, қарым-қатынас нормаларын сақтау және өзге мәдениетті түсініп, қабылдай білу сияқты құзыреттіліктерді басым бағыттар ретінде бөліп көрсетеді [80].

Е. И. Негневицкая ұсынған модель тілдік, сөйлеу, әлеуметтік және стратегиялық біліктердің үйлесімін қамтитын кешенді құрылыммен ерекшеленеді. Ол тілдік білім мен коммуникативтік тәжірибенің бір-бірімен тығыз байланыста дамуы қажет екенін атап көрсетеді [81].

Қазақстандық зерттеушілер де бұл бағытта өзіндік үлес қосуда. Мәселен, Н. И. Нұрғазина бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін мотивация–әрекет–бақылау негізінде қалыптастыруды ұсынса [82], Ә. Е. Жұмабаева мен Г. Жусупбекова өз зерттеулерінде тұлғалық-бағдарлы оқыту, мәдениетаралық таным және психологиялық ерекшеліктерді ескеру арқылы құзыреттілік моделін жасауды негіздейді [83].

Н. А. Горлова бастауыш сынып оқушыларында шетел тілін оқыту тілдік, сөйлеу, коммуникативті және басқа материалдар түрінде ұсынылған шетел тілі құралдары арқылы сөйлеу әрекетін дамыту жүзеге асырылады деп санайды. Оның пікірінше, бастауыш сынып оқушыларын шетел тіліне оқыту процесі – бұл тілдік, сөйлеу, коммуникативтік және өзге де материалдар түрінде ұсынылатын тіл құралдары арқылы сөйлеу әрекетін дамыту жолымен жүзеге асады. Демек, оқыту тек тілдік нормаларды меңгертумен шектелмей, оқушылардың қатысымдық қабілеттерін дамытуға бағытталады [84].

Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің қарастырылған модельдері бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін, тіл меңгерудегі даму динамикасын және қарым-қатынастық қажеттіліктерін ескере отырып жасалған деп пайымдаймыз. Олар оқушылардың тек тілдік білімін ғана емес, сонымен бірге мәдениетаралық түсінігін, сөйлеу әрекетіндегі дербестігін, коммуникативтік ниетін қалыптастыруға бағытталған. Бұл модельдер бастауыш деңгейдегі шеттілдік білім берудің мазмұнын жаңартуға, оқушылардың тілді меңгеруін тиімді ұйымдастыруға және олардың тұлғалық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, біз зерттеу пәнімізге қарай бұл ұғымға өз анықтамамызды береміз. Біздің пайымдауымызша, «бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі деген – коммуникативті өзара әрекеттестіктегі қабілеті болып табылады, өйткені ол меңгерілетін тілдің орфография, фонетика, лексика және грамматикасы, Интернет желісіндегі қарым-қатынас этикасы, компьютерлік технология лексикасы мен тілі

меңгерілетін елдің әлеуметтік-мәдени ерекшелігі саласындағы білімі мен дағдысына, сондай-ақ тұлғалық қатынас барысында сөйлеу әрекетінің (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) іскерліктеріне негізделеді» деген қорытындыға келдік.

Біз ғалымдардың пікір-көзқарастарын қолдай отырып, бастауыш сынып оқушысына шетел тілін меңгертуде тілдік, сөйлеу құзыреттіліктерімен бірге ақпараттық-танымдық құзыреттілік те аса қажет деп есептейміз, осылайша бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің үш құрылымдық компоненттерін ұсынамыз (2 сурет).



Сурет 2 – Бастауыш сынып оқушыларының ШКҚ-нің құрылымы

Тілдік құзыреттілік – қарым-қатынас тақырыптарына, салаларына және жағдайларына сәйкес жаңа тілдік құралдарды, соның ішінде лексика, грамматика және фонетиканы білу, меңгерілетін тілдің тілдік құбылыстары туралы білімді және ойды білдірудің түрлі тәсілдерін меңгеру, оларды ауызша немесе жазбаша қарым-қатынаста тиімді пайдалануға дайындығы.

Тілдік құзыреттілік оқушылардың орфографиялық, фонетикалық, лексикалық-грамматикалық, морфологиялық, синтаксистік және лингвистикалық құралдарды тану, олармен жұмыс істеу, оларды қолдану және құрастыру қабілетін, сондай-ақ тілді таңбалар жүйесі ретінде түсіну, грамматикалық ережелер мен лексикалық бірліктерді дұрыс қолдану туралы жалпы білімді қамтиды. Мәселен, фонетикада: есту және айту дағдыларын, дұрыс дыбыстау дағдыларын жетілдіру; шетел тіліндегі сөздер мен фразаларда екпін мен интонацияны сақтау; сөйлемдердің ырғақ-интонациялық дағдыларын сақтау. Лексикада: бұрын меңгерілген лексикалық бірліктерді жүйелеу; жаңа лексикалық құралдарды меңгеру; потенциалды сөздік қорды, әсіресе АКТ саласында кеңейту; лексикалық бірліктерді тану және сөйлеуде қолдану

дағдыларын дамыту; сөздіктерді пайдалану дағдыларын дамыту. Грамматикада: бұрын меңгерілген грамматикалық құбылыстарды сапалы игеру; грамматикалық материалды коммуникативтік бағытта жүйелеу т.с.с.

Тілдік құзыреттілік әртүрлі білім салаларының зерттеу нысаны болып табылады: философияда (В.И. Постовалова [85], Ю.С. Степанов [86]), социолингвистикада (Л.П. Крысин мен Д.Н. Шмелев [87] Серебренников Б.А.[88]), психолингвистикада (А.А. Залевская [89], А.М. Шахнарович [90]), когнитивтік психологияда (Е.С. Кубрякова [91], Н.К.Жилкин [92]), лингвомәдениеттануда (Дж. Андерсон [93], В.А. Маслова [94], Г.Б. Жумабекова [95], А.А. Головчун [96]), лингвистикада (Г.В. Колшанский [97], И.И. Халеева [98]).

Шетел тілдерін оқыту саласында тілдік құзыреттілік ұғымын аспектуализациялау әртүрлі тәсілдермен байланысты. Қолданылатын технологиялар тұрғысынан тілдік құзыреттілік «тіл» мен «сөйлеу» жұптылығын көрсетеді (И.А. Зимняя [39], А.А. Леонтьев [29, 113б.], Р.П. Мильруд [99]), сондай-ақ оқыту процесін мақсат пен нәтиже тұрғысынан сипаттайды.

Тілдік құзыреттілік шетел тілін оқытудың когнитивтік бағыты үшін негізгі ұғым болып табылады, оның бастауын XX ғасырдың 60-жылдары Н. Хомский салған. Осы тәсілдің аясында тілдік құзыреттілік тілдік құралдар мен субъектінің танымдық қызметіне байланысты меңгеру нәтижесі ретінде анықталады. Осы тәсілге сәйкес шетел тілін оқыту қоршаған ортамен өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру процесі ретінде қарастырылады, ал тілдік құзыреттілік мәселесі ақпаратты өңдеу процестері контекстінде қарастырылады.

Тіл – қоғамда әрекет етуге қажетті бағыт-бағдарлар жүйесі. Тиісінше, жаңа (шетел) тілді меңгеру – бұл шетел тілі мен мәдениетінің тасымалдаушыларымен өзара түсіністік пен ынтымақтастық үшін қажетті жаңа әлем бейнесіне көшу болып табылады [29, 113б.].

Тілді меңгеру процесі – бұл адамның игерілген әлемге ену процесі. Әр адам оны қайтадан игере отырып, оған өз қатынасын, түсінігін, бағалауын қосады, осылайша тілді дамытып, оны жасайды. Тілге өз үлесін қосу алғашқы сөйлеу тәжірибелерінен басталады, сол кезде баланың тілі ересектердің тілінен едәуір ерекшеленеді [100].

Шетел тілін оқытудың табыстылығы туралы айту үшін тілді меңгеру критерийлерін нақты анықтау қажет. Шетел тілін меңгеру критерийлерін анықтаудағы бірінші және ең жалпы принцип – тіл мен сөйлеуді ажырату.

Тіл мен сөйлеу – бұл әртүрлі құбылыстар емес, бір құбылыстың екі жағы. Барлық лингвистикалық бірліктер тіл мен сөйлеудің бірліктері болып табылады: бір жағынан олар тілге, екінші жағынан сөйлеуге бағытталған. Тілді талдау процесінде тануға болады, ал сөйлеуді қабылдау және түсіну арқылы меңгереді [101].

И.А. Зимняяның пайымдауынша: «Тіл – құрал, ал сөйлеу – ойды тілдік құралдарды пайдалана отырып қалыптастыру және тұжырымдау тәсілі» [102].

Н.К. Жинкин сөйлеу әрекетін психофизиологиялық және когнитивтік тұрғыдан қарастырып, оның пайда болу процесін бірнеше кезеңге бөледі: мотивациялық, логикалық-мәндік құрылымдау, синтаксистік модельдеу, лексикалық және грамматикалық таңдау, фонетикалық кодтау және артикуляция. Бұл сатылай сипатталған сөйлеу моделі бастауыш сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды әдістемелік негіз бола алады. Жинкин моделі негізінде оқушының ойы алдымен ішкі деңгейде қалыптасып, кейін тілдік құрылым арқылы сыртқа білдіріледі. Мұндай тәсіл оқыту процесінде лексикалық және грамматикалық материалды ойлаумен байланыстыра отырып сатылап меңгертуді көздейді [92, 596].

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: бастауыш мектеп жасындағы балалар шетел тілін енді ғана үйрене бастағанда, тіл мен сөйлеуді қатар меңгертінін айту қажет, өйткені біреуі екіншісіз мағынаға ие болмайды. Тілді қолданусыз меңгеру — бұл өлі тіл. Сондықтан балаларды шетел тіліне үйреткенде, оның сөйлеу барысында функционалды қолданылуын ұмытпау керек.

Сөйлеу адамның әлеуметтік мәртебесінің маңызды сипаттамасы болып табылады. Адамның мәртебесін сөйлеу арқылы көрсету балалар мен ересектердің тілінде байқалады. Сөйлеу құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі адамның белгілі бір қоғамдағы мәртебелік индекстерімен байланысады.

Сөйлеу құзыреттілігі – бұл сөйлеу әрекетінің төрт негізгі түрінде коммуникативтік іскерліктерді дамыту қабілеті. Сөйлеу құзыреттілігі айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым сияқты төрт сөйлеу әрекетінде жүзеге асырылады.

Сөйлеу құзыреттілігін дамыту жоғарыда аталған сөйлеу әрекеттерінің түрлерінде дағдыларды қалыптастыру және қабілеттерді дамыту жұмыстарын қамтиды. Н.К. Жинкиннің ішкі және сыртқы сөйлеу туралы тұжырымдары сөйлеу субқұзыреттілігін дамытуда ерекше мәнге ие. Ғалымның пікірінше, ішкі сөйлеу – сөйлеу әрекетінің дайындық кезеңі ретінде қарастырылып, ойдың ықшам әрі синтаксистік жағынан толық емес құрылымда көрініс табатын когнитивтік құбылыс. Ал сыртқы сөйлеу – коммуникативтік акті жүзеге асатын нақты тілдік форма. Бұл теорияға сүйене отырып, шетел тілі сабақтарында оқушылардың ішкі сөйлеуін белсендендіруге (мысалы, тыңдалымнан кейін өз ойын іштей құрылымдау), кейін оны ауызша не жазбаша түрде айтуға бағытталған тапсырмалар ұйымдастыру тиімді нәтиже береді. Мұндай тәсіл сөйлеудің психологиялық дайындығы мен тілдік жүзеге асу арасындағы байланысты нығайтып, оқушының өз ойын шетел тілінде жеткізу қабілетін қалыптастырады [92,636].

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу құзыреттілігін дамытуда мұғалім келесі қабілеттерді қалыптастырады: әртүрлі сөйлеу жағдайларына бағдарлану; өз коммуникативтік ниеттерін орынды жүзеге асыру; жазбаша және ауызша сөйлеудің әртүрлі жанрларын меңгеру. Мәселен, тыңдалым кезінде: негізгі ақпаратты қосалқы ақпараттан ажырату; аудиомәтінінен қажетті ақпаратты алу. Оқылымда: негізгі фактілерді бөліп көрсету; дәлелдерді түсіну; оқылған материалға өз көзқарасын анықтау; фактілер арасындағы себеп-

салдарлық байланыстарды ашу. Монологтық ауызша сөйлеуде: алынған ақпараттың мазмұнын қысқаша жеткізу; өзі туралы әңгімелеу; фактілер туралы пікір айту; өз елі мен ағылшын тілді елдердің өмірі мен мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау. Диалогтық сөйлеуде: диалогтар мен тақырыптық жағдайларға, әңгіме/пікірталасқа қатысу; өз пікірін білдіру; ақпарат сұрау. Компенсаторлық іскерліктер: тілдік және контекстік болжамды оқу және тыңдалым кезінде қолдана білу; мәтіннің мазмұнын атауы мен басталуына қарай болжай білу; түрлі мәтіндік тіректерді қолдана білу; мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге әсер етпейтін лексикалық және мағыналық қиындықтарды елемей білу; қайта сұрау, сөздік алмастыру, мимика және ым-ишараларды қолдана білу.

Шетел тілін үйрену шеттілдік мәдениетті, өзге мәдени қабатты, ортаны өз мәдениетімізбен салыстыра отырып меңгерумен қатар жүруі тиіс. ХХІ ғасырда адамзатаралық қарым-қатынас тілі ретінде мәдениет тілі, сана, тұлға мәдениеті және халықаралық ынтымақтастық тілі қалыптасуда. Қазіргі уақытта көптеген ғылыми бағыттар (социоллингвистика, мәдениет теориясы, лингводидактика, мәдениеттану, әлеуметтану) мәдениет пен тілдің өзара байланысын атап көрсетеді.

Тіл – өткен мәдениеттердің бейнелерін, дүниетаным интуициялары мен категорияларын көрсететін мәдениеттің айнасы. Тілде және тіл арқылы ұлттық психология, халықтың жаны мен мінезі ашылып, танылады.

Көптеген ғалымдар мәдениет биологиялық тұрғыда берілмейтінін, оны меңгеру оқыту арқылы жүретінін және оның символикалық формада — тіл арқылы берілетін идеялармен байланысты екенін мойындайды. Мысалы, социолог К. Янг мәдениет туралы оны топқа, қауымға, қоғамға тән әдеттегі мінез-құлық формасы ретінде айтады, ол материалдық және материалдық емес элементтерден тұрады [103].

Шетел тілді сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетімен ажырамас байланыста үйрену қажеттілігі туралы ереже шетел тілін оқыту әдістемесінде бұрыннан аксиома ретінде қабылданған.

Е. И. Пассов шеттілдік мәдениетті шетел тілін оқыту мазмұнының ажырамас бөлігі ретінде анықтайды. Шеттілдік мәдениет оқушыларға оқу, танымдық, дамытушылық және тәрбиелік аспектілерде шетел тілін меңгеру процесінде берілетін барлық нәрсені білдіреді. Сонымен қатар, шеттілдік мәдениетті оқыту тұлғааралық қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге зерттелетін тілдің ел мәдениеті туралы білім алу негізінде тұлғаның рухани әлемін байыту құралы ретінде де қолданылады. Бұл ретте шеттілдік елтануды тілді үйренудің алғашқы кезеңінен бастау маңызды [104].

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру әлеуметтік-мәдени және елтану білімдерімен тығыз байланысты. Әлеуметтік-мәдени фонды білмей, тіпті шектеулі деңгейде болса да, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мүмкін емес. Дегенмен бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, құрамдас бөлігі әлеуметтік-мәдени және ақпараттық құзыреттіліктер болып табылатын ақпараттық-танымдық құзыреттілікті енгіздік.

Ақпараттық-танымдық құзыреттілік – бұл шеттілдік мәдениеттің ерекшеліктерін (елтану, мәдени дәстүрлері, этикет нормалары, мақал-мәтелдері мен фольклорлық кейіпкерлерін) білу, оларды қатысым барысында түсініп, орынды қолдана алу, сондай-ақ шеттілдік ақпаратты іздеу, талдау және пайдалану бойынша білім, іскерлік пен дағдылардың жиынтығы.

Ақпараттық-танымдық құзыреттілік әлеуметтік-мәдени білім мен дағдылар, пәнаралық іскерліктер және ақпараттық дағдыларды қамтиды. Мәселен, әлеуметтік білім: стандартты жағдаяттарда сыпайылық ережелері туралы; ресми және бейресми жағдаяттарда тілдік құралдарды қолдану туралы. Әлеуметтік-мәдени іскерліктер: пікір білдіру үшін тілдік құралдарды пайдалану; өз елі мен мәдениеттің таныстыру үшін тілдік құралдарды қолдану; сөйлеу этикетінің формулаларын қолдану. Пәнаралық білім: ағылшын тілді елдердің елтану, фольклоры туралы.

Шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің бұл құрамдас бөлігі оқушыларға шетелдік қоғамның қазіргі өмірінің әртүрлі салалары, оның мәдениеті, дәстүрлері, этикеті мен елтану ерекшеліктері туралы бастапқы түсінік қалыптастыруға арналған. Сондықтан бұл контексте келесі білімдер қажет болады: ұлттық дәстүрлер, мерекелер; шетелдегі құрдастардың қазіргі өмірінің аспектілері; этикеті; баламасыз лексика; балалар фольклорының танымал үлгілеріндегі кейіпкерлерді, мақал-мәтелдері, оқытылып жатқан тіл елінің географиялық және климаттық ерекшеліктері.

Шетел тілін ақпарат алмасу, білім алу, сол тіл елінің мәдениеті, тарихы мен ақиқатын оқып білу құралы ретінде пайдалану мүмкіндігі, дүниетанымды кеңейту оны танымдық қызметтің қажетті құралы ретінде қабылдау мотивін қалыптастырады.

Ақпараттық кеңістікте тиімді бағдарлану үшін оқушылардың *ақпараттық дағдыларды* меңгеруі маңызды. Ақпараттық дағдылардың маңызды белгілері ретінде информатика пәнін білу, компьютерді қажетті техникалық құрал ретінде пайдалану, ақпаратты іздеу, талдау және қолдану бойынша білім, іскерлік және дағдылар жиынтығы, сондай-ақ ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыратын білім беру ортасының болуы саналады. Шетел тілін оқуға қатысты ақпараттық дағдылар – бұл шеттілдік ақпаратты компьютер арқылы іздеу, оны саралап бағалау, таңдау жасау және өз бетінше өңдеп пайдалану, сондай-ақ сөздіктер мен анықтамаларды, соның ішінде электронды түрлерін пайдалану деңгейі.

Ақпараттық құзыреттілік ұғымы ақпараттық мәдениет ұғымымен де тығыз байланысты, ол қоғамдағы ақпарат алмасуға қатысты нормалар, ережелер және мінез-құлық стереотиптері жиынтығы ретінде түсіндіріледі [105]. Бұл тұрғыда Жинкинде сөйлеудің автоматтандырылуы мен тілдік стереотиптердің маңызын атап өтеді. Ғалымның пікірінше, сөйлеу әрекеті жиі қайталанатын дайын үлгілер (стереотиптер) арқылы автоматты түрде жүзеге асады. Бұл тұжырым бастауыш мектептегі оқушылардың ақпараттық-танымдық құзыреттілігін дамытуда маңызды. Осы ретте жиі қолданылатын тірек тіркестер мен үлгі диалогтарды жаттату, рөлдік ойындар арқылы қайталату, интерактивті

жаттығулармен бекіту — сөйлеудің автоматтану процесіне ықпал ететін тиімді тәсілдер [92,696].

Ақпараттық-танымдық құзыреттілікті қалыптастыру жұмысы мұғалімнен сабақтағы өз орны мен рөлін түбегейлі қайта қарауды талап етеді. Мұғалім енді білімнің жалғыз жеткізушісі немесе дұрыс ақпараттың иесі емес, керісінше, оқушылармен бірге тілдік материалды зерттеп, талдайтын сарапшы рөлінде болады. Оқыту процесі кезінде мұғалім мен оқушы қатарынан зерттеу тапсырмаларын шешіп, қойылған сұрақтарға жауап іздейді және ойлау әрекетінің әмбебап тәсілдерін меңгереді.

Ақпараттық-танымдық құзыреттілікті қалыптастыруда АКТ-дың рөлі жоғары. АКТ, атап айтқанда компьютерлік технологияларды пайдалану нәтижесінде алынған білім дәстүрлі мектеп беретін білімнен сапалы түрде ерекшеленеді. Компьютермен жұмыс істей отырып, оқушылар шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті ғана қалыптастырып қоймай, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени, қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын меңгеріп, олардың дайындық деңгейін сапалық тұрғыдан жоғары деңгейге көтереді.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ақпараттық-танымдық құзыреттілікті қалыптастыруда пайдаланудың артықшылықтары мыналар болып табылады: жазбаша тілдің сапасының айтарлықтай жақсаруы, өйткені ол тіл тасымалдаушысы - сөйлесуші серіктеске бағытталған; тілдік дағдылар мен сөздік қордың едәуір дамуы; тілі меңгерілетін елдің тұрмыс-салты мен дәстүрлері туралы сол елдің тұрғындары айтатындықтан, сол мәдениетті толығырақ және тереңірек қабылдау; компьютермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, онымен қарым-қатынастағы ыңғайсыздық пен сенімсіздік кедергілерін еңсеру.

Осылайша, шетел тілін оқыту процесінің тиімділігі мен шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру көптеген жағдайда қолданылатын технологиялар мен олардың құрамдас бөліктеріне (әдістер, формалар, тәсілдер) байланысты.

Бүгінгі таңда шетел тілдерін коммуникативтік бағытта оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ең басым және сұранысқа ие әдістердің бірі болып табылады. Олар пайдаланушылардың жас ерекшеліктері, жеке психикалық ерекшеліктері, сондай-ақ оқу-тәрбие процесінің техникалық және әдістемелік құрамдас бөліктері тұрғысынан өз артықшылықтарына ие. Мұндай технологияларды шетел тілін коммуникативтік әдістемемен қатар қолдану оқушыларға шеттілдік әрекетке дербес және толыққанды қатысушы ретінде өздерін көрсетуге мүмкіндік береді.

АКТ шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті неғұрлым тиімді қалыптастыруға ықпал етеді, жауапкершілік сезімін, толеранттылықты дамытады және оқушыларды жас ерекшеліктері мен жеке қасиеттеріне байланысты белгілі бір деңгейде шеттілдік коммуникация жүргізуге дайындайды. АКТ-дың бастауыш сынып оқушыларының ШҚК қалыптастырудағы мүмкіндіктері келесі бөлімде баяндалады.

1.2 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері

Соңғы бірнеше онжылдықта ақпараттық-коммуникациялық технологиялар біздің өміріміздің көптеген аспектілеріне өзгертулер жасады. АКТ адам қызметінің әртүрлі салаларында: өнеркәсіпте, ғылымда, білім беруде және т.б. кеңінен қолданылып жүр. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды әртүрлі салаларға белсенді енгізу бірқатар факторларға байланысты екені сөзсіз: АКТ қолдану бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілетін тәжірибені жинақтауға көмектеседі; әртүрлі салаларда білім беру процесін жеделдетуге мүмкіндік береді; әлемде болып жатқан әлеуметтік өзгерістерге тезірек бейімделуге септігін тигізеді; сонымен қатар, АКТ-ны білім беру процесіне енгізу оқу сапасын едәуір жақсартады және қажетті дағдыларды тез игеруге ықпал етеді.

Жаһандық цифрландыру дәуірінде оқу процесіне инновациялық ақпараттық технологияларды белсенді енгізу жүріп жатыр. Электронды кітапханалар, қашықтықтан оқыту курстары және онлайн білім беру платформалары әртүрлі елдердің білім беру жүйелеріне табысты түрде біріктірілуде. Цифрлық оқытуды енгізудің арқасында білім беру процесі икемді және білім алушыға бағдарланады, сәйкесінше олар оқу процесіне ыңғайлы уақытта қатыса алады. Бірақ, екінші жағынан, мұғалім мен оқушы арасындағы жеке қарым-қатынасының болмауы сияқты білім беруді цифрландырудың осал тұсын да атап өтпеуге болмайды. Осыған байланысты оқытудың аралас түрлеріне, атап айтқанда, онлайн оқыту мен сабаққа тікелей қатысудың үйлесіміне көп көңіл бөлу керек.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысымен бекітілген «2023 – 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту тұжырымдамасы» Қазақстанның цифрлық даму саласындағы негізгі бағыттары мен мақсаттарын айқындайды. Бұл тұжырымдаманың басты мақсаты – цифрлық технологияларды енгізу арқылы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру, инновациялық экономиканы дамыту және жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу [3]. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын іске асыру шеңберінде білім беру саласындағы жобаның басым міндеттерін шешуге бағытталған бірқатар бағдарламалар іске асырылды: «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы және «Цифрлық мұғалім» ұлттық жобасы. Бұл жобаның негізгі мақсаты «Қазақстандық цифрлық білім беру кеңістігін дамыту есебінен азаматтардың барлық санаттары үшін үздіксіз білім беру сапасын жүйелі түрде арттыру және мүмкіндіктерін кеңейту» үшін жағдай жасау болды [106]. Бұл мақсатқа қол жеткізудің әдістерінің бірі – онлайн және қашықтықтан оқыту курстарын кеңінен енгізу.

Жаһандық білім беру кеңістігінің дамуы цифрлық және ақпараттық технологиялардың пайда болып, олардың үздіксіз дамып таралуымен байланысты. Заман ағымына қарай ақпараттық техника мен технологиялардың

үдемелі дамуы, бүкіләлемдік пандемия кезеңіндегі онлайн оқыту өзектілігін ескерсек, білім алушылардың күнбе-күн өзгеріп отыратын аталмыш технологиялармен таныстығын қамтамасыз ету, тәжірибе жинақтауға көмек беру мақсатында орта мектепте қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, цифрлық білім беру ресурстары, т.б. және олардың білім мазмұнында жүйелі дұрыс жолға қойылып оқытылуы маңызды шарт деп білеміз. Біз қазір компьютерлік оқытудың теориялық және практикалық дамуының шешуші кезеңіне ене отырып, соның нәтижесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен білім беру мазмұны мен ұйымдастыру формасы жаңартылуына көңіл бөлеміз. Мұның салдары бірте-бірте оқытудың жаңа формасы, әдісі, түрі, оқу-әдістемелік кешенінің түбегейлі өзгеруіне, бірқатар нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді. Білім беру процесін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаға бағдарлап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие процесінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Шеттілдік білім беру жағдайында, жалпы білім беру жүйесіндегідей, білім беру сапасының мәселелері ерекше назар аударуға тұрарлық: осы тұрғыдан алғанда, бүгінде білім беру сапасын жақсарту үшін қажетті жағдайлар мен әдістерді қайта қарау жүріп жатыр.

Осылайша, орта білім беретін мектептердің білім беру процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды әзірлеу және енгізу мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылып жатыр.

Жалпы АКТ-дың білім беру және ШҚҚ-ті қалыптастырудағы мүмкіндіктері туралы айтпас бұрын, «ақпарат», «технология», «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» және «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдары» ұғымдарын ашып, мазмұнын нақтылау қажет.

«Ақпарат» әмбебап категория ретінде қазіргі білімде өте маңызды рөл атқарады және соңғы жылдары ғылымның орталық зерттеу объектісіне айналды. Біз диссертациялық зерттеуімізде «ақпарат – тасымалдау түрі мен ұсынылу тәсіліне қарамастан, белгілі бір мағыналық жүктемені көтеретін, символдық-белгілік формада көрсетілген мәліметтер» деген тұжырыммен келісеміз [107].

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде ақпарат адамзаттың маңызды жаһандық ресурсына айналып отыр. О.В. Уруймасова «қоғамды ақпараттандыру деп заманауи ғалымдар атап жүрген сапалы жаңа дәуірге көшу процесі жүріп жатыр» деп санайды [108].

«Технология» кез келген өнімді алу үшін дәйекті түрде қолданылатын бірнеше операциялардың ұтымды (тұрақты) тіркесін білдіреді. Оны әдістеменің логикалық-операциялық қайталанатын ядросы ретінде қабылдауға болады. Технологияның белгілері: мақсат қою, педагогикалық жүйелерді бағалау, баламалы негізде жоспарлар мен бағдарламаларды жаңарту, операциялық компоненттер, қызметті ұйымдастырудың құралдары мен тәсілдері, процесс тиімділігінің тұрақты өсуі, әлеуетті түрде жаңғыртылатын педагогикалық нәтижелер» [109].

«Ақпараттық технологиялар» ұғымының мазмұны Г.В. Можеева [110], Н.Л. Рябенко [111], Л.В. Луцевич, және т.б. сияқты бірқатар ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Л.В. Луцевич ақпараттық технология жөніндегі көзқарасты дамыта отырып, бұл ұғымды «машиналық (ЭЕМ көмегімен) өңдеу, ақпаратты беру және тарату, сондай-ақ информатиканың есептеу және бағдарламалық құралдарын жасау технологиясы» ретінде сипаттайды [112].

Ақпараттық ғылымдар энциклопедиясында «ақпараттық технология – қолданбалы информатика құрған заманауи байланыс құралдарын, полиграфияны, есептеу техникасын және бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып, адам қызметінің барлық салаларында ақпаратты өңдеудің жүйелі тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы» ретінде қарастырылады [113].

М.И. Жалдак «ақпараттық технологияны адамдардың білімін кеңейтетін және олардың техникалық, әлеуметтік процестерді басқару мүмкіндіктерін дамытатын ақпаратты жинау, ұйымдастыру, сақтау, өңдеу, беру және ұсынудың әдістері мен техникалық құралдарының жиынтығы» деп сипаттайды [114].

Оқытудың ақпараттық технологиялары – ақпаратпен жұмыс істеу үшін арнайы әдістерді, бағдарламалық және техникалық құралдарды (аудио және бейне құралдары, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер) пайдаланатын педагогикалық технологиялар. «Коммуникациялық технологиялар» ұғымы анағұрлым тар, өйткені ақпараттық технологиялар компьютерді аудио- және бейне жабдықтарын, проекторларды және оқытудың басқа да техникалық құралдарын пайдалануды қоспағанда, мүмкін құралдардың бірі ретінде пайдалана алады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – бұл есептеу техникасы ресурстары мен телекоммуникация құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын өзекті деректерді, мәтіндерді, бейнелер мен дыбысты мақсатты түрде іздеу, жинау, сақтау, өңдеу, беру және ұсыну жөніндегі іс-қимылдар жиынтығы. АКТ құралдары–бұл есептеу техникасының (бағдарламалық, бағдарламалық-аппараттық және техникалық құрылғылар) ресурстары, сондай-ақ жергілікті және ғаламдық компьютерлік желілердің мәліметтер базасына қол жеткізуге арналған телекоммуникациялар (ақпаратты тарату және ақпарат алмасу жүйелері) [115].

Қазіргі уақытта білім беруді ақпараттандыру мәселелері көптеген отандық ғалымдар – Г.К. Нургалиева [116], Д.М. Джусубалиева [117], А.И. Тажигулова [118], ,Ә.Ө. Жақсыбекова [119], С.А. Нуржанова [120], П.К. Елубаева [121], Т.А. Кульгильдинова [122], ресейлік зерттеушілер – В.П. Беспалько [123], В.А. Красильникова [124], Е.С. Полат [125], сондай-ақ шетелдік ғалымдар – П. Баркер мен Т. Кинг [126], С. Ливингстон [127], Щукин [128] еңбектерінде жан-жақты қарастырылып келеді.

Бірқатар зерттеушілер компьютерлік оқытуды – компьютермен жұмыс істеуге арналған арнайы оқу бағдарламаларын қолдану арқылы жүзеге асырылатын оқыту түрі ретінде анықтайды. Сонымен қатар, Д.Ж. Баймұханова [122, 33 б.], В.А. Красильникова [124, 31 б.] және өзге де зерттеушілер ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) білім беру процесін ұйымдастырудағы дидактикалық мүмкіндіктерін сипаттай отырып, оларды

қолданудың педагогикалық мақсаттылығына ерекше мән береді. Аталған ғалымдар сонымен бірге электронды оқыту материалдарына қойылатын негізгі талаптарды да қарастырады.

В. П. Беспалько компьютерлік технологиялар арқылы жүзеге асырылатын дербестендірілген білім беру мүмкіндігін талқылайды [123, 125 б.]. Е. С. Полат жаңа технологияларды – ынтымақтастықта оқытуды, жобалар әдісін, көп деңгейлі оқытуды, «оқушы портфелін» қолдану, тұлғаға бағдарланған тәсілді іске асыру идеясын дамытады [125, 112 б.].

Г.Б. Саржанова [129], А.Н Жорабекова [130] АКТ-ды оқыту процесіне енгізу саласында жұмыс істейді, әсіресе мектептер мен ЖОО-да компьютерлік оқытуды дамытуға бағытталған зерттеулер жүргізеді. Ал А.Т. Аманжолова компьютерлік оқыту құралдары мен цифрлық педагогикалық әдістемелерді дамыту мәселелерін зерттейді, оның жұмыстары оқытудың заманауи технологияларын қолдануды қамтиды [131].

Әдіскерлер С. А. Зайцева мен В. В. Ивановтың айтуынша, «ақпараттық технологиялар» термині көбінесе *«компьютерлік технологиялар»* терминімен синоним болып табылады, өйткені қазіргі уақытта барлық ақпараттық технологиялар компьютерді қолданумен байланысты. Алайда, «ақпараттық технологиялар» терминінің мағынасы әлдеқайда кең және оның компоненттерінің бірі ретінде «компьютерлік технология» қамтылады [132]. Сонымен қатар, заманауи компьютерлік және желілік құралдарды қолдануға негізделген ақпараттық технологиялар «ақпараттық технологиялар» терминін құрайды, ол көбінесе басқасымен – «ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен» (АКТ) ауыстырылады. Белгілеудің өзгеруі тек механикалық шешім емес, жалпы заңдылықтың көрінісі – қазіргі қоғамдағы ақпараттық технологиялардың орнын бағалау принциптерінің өзгеруі деп санаймыз.


Білім беруді ақпараттандыру субъектінің коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға және қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес оқытуға бағытталуы керек. Ақпараттық қоғам ақпараттық арналар арқылы коммуникациялық қатынастардың жаңа түрін қалыптастырады. В. Д. Мартиннің зерттеулеріне сәйкес, коммуникация «ақпараттық қоғамның негізгі элементі» болып табылады [133]. Ю. Хабермас «коммуникативтік әрекеттің барлық басқа түрлерінен түбегейлі айырмашылығы — оның әлеуметтік субъектілер арасындағы өзара түсіністікке қол жеткізуге бағытталғандығында, бұл жағдайда коммуникацияның мақсаты келісімге қол жеткізу» деп есептейді [134].

Бұл тұжырымдаманы анықтауда түрлі тәсілдер бар. Әдістемелік терминдер мен ұғымдардың жаңа сөздігіне сәйкес « АКТ – ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, тарату, көрсету және пайдалану мақсатында біріктірілген әдістердің, процестердің және бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы» болып табылады [135]. Ғалымдар Е. В. Клоков пен А. В. Денисова ақпараттық-коммуникациялық технологиялар деп «ақпаратты құру, беру және тарату және қызмет көрсету үшін пайдаланылатын цифрлық технологиялардың кең спектрі (компьютерлік жабдық, бағдарламалық қамтамасыз ету, электронды

пошта, мультимедиялық құралдар, Интернет және т. б.)» деп қарастырады [136].

Жалпы, «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)» термині ақпаратты өңдеу мен жеткізудің әртүрлі құрылғылары мен тәсілдерін сипаттайтын жалпыланған ұғым болып табылады.

Біз жоғарыда аталған ғалымдардың АКТ ұғымына берген анықтамаларына талдау бере отырып, зерттеу пәнімізге қарай өз анықтамамызды береміз. Біздің түсінігімізше, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) дегеніміз — өзара әрекеттесу мен деректерді басқару процестерін жеңілдету және жетілдіру мақсатында ақпаратты жинауды, өңдеуді, сақтауды, беруді және таратуды қамтамасыз ететін әдістер, технологиялар мен құралдардың жиынтығы. АКТ аппараттық құралдармен (компьютерлер, серверлер, желілер) қоса операциялық жүйелерді, деректер базасын, қосымшалар мен интернет-ресурстарды бағдарламалық тұрғыда қамтамасыздандырады, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі құрылымдық элементтері компьютерлік бағдарламалар топтары мен желілік ресурстар болып табылады (3 сурет).



Сурет 3 – АКТ құрылымы

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қазіргі білім беруді дамытудағы АКТ рөлін анықтайтын бірқатар функцияларға ие. АКТ-дың аса маңызды функцияларының бірі – дидактикалық функциясы. АКТ-дың дидактикалық функциялары 4-суретте берілген.



Сурет 4 – АКТ-ның дидактикалық функциялары

Көріп отырғанымыздай, АКТ өте пайдалы дидактикалық функцияларға ие және олардың әрқайсысы білім беру процесін жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, АКТ функцияларының бірі мұғалімнің өзін-өзі дамытуға ынталандыруы және оқушылардың ШҚҚ деңгейін жақсарту мүмкіндігі екенін ұмытпауымыз керек.

АКТ оқу процесіндегі мынадай жалпылай *оқытуға арналған әмбебап әрекеттерді жүзеге асыру үшін маңызды* екенін бөлек атап өткен жөн:

1) оқушының жеке ақпараттық мұрағаттарынан, білім беру мекемесінің ақпараттық ортасынан, ақпараттық білім беру ресурстарының қоймаларынан ақпарат іздеу;

2) қоршаған әлем мен білім беру процесі туралы ақпаратты, соның ішінде аудио және бейнежазбаны, цифрлық өлшеулерді, әрі қарай пайдалану үшін сандық форматқа көшіру арқылы тіркеу;

3) білімді құрылымдау, ұйымдастыру және тұжырымдамалық диаграммалар, карталар және шежірелік сызбалар түрінде ұсыну;

4) гипермедиа хабарламаларын жасау;

5) аудиовизуалды қолдау арқылы баяндама дайындау;

6) нақты және виртуалды конструкторлардың құрылымдық элементтерінен нысандар мен процестердің модельдерін құру.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар өз функцияларын құралдарсыз жүзеге асыра алмайды. Т.П. Гордиенко мен О. Ю. Смирнованың пікірінше, білім беру процесінде қолданылатын *АКТ құралдарын жіктеудің* бірнеше параметрлері бар:

1. Шешілетін педагогикалық міндеттер бойынша АКТ мыналарға бөлінеді:

– базалық дайындықты қамтамасыз ететін құралдар (электронды оқулықтар, оқыту жүйелері және т. б.);

– практикалық дайындық құралдары (практикумдар, имитациялық модельдеу бағдарламалары, тренажерлер және т. б.);

– кешенді құралдар (қашықтықтан оқыту курстары);

– көмекші құралдар (сөздіктер, энциклопедиялар, дамытушы компьютерлік ойындар және басқалар.).

2. Білім беру процесін ұйымдастыру функциялары бойынша АКТ төмендегідей болуы мүмкін:

- интерактивті (электронды пошта, видеоконференция);
- ізденістік (іздеу жүйелері, электронды каталогтар);
- үйретуші ақпараттық (электронды кітапхана, сөздіктер, анықтамалықтар және басқалар).

3. Ақпарат түрлері бойынша электронды және ақпараттық ресурстар болып бөлінеді:

- мәтіндік ақпараты бар (оқулықтар, оқу құралдары, энциклопедиялар және басқалар.);
- визуалды ақпараты бар (сызбалар, диаграммалар, бейнекөріністер т.б.);
- аудиоақпараты бар (дыбыстық жазбалар);
- аудио- және бейне ақпараты бар;
- аралас ақпараты бар [137].

Жіктеудің енді бір түріне сәйкес, АКТ 1) ақпаратты ұсыну технологияларына (электронды оқулықтар, электронды анықтамалық жүйелер, аудио- және бейне қосымшалар), 2) ақпаратты жеткізу технологияларына (компьютерлік оқыту бағдарламалары, CD және DVD дискілеріндегі оқу материалдары, Интернет) және 3) білім беру процесін ұйымдастыру технологияларына (аудио-және бейнеконференциялар, онлайн және офлайн технологиялар, электронды пошта) болып бөлінеді.

Ақпаратты ұсыну технологиялары әрбір пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуге мүмкіндік береді. Оларға оқу процесінің барлық кезеңдерін қамтитын материалдар, соның ішінде мультимедиа кіруі тиіс. Мультимедиа – бұл әртүрлі тасымалдағыштарда орналастырылған бірыңғай ақпараттық кешен, ол электрондық оқулықты, тестілеу модульдерін, анықтамалық жүйелерді, баспа материалдарын, аудио және бейнеқосымшаларды қамтиды. Аудио және бейнеқосымшалар оқу процесінің интерактивтілігін қамтамасыз етіп, ақпаратты қабылдаудың сапалы жаңа деңгейіне қол жеткізуге көмектеседі.

Ақпаратты жеткізу технологиялары білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік қамтылуын қамтамасыз етеді. Барлық электрондық ресурстарды екі топқа бөлуге болады: жергілікті және желілік. Жергілікті электрондық ресурстар жеке компьютерде жұмыс істеуге арналған және оларды тасымалдау мүмкіндігі бар (мысалы, компьютерлік оқыту бағдарламалары, дискілердегі аудио және бейнежазбалар). Желілік электрондық ресурстарға Интернет желісінде ұсынылған ақпарат көздері кіреді (оқытуға арналған веб-сайттар, электронды онлайн курстар, оқытуға арналған Интернет-тренажерлар).

Оқу процесін ұйымдастыру технологиялары онлайн және офлайн технологиялар түрінде ұсынылуы мүмкін. Офлайн технологиялар асинхронды уақыт режиміне байланысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысал ретінде білім алушылардың жеке жұмысын және олардың ұжымдық қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін электрондық пошта қызметін келтіруге болады. Ал онлайн технологиялар нақты уақыт режимінде ақпарат алмасуды

камтамасыз етеді. Оларға аудио және бейнеконференциялар, телекөпірлер мен чаттар жатады.

АКТ құралдарының жіктемесі ақпараттық технологияларды білім беру процесінде тиімді пайдалануға көмектеседі:

1. әдебиеттерді іздеуде – Internet Explorer, Mozilla Firefox, Mail.ru, Google.kz, Prez-team.com және т. б. сияқты браузерлерді, онлайн режимінде жұмыс істеуге арналған әртүрлі іздеу жүйелері мен бағдарламаларын қолдана отырып, Internet-те жұмыс істеу (реферат, конспектілеу, аннотациялау, дәйексөз, слайдтар жасау онлайн режимінде презентациялар және т. б.);

2. мәтіндермен жұмыс істеуде – Microsoft Office негізгі қолданбалы бағдарламалар бумасын қолдану: Microsoft Word графикалық безендірілген мәтіндерді жасауға және өңдеуге; Microsoft PowerPoint материалды түрлі-түсті көрсету үшін презентация слайдтарын жасауға; Microsoft Office Publisher буклеттер, брошюралар жасауға және өзгертуге мүмкіндік береді.

3. мәтіндерді автоматты түрде аударуда – мысалы, PROMTXT аудармашы бағдарламалары мен AbbyLingvo 7. 0 электронды сөздіктері арқылы мәтіндерді автоматты түрде аудару үшін;

4. ақпаратты сақтау және жинақтауда: CD, DVD дискілері, Flash дискілері;

5. байланыс жасауда: Интернет, электронды пошта, Skype, WhatsApp Web, Telegram т.б.;

6. графика және дыбысты өңдеу мен ойнатуда: Microsoft Media Player, ACDSee кескін қарау құралы, PhotoShop, KlipG AI 1.5 Pro, т.б.

Аталған АКТ құралдары ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға ықпал етеді. Балалар компьютерлік технологияны жеке тақырыптарды зерттеу үшін де, алған білімдерін өзін-өзі бақылау үшін де қолдана алады. Сонымен қатар, компьютер кез-келген тапсырманы қалағаныңызша қайталай алатын, дұрыс жауап алуға және сайып келгенде, жұмыс істейтін дағдыларды автоматтандыруға қабілетті «ең шыдамды мұғалім».

Қазіргі таңда білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың *мүмкіндіктері* аса жоғары:

1) ақпаратты кез келген көлемде және кез келген форматта кез келген қашықтыққа жедел жеткізеді;

2) ақпаратты дербес компьютер немесе ноутбук жадында қажетті уақытқа дейін сақтайды, оны өңдеп, редакциялайды және басып шығарады;

3) Интернет жүйесі арқылы түрлі ақпарат көздеріне қол жеткізеді және онымен жұмыс істейді;

4) электрондық конференциялар ұйымдастыруда, соның ішінде нақты уақыт режимінде, компьютерлік аудио-конференциялар мен бейнеконференциялар өткізуде мүмкіндігі мол;

5) алынған материалдарды өз тасымалдағышына көшіреді, басып шығарады және пайдаланушыға қажет уақытта және қажетті тәсілмен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. [138].

Интернет-ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері де өте ауқымды. Ғаламтор желісі оқушылар мен мұғалімдерге жер шарының кез келген нүктесінде орналасқан қажетті ақпаратты алуға жағдай жасайды: елтану материалдары, жастар өмірінен жаңалықтар, газет-журнал мақалалары, әдебиеттер және т.б. Сонымен қатар, Интернет желісіндегі әртүрлі қызметтер мен сервистер қарым-қатынас дағдыларын жеке қатысуды қажет етпей-ақ дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі педагогикалық технологияларды қолдану келесі өзгерістерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- білім беруді есте сақтау функциясынан ойлау қабілетін дамыту процесіне көшіру;

- білімнің статикалық моделінен ойлау әрекеттерінің динамикалық жүйесіне көшу;

- орташа оқушыға бағытталудан сараланған және жеке оқу бағдарламаларына көшу;

- оқытудың сыртқы мотивациясынан ішкі адамгершілік-еріктік реттеуге ауысу.

Ағылшын тілін оқыту бағдарламалары барлық оқу бағдарламалық әзірлемесінің маңызды бөлігін құрайды. Ағылшын тілін өз бетінше үйренуге арналған көптеген тиімді бағдарламалар бар, олар түрлі дағдыларды дамытуға бағытталған және ағылшын тілін жүйелі түрде, әртүрлі тәсілдермен үйренуге көмектеседі. Мысалы, Duolingo – жаңадан бастаушылар үшін ыңғайлы, ойын түрінде жасалған, күнделікті сабақтар мен тапсырмалар арқылы тілді біртіндеп үйренуге мүмкіндік беретін бағдарлама. Memrise – сөздік қорын көбейтуге арналған бағдарлама. Babbel – грамматикалық ережелерді үйрену және күнделікті сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған қосымша. HelloTalk – шетелдіктермен сөйлесу арқылы тілді жетілдіруге арналған бағдарлама. BBC Learning English – қысқаша жаңалықтар, бейнелер, мақалалар және грамматикалық ережелер арқылы білім алуға мүмкіндік беретін ағылшын тілін әртүрлі деңгейлер бойынша тегін үйренуге болатын платформа. Lingualeo бағдарламасында сөздік, грамматика, тыңдау және аударма дағдыларын жаттықтыруға болады.

Сонымен қатар, мектеп оқушыларына ағылшын тілін тек сабақта ғана емес, өздігінен меңгеруге мүмкіндік беретін көптеген сайттар бар. Олар арқылы оқушылар хабарламалар, мақалалар жазып, бейнероликтер, фильмдер, презентациялар жасап және басқа да көптеген тапсырмаларды орындау арқылы тілдік дағдыларын дамыта алады. Мұндай ресурстар тапсырмаларды сәтті орындауға және тіл үйренуді қызықты әрі тиімді етуге көмектеседі.

Шетел тілін оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) құралдарын қолдану мүмкіндіктері өте кең. Оқушыларды білім беру іс-әрекетіне тарту жүйелі-ісәрекеттік тәсілге негізделген педагогикалық бағытқа – сүйене отырып жүзеге асырылады. Аталған тәсіл мотивацияны қалыптастыруға, фронтальды, топтық және жеке жұмыс түрлерінде тиімді әрекет етуге, оқу әрекетін түзетуге, рефлексияны, өзін-өзі

бақылау мен бағалауды, сондай-ақ коммуникативтік өзара әрекеттесуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Шетел тілін оқытуда АКТ қолдану сөйлеу дағдыларын (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым), тілдік дағдыларды (грамматикалық, лексикалық, фонетикалық) дамытуға, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени және мәдениетаралық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталады. Ал шетел тілі мұғалімінің АКТ құзыреттілігі шетел тілінің аспектілері мен сөйлеу-коммуникативтік әрекет түрлерін оқыту процесінде АКТ-ның барлық арсеналын қолдана білу қабілетінде көрінеді [139].

Шетел тілін оқыту процесінде АКТ қолдану жоғары нәтижелерге қол жеткізуге септігін тигізеді. Мәселен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың шетел тілдерін оқытуда да дидактикалық мүмкіндіктері аса жоғары:

- шетел тіліндегі мәтіндерді оқудың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырады;
- тыңдалым іскерліктерін жетілдіреді;
- оқылым іскерліктерін жетілдіреді;
- монологтық және диалогтық сөйлеуді құру іскерліктерін жақсартады;
- түрлі шығармаларды, мазмұндама, рефераттар дайындауда жазылым іскерліктерін жетілдіреді;
- сөздік қорды заманауи шетел тілі лексикасымен толықтырады;
- интернет желісінің жедел материалдары, электронды пошта, іздеу жүйелерінің нәтижелері арқылы шетел тіліндегі әрекетке тұрақты мотивация қалыптастырады [140].

Ағылшын тілінде тыңдалымды үйрету сөйлеу әрекетінің екі функционалды түрімен жұмыс істеуді қамтиды: 1) тікелей (диалогтық) қарым-қатынас процесінде тыңдау және 2) жанама қарым-қатынас жағдайында байланысты мәтіндерді тыңдау. Тыңдалым тапсырмаларын әзірлеу барысында мақсатты тапсырмалармен мен үлестірмелі материалдардың жетіспеушілігін мультимедиялық презентациялар - бейнефильмдерден үзінділер қатары, қосымша ақпарат, мәтіндік тапсырмалар, диаграммалар арқылы шешуге болады.

Оқылымды үйретуде оқушыларға соңғы әлемдік оқиғалар туралы ақпарат алудың тамаша құралы ретінде интернетті белсенді қолдануға болады. Интернеттің көмегімен сыныпты жаңалықтар агенттігіне, ал оқушыларды білікті репортерлерге айналдыруға болады. Мұндай іс-әрекет ауқымды оқу, интерпретация өнері және еркін сөйлеу дағдыларын талап ететіндіктен, жоғары сынып оқушыларына тіптен қолайлы. Әлемдегі барлық дерлік газеттердің өз веб-парақшалары бар. Олар жаңалықтарды оқу ғана емес, әртүрлі тілдерде тыңдау мүмкіндігін де ұсынады. Оқушылар ағылшын тілін меңгеру деңгейіне сәйкес learning english режимінде жаңалықтарды тыңдай алады. Мәдениетаралық құзыреттілікті меңгеру тұрғысынан онлайн газет оқушыларға әлемде болып жатқан маңызды оқиғаларға үңіліп, оларды түрлі көзқарастар тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Жазылымды үйрету – виртуалды әлемде қарым-қатынас электрондық пошта арқылы жүзеге асырылып, мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту үшін достық хат алмасу арқылы қолданылады. Халықаралық хат алмасуды кез келген сыныпта және кез келген тіл меңгеру деңгейінде ұйымдастыруға болады. Тілді мақсатты түрде пайдалану, достық қарым-қатынас орнату және сол арқылы шет тіліндегі мәдениетті үйрену мүмкіндіктерінен бөлек, электрондық хат алмасудың қағаз хаттарға қарағанда жылдам, ыңғайлы және арзан болу артықшылықтары бар.

Айтылымды үйрету яғни сабақта сөйлеуге дайындалу үшін тақырып бойынша толық жауап пен ақпараттық хабарлама құрауға көмектесетін Интернет-ресурстар қолданылады. Мысалы, «Ағылшын мерекелері», «Ұлыбритания», «Австралия» т.б. туралы хабарламалар, желіден алынған ақпаратқа сүйене отырып дайындалған айтылымдар (монологтық, диалогтық) толықтығы мен мазмұндылығымен ерекшеленеді.

Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың дамуы және қоғамның жаппай ақпараттандырылуы жағдайында АКТ-ны қолданбай сабақ өткізуді елестету қиын. Заманауи АКТ түпнұсқа материалдардың кең ауқымына қол жеткізуге мүмкіндік беріп, негізгі төрт тілдік дағдыларды (оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылымды) дамытуға көмектеседі, сондай-ақ оқушыларға оқып жатқан елдер мен халықтардың мәдениетімен танысуға жағдай жасайды. Себебі шетел тілін меңгеру тек грамматикалық ережелер мен сөздік қорды жаттаумен шектелмейді, сонымен қатар, басқа халықтардың әдет-ғұрыптарын, дәстүрлері мен құндылықтарын білу мен түсіну де өте маңызды.

Сонымен, бастауыш мектепте шетел тілін оқытуда АКТ қолданудың келесі артықшылықтары бар:

- түпнұсқа материалдарға қол жеткізу;
- интерактивтілік;
- оқытуды даралау;
- шетел тілін оқуға деген мотивацияны арттыру;
- қашықтықтан оқыту мүмкіндігі.

Қазіргі уақытта шетел тілін білу кез келген саладағы маман үшін маңызды дағдыға айналды. Осыған байланысты түрлі әдістемелерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен біріктіруге деген қызығушылық артып келеді. Шын мәнінде, білім беру барысында АКТ қолдану өмірбойы үздіксіз білім алу қажеттілігіне байланысты (life-long learning education). Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, атап айтқанда, электронды оқыту және Интернет құралдары шеттілдік білім беруде қосымша артықшылықтар береді, яғни сыртқы дереккөздерден шексіз мультимедиялық оқу материалдарын оқыту процесіне енгізуге мүмкіндік бере отырып, интернетке қосылған компьютер арқылы әлемнің кез келген жерінде оқушылар үшін қолжетімді етеді.

АКТ құралдарының ішінде ең көп қолданылатыны — шетел тілін үйренуге көмектесетін көптеген білім беру бейнелері мен фильмдеріне қолжетімділік беретін *Youtube бейне хостингі*. Осы платформадағы материалдар шетел тілінің грамматикасын оқытуға, сөздік қорын кеңейтуге

және айтылымды жақсартуға пайдаланылуы мүмкін. Бейнефильмдерді көру тыңдау дағдыларын дамытып қана қоймай, жаңа, беймәлім сөздерді түсінуге деген қызығушылықты арттырады. Сонымен қатар, түрлі материалдар оқушыларға әртүрлі диалектілермен танысуға және оқытылатын тіл елімен танысуға көмектеседі.

Шетел тілін оқытудағы тағы бір тиімді құрал – оқыту режимінде де, бақылау режимінде де жұмыс істеуге мүмкіндік беретін *интернет-тренажерлер*. Мұғалім интернет-тренажерларды тілдік материалды (лексика, грамматика, фонетика) қайталау және бекіту үшін қолдана алады. Мысалы, Starfall (starfall.com), ABCmouse (abcmouse.com), Fun English Games (funenglishgames.com), Lingokids (lingokids.com), TinyTap (tinytap.com) және т.б интернет-тренажерлар бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін қызықты әрі тиімді үйренуге көмектеседі. Сондай-ақ көптеген оқытушылар өз тәжірибелерінде *электронды сөздіктер* мен энциклопедияларды, оқу процесін қызықты етуге мүмкіндік беретін әртүрлі іздеу-анықтамалық жүйелерді жиі пайдаланады. Т. Н. Савицкаяның айтуынша, сабақта электронды сөздіктерді қолдану мәтінмен жұмысты едәуір жылдамдатуға көмектеседі. Мысалы, білім алушыларға сабақ тақырыбы бойынша глоссарий жасау тапсырмасы ұсынылуы мүмкін, оны болашақта сабақ барысында, сондай-ақ өз бетінше жұмыс жасау кезінде қолдана алады [141].

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде білімді электронды тексеру және оқу нәтижелерін тәуелсіз бағалау мақсатында *компьютерлік тестілеу* технологиялары белсенді түрде енгізілуде.

Осылайша, ақпараттық технологияларды пайдалану оқушылардың дәстүрлі іс-әрекеттерінің жаңа формалары мен мазмұнын дамытуға серпін беріп, оларды неғұрлым жоғары деңгейде жүзеге асыруға ықпал етеді. Оқытудың алғашқы кезеңдерінен бастап компьютермен жұмысты оқушылардың пәнге деген қызығушылығын сақтап, әрі қарай дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық құрал ретінде ұйымдастыру қажет. Компьютермен дұрыс ұйымдастырылған жұмыс оқушылардың танымдық және коммуникативтік қызығушылығын арттыруға көмектеседі, бұл өз кезегінде ағылшын тілін сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетінше меңгеру мүмкіндіктерін кеңейтіп, белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Бүгінгі бастауыш мектептегі шетел тілі пәні бағдарламаларында жоғарыда баяндалған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері қалай қолданылып жатқаны келесі бөлімде мазмұндалады.

1.3 Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастырудың дидактикалық шарттары

Бастауыш шеттілдік білім беру жаңа 12 жылдық мектептің алғашқы сатысы болып табылады, оған әлемдік білім берудің дамуына сәйкес келетін міндеттер қойылған. Бұл міндеттер Қазақстан Республикасының *білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында* айқын көрсетілген. (БМЖМС)

[142]. БМЖМС қысқа мерзімді мақсаттар ретінде білім, іскерлік, дағдылар, құзыреттер түріндегі күтілетін білім нәтижелерін сипаттайды.

2015 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Тиісті білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді [143]. Маңызды өзгерістердің бірі –жыл сайын жаңартылып, толықтырылып отыратын (өзгерістер енгізілген жылдар: 2016, 2018, 2020, 2022) алдыңғы қолданыстағы стандартты Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартымен (бұдан әрі – Бастауыш білім беру стандарты) толықтыру болып табылады. Қолданыстағы Бастауыш білім беру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, оқушылардың дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды [144].

Стандарттың мазмұны келесі мақсаттарға бағытталған: 1) күтілетін оқу нәтижелері түрінде ұсынылған бастауыш білім беру мақсаттарына қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиенің сапасын арттыру; 2) қазақ, орыс және шетел тілдерін меңгеруге жағдай жасау; 3) бастауыш білімнің академиялық және практикалық бағыттылығын үйлестіру, оқушылардың теориялық білім негіздерін меңгеріп, алынған білімдерін қолданбалы сипаттағы мәселелерді шешуде қолдану қабілеттерін дамыту; 4) оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу пәндерінің мазмұнын тереңдету және күрделендіруді қамтамасыз ететін пәндік білім мен дағдыларды кезең-кезеңімен арттыру; 5) күнделікті білім беру процесінің мазмұндық негізін айқындайтын білім беру құндылықтары мен күтілетін оқу нәтижелерінің өзара байланысы мен шарттылығына негізделген тәрбие мен оқытудың бірлігін жүзеге асыру; 6) балалардың денсаулығын қорғау, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру және қосымша білім беру қызметтерін алу үшін қолайлы жағдайлар жасау [145].

Білім беру мазмұны оқу нәтижелеріне бағытталған, онда негізгі құндылықтар ретінде: қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу белгіленген. Күтілетін оқу нәтижелері арқылы оқушылардың дайындық деңгейі анықталады.

Бастауыш білім берудің мақсаты – оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін құру, сонымен қатар келесі кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген тұлғаны тәрбиелеу: 1) білімді функционалды және шығармашылық тұрғыда қолдану; 2) сыни ойлау; 3) зерттеу жұмыстарын жүргізу; 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану; 5) түрлі қарым-қатынас тәсілдерін, соның ішінде тілдік дағдыларды қолдану; 6) топпен және жеке жұмыс істей білу.

Бастауыш білім берудің мазмұны оқу нәтижелеріне бағытталады және келесі аспектілерді ескере отырып айқындалады: 1) қазіргі қоғамның өзгермелі талаптарына сәйкестік; 2) сыни, шығармашылық және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі; 3) оқу пәндерінің мазмұнын интеграциялауды күшейтудің

мақсаттылығы; 4) оқыту, тәрбиелеу және дамытудың бірлігін қамтамасыз ету [144].

Өз кезегінде, оқушылардың дайындық деңгейі күтілетін оқу нәтижелері арқылы анықталады, олар 6 білім беру саласының әрқайсысының ерекшеліктерін ескере отырып жобаланған. Бұл салалар бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше оқу пәндерін біріктіреді: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру». Аталған диссертациялық зерттеуде біз бастауыш шеттілдік білім беруді қарастыратын болғандықтан, «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны біз үшін маңызды, ол тілдік оқу пәндерінде, атап айтқанда, «Ағылшын тілі» пәнінде жүзеге асырылады. «Тіл және әдебиет» білім беру саласының пәндерінің мазмұны Қазақстандағы ұлттық мәдениеттердің бірлігі мен алуан түрлілігі, мемлекеттік тілдің ұлттық өзіндік сананың негізі ретіндегі маңызы, коммуникативті тәсілдің негізінде төрт түрлі сөйлеу қызметі бойынша дағдыларды дамыту туралы түсініктерді қалыптастыруды көздейді. Тілдік пәндердің мазмұны оқушылардың тілдерді оқуға деген қызығушылығын және жағымды қарым-қатынасын ойындық және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамытуға, сондай-ақ ақпарат алмасу үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға, мәтінді сөйлеу материалы ретінде қолдануға, мәтіннен алынған сөз тіркестерін нақты жағдайларда пайдалануға бағытталған.

Мысалы, «Шетел тілі» білім беру саласы бойынша бастауыш білімді аяқтаған кездегі күтілетін нәтижелер келесі 1-кестеде берілген:

Кесте 1 – «Шетел тілі» білім беру саласы бойынша бастауыш білімді аяқтаған кездегі күтілетін нәтижелер

Сөйлеу әрекетінің түрі	Күтілетін нәтижелер
Тыңдалым	оқушы қысқа әңгімелердегі таныс тақырыптар бойынша негізгі мазмұнды түсінеді, таныс сөздер мен сөз тіркестерін ажыратады; түсі мен саны туралы қысқа сұрақтарды түсінеді; таныс тақырыптардағы қысқа әңгімелердің мазмұны мен мағынасын болжау үшін контекстік нұсқауларды пайдаланады; баяу және анық айтылатын қысқа оқиғалардың жалпы мағынасын түсінеді.
Айтылым	оқушы өзіндік пікірлер мен тұжырымдамаларды құрастырады, сұрақтар қояды; сұрақтарға жауап береді; заттар мен оқиғаларды сипаттау кезінде негізгі сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс интонация және екпінмен айтады; өзіне ұнайтынын және ұнамайтыны туралы пікірін білдіреді.
Оқылым	оқушы иллюстрацияланған сөздікті қолданады; әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптардағы шағын мәтіндерді оқиды және түсінеді; қысқа мәтіндердің негізгі мағынасын анықтайды; қысқа мәтіндердегі нақты ақпаратты анықтайды.
Жазылым	оқушы жиі қолданылатын сөздерді дұрыс жазады, олардың жазылуы мен айтылуындағы айырмашылықтарды біледі; диктант бойынша қысқа сөйлемдерді жазады; сөйлем соңындағы тыныс белгілерін дұрыс қояды.

Осылайша, күтілетін нәтижелерге жеткілікті тиімділікпен қол жеткізу оқушыларды бұл нәтижелерге жетуге барынша ықпал ететін оқу іс-әрекетінің түрлеріне тартуды талап етеді. Осыған байланысты, бастауыш білім беру Стандартының жүзеге асырылуындағы негізгі педагогикалық тәсіл ретінде белсенді оқыту анықталады.

Мысалы, «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны, оның ішінде «Шетел тілі» пәнінде жүзеге асырылатын оқу пәндері, төрт түрлі сөйлеу әрекеті бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған коммуникативті тәсілді қолдануды көздейді (оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым). Тілдік пәндердің мазмұны оқушылардың тілдерді оқуға деген қызығушылығын және жағымды қарым-қатынасын ойындық және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамытуға, сондай-ақ ақпарат алмасу үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға, мәтінді сөйлеу материалы ретінде қолдану дағдысын дамытуға, фразалар мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, оларды нақты жағдайларда қолдануға бағытталған [144, 56].

Коммуникативтік тәсіл бастауыш білім беру Стандартының «білім беру процесін мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ұйымдастыруға қажетті жағдайлар жасау арқылы үштілді білім беру саясатын іске асыру» бағытымен тығыз байланысты [144, 6б.].

«Үштілді білім берудің мақсаты — Қазақстан азаматы ретінде үш және одан да көп тілді меңгерген, әртүрлі қызмет салаларында диалог жүргізе алатын, өз халқының мәдениетін қадірлейтін, басқа халықтардың мәдениетін түсініп, сыйлайтын көптілді тұлғаны қалыптастыру» [144, 6б].

Үштілді білім беру іс жүзінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін халықаралық стандарттарға сәйкес деңгейлеп меңгеруді қамтамасыз ету, сондай-ақ осы тілдерде сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Үштілді білім беруді тәжірибеде жүзеге асыру шеңберінде бастауыш мектеп пәндері бойынша оқу бағдарламаларында «Үштілділік саясатын жүзеге асыру», «Оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға қолдау көрсету (үштілділік саясатына сәйкес)», «Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» бөлімдері ерекшеленген. «Үштілділік саясатын жүзеге асыру» бөлімінде Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары функционалдық сауаттылықты дамыту мақсатында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігінің негіздерін қалыптастыратыны атап өтілген [145, 4б.].

«Оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға қолдау көрсету» бөлімінде пән мазмұнын оқыту барысында мұғалімдерге академиялық тілдің ерекшеліктерін меңгеруді қолдау қажеттігі атап көрсетілген. Бұл әр сабақ үшін тілдік мақсаттарды айқындауды қамтиды. Пән мұғалімдері оқушылардың академиялық тілді қолдануына назар аударып, олардың тіл үйренудегі жетістіктерін бағалауына көмектесуі тиіс. Сонымен қатар, мұғалімдер диалог/жазу үшін пайдалы тіркестерді қолдануды қамтитын жүйелі тілдік қолдау көрсетуі керек [145, 5б.].

«Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» бөлімінде әрбір нақты пәнді оқыту барысында оқушылардың тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын дамытуға ықпал ететін жұмыс түрлерінің мысалдары келтірілген.

Сондай-ақ, бастауыш білім беру Стандартында оқушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар көрсетілген. Бастауыш мектепте оқушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 27 сағаттан аспауы тиіс. Оқушылардың инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын жалпы оқу жүктемесі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарымен белгіленеді, оның қысқаша мазмұнын төменде келтіреміз.

Бастауыш білім беру Стандартының ішінде ең көп жаңартылған бөлім – бағалау жүйесі, себебі «оқу нәтижелері бағалануға тиісті, яғни олардың қол жеткізілгендігін тексеруге болатындай етіп жазылуы қажет» [146]. Критериалды бағалауға көшуге байланысты «сыртқы жиынтық бағалау», «ішкі жиынтық бағалау», «бағалау критерийлері», «формативті бағалау» сияқты ұғымдар енгізілді. Бағалау әрбір оқу пәні бойынша оқу жоспарында ұсынылған оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүргізіледі, ол оқушылардың оқу жетістіктерін әрбір тақырыптық бөлім бойынша бақылауға негізделген.

Осылайша, бастауыш білім беру Стандартының «күтілетін нәтижелер – оқу процесін ұйымдастыру – нәтижелерді бағалау жүйесі» логикасы нәтижеге бағытталған білім беру моделіне сәйкес келеді және Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің мұғалімге бағытталған тәсілден оқушыға бағытталған тәсілге нақты көшкенін көрсетеді. Бұл, жалпы алғанда, елдің әлемдік білім беру кеңістігіне шынайы интеграцияланғанын растайды [147].

Сондай-ақ, Стандарт келесі құжаттарды әзірлеу үшін негіз болып табылады: 1) әртүрлі типтегі және білім беру ұйымдарының түрлеріне арналған бастауыш білім берудің үлгілік (типтік) оқу жоспары; 2) бастауыш білім беру пәндері бойынша оқу бағдарламалары; 3) пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер; 4) пәндер бойынша оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері; 5) білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеудің күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін басқару жүйелері; 6) білім беру ұйымдарының оқу процесін мониторингтеу жүйесі; 7) білім беру ұйымдарының оқу процесін материалдық-техникалық және ақпараттық қамтамасыз етуге арналған бірыңғай талаптар; 8) білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдарының қызметін бағалау параметрлері [144]. Сондықтан нормативтік құжаттарға талдау жасауды орынды деп санаймыз.

1-4 сыныптарға арналған «Шетел тілі» (ағылшын тілі) пәнінің **типтік оқу бағдарламасы** [148, 2б.]. бастауыш білім беру деңгейіндегі бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын дамытуға ғана емес, сонымен қатар баланың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру арқылы оның жалпы дамуына бағытталған.

Еуропалық тілдік деңгейлер жүйесіне сәйкес, бастауыш мектептегі оқу курсы бастапқы – Basic User A1 деңгейіне сәйкес келеді, күтілетін нәтижелер оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарда көрініс табады.

Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытудың әдістемелік жүйесі келесі негізгі ұғымдарға негізделеді: «оқыту тәсілі», «оқыту принципі», «оқыту әдісі» (дидактикалық мағынада), «оқыту тәсілі», «жаттығу жүйесі», «сабақ типологиясы». Осы принциптерді қарастырып, үлгілік оқу бағдарламасының қысқаша мазмұнын ұсынайық (сурет 5.) [148, 46.].



Сурет 5 – Бастауыш сыныптарға арналған «Шетел тілі» (ағылшын тілі) пәнінің үлгілік оқу бағдарламасындағы оқыту принциптері

«Ағылшын тілі» пәнінің мазмұнындағы тәрбиелеп оқыту принципі бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастырумен тығыз байланысты: Отанға деген сүйіспеншілік сезімі, өз елінің және оқып жатқан тілдің мәдениетіне құрмет оқу мәтіндерінде көрініс табуы тиіс.

Белсенділік принципі оқу мақсаттары үшін қысқартылған тақырыптық лексиканы меңгеруді, тақырыптық өрістің аясында бастауыш сынып оқушыларының белсенді әрекеті негізінде элементарлы сөйлемдердің семантикалық типтері арқылы сөйлеу дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыруды көздейді.

Көрнекілік принципі оқу процесін оқушылар тікелей қабылдай алатын нақты бейнелерді құру арқылы, сондай-ақ аудиовизуалды және техникалық оқыту құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Жекешелендіру принципі 1-сыныпта күнделікті қарапайым қарым-қатынас үшін ағылшын тілін жеткілікті деңгейде меңгеруге бағытталады және психологиялық айырмашылықтары бар белгілі бір сынып оқушыларының барлығын теңдей қатыстыруды талап етеді. Оқытуды жекелеу оқу-сөйлеу жағдайларын, коммуникативтік рөлдерді және сөйлеу ниеттерін таңдау мен бөлуді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.


Жүйелілік және реттілік принципі сөйлеу тақырыптарын, олардың ішіндегі микротақырыптарды, сөйлеу ниеттерін, лексикалық және грамматикалық құралдарды ретпен ұсыну арқылы көрініс табады. Оқу

материалын реттілікпен ұсыну соңында монолог немесе ситуациялық өзара байланысқан репликалар түріндегі жүйелі байланысты сөйлем құруды қамтамасыз етуі тиіс. Ағылшын тілін жүйелі оқытудың әдістемелік шарты – нақты бір шындық фрагментіне қызмет ететін әртүрлі деңгейдегі құралдардан тұратын функционалды-семантикалық өріс ретінде ұсынылатын дұрыс таңдалған тілдік материал болып табылады.

Меңгерудің тұрақтылығы принципі кіші жастағы оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескерумен және оқытудың тиімділігін арттыру көзі ретінде ойындарды белсенді қолданумен қамтамасыз етіледі, ойынның «алғашқы үлгісі» – бұл ақпарат беру, ақпарат сұрау, іс-әрекетке шақыру, мақұлдау, қоршаған әлемге деген эмоционалды көзқарас білдіру сияқты табиғи ынталары бар бастауыш сынып оқушысының өмірінің өзі болып табылады. Мұндай тәсіл ағылшын тіліндегі меңгерілетін құралдар мен қарым-қатынас жағдайы арасындағы берік ассоциативті байланысты қалыптастырады. Оқу процесін ұйымдастыруда материалдың сабақ сайын қайталануы міндетті түрде жоспарланады.

Қолжетімділік принципі бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқыту барысында оқу материалының оқушылардың қоршаған әлеміне барынша жақындатылуына негізделіп жүзеге асырылады. Экстралингвистикалық материал ретінде өмірден алынған шынайы жағдайлар мен әлеуетті коммуникативтік тапсырмалар кіші жастағы оқушылардың қоршаған ортасына және олардың қарым-қатынас қажеттіліктеріне сәйкестендіріліп таңдалған.

Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытуда жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқу материалын қысқарту мен оқу процесін жоспарлауда келесі әдістемелік принциптерді басшылыққа алу қажет (сурет 6.): коммуникативтілік принципі, функционалдылық принципі, кешенділік принципі, деңгейлеп оқыту (дифференциация) принципі және концентризм принципі [148, 76.].



Сурет 6 – Бастауыш сыныптарға арналған «Шетел тілі» (ағылшын тілі) пәнінің үлгілік оқу бағдарламасындағы әдістемелік принциптер

Коммуникативтілік принципі рөлдік ойындарды күнделікті жағдайларда қолдану арқылы жүзеге асырылады, олар арнайы берілген тілдік құралдар — белсенді лексика мен белсенді грамматикалық материал арқылы коммуникативтік міндеттерді шешуге бағытталған.

Функционалдылық принципіне сәйкес, тілдік жүйе сызықты емес, белгілі бір тақырыпқа қызмет ететін ағылшын тілінің әртүрлі деңгейдегі құралдарынан тұратын микрожүйе ретінде ұсынылады — лексикалық және синтаксистік құралдар (олардың аясында фонетикалық, сөзжасамдық, морфологиялық элементтер).

Кешенділік принципі ағылшын тілі бойынша тілден тыс (экстралингвистикалық) және тілдік (лингвистикалық) оқу материалын өзара байланыста ұсыну арқылы, сондай-ақ сөйлеу әрекетінің түрлерін өзара байланыста оқыту аспектісінде жүзеге асырылады: 1-сыныпта тыңдалым мен сөйлеу (ауызекі алға шығу принципі бойынша, екінші жартыжылдықта ағылшын әліпбиімен танысу), 2–4 сыныптарда тыңдалым, сөйлеу, оқу және жазу.

Дифференциация принципі оқушылардың сөздік қорын бастапқы деңгейде толықтыруда жаңа сөздерді функционалды-семантикалық әдіспен, бір тақырып төңірегінде, микротақырыптарға бөлініп ұсынуды, көрнекі құралдарға сүйенуді, оқушылардың сөйлеуінде жаңа сөздерді (белгілі бір тақырыптық өріс шегіндегі белсенді формаларын) белсендіруді көздейді; сөйлеудің грамматикалық құрылымын толықтыру кезеңі ең белсенді элементарлы сөйлем түрлерін жағдайға байланысты қолдану, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерімен нақтылау, екі қарапайым сөйлемді күрделіге біріктіру әдістерімен сипатталады; диалогтық қарым-қатынас дағдыларын дамыту кезеңінде сөйлеу жағдайларына сүйену, этикет формулаларын белсендіру әдістері қолданылады; монологтық сөйлеуді дамыту кезеңінде тақырып бойынша туындайтын мәтіндердің күтілетін құрылымдарына сүйену әдістері қолданылады.

Концентризм принципі бастауыш мектепте ағылшын тілін оқыту барысында әр сынып үшін белгілі бір минимумдарды анықтау арқылы жүзеге асырылады: тақырыптық және ситуациялық минимумдар, сөйлеу ниеттерінің минимумдары, лексикалық және грамматикалық минимумдар, диалогтық және монологтық минимумдар (әр сыныпқа арналған тақырыптық минимум мазмұны сабақтастық принципіне сәйкес құрастырылған).

Ағылшын тілін оқытудың мақсаты келесілерге бағытталған: бастауыш сынып оқушысының тұлғасын қалыптастыру және оның жан-жақты дамуы; бастауыш сынып оқушысының негізгі сөйлеу әрекеттері түрлерінде (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) және қарым-қатынастың қарапайым жағдайларында шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің бастапқы дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, айтылым дағдыларын жетілдіру және белгілі бір тақырыптық минимум аясында сөйлеу ниеттерін жүзеге асыру; бастауыш сынып оқушыларын шетелдік құрдастар әлеміне, шетелдік балалар фольклорына тарту, ағылшын тілін оқуға оң мотивация қалыптастыру; бастауыш сынып оқушыларының эмоционалдық, шығармашылық, әлеуметтік, когнитивтік және тілдік қабілеттерін дамыту,

оларды белгілі бір тақырыптық минимум шеңберінде сөйлеу ниеттерін жүзеге асыруға дайындау.

Аталған мақсаттарға сәйкес келесі оқыту міндеттері жүзеге асырылады: ана тілі мен ағылшын тілінде байқалатын элементарлы лингвистикалық ұғымдар туралы білімді қалыптастыру (дыбыс, әріп, сөз, сөйлем, сөз таптары, интонация); ағылшын тіліндегі дыбыстардың дұрыс артикуляциясы мен айтылу нормаларымен, әріптердің графикалық белгіленуі мен оларға сәйкес дыбыстармен таныстыру; шеттілдік сөйлеуді тыңдау арқылы дұрыс қабылдау дағдыларын қалыптастыру; оқудың бастапқы дағдыларын дамыту; хабарлы, болымсыз және сұраулы сөйлемдердің дұрыс интонациясын қою дағдыларын қалыптастыру; қажетті сөздік қорды, жеткілікті мөлшерде сөйлем түрлерін, қарапайым диалог жүргізу стратегиясы мен тактикалық қадамдарын, белгілі бір сөйлеу тақырыбы аясында монолог құру үшін мазмұндық тармақтарды меңгеруді қамтамасыз ету; жазбаша сөйлеудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру; ұлттық-мәдени өзіндік сәйкестік, қазақстандық патриотизм, төзімділік, қоршаған ортаға ұқыпты қарау сезімін қалыптастыру және нығайту [148, 96].

Ағылшын тілін оқыту процесінде басқа тілдік пәндермен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады, өйткені кез келген тілді меңгеру бірдей функционалдық заңдылықтарға негізделеді. Ана тіліндегі тілдік тәжірибеге сүйену тілдік білім негіздерін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, мәтіндік материал негізінде ағылшын тілін оқыту оқушыларға ана тілі мен оқып жатқан тіл елінің әдебиеті, тарихы, географиясы, мәдениеті туралы қосымша мәліметтер алуға мүмкіндік береді. Салауатты өмір салтын насихаттау негіздері, жеке гигиена ережелерін сақтау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау, кішілерге, құрдастарына, мұғалімдерге, ата-аналарға және шеттілдік мәдениет өкілдеріне толерантты қатынас қалыптастыру да ағылшын тілін оқыту барысында жүзеге асырылатын пәнаралық байланыстардың бір бөлігі болып табылады. Ағылшын тілін оқытуда оқушылар математика курсынан алған білімдерін, атап айтқанда, сандық және реттік сандарды, геометриялық фигуралардың атауларын қолданады.

«Ағылшын тілі» пәні бойынша оқу жүктемесі келесідей: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында барлығы 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында барлығы 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында барлығы 34 сағат; 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында барлығы 34 сағат. Аталған сағаттар санына бастапқы, аралық және қорытынды бақылау, шығармашылық жобаларды қорғау сабақтары кіреді.

«Ағылшын тілі» пәнінің базалық мазмұны бөлімінде 1–4 сыныптарға арналған курстың барлық тақырыптары, тілдік, сөйлеу және әлеуметтанулық-мәдени материалдары берілген. Біздің диссертациялық жұмысымыздың зерттеу объектісі 4-сынып оқушылары болғандықтан, біз курстың тек 4-сыныпқа арналған мазмұнын қарастырамыз [148, 106]. Курстың қысқаша базалық мазмұны төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – 4-сыныпқа арналған «Ағылшын тілі» курсының мазмұны (типтік бағдарлама)

Тақырып	Сағат саны	Тақырыпша
1	2	3
«Менің қызығушылықтарым әлемі»	5 сағ	«Менің хоббиім», «Менің досымның хоббиі»
«Мен және менің ортам»	4 сағ	«Менің туыстарымның қызығушылықтары мен әуестенулері», «Менің досымның отбасының қызығушылықтары мен әуестенулері»
«Менің денсаулығым»	4 сағ	«Мен дені сау болғым келеді», «Спорт», «Ойындар»
«Мен дәрігер болғым келеді»	3 сағ	«Сен кім болғың келеді?»
«Менің елім»	5 сағ	«Менің қалам/ауылым», «Астана», «Қазақстан бойынша саяхат»
«Оқытылатын тіл елі»	5 сағ	«Лондон», «Ұлыбритания қалалары», «Англия бойынша саяхат»
«Әлемді аралау»	4 сағ	«Құрлықтар мен елдер», «Жануарлар әлемі»
«Менің сүйікті жыл мезгілім»	4 сағ	«Англиядағы ауа райы», «Қазақстандағы ауа райы»
4-сыныпқа арналған «Ағылшын тілі» курсының мазмұны материалдары (типтік бағдарлама)		Ұсынылатын материалдар
Тілдік	Сөйлеу	Әлеуметтік-мәдени
1)Орфография: жұмыс жазу техникасын дамыту, жаңа сөздер мен бұрын үйренген сөздердің орфографиясын меңгеру дағдыларын ары қарай қалыптастыру; 2)Фонетикалық аспект: дыбыстау, дұрыс оқу және интонациялау дағдыларын дамыту, ағылшын тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту; 3)Лексикалық аспект: 1-3 сыныпта меңгерілген 320 лексикалық бірлікке 130 қосылады, сөйлеуде жаңа лексиканы тану және қолдану дағдыларын қалыптастыру; сөздік қорды арттыру үшін сөзжасам әдістерін қолдану;	1)Сөйлеу (диалогтық сөйлеу): диалог жүргізу дағдысы: нақты ақпаратты сұрау және беру (Who is this? How old is/are...? Do you...?); өтініш білдіру; бас тартуды білдіру; талқыланып жатқан заттарға, фактілерге, оқиғаларға эмоционалдық көзқарасын білдіру және т.б. Диалог көлемі – әр әңгімелесуші тарапынан 4-5 реплика; (монологтық сөйлеу) нақты тақырыптық жағдайларда қарапайым сөйлемдер құрастыру дағдысын қалыптастыру. Көлемі – 5-6 сөйлем; 2)Тыңдалым: мұғалімнің/диктордың сөйлеуін тыңдап қабылдау қабілеті; таныс тілдік материалға негізделген оқу және түпнұсқа мәтіндердің/бейнежазбалардың/аудиожазбалардың негізгі мазмұнын түсіну, мәтіннің ұзақтығы – 1 минутқа дейін;	Қарапайым білімдерді қалыптастыру: - зерттеліп жатқан тілдің елі/елдері туралы, - балалар фольклорының танымал шығармалары туралы, - ағылшын балалар жазушыларының әңгімелері туралы (Donald Bisset, Carol Lewis, Rudyard Kipling), - зерттеліп жатқан тілдің елінде қабылданған сөздік және сөзсіз қарым-қатынас жасау формаларының қарапайым түрлері туралы.
		Ақпараттық
		1)Шешілетін педагогикалық міндеттер бойынша: -базалық дайындықты қамтамасыз ететін құралдар (электронды оқулықтар, оқыту жүйелері және т. б.); -практикалық дайындық құралдары (практикалық ойындар, имитациялық бағдарламалар, тренажерлер); -көмекші құралдар (сөздіктер, энциклопедиялар, дамытушы компьютерлік ойындар). 2)Білім беруді ұйымдастыру функциялары бойынша: –интерактивті (электронды пошта, видеочат, Zoom); –ізденістік (іздеу жүйелері); –үйретуші ақпараттық (АК ресурстар, электронды сөздіктер, анықтамалықтар).

2 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
4) Грамматикалық аспект: өздік есімдіктер, сын есім, бір буынды және көп буынды сын есімдердің салыстырмалы дәрежелері, Past Simple формасындағы етістік құрылымы; етістіктердің септелуі: to go, buy, see, say, meet, do, read, write, draw, sing, wear, have, eat, drink, put, get, make; етістіктің Future Simple формасы; реттік және сандық сан есімдер, тәуелдік септік, орын үстеулері opposite, in front of, behind.	3) Оқу: қарапайым оқу дағдыларын қалыптастыру және қысқа әңгімелердің мазмұнын түсіну қабілетін дамыту; мәтіндердің мазмұны 4-сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне және қызығушылықтарына сәйкес болуы, тәрбиелік және танымдық құндылығы болуы керек, мәтін көлемі – 50 сөзден аспауы тиіс; 4) Жазу: жеке/электрондық хат жазу, мәтіннен үзінділер алу, сөздік-иллюстрациялық тіректерді қолдана отырып, қарапайым жазбаша ой-пікірлер құрастыру дағдыларын қалыптастыру.		3) Ақпарат түрлері бойынша: –мәтіндік ақпаратты (оқулықтар, оқу құралдары, энциклопедиялар т.б.); –визуалды ақпаратты (сызбалар, диаграммалар, бейнекөріністер т.б.); – аудиоақпаратты (дыбыстық жазбалар); – аралас ақпаратты (аудио- және бейне).

6-бөлімде «оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» пәндік нәтижелер екі аспектіде — білім және дағдылар бойынша 1–4 сыныптар үшін көрсетілген. Сондай-ақ, тұлғалық және жүйелі-әрекеттік нәтижелер де қарастырылған, оған сәйкес бастауыш сынып оқушылары келесілерді қолдана білуі керек: қарым-қатынас жағдайларында лексикалық-грамматикалық құрылымдарды, жобалау (модельдеу) және интерпретация әдістерін, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және оқу-әдістемелік кешеннің түрлі компоненттерін, мысалы, оқулық, жұмыс дәптері, аудиоқосымша, мультимедиялық қосымша және т.б. [148, 126].

Сонымен, қарастырылып отырған нормативтік құжаттарда (Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты, Типтік оқу жоспары) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың маңызы мен қажеттілігі тек үстірт айтылады. Бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қандай түрлерін және қалай пайдалану керектігі жөнінде таңдау мектеп мұғалімдерінің құзырында. Шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті ерте кезеңде қалыптастырудың тиімділігі көбінесе шетел тілін оқытуда қолданылатын технологияларға байланысты екені сөзсіз. Ерте шеттілдік білім беруде компьютерлік технологияларды қолдану оқу процесін оңтайландыруға және оны сапалы жаңа даму деңгейіне шығаруға айтарлықтай ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқушылардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін тиімдірек

калыптастыруға ықпал етеді: сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерінде қажетті коммуникативтік дағдыларды дамытады, зерттелетін тіл елінің әлеуметтанулық-мәдени ақпаратын қызықты түрде ұсынады, дербес оқу әрекетінің негіздерін қалыптастырады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, шетел тілін оқытуда АКТ қолдану шетел тілін оқуға деген мотивациялық дайындық деңгейін айтарлықтай арттырады, сабақта психологиялық жағымды атмосфера жасайды, қарым-қатынаста интерактивтілікті арттырады және әр оқушының қажеттіліктеріне бейімделген жағдайды қамтамасыз етеді.

АКТ құралдарын қолдану арқылы оқыту тілдің барлық аспектілерінде: фонетика, грамматика, орфография, лексикада ыңғайлы. Сондай-ақ, ол барлық дағдылар мен шеберліктерді дамытуға жарамды: жазылым, тыңдалым, оқылым, айтылым. Сонымен қатар, АКТ құралдары бұл дағдыларды игерудің барлық кезеңдерінде қолданылуы мүмкін: материалды бекіту, оны қайталау немесе бақылау. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бастауыш кезеңде оқытуда өте қажет, өйткені олар оқытудың коммуникативтік бағыттылығы, ситуациялық тұрғыдан ұйымдастыру, ұжымдық өзара әрекеттестік, көрнекілік және белсенділік сияқты принциптерін қанағаттандырады. Интернет желісінен алынған және АКТ құралдары арқылы ұсынылатын материал мұқият және сауатты таңдалған жағдайда, бұл оқыту бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне толық сәйкес келеді.

British Council for Kids платформасы әндер, ертегілер және ана тілінде сөйлейтіндермен бірге бейнематериалдар арқылы оқытуды ұсынады, бұл әсіресе аудиал оқушылар үшін тиімді. Аудиалдармен жұмыс жасағанда, оқиғалардың интонациялық реңктерін қолдану және есте сақталуы керек маңызды сәттерді дауыспен ерекшелеп айту өнімдірек болады. Бұл платформада аудио және бейне мәтіндермен жұмыс істеудің барлық кезеңдері: мәтін алдындағы, мәтін ішіндегі және мәтіннен кейінгі кезеңдер қамтылған, бұл грамматикалық құбылысты сапалы меңгеруді қамтамасыз етеді.

Eslgamesplus.com платформасындағы тапсырмалар грамматикалық дағдыны жетілдіруге арналған алмастыру жаттығуларына бағытталған, бұл визуал оқушылар үшін тиімдірек, өйткені олар үшін оқиғалар мен құбылыстарды жарқын түстермен сипаттау, суреттер, анимациялар және бейнематериалдар қолдану арқылы есте сақтау процесі тезірек әрі берік болады. Бұл платформада бүкіл сыныппен немесе жеке визуал оқушымен жұмыс істеуге қолдануға болатын бірқатар қызықты грамматикалық ойындар ұсынылған.

Кинестетик оқушыларды оқытуда LearningApps.org қосымшасын пайдалану орынды болады, өйткені ол интерактивті модульдер арқылы оқыту процесін қолдауға арналған. LearningApps.org кинестетик оқушылардың грамматикалық дағдыларын жетілдіруге арналған бірқатар жаттығуларды ұсынады. Мұнда «Кім миллионер болғысы келеді?», «Жұптар», «Жарыс», «Жұпты тап» сияқты ойындар, сондай-ақ жіктеу, реттілік, мәтін енгізу, дұрыс жауапты таңдау және мәтіндегі олқылықтарды толтыру негізінде жасалған жаттығулар бар. Мұғалім дайын жаттығуларды қолдана алады немесе сабақтың тақырыбына, мақсаттары мен міндеттеріне және оқушылардың қызығушылықтарына сәйкес өз жаттығуларын құра алады.

Шетел тілінің грамматикасын оқытуда оқыту бағдарламалары мен платформалардан басқа, мұғалім Интернет-ресурстарды қолдана алады. Интернеттің ақпараттық мүмкіндіктері зор, әсіресе ағылшын тілін үйренушілер үшін түпнұсқа мәтіндерге қол жеткізу және ана тілінде сөйлейтіндермен тікелей қарым-қатынас орнату тұрғысынан пайдалы. Интернеттің ақпараттық ресурстарын оқу процесіне интеграциялау арқылы сабақта бірқатар дидактикалық міндеттерді тиімдірек шешуге болады:

- ғаламтордағы материалдарды сабаққа қосу;
- оқушылардың өз бетінше ақпарат іздеуі;
- түпнұсқа мәтіндер негізінде тілдің грамматикалық құрылымы туралы білімдерін толықтыру;
- ағылшын тіліндегі грамматикалық құрылымдардың өзектілігі туралы білімдерін толықтыру;
- анықтамалық-ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру [149].

Педагогикалық мақсатта, сыныптық немесе өзіндік білім алуға арналған түрлі интерактивті электронды оқулықтар өте тиімді. Электронды оқулықтардың артықшылықтарына мыналар жатады: мобильділік, компьютерлік желілердің дамуымен байланысты қолжетімділік, заманауи ғылыми білім деңгейіне сәйкестік және материалды үнемі жаңартып отыру мүмкіндігі.

Электронды оқулықтардың көмегімен белгілі бір грамматикалық дағдыны көптеген жаттығулар мен әртүрлі ақпарат түрлерін динамикада егжей-тегжейлі көрсететін мысалдар арқылы пысықтап қана қоймай, білімді бақылауды да жүзеге асыруға болады [150].

Қазіргі уақытта мультимедиялық технологиялар кеңінен қолданылады. «Мультимедиа» термині бірнеше ақпараттық орталарды – мәтін, дыбыс, бейнені қамтиды. Осылайша, ақпараттың осы барлық түрлерін қамтитын бағдарламалық өнімдер мультимедиялық деп аталады. Мұндай мультимедиялық бағдарламалар, әсіресе мультимедиялық презентациялар, жаңа грамматиканы енгізу және пысықтау сабақтарында пайдалы болуы мүмкін. Презентациялардың мазмұны әртүрлі болуы мүмкін: бейнефрагменттер, схемалар, бейнелер, мәтіндік материалдар.

Шетел тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың маңызды аспектісі — жобалық жұмыс. Мультимедиялық презентациялар оқу процесіне белсенді түрде енді. Оқушылар жобалары үшін материал жинау мақсатында Интернетті пайдаланады.

Мультимедиа технологиялары «электронды оқулықтың» — жаңа кітап түрінің пайда болуына себеп болды, оның «тірі» және дыбысталған беттері экранда көрсетіледі. Қазіргі уақытта ең қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі — интерактивті электронды оқулықтарды жасау. Бастапқыда электронды оқулықтар қашықтықтан білім беруді ұйымдастыруға арналған еді. Алайда уақыт өте келе, оқыту мүмкіндіктерінің арқасында олар бұл қолдану саласынан асып түсті. Электронды оқулық қазір өзіндік білім алу және белгілі

бір курсты әдістемелік қамтамасыз ету үшін қағаз оқулық сияқты толықтай дербес және автономды түрде қолданылуы мүмкін.

Электронды оқулық оқу пәні бойынша дидактикалық, әдістемелік және ақпараттық-анықтамалық материалдардан, сондай-ақ оларды кешенді түрде қолдануға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етуден тұрады, бұл шеттілдік коммуникативтік, атап айтқанда, тілдік құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Мультимедиа технологиялары мәтіндермен жұмыс істеу және олардың арасында айқаспалы сілтемелер ұйымдастыру үшін ыңғайлы мүмкіндіктер ұсынатын гипермәтіндік технологиялардың дамуы болып табылады. Қазіргі заманғы барлық дерлік ақпараттық-анықтамалық жүйелер гипермәтін технологиясымен жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта оқытушы компьютерлік бағдарламалардың нақты типологиясы жоқ, авторлар әртүрлі типологияларды ұсынады.

А.П. Беляева [151], В.П. Беспалько [152], Я.А. Ваграменко [153], А.П. Ершов [154], А.А. Кузнецов, Ю.К. Кузнецов [155], М.П. Лапчик [156], И.В. Марусева [157] және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде білім беруде қолданылатын бағдарламалық құралдардың бірнеше түрі сараланып көрсетіледі. Ғалымдардың жіктеуі бойынша, оқу процесінде қолданылатын бағдарламалар келесі негізгі түрлерге бөлінеді:

- Дағдылар мен іскерліктерді бекітуге арналған бағдарламалар – оқушылардың меңгерген материалды бекітуіне және практикалық машықтарын дамытуға бағытталған.

- Тәрбиелік бағдарламалар – тұлғаның адамгершілік, этикалық және әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыруды көздейді.

- Әртүрлі жағдайларды модельдеуге арналған бағдарламалар – нақты өмірлік немесе оқу жағдаяттарын үлгілеу арқылы теориялық білімді практикалық контексте қолдануға мүмкіндік береді.

- Ойын әдістері мен тәсілдеріне негізделген бағдарламалар – оқытуды қызықты әрі тиімді ету үшін ойын элементтерін пайдаланады.

- Проблемалық оқытуды жүзеге асыратын бағдарламалар – оқушының сыни ойлауын дамытып, өз бетінше шешім қабылдауға, талдауға және ізденіске бағыттайды.

Аталған бағдарламалық құралдар оқу үдерісінің тиімділігін арттырып, білім алушылардың танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясын күшейтетін маңызды педагогикалық ресурстар ретінде қарастырылады.

Келесі бөлімде біз жеке оқыту деңгейін барынша қамтамасыз ететін шетел тілі бойынша оқытатын бағдарламалардың нұсқаларын құруды қарастырамыз. Алайда бағдарлама немесе интерактивті электронды оқулық қаншалықты сапалы болғанымен, оның функционалында кемшіліктер әрдайым табылады: біріншіден, тірі адаммен қарым-қатынасты ешнәрсе алмастыра алмайды; екіншіден, компьютермен қарым-қатынас нақты адамдармен, ұрпақтар арасындағы әлеуметтік тәжірибе иелерімен шынайы қарым-қатынасты шектейді; үшіншіден, мұндай техникамен жұмыс істеу кезінде

гигиеналық нормаларды қатаң сақтау қажет, әйтпесе бұл қарым-қатынастың нәтижесі оқушылардың денсаулығына әсер етуі мүмкін.

Оқу процесінде ескеруге тиіс кемшіліктерге қарамастан, компьютерлік оқытудың артықшылықтары көп, бұл оның оқу процесінде маңыздылығын айғақтайды. С.П. Киршев атап өткендей, «...компьютерді сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады», бірақ белгілі бір жүйеде. Компьютер оқытудың мақсаты емес, кешендегі басқа құралдармен бірге ең жақсы нәтижеге қол жеткізуге көмектесетін құрал болуы керек» [158].

Компьютерлік лингводидактикада бірнеше маңызды принциптер бұл мақсатқа ықпал етеді:

1. интерфейсстің қолайлылығы принципі компьютермен қарым-қатынаста негізгі рөл атқарады. Бұл оң эмоциялық ахуал жасау, ақпарат алмасудың ыңғайлылығы, өзара әрекеттесу үшін оңтайлы қарқын мен режим, көмек көрсету құралдары мен қателер жіберуден сақтау мүмкіндігін қамтиды [159];

2. интерактивтілік принципі: компьютер диалогтық өзара әрекеттесуді ынталандыра отырып, оқушыға өз қарым-қатынас және таным траекториясын құруға көмектеседі, шешім қабылдауда дербестікті дамытады және зияткерлік еңбектің мәдениетін қалыптастырады. Көптеген зерттеулер компьютердің логикалық және тілдік құралдары арқылы «адамның танымы мен мінез-құлқын қайта жаңғыртуға болатынын» мойындауға негізделген. Интерактивтілік принципі ерекше рөл атқарады, өйткені компьютерлік оқыту процесіне априори енгізілген оқушының саналы белсенділігі және оның басқарушылық қызметі оқыту жүйесінің дидактикалық тиімділігі мен зияткерлік деңгейінің индикаторы болып табылады [160];

3. бейімделу принципі – бұл жүйенің басты принциптерінің бірі, өйткені бейімделу шетел тілдерін компьютерлік оқыту жағдайында жеке тәсілдің көрініс табуының бір түрі болып табылады. Оқыту жүйесі оқушылардың типологиялық ерекшеліктеріне барынша бейімделіп, жұмыс қарқыны мен материалды баяндау тәсілін оңтайландырып, оқыту процесін басқарудың жеке стратегиясын жүзеге асырғанда, ең жақсы нәтиже алынады. Мұның бәрі компьютерді оқыту құралы ретінде пайдалану АКТ-ның барлық артықшылықтарын және шетел тілдерін оқытудағы жекешелендіру принципін барынша іске асыра алатынын тағы бір дәлелдейді [161].

Бастауыш мектепте шетел тілін меңгерудің негіздері қаланады. Оқушылардың сөйлеу әрекетінің түрлерінде коммуникативтік дағдыларын дамытумен қатар, тілдік материалды меңгеру дағдыларын қалыптастыруға үлкен мән беріледі. Бастауыш мектеп жасында шетел тілін сәтті оқыту ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытудың негізін қалап, шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті барынша тезірек әрі сапалы қалыптастыруға ықпал етеді. Қолданыстағы оқу құралдарының ішінен компьютерлік бағдарламалар мен интерактивті электронды оқулықтар оқу процесінің құрылымына жақсырақ үйлесіп, дидактикалық талаптарды барынша қанағаттандырады және ағылшын тілін оқыту процесін шынайы жағдайларға барынша жақындатады. Компьютерлік бағдарламалар мен интерактивті электронды оқулықтарды

қолдану әсіресе бастауыш деңгейде тиімді, мұнда негізгі әрекет түрлері ойын мен оқыту болып табылады. Бастауыш мектепке ең қолайлы нұсқа – оқу материалы мен ойын элементтерін біріктіру. Бұл – бастауыш мектеп оқушыларының оқу әрекетінің ойынға бағытталу принципі деп аталады [162].

Бастауыш мектеп жасындағы баланың жас ерекшеліктерін қарастырғанда, ойын сипатындағы компьютерлік бағдарламалар баланың жоғары жүйке қызметінің процестерін (есте сақтау, назар, ойлау, қиял) дамытуға мүмкіндік беретінін байқауға болады. Сондықтан ақпараттық технологияларды шетел тілін үйренуде қолдану оң мотивацияны қалыптастыруға ықпал етеді. Жеке тұлғалық тұрғыдан алғанда, бала өзін компьютер экранында болып жатқан оқиғаларға тікелей қызығушылық танытатын тұлға ретінде сезіне бастайды, бұл оның эмоционалдық-ерік саласын дамытып, мотивациялық қажеттіліктерін қанағаттандырады және шетел тілін мен мәдениетін оқуға саналы қызығушылықты оятады.

Процессуалдық тұрғыда компьютерлік оқыту шетел тілін үйренуде бастауыш сынып оқушыларының жеке жауапкершілігін, белсенділігін, өнімді оқу әрекетіне дайындықтары мен қабілеттерін арттырады, өйткені кіші сынып оқушыларына тән танымдық белсенділікті барынша көрсету арқылы әрекеттік қабылдау процесі маңызды рөл атқарады. Компьютерлік бағдарлама мен интерактивті электронды оқулық кез келген интеллектуалдық еңбек шарттарын оңтайландырудың тиімді құралы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, бұл құралды оқытудың кейбір аспектілерін жекешелендіру кезінде қолдану өте пайдалы. Мұндай шетел тілін оқыту кіші мектеп оқушыларына оқу процесінің шынайы субъектісі ретінде өздерін сезінуге, өздерінің мотивтері, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін түсінуге мүмкіндік береді, бұл оларды дербес жұмысқа саналы дайындыққа тікелей алып келеді. Оқушылар үшін оқу материалы тұлғалық мәнге ие бола бастайды; компьютерлік бағдарламалар арқылы ұйымдастырылған әрекет оның мазмұнының ізденістік, проблемалық және эвристикалық сипатын айқындайды; икемді алгоритмдік компонент оқушыларға шетел тілін дербес үйрену тәсілдерін тиімді меңгеруге мүмкіндік береді.

Шетел тілін оқытуда интерактивті бағдарламалар мен электронды оқулықтарды қолдану оқу процесін жан-жақты бақылауды (ағымдағы, аралық, қорытынды) қамтамасыз етеді. Бақылау оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланыстың қызметін атқарады, бұл бағалаудың үлкен объективтілігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай бақылау оқу уақытын едәуір үнемдейді, өйткені барлық оқушылардың білімі бір мезгілде тексеріледі. Бұл мұғалімге оқушылармен шығармашылық жұмыс аспектілеріне көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Мұғалімнің оқушылармен ынтымақтастық орнатуға және жағымды психологиялық ахуал жасауға көбірек уақыты пайда болады, бұл әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін маңызды.

Әдістемелік әдебиетте шетел тілін үйрететін мұғалімнің АКТ арқылы жүзеге асырылатын функцияларының кең ауқымы берілген, олардың негізгісі: коммуникативтік, ұйымдастыру-ынталандыру, ақпараттық, жаттықтыру,

басқару және бақылау-түзету. Дегенмен, компьютер мұғалім мен оқушының танымдық әрекетін қамтамасыз еткенімен, тәрбиелеу қызметін ешқашан жасай алмайды, ал бұл шеттілдік қарым-қатынас қабілеттерін дамытуға аса қажетті. Осылайша, мұғалімнің қатысуынсыз оқыту процесінің моделі толық болмайды. Бұл жерде компьютерлік оқытуды және мұғалімнің жүргізетін оқытуын қарсы қоюдың қажеті жоқ; керісінше, компьютерді оның кәсіби қызметіне қосымша қолдау құралы ретінде қарастырған жөн.

Бастауыш сыныптарда ағылшын тілі сабақтарында компьютерлік бағдарламалар мен интерактивті электронды оқулықтарды қолдану оқу процесінің қарқындылығын едәуір арттырады. Бірдей уақытта дәстүрлі оқытумен салыстырғанда әлдеқайда көп материал меңгеріледі, әрі ол берік есте сақталады. Бұл құралдар сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін дамытуға және оларды әртүрлі комбинацияларда біріктіруге, тілдік құбылыстарды түсінуге, лингвистикалық қабілеттерді қалыптастыруға, оқушылардың сөздік қорын толықтыруға, ағылшын тілін үйренуге тұрақты мотивация мен шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, коммуникативтік жағдайлар жасайды, тілдік және сөйлеу әрекеттерін автоматтандырады, оқушының дербес жұмысын жекешелендіріп, қарқындылығын арттырады.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, компьютер бастауыш сыныптарда шетел тілдерін оқытуда, интерактивті қарым-қатынасты мақсат еткен ең қолайлы көмекші деп айтуға болады. Әсіресе, Жасанды Интеллекттің пайда болуы және Интернет желісінің танымалдылығымен компьютер арқылы шетел тілдерін оқыту жүйелері соңғы уақытта қарқынды дами бастады. Бұл шын мәнінде революциялық жаңалықтар шетел тілдерін оқытуды тірі, шығармашылық және табиғи процесс ретінде қалыптастырды.

Ағылшын тіліне арналған мультимедиялық оқыту бағдарламаларында танысу, жаттығу және бақылау жүргізуге мүмкіндік беретін түрлі әдістемелік тәсілдер қолданылады.

Компьютерлендіру жағдайында оқу жұмысының қалыптасқан ұйымдастырушылық формаларын қайта қарау қажеттілігі туындайды: оқушылардың дербес, жеке және топтық жұмысының көлемін арттыру, дәстүрлі түсіндірме-иллюстрациялық әдісі басым сабақтан бас тарту, ізденіс және зерттеу сипатындағы практикалық және шығармашылық жұмыстардың үлесін арттыру.

Мультимедиялық оқыту бағдарламаларын пайдаланудан басқа, компьютер тестілеуді дайындау және өткізу, оқу процесін мониторингтеу, компьютерлік сабақтарға презентациялар әзірлеу үшін құралдармен жұмыс істеу, дидактикалық және көрнекі материалдарды дайындау, аудиториялық және өз бетінше жұмыстарды, сондай-ақ оқушылардың жобалық жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында Интернет ресурстары мен қызметтерін пайдалану үшін таптырмас көмекші болып табылады.

Сондай-ақ, мультимедиялық бағдарламаларды оқу процесіне енгізу дәстүрлі оқыту әдістерін мүлдем ығыстырмайтынын, керісінше, оқытудың барлық кезеңдерінде: танысу, жаттығу, қолдану, бақылау кезеңдерінде олармен

үйлесімді түрде бірге қолданылатынын атап өткен жөн. Компьютерлік бағдарламалар мен интерактивті электронды оқулықтарды пайдалану бастауыш сынып оқушыларының шетел тілін үйрену тиімділігін айтарлықтай арттырып қана қоймай, оқушыларды ағылшын тілін әрі қарай өз бетінше үйренуге ынталандырады.

Алайда, мектептегі оқыту процесін бақылау, шетел тілін бастауыш сыныптарда оқыту саласындағы нормативтік құжаттарды және практикалық тәжірибені талдау, сондай-ақ осы мәселеге қатысты ғылыми әдебиеттерді зерттеу қазіргі мектептерде шетел тілін оқыту процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу жеткілікті белсенді емес екенін көрсетті. Бұл компьютерлік бағдарламалар мен электронды оқулықтарды әзірлеуге бірыңғай көзқарастың жоқтығы, бастауыш сынып оқушыларына арналған сапалы бағдарламалық қамтамасыз етудің және тиісті оқу-әдістемелік кешендердің, дайын вариативтік бағдарламалардың және бастауыш деңгейде шетел тілін үйренуге арналған дайын стандартталған бағдарламалық өнімдердің жетіспеушілігімен байланысты. Осыған орай көптеген мұғалімдер оқушыларды дәстүрлі көздерден дайын білім алуға бағыттай отырып жұмыс істеуді жөн көреді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы бастауыш сынып оқушыларында шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті АКТ қолдану арқылы қалыптастырудың дидактикалық шарттарын анықтауға мүмкіндік береді:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізе отырып, оқу процесін ұйымдастыру барысында шетел тілін үйренуге оң мотивация құру;
2. Оқу процесіне «EnglishLab» вариативтік курсын және «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралын ендіру;
3. Мұғалімнің жетекшілігінде АКТ пайдалану арқылы оқушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру.

Әлбетте, аталған дидактикалық шарттардың жүйелі бірізділікте жүзеге асырылуы зерттеу тақырыбына негізделіп құрылған модельдің тиімділігіне байланысты. Ол туралы келесі 2-тарауда баяндалады.

Бірінші тарау бойынша тұжырым

1. Бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі тілдік, сөйлеу және ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктерден құралған көп қырлы құбылыс. Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі деген – коммуникативті өзара әрекеттестіктегі қабілеті болып табылады, өйткені ол меңгерілетін тілдің орфография, фонетика, лексика және грамматикасы, Интернет желісіндегі қарым-қатынас этикасы, компьютерлік технология лексикасы мен тілі меңгерілетін елдің әлеуметтік-мәдени ерекшелігі саласындағы білімі мен дағдысына, сондай-ақ тұлғалық қатынас барысында сөйлеу әрекетінің (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) іскерліктеріне негізделеді.

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) дегеніміз — өзара әрекеттесу мен деректерді басқару процестерін жеңілдету және жетілдіру мақсатында ақпаратты жинауды, өңдеуді, сақтауды, беруді және таратуды қамтамасыз ететін әдістер, технологиялар мен құралдардың жиынтығы. АКТ аппараттық құралдармен (компьютерлер, серверлер, желілер) қоса операциялық жүйелерді, деректер базасын, қосымшалар мен интернет-ресурстарды бағдарламалық тұрғыда қамтамасыздандырады, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі құрылымдық элементтері компьютерлік бағдарламалар топтары мен желілік ресурстар болып табылады.

3. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері мынада: мұғалімнің жетекшілігімен ақпараттың заманауи құралдары мен жүйесін және интерактивті веб-элементтерді қолдану оқушылардың шетел тілін меңгерудегі сөйлеу іс-әрекетінің тиімділігін арттыруға және меңгерген білім сапасын бақылауға мүмкіндік береді; Интернет желісінде ағылшын тілінде бейне- және аудио материалдарды іздеу жүйесінің болуы, электронды кітапханаларда, білім беру сайттарында және порталдарда қосымша әдебиеттермен гипер байланыстың болуы әлеуметтік-мәдени білім мен Интернет-технологиялар саласындағы білімін кеңейтеді.

4. Бастауыш білім беру стандарты мен 4 сыныптарға арналған «шетел тілі» (ағылшын тілі) пәнінің типтік оқу бағдарламасына жасаған талдау бастауыш сынып оқушыларында шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін АКТ қолдану арқылы қалыптастырудың дидактикалық шарттарын (АКТ енгізе отырып, оқу процесін ұйымдастыру барысында шетел тілін үйренуге оң мотивация құру; оқу процесіне «EnglishLab» вариативтік курсы және «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралын ендіру; мұғалімнің жетекшілігінде АКТ пайдалану арқылы оқушылардың шетел тілін меңгерудегі өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру) анықтауға мүмкіндік берді.

2 БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТТІЛДІК КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАЗМҰНЫ

2.1 Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру моделі

Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі оқушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың мектеп бітіру кезеңіндегі жалпы және негізгі құзыреттіліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуына негіз болатын маңызды элемент. Осыған орай, бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін нәтижелі қалыптастыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде арнайы модель құру қажеттілігі туындайды.

Ең алдымен, модельдеудің негізгі бірлігі болып табылатын «модель» ұғымының мәнін қарастырып, анықтап алу қажет. Заманауи шеттілдік сөздер сөздігінде бұл ұғым былай түсіндіріледі: «модель — лат. *modulus*, табиғат пен қоғамдағы зерттелетін нысан, құбылыс немесе процестің аналогы ретінде қолданылатын схема, бейне немесе сипаттама» [163].

Ғылыми әдебиеттерде «модель» ұғымы үлгі (эталон, стандарт) ретінде қарастырылады; сондай-ақ белгілі бір құрылым мен әрекетті ғылыми, өндірістік немесе өзге де мақсаттарда бейнелейтін, қайта жасайтын немесе имитациялайтын құрылғы ретінде сипатталады. Кең мағынада модель деп қандай да бір нысанның, процестің немесе құбылыстың (бастапқы түпнұсқаға сәйкес) кез келген бейнесі (кескін, сипаттама, схема, сызба, график, жоспар, карта) түсініледі және ол сол нысанның орнын уақытша алмастыру үшін қолданылады. Модель өзінің құрылымы мен параметрлерін қолдану, өзгерту және толықтыру үшін ыңғайлы болу мақсатында ең маңызды сипаттамаларды қамтуы керек, әрі қарапайым, логикалық тұрғыда түсінікті болуы тиіс.

Зерттеуде модель – бастапқы нүкте, яғни зерттеліп отырған нысанмен салыстыруға негіз болатын тірек. Сонымен қатар, модель – зерттеу нәтижелерін ұсынудың әрі оларды біртұтас жүйеге біріктірудің тиімді тәсілі. Модель модельдеудің мазмұнын айқындайды және ол арнайы зерттеу әдістерінің қатарына жататын әдіс ретінде қарастырылады. Мұнда тікелей таным нысаны емес, оның модельдік бейнесі зерттеледі, алайда алынған нәтижелер сол модельден нақты нысанға ауыстырылып қолданылады.

Модельдеу ғылыми білімнің әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады. Педагогикалық энциклопедияда «модельдеу – педагогикалық материалдардың, құбылыстар мен процестердің көшірмесін, үлгісін жасау және ол зерттеліп отырған педагогикалық жүйелерді сызбалық түрде бейнелеу үшін пайдаланылады» деп анықталады [164]. Модельдеу зерттеу қызметіне мақсаттылық пен технологиялық сипат береді. П.Г. Щедровицкийдің пікірінше, модельдеу сәтті болуы үшін бастапқы материалдың түрін, алынатын жаңа

нәтиженің сипатын, оған қол жеткізу үшін қажетті өзгерістердің түрлері мен тәсілдерін анықтау қажет [165].

Белгілі бір объектіні немесе құбылысты модельдеудің басты артықшылықтарының бірі — ақпаратты толық көрсету, бұл зерттеушіге жобалау кезеңінде объектінің негізгі компоненттері мен элементтерін оңтайлы түрде бейнелеуге және оны көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді, ал бұл кейіннен оның тәжірибеде тиімді жүзеге асырылуына ықпал етеді.

Көп жағдайда модельдеу объектілері салыстырмалы түрде автономды, динамикалық, жұмыс істейтін құрылымдар болып табылады және олар белгілі бір тұтастық ретінде қарастырылады. Зерттеу әдісі ретінде модельдеу ұғымдық, таңбалық немесе процессуалдық құрылым құруды қамтамасыз етеді, оның ішкі байланыстары зерттелетін объектінің ең маңызды қасиеттерін көрсетеді.

Модельдеу әдісі С.С. Кунанбаева [166], П.Г. Щедровицкий [165, 496], Брунер [167], В.А. Штофф [168] сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, біз модельдеуді зерттеу нысанын бейнелейтін немесе қайта жаңғыртатын, ойда құрылатын немесе материалдық түрде жүзеге асырылатын жүйе деп түсінеміз. Мұндай жүйе зерттеу нысанын уақытша алмастырып, ол туралы жаңа ақпарат алуға мүмкіндік береді. Педагогикада модельдеу белгілі бір іс-әрекеттерді қалыптастыру құралы ретінде, сондай-ақ оқу процесін жобалаудың бір тәсілі ретінде қолданылады [169].

Осылайша, кең мағынада модельдеу — бұл объектілерді олардың модельдері арқылы зерттеу әдісі; нақты құбылыстардың модельдерін құру және зерттеу. Ғылыми модельдеу әрқашан формальды зерттеу әдістерін пайдаланатын, логикалық негізделген модельдеудің бір түрі болып табылады. Модельдеу әдісі зерттеулерде эмпирикалық және теориялық элементтерді біріктіріп, экспериментті логикалық құрылымдар мен ғылыми абстракцияларды құрумен үйлестіретін интегративті әдіс болып табылады. Модельдеу процесінің мақсаты — оқытудың ең тиімді формаларын, әдістерін, құралдарын қолдану барысында ШҚК компоненттерін қалыптастыруға кезең-кезеңімен ықпал ететін модель құру. Біздің зерттеуімізде модельдеуді — модельді құру, оны зерттеу, мектептің білім беру ортасында апробациялау және оның тиімділігін бағалау сияқты кезеңдерді дәйекті түрде қамтитын күрделі көпсатылы процесс ретінде қарастырамыз.

Әдістемелік жобалау және модельдеу мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау бізге АКТ негізінде бастауыш сынып оқушыларының шетілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделін әзірлеуге мүмкіндік берді. Бұл модель өзара байланысты блоктардың белгілі бір тәртіпте жүзеге асырылатын тұтас интегративті процесті білдіреді.

Педагогикалық процестерді зерттейтін ғалымдар зерттеу объектісін әртүрлі мақсаттар мен зерттелетін пәндеріне байланысты түрлі схемалар арқылы бейнелейді. Әдетте, процестер оның құрылымдық компоненттері арқылы, мысалы, іс-әрекет объектісі (бастапқы материал), принциптер, іс-әрекет шарттары, мақсаттары және нәтижелері арқылы талданады. Біздің ұсынған модель келесі блоктардың өзара байланысы ретінде көрінеді:

мақсатты, тұжырымдамалық, мазмұндық-ісәрекеттік және бағалау-нәтижелік блоктар (сурет 7.).

Адамның кез келген әрекеті, соның ішінде педагогикалық әрекет, мақсатты түсінуден басталады. Мақсат — бұл субъектінің қоршаған ортамен өзара әрекеттесу процесінде оның санасында қалыптасатын, әрекет нәтижесін алдын ала елестету. Мақсат — бұл кез келген процестің бастапқы, негізгі ұстанымы, саналы және жоспарланған нәтижені құруға бағытталған шығармашылық кезеңі. Бұл нәтижеге жету мақсатты іс-әрекетті қажет етеді [170]. **Мақсатты блок** модельді әзірлеудегі маңызды жүйекұраушы буыны болып табылады. Модельдің мақсаты — бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру болып табылады және ол ҚР Жалпы білім беру стандартына негізделеді. Бұл құжат Қазақстандағы білім беруді дамыту жолын және жалпы білім беретін мектепте шетел тілін меңгерудегі нәтижеге қойылатын талаптарды мөлшерлейді.


Тұжырымдамалық блоктың аясында тәсілдер және принциптер қарастырылады. Ғылыми әдебиетте «тәсіл» термині педагогикалық мәселені зерттеуде қолданылатын әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде түсіндіріледі [171]. Қазіргі уақытта әдістеме, педагогика, дидактика және басқа да ғылымдар ұсынатын оқытуға арналған көптеген тәсілдер бар.

И.Л. Бимнің көзқарасы бойынша, «тәсіл – бұл зерттеуші өз тұжырымдамалық ұстанымдарының көпшілігін қарастыратын жалпылама бастапқы концептуалдық ұстаным». Тәсіл осы арқылы білімнің нақты саласындағы зерттеудің жалпы жеке-әдіснамалық негізі ретінде көрінеді. Бұл зерттеудің қандай бағытта жүргізілуі керек екендігіне көзқарас сияқты» [28, 416.].

Ал Н.И. Гез, М.В. Ляховицкий және А.А. Миролубовтың пікірінше, «тәсіл – бұл қазіргі заманғы шетел тілдерін оқыту әдістемесінде ең жиі кездесетін терминдердің бірі. Егер «әдіс» оқыту процесінің тактикалық моделі болса, «тәсілді» шетел тілін оқыту стратегиясы ретінде қарастыруға болады» [40, 926.].

Біз зерттеуімізде Э.Г. Юдиннің көзқарасына сүйенеміз. Ол тәсілді «зерттеудің принциптік әдіснамалық бағдарын, зерттелетін нысанға қатысты қабылданған көзқарасты, сондай-ақ зерттеудің жалпы стратегиясына бағыт-бағдар беретін ұғым ретінде» анықтайды [172].

Шетел тілдерін оқытуда түрлі факторларды, соның ішінде лингвистикалық ерекшеліктерді ескере отырып, әртүрлі тәсілдерді айқындауға талпыныстар жасалуда. Мысалы, М.Н. Вятютнев бір жағдайда үш тәсілді атап өтеді: формальды, тақырыптық және функционалдық. Енді бірінде олар екі (соңғы) тәсілдің бар екендігі туралы қорытындыға келеді: тілді формальды оқыту және практикалық оқыту [62, 496].



Сурет 7 - Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыру моделі

Дидактика тұрғысынан айқындалған басқа да оқыту тәсілдері бар. Ең алдымен, бұл – кешенді тәсіл, ол жалпы педагогикалық мағынадан бөлек, шетел тілдерін оқыту әдістемесінде де өзіндік ерекшелікке ие. Автор практикалық, тәрбиелік, білім беру және дамытушылық мақсаттарды (яғни олардың бірлігін) жүзеге асыру мен негізгі сөйлеу әрекеттерінің өзара байланысын дамытудағы кешенді тәсіл туралы айтады [173].

В.П. Кузовлев [174], Е.И. Пассов [104, 986.], А.А. Леонтьев [175] және басқалар дидактикада ерекше орын алатын жеке тұлғаға бағдарланған тәсілге, яғни оқушылардың бейімділіктерін, қызығушылықтарын және өмірлік тәжірибесін ескеруге үлкен мән береді.

Зерттеліп жатқан құбылысты күрделі және көп қырлы процесс ретінде қарастыра отырып, оны жан-жақты зерттеу мақсатында бірнеше тәсілдерді үйлестіру идеясын ұстанамыз. Біздің зерттеуіміз үшін **когнитивті, тұлғаға бағдарланған, коммуникативті, ақпараттық-технологиялық тәсілдер** ерекше маңызды. Олар біздің моделіміздің теориялық-әдістемелік негізін құрап, тұтас жүйені көрсететін функционалды, өзара байланысты элементтер жиынтығы ретінде әрекет етеді.

Когнитивті тәсіл шеттілдік білім беру процесінде оқушылардың танымдық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған ғылыми-әдіснамалық ұстаным. Бұл тәсіл бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, өйткені ол тілді меңгеруді тек жаттанды білім алу процесі емес, ақыл-ой әрекеттері арқылы белсенді танымдық процесі ретінде қарастырады. Аталған тәсіл когнитивтік психология, зияткерлік даму теориялары мен тілдік білім беру әдістемелерінің тоғысында қалыптасқан. Ол оқушылардың: тілдік материалды саналы түрде түсінуін; аналитикалық ойлау қабілетін дамытуды; шетел тілін меңгеру барысында логикалық және рефлексивтік дағдыларды жетілдіруін; тілдік құбылыстарды салыстыру, жалпылау және жүйелеу қабілетін қалыптастыруды көздейді.

Бастауыш сыныптарда когнитивті тәсілді қолдану келесі педагогикалық принциптерге негізделеді:

1. Белсенді когнитивтік процес – оқушыларға жаңа шеттілдік лексика мен грамматикалық құрылымдарды тек есте сақтатумен шектелмей, оларды түрлі танымдық тапсырмалар арқылы меңгерту (салыстыру, талдау, қорытынды жасау, шығармашылықпен қолдану).
2. Ойлау операцияларын дамыту – тілді үйрену барысында логикалық байланыстарды орнату, абстракциялау және жалпылау дағдыларын жетілдіру.
3. Рефлексия және метатанымдық дағдыларды дамыту – оқушыларға өз оқу стратегияларын саналы түрде талдауына және тілдік білімді тиімді меңгеру жолдарын табуға көмектесу.
4. Интерактивті және АКТ құралдарын пайдалану – мультимедиялық материалдар, танымдық ойындар, білім беру қосымшалары арқылы оқушылардың зияткерлік белсенділігін арттыру.

Когнитивті тәсілді бастауыш шеттілдік білім беру процесінде қолдану оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытумен қатар, олардың шеттілдік

коммуникативтік құзыреттілігін саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді. Бұл тәсіл тілді үйренуді механикалық жаттауға емес, зияткерлік ізденіс пен логикалық ойлауға негіздеу арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын кешенді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі бастауыш шетілдік білім беру жүйесінде оқушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, қабілеттерін және қажеттіліктерін ескеретін *тұлғаға бағдарланған тәсіл* маңызды рөл атқарады. Шетел тілін үйренуде тұлғаға бағдарланған тәсіл оқыту-тәрбиелеу бағдарламасының орталығына оқушының қабілеттерін, бейімділіктерін және мүмкіндіктерін қоя отырып, шетілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды, оқушының белсенділігі мен дербестігін арттыруды көздейді. Сондай-ақ оқытудың мазмұнын, әдістері мен технологияларын әр оқушының мүмкіндіктеріне сәйкестендіре отырып, оның зияткерлік, шығармашылық және коммуникативтік әлеуетін ашуға бағытталады. Бұл тәсілдің қалыптасуына Л.С. Выготский [176], Д.Б. Эльконин [177], В.В. Давыдов [66, 86б.], К. Роджерс [178], А. Маслоу [179], Ш. А. Амонашвили [180] және басқа да ғалымдардың еңбектері ықпал етті.

Тұлғаға бағдарланған тәсілде әлеуметтік-мәдени құрамдас бөлікке де ерекше назар аударылған. Мұндай тәсіл оқытудың мәдениеттанымдық бағытын қамтамасыз етіп, оқушыларды шетел мәдениетімен таныстыруға, өз елінің мәдениетін басқа мәдениетпен салыстыра отырып, тереңірек түсінуге және оны шетел тілі арқылы таныстыра білуге мүмкіндік беруі тиіс.

Шетілдік білім беру саласында тұлғаға бағдарланған тәсілді бастауыш сынып оқушыларына қолдану бірқатар қиындықтармен байланысты. Мұғалімдер үшін бұл тәсілді тиімді іске асыру оқушылардың құрдастар ұжымына бейімделу деңгейінің әртүрлілігі, білімдері мен даму қарқынының алшақтығы, дифференциация қажеттілігі және тұрақты оқу мотивациясының қалыптаспауы сияқты факторлармен күрделене түседі [181]. Дегенмен, тұлғаға бағдарланған тәсілдің негізгі ерекшеліктерінің бірі – оқушылардың жеке ерекшеліктерін, тілді меңгеру деңгейін, танымдық стилін және оқу мотивациясын ескеру болып табылады. Осылайша, оқыту мазмұнын олардың қажеттіліктеріне бейімдеу арқылы жоғарыда аталған қиындықтарды еңсеруге мүмкіндік туындайды.

Қазақстандағы дәстүрлі шетел тілін оқыту процесі көбінесе мұғалімге бағытталған: ол сыныпта жетекші орын алып, сабақтағы басты ақпарат көзі мен төреші рөлін атқарады. Бұл тұлғаға бағдарланған шетелдік оқыту тәжірибесі жеткілікті деңгейде ескерілмейтінін көрсетеді. Ал тұлғаға бағдарланған, АКТ-ға негізделген білім беру парадигмасында басты тұлға – оқушы. Мұнда негізгі рөл оқытудан гөрі танымдық әрекетке, білімді өз бетімен меңгеруге беріледі. Бұл оқушының тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Мектептегі тұлғаға бағдарланған оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделіп отырып, проблемалық және шығармашылық сипатқа ие болады. Бұл білімді ізденіс пен жаңалық ашу арқылы игеруді көздейді. Бұған ғаламтор желісі мен цифрлық білім беру ресурстары негізінде жаңа оқыту формасы және тәрбиелеу әдістері ықпал етеді.

Осындай жағдайда оқушы өзінің жеке қабілеттері мен қажеттіліктеріне байланысты, жеке даму мен оқытудың өзіндік траекториясын таңдап, өзіне қолайлы қарқынмен білім алады. Мұғалім болса, оқытушы рөлінен шығып, білім беру процесінің ұйымдастырушысы, кеңесші ретінде оқушымен серіктес болу ұстанымын қабылдап, білім беру процесінің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Шетел тілін оқытудағы ең өзекті тәсілдердің бірі – *коммуникативті тәсіл*. Оның негізінде шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану идеясы жатыр. Бұл тәсіл 1970-жылдары Ұлыбританияда оқытудың жаңа мақсаты – тілді қарым-қатынас немесе коммуникация құралы ретінде меңгеру қажеттілігіне байланысты пайда болды.

Бастауыш шеттілдік білім беруде коммуникативті тәсіл оқушылардың шетел тілін нақты өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетін дамытуға бағытталған. Бұл тәсілдің маңызды аспектісі тек грамматиканы және лексиканы үйренумен шектелмей, сондай-ақ әртүрлі контексттерде тиімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру болып табылады, бұл өз кезегінде практикалық тілдік дағдыларды дамытуға көмектеседі. Коммуникативті тәсіл грамматикалық және лексикалық құрылымдарды нақты қарым-қатынас жағдаяттарында қолдану арқылы меңгеруді көздейді. Оқушылар қарым-қатынас дағдыларын дамыта отырып, ақпарат алмасу қабілетін қалыптастырады, сондай-ақ тілдің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, табысты қарым-қатынас жасау қабілеттерін де арттырады.

Коммуникативті тәсілдің негізгі аспектілері:

- Практикалық бағыттылық: грамматикалық және лексикалық құрылымдар нақты коммуникативті жағдаяттарда қолданылу арқылы меңгеріледі, бұл оқушыларға білімдерін бірден іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді.
- Коммуникативті дағдыларды дамыту: оқушылардың қарым-қатынас жасау, тыңдаушыны түсіну, өз ойын жеткізу дағдыларына ерекше назар аударылады.
- Әлеуметтік-мәдени контексті ескеру: шетел тілін меңгеруде тілдің әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерімен танысу, тілдік қарым-қатынастың мәдени тұрғыдан дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етеді.
- Барлық тілдік дағдыларды біріктіру: коммуникативті тәсіл оқушылардың сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын кешенді түрде дамытуға бағытталған, бұл коммуникативтік құзыреттілікті толыққанды қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, коммуникативті тәсіл тек теориялық білімдерді жинақтаумен шектелмей, оларды практикада тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Мектепте шетел тілдерін оқытуда коммуникативті тәсілді әлеуметтік-мәдени аспектіде қолдану оқушылардың мынадай қажетті қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді: мәдениетаралық бейтараптылық, төзімділік және әлеуметтік-мәдени байқағыштық; өзге мәдени ортадағы адамдармен қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа дайындығы; тілдік және әлеуметтік-мәдени такт пен сыпайылық. Тілді шеттілдік мәдениетпен тығыз байланыста меңгеруді қамтамасыз ету арқылы шетел тілін оқыту практикалық маңызға ие болады.

Білім беру саласының заманауи кезеңінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңінен қолданылып, оқу процесінің құрылымын түбегейлі өзгертуде. Бұл өзгерістердің негізгі бағыттарының бірі – *ақпараттық-технологиялық тәсілдің* оқу-тәрбие процесіне белсенді енгізілуі. Ақпараттық-технологиялық тәсіл – білім беру мазмұны мен формасын заманауи технологиялар арқылы жаңғыртып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен дербестігін арттыруға бағытталған педагогикалық әдіс.

Қазақстандық зерттеуші Сейілова Ж.Ж. [182] ақпараттық технологиялардың білім беру сапасына оң әсер ететінін және оқушылардың өздік жұмыс жасау дағдысын қалыптастыратынын атап көрсетеді. Оның пікірінше, АКТ құралдары оқыту процесін дараландыруға, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Ресейлік ғалым Полат Е.С. [125, 936] ақпараттық технологияларды қолданудың басты ерекшелігі – оқытудағы интерактивтілік пен оқушының белсенділігін дамыту деп біледі. Ол АКТ-ны тек ақпарат жеткізу құралы емес, оқушыны ақпаратпен жұмыс жасауға үйрететін құрал ретінде қарастырады. Осыған ұқсас ойды Марк Пренски де ұсынады. Ол "сандық тумалар" теориясын алға тартып, қазіргі оқушылардың цифрлық ортада туып-өскенін және дәстүрлі оқыту әдістерінің олардың қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі мүмкін екенін көрсетеді [183]. Сондықтан оқытуда технологияларды оқушының табиғи ақпараттық кеңістігіне сай қолдану маңызды.

Сонымен қатар, В.П. Беспалько [184], Т.И. Шамова [185] сынды ғалымдар да компьютерлік технологияларды оқыту процесінде пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік және аналитикалық қабілеттерін дамыту мүмкіндігіне баса назар аударады.

Ақпараттық-технологиялық тәсілді бастауыш сыныпта шетел тілін оқытуда қолдану ерекше маңызға ие. Мұндай тәсіл шетел тілін меңгеретін оқушылардың мотивациясын арттырып, тілдік дағдыларды қалыптастыру процесін жеңілдетеді. Мультимедиялық материалдар, интерактивті жаттығулар мен дыбыстық ресурстар шетел тілін табиғи ортаға жақын әрі қызықты ортада меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалімге оқушылардың жеке ерекшеліктеріне қарай тапсырма беруге, оқу жетістіктерін бақылауға және тиімді кері байланыс орнатуға жағдай жасайды. Ақпараттық-технологиялық тәсіл – заманауи білім берудің ажырамас бөлігі. Ол оқыту процесін тиімді, икемді және оқушыға бағытталған етуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл білім сапасын арттырумен қатар, оқушының тұлғалық дамуына да оң әсер етеді.

Аталған теориялық-әдіснамалық тәсілдер бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін АКТ негізінде қалыптастыру моделін зерттеу және құруға бағытталған принциптерге жүгінуді талап етеді.

«Принцип» ұғымының бірнеше түсіндірмесі бар. «Әдістемелік терминдер мен ұғымдардың жаңа сөздігі» (2009) бойынша, оқыту принциптері – әдістеменің негізгі категориясы. Олар оқу процесіне және оның құрамдас бөліктеріне (мақсат, білім, әдістер) қойылатын бастапқы талаптар туралы түсінік береді [186].

В.А. Сластениннің пікірінше, оқыту принциптері – бұл «оқыту процесінің объективті заңдары мен заңдылықтарының жүруін көрсететін және оның жеке тұлғаны дамытуға бағытталғанын айқындайтын бастапқы дидактикалық ережелер». Оқыту принциптері оқу процесін ұйымдастырудың теориялық тәсілдерін, оны басқару стратегиясын және оңтайландырудың ықтимал жолдарын көрсетеді [187].

Бірқатар ғалымдар шетел тілдерін оқыту принциптерін жалпыдидактикалық және әдістемелік деп бөледі (А.Н. Щукин [128, 746], Н.И. Гез [40, 2116], Н.Д. Гальскова [52, 686] және т.б.). Н.И. Гез, Н.Д. Гальскова жалпыдидактикалық принциптерге мыналарды жатқызады: оқытудың тұлғаға бағдарланған принципі; саналылық принципі; шығармашылық сипаттағы принцип; әрекеттік сипаттағы принцип. Әдістемелік принциптерге: оқытудың коммуникативтік бағыттылығы принципі; қарым-қатынас жағдаяттарында оқыту принципі; оқушының ана тілдік лингвомәдениетіне бағдарлану принциптерін жатқызады.

Шеттілдік білім берудің заманауи тұжырымдамасын ашып көрсеткенде, С.С. Кунанбаева «1) шетел тілдерін оқытудың жүйекұраушы және тұжырымдамалық-маңызды әдіснамалық принциптер жиынтығын және 2) шетел тілі пәнінің мазмұнын іріктеу мен құруды, оқытудың әдістері мен технологияларының жиынтығын таңдауды айқындайтын, қазіргі «мәдениетаралық коммуникация» теориясын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әдістемелік принциптер жүйесін бөліп қарастыру заңды» деп атап өтеді. С.С. Кунанбаева «мәдениетаралық коммуникация» әрекеттік теориясын заманауи және әлеуметтік-жағдаяттық деп сипаттай отырып, оның мынадай әдіснамалық принциптердің жиынтығын көрсетуге бағытталғанын атап өтеді: коммуникативтік, когнитивтік, концептуалдық, лингвомәдениеттанушы, әлеуметтік-мәдени, тұлғаға бағдарланған. Автор нақты әдістемелік принциптерге мыналарды жатқызады: дискурсивтілік принципі; шетел тілінің мазмұнын вариативті саралау принципі; интегративтілік принципі; полисубъектілік принципі; пәндік мазмұнның аутенттілігі принципі; проблемалылық принципі; ситуациялылық принципі және т.б. [188].

Чакликова А.Т. ақпараттандыру жағдайларындағы шеттілдік білім беру жүйесіне тән әдіснамалық және әдістемелік принциптер жүйесін, сондай-ақ олардың заңдылықтарын бөліп көрсетеді. Автор «...шеттілдік білім берудің әлеуметтік-технологиялық дамуының заңдылықтары мен оның ақпараттандырылуы АКТ саласындағы заманауи жетістіктер негізінде олардың өзара байланысын, біртұтас жұмыс істеуі мен дәйекті дамуын қамтамасыз ететін объективті тұрақты байланыстарды білдіреді, ал осы негізде бөлінген принциптер шеттілдік білім берудің ақпараттандырылуы жағдайында мәдениетаралық коммуникация субъектісін қалыптастырудың негізгі бастапқы талаптарын көрсететін жүйені құрайды» деген қорытындыға келеді [189].

Ал А.Н. Щукин принциптерді классификациялау тәсілі ретінде әдістеме негізделетін ғылымдардың базалық мазмұнын ұсынады және мынадай принциптерді бөліп көрсетеді: дидактикалық (саналылық принципі, белсенділік принципі, көрнекілік принципі, беріктілік принципі, пәнаралық байланыс

принципі), лингвистикалық (жүйелілік, концентризм және тілді минимализациялау принциптері), психологиялық (мотивация, кезеңділік және жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін ескеру принциптері), нақты әдістемелік принциптер (коммуникативтік принцип, оқушының ана тілін ескеру принципі, ауызша оқытудың басымдығы принципі, өзара байланыста оқыту принципі) [190].

Шетел тілін оқыту принциптері негізінде және жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, біз мынадай *принциптерді* ұсынамыз: **жүйелілік-бірізділік принципі, саналылық-белсенділік принципі, көрнекілік принципі, рефлексия принципі.**

Жүйелілік-бірізділік принципі – оқушыларға жаңа материалды меңгертуде оны алдыңғы біліммен байланыстыра отырып, кезең-кезеңмен, рет-ретімен ұсынуды білдіреді. Бұл принцип бойынша тілдік құбылыстар бір-бірімен тығыз байланыста беріліп, жүйелі түрде реттеледі. Алайда, мұнда маңыздысы – материалдың тіл жүйесіне сай орналасуы емес, сөйлеуді меңгеру барысында әрбір компоненттің маңыздылығына негізделген реті болып табылады. Яғни, тілдік дағдыларды қалыптастыруда олардың өзара байланысы мен маңыздылығы басты рөл атқарады.

Жүйелілік-бірізділік принципі тіл үйрену процесінде оқушылардың білімін біртіндеп, жүйелі түрде кеңейтуге бағытталған. Бұл принциптің мәні — оқытылған материал мен жаңа материал арасында логикалық байланыс орнату, мұнда әрбір жаңа тілдік құбылыс алдыңғы білім негізінде беріледі. Осылайша, оқушы жаңа ақпаратты жеңіл меңгеріп, маңызын түсініп, оны өз бетінше қолдануға қабілетті болады.

Меңгерілетін тілдік құбылыстар бір-бірімен тығыз байланыста және сабақтас түрде ұсынылады. Мысалы, бастауыш деңгейде оқушылар алдымен қарапайым сөйлемдер мен сөз тіркестерін меңгеріп, кейін оларды күрделі сөйлемдер мен грамматикалық құрылымдарға көшіреді. Бұл ретпен оқытылған материал оқушының тілдік дағдыларын кезең-кезеңімен дамытып, сөйлеу дағдысының әртүрлі аспектілерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Осылайша, жүйелілік-бірізділік принципі оқушылардың логикалық ойлауын, тілдік құбылыстарды түсіну қабілетін және оларды дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл принцип оқытуда түсінік пен меңгерудің тиянақты процесін қамтамасыз етеді, оқушының тілді табиғи түрде, түрлі жағдаяттарда қолдануға деген дайындық деңгейін арттырады.

Саналылық-белсенділік принципі шетел тілін оқытуда оқушылардың білімді тек механикалық түрде қабылдап қоймай, оны терең түсіну мен қолдану қабілетін дамытуға бағытталған. Бұл принцип тілдік материалды меңгеру дағдыларын және оны тиімді қолдану шеберлігін саналы түрде қалыптастыруды көздейді. Оқушылар тек дайын білімді қабылдап қана қоймай, оларды өз тәжірибесінде белсенді түрде пайдаланып, өз ойларын толық әрі дәл жеткізу үшін қажетті дағдыларды дамытады.

Бұл принцип шетел тілдерін оқытуды когнитивтік процесс ретінде қарастырады. Яғни, оқушылар тілдік материалды қабылдау, талдау, синтездеу және оны дұрыс қолдану қабілеттерін жетілдіру керек. Сонымен қатар, тіл

үйрену процесінде оқушылардың зияткерлік және тілдік ойлау әрекеті тиімді ұйымдастырылып, сабақтың әр кезеңінде нақты мақсаттар мен міндеттер қойылып, мотивация мен ынта деңгейі жоғары болуы тиіс.

Саналылық-белсенділік принципі сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын сақтай отырып, олардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Бұл принципті жүзеге асыру үшін, мұғалім сабақтың әр кезеңінде оқушылардың зияткерлік белсенділігін арттырып, оларды өзіндік білім алуға бағыттайды. Нәтижесінде, бұл принцип оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін саналы түрде қалыптастырып, олардың шетел тілін тек теориялық қана емес, практикалық тұрғыдан да қолдануға мүмкіндік береді.

Көрнекілік принципі – оқыту процесін оқушылар тікелей қабылдай алатын нақты бейнелер арқылы ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Шетел тілдерін оқытуда көрнекілікті пайдалану әрдайым өзекті. Көрнекілік принципі жаңа материалды түсіндіру барысында мұғалімнің түрлі визуалды материалдарды (сызбалар, кестелер, суреттер және т.б.) қолдануына негізделеді. Бұл материалдар оқу мазмұнын жеңіл меңгеруге әрі түсінуге ықпал етіп, танымның қосымша көзі болып табылады. Оқыту процесінің тиімділігі оқу материалын сезім мүшелері арқылы қабылдауға көбірек жұмылдыруға тікелей байланысты.

Көрнекілік принципі шетел тілдерін оқытудың жетекші принциптерінің бірі болып табылады. Бұл принцип педагогикада алғаш рет Я.А. Коменский [191] тарапынан тұжырымдалған. Педагогикада көрнекілікті пайдаланудың екі тәсілі айқындалады: оқыту құралы және таным құралы ретінде.

Оқыту құралдарына аудиожазбалар, кестелер, сызбалар, видео, компьютерлік бағдарламалар жатады. Бұл құралдар оқушыларға тілдің дыбыстық нормаларын, лексика-грамматикалық бірліктерін меңгеруге, сөйлеуді тыңдап түсінуге мүмкіндік берсе, таным құралы ретінде көрнекілік құралдары тілі меңгерілетін елдің бейнесімен оқушыны таныстыратын ақпарат көзі қызметін атқарады. Көрнекілік принципі тілдік материалды тереңірек түсіну, меңгеру және оны сөйлеу әрекетінде тиімді қолдану мақсатында арнайы ұйымдастырылған ізденіс арқылы жүзеге асырылады.

Дұрыс таңдалған әрі нақты көрнекілік құралдары жаңа материалды тез әрі сапалы меңгеруге ықпал етеді. Сонымен қатар, олар оқушылардың объектілер мен құбылыстарды қабылдау және есте сақтау процесін жеңілдететін ассоциациялар қалыптастыруына көмектеседі. Көрнекі материалдарды қолдану оқыту процесін қызықты әрі мазмұнды етеді.

Қазіргі заманғы көрнекілік құралдарының қатарында мультимедиялық технологиялар мен интернет-ресурстарды атап өтуге болады. Олар өзекті әрі қажетті ақпаратты пайдалануға, тілдік ортаға енуге мүмкіндік береді. Компьютерлік технологияларды тиімді пайдалану оқушылардың ынтасын арттырып, нәтижелі білім алуына жағдай жасайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы көрнекілік құралдарын қолдану аясын едәуір кеңейтті. Бұл оқытуда пайдаланылатын материалдарды түрлендіруге, оқушылардың ынтасын арттыруға және шетел тілін меңгеру процесін неғұрлым тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Рефлексия принципі – адамның (немесе адамдар тобының) өз іс-әрекеттерінің нәтижелерін жеке және жүйелі түрде бағалауында көрініс табады және тұлғааралық өзара әрекеттестік құзыретін қамтиды.

Педагогикада рефлексия ұғымы — оқушының өз әрекеттерін саралап, орындалған іс-әрекетті және одан алынған нәтижені еске түсіре отырып, өзіндік талдау жасау ретінде қарастырылады. Бұл – сабақтың міндетті кезеңі, онсыз қалған бөліктерінің мәні төмендеуі мүмкін. Бұл принцип оқушының үлгеріміне қарамастан жұмыс істейді және мұғалімнің оқушымен сенімді қарым-қатынас орнатуына елеулі түрде ықпал етеді.

Рефлексия оқушыға келесі сұрақтарға жауап табуға көмектеседі: маған ағылшын тілі не үшін қажет? бүгінгі сабақ маған қалай көмектесті? Мен нені үйрендім? нені орындауым сәтті болды? маған не ұнады? бұл маған болашақта қалай қажет болады?

«Рефлексия» термині латын тіліндегі *reflexio* — «артқа бағытталған көзқарас» деген мағынадан шыққан. Оқу процесіне рефлексия процедурасын енгізу оқушыларға келесі дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді: өз іс-әрекетін саналы түрде жоспарлау, сыныптастары мен мұғалімдерінің мақсаттарын түсіну; қойылған мақсаттардың орындалуын бақылау және келесі әрекеттерге түзетулер енгізу; мақсатқа жетудегі жетістіктер мен қиындықтарды талдау; өз әрекетіне сырт көзбен қарау.

Рефлексия тәжірибесі әртүрлі нысандарға, ең алдымен, оқушының жеке іс-әрекетіне және тұлғалық ерекшеліктеріне бағытталған кезде, бұл оның іс-әрекетін жетілдіруге арналған өзіндік жұмысына әдіснамалық негіз береді.

Бастауыш мектеп оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда рефлексия принципін қолдану — шетел тілін меңгеру процесіндегі жетістіктерді көбейтуге бағытталған мақсатты әрекетті талап етеді және коммуникативтік құзыреттіліктің барлық құрамдас бөліктерінің үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді.

Мазмұндық-іс-әрекеттік блоктың аясында субқұзыреттіліктер (тілдік, сөйлеу, ақпараттық-танымдық), кезеңдер, әдістер, құралдар, технологиялар қарастырылады.

1. Тілдік субқұзыреттілік

Бастауыш сынып оқушыларының ШКК-нің негізгі құрамдас бөлігі — тілдік субқұзыреттілік. Ол грамматика, лексика және фонетика сияқты тілдік құралдарды білуге негізделеді. Бұл субқұзыреттілік оқушылардың лексикалық-грамматикалық, фонетикалық, морфологиялық - лингвистикалық бірліктерді тану, қолдану, құрастыру және меңгеру қабілетін, сондай-ақ оларды ауызша немесе жазбаша қарым-қатынаста пайдалану дайындығын қамтиды.

Тілдік субқұзыреттіліктің дескрипторлары:

- оқушы оқытылатын шетел тілінің дауысты және дауыссыз дыбыстарының әртүрлі позицияларда оқылу ережелерін біледі;
- 4-сынып деңгейінде жаңа лексикалық бірліктерді және сөзжасам тәсілдерін, бұрын оқытылған грамматикалық материалды, тұрақты

тіркестерді, синонимдік және антонимдік қатарларды білуін белсенді көрсетеді;

- оқушы жаңа тілдік құралдарды өз бетінше тақырыптар, салалар және қарым-қатынас жағдайларына сәйкес меңгере алады, оқытылатын шетел тілінің тілдік құбылыстары туралы білімді, ана тілінде және шетел тілінде ойды жеткізудің әртүрлі тәсілдерін меңгергенін көрсетеді.

2. Сөйлеу субқұзыреттілігі

Бастауыш сынып оқушыларының ШҚК келесі құрамдас бөлігі – сөйлеу субқұзыреттілігі – бұл сөйлеу әрекетінің төрт негізгі түрінде коммуникативтік іскерліктерді дамыту (қабілеті). Сөйлеу субқұзыреттілігі айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым сияқты төрт сөйлеу әрекетінде жүзеге асырылады, яғни ойды шетел тілі арқылы құрастыру дағдыларын меңгеру, сондай-ақ белгілі бір тілдік жағдаяттарда тілді қолдана алу қабілеті болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу субқұзыреттілігімен жұмыс істей отырып, мұғалім келесі іскерліктерді дамытады: әртүрлі тілдік-коммуникативтік жағдаяттарда бағыт-бағдар табу (өз ойларын, тілектерін, өтініштерін білдіру және т.б.), сонымен бірге тілдік, тілдік емес (ымдау, мимика) және сөйлеудің интонациялық құралдарын пайдалану, өздерінің коммуникативтік ниеттерін барабар жүзеге асыру, ауызекі сөйлеудің әртүрлі жанрларын меңгеру.

Сөйлеу субқұзыреттілігінің дескрипторлары:

- оқушы әрбір сұхбаттасушының тарапынан 4-5 реплика көлемінде диалог (этикет диалогы, сұрау диалогы, әрекетке итермелеу диалогы, пікір алмасу диалогы) жүргізе алады және сөйлеу-коммуникативтік іскерлігін көрсетеді (сөйлесуді бастау, қолдау, аяқтау, алғыс айту, ақпаратты сұрау және беру, өтініш жасау, бас тарту, өтінішті орындауға дайын болу; әрекетке шақыру, келісу/келіспеушілікті білдіру; талқыланып жатқан заттар, фактілер, оқиғаларға эмоционалдық қатынасын білдіру). Тілдік құралдар жеткіліксіз болғанда, ым-ишараны белсенді қолданады. Нақты тақырыптық жағдаяттар аясында 5-6 сөйлемнен тұратын қарапайым пікірлерді құрастыра алады;

- мұғалімнің, сыныптасының, диктордың сөзін тыңдап түсінеді және берілген әрекет нұсқауларына сәйкес жауап береді; таныс тілдік материал негізінде құрылған оқу және түпнұсқалық мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінеді (4-сынып оқушыларының жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарына сәйкес келетін, қысқа мәтіндердің мазмұнын түсіну және оқу дағдыларын дамытады).

- оқушы 30-40 сөзден тұратын жеке/электрондық хат жазу, таныс тақырыптар бойынша қысқаша ақпарат беру, коммуникативтік міндеттерге сәйкес мәтіннен үзінді жазып алу, вербалды-бейнелік тіректерді (суреттер, фотосуреттер, негізгі сөздер, сөз тіркестері, сөз оралымдары) пайдаланып, қарапайым жазбаша пікірлер құру іскерліктерін қалыптастырады.

3. Ақпараттық-танымдық субқұзыреттілік— бұл шеттілдік мәдениеттің ерекшеліктерін (елтану, дәстүрлері, этикет нормалары, мақал-мәтелдері мен фольклорлық кейіпкерлерін) білу, оларды қатысым барысында түсініп, орынды қолдана алу, сондай-ақ шеттілдік ақпаратты іздеу, талдау және

пайдалану бойынша білім, іскерлік пен дағдылардың жиынтығы. Ақпараттық-танымдық құзыреттілік әлеуметтік-мәдени білім мен дағдылар, пәнаралық іскерліктер және ақпараттық дағдыларды қамтиды. Мәселен, *әлеуметтік білім*: стандартты жағдайларда сыпайылық ережелері туралы; ресми және бейресми жағдайларда тілдік құралдарды қолдану туралы. *Әлеуметтік-мәдени іскерліктер*: пікір білдіру үшін тілдік бірліктерді пайдалану; өзінің елі мен мәдениеттің таныстыру үшін тілдік бірліктерді қолдану; сөйлеу этикетінің формулаларын қолдану. *Пәнаралық білім*: ағылшын тілді елдердің елтану, фольклоры туралы.

Шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің бұл құрамдас бөлігі оқушыларға шетелдік қоғамның қазіргі өмірінің әртүрлі салалары, оның мәдениеті, дәстүрлері, этикеті мен елтану ерекшеліктері туралы бастапқы түсінік қалыптастыруға арналған. Сондықтан бұл контексте келесі білімдер қажет болады: ұлттық дәстүрлер, мерекелер; шетелдегі құрдастардың қазіргі өмірінің аспектілері; этикеті; баламасыз лексика; балалар фольклорының танымал үлгілеріндегі кейіпкерлерді, мақал-мәтелдері, оқытылып жатқан тіл елінің географиялық және климаттық ерекшеліктері.

Шетел тілін ақпарат алмасу, білім алу, сол тіл елінің мәдениеті, тарихы мен ақиқатын оқып білу құралы ретінде пайдалану мүмкіндігі, дүниетанымды кеңейту оны танымдық қызметтің қажетті құралы ретінде қабылдау мотивін қалыптастырады.

Ақпараттық кеңістікте тиімді бағдарлану үшін оқушылардың *ақпараттық дағдыларды* меңгеруі маңызды. Шетел тілін оқуға қатысты ақпараттық дағдылар – бұл шеттілдік ақпаратты компьютер арқылы іздеу, оны саралап бағалау, таңдау жасау және өз бетінше өңдеп пайдалану, сондай-ақ сөздіктер мен анықтамаларды, соның ішінде электронды түрлерін пайдалану деңгейі.

Ақпараттық-танымдық субқұзыреттілігінің дескрипторлары:

- Оқушы шеттілдік мәдениеттің ерекшеліктері (елтану, дәстүрлері, этикет нормалары, мақал-мәтелдері мен фольклорлық кейіпкерлерін) туралы қарапайым білімді қалыптастырады, қатысым барысында түсінеді және орынды қолданады;

- Тілі меңгерілетін елде қатысымдық жағдаяттарда қабылданған мінез-құлық этикетінің клише-репликаларын белсенді түрде қолданады;

- Екі тілді сөздіктерді, АКТ құралдарын (шетел тілін өз бетімен меңгеруге арналған компьютерлік бағдарламаларды, электронды оқу құралдарын) белсенді пайдаланады;

- Шеттілдік ақпаратты іздеу және өңдеу іскерліктерін меңгерген;

Аталған блоктың мазмұнында сонымен бірге кезеңдер, әдістер (жобалау, рөлдік ойындар, миға шабуыл т.б.), құралдар және технологиялар қарастырылады, олар бастауыш сынып оқушыларының ШҚҚ-ті қалыптастыруға бағытталған және білім беру процесінің субъектілері арасындағы коммуникативтік өзара әрекеттестікті қамтамасыз етеді.

Нәтижесінде, бастауыш сынып оқушыларының ШКҚ белсенді қалыптастыру жүзеге асырылады.

Біздің зерттеуде бұл блок модельдің бастауыш сынып оқушыларының ШКҚ тиімді қалыптастыру үшін қажетті оқыту технологияларының кешені ретінде ұсынылған, бұл зерттеу гипотезасына сәйкес келеді. Негізгі іс-әрекет бастауыш сынып оқушыларының ШКҚ қалыптастыру процесін АКТ қолдана отырып, дидактикалық-технологиялық қамтамасыз етуге бағытталған. Қолданылатын негізгі құралдар: «EnglishLab» («Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру шеберханасы») атты вариативтік курс бағдарламасы, авторлық интерактивті электронды оқу құралы («English for Fun»); АКТ: онлайн платформалар (Google Classroom, Microsoft Teams); электрондық сөздіктер; мультимедиялық презентациялар (PowerPoint, Canva); бейнематериалдар мен анимациялар (YouTube, Reels т.б.), бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін үйретуге арналған ойындары мен тапсырмалары бар пайдалы интернет ресурстар және т.б.

Соның ішінде «EnglishLab» («Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру шеберханасы») атты ағылшын тілі пәнінен вариативтік курс бағдарламасының мазмұны: 1) шетел тілінің тілдік бірліктерін (фонетика, лексика, грамматика) қажетті деңгейде меңгеруді; 2) шетел тілінде сөйлеу-коммуникативтік дағдыларды тиісті деңгейде көрсету; 3) шетел мәдениеті, шеттілдік этикеттің жалпы нормалары мен ережелерін, елтану білімдерін АКТ мүмкіндіктері арқылы игеруді қарастырады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану олардың шетел тілін оқытудағы зор мүмкіндіктері арқылы оқу процесін жоғары деңгейге көтеруге, оқушылар үшін тартымды етуге, мотивацияны арттыруға және коммуникативтік қызметті жүзеге асыруға ынталандыруға мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде олардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға ықпал етеді.

Моделдің **бағалау-нәтижелік блогы** бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу өлшемдері (критерийлері), деңгейлері және көрсеткіштерінің жиынтығымен ұсынылған. Қолданылатын диагностика түрлеріне сауалнама, жауап нұсқалары берілген тест тапсырмалары, сондай-ақ субқұзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін тексеруге арналған коммуникативтік рөлдік тапсырмалар жатады.

Осылайша, әрбір субқұзыреттілік үшін оқыту кезеңдерінің әрқайсысында қалыптасу *деңгейлері* анықталды: жоғары, орта, төмен. Жоғары деңгей – ШКҚ-тің барлық компоненттерін жақсы меңгеру, қателердің аз болуымен, орташа деңгей – лексикалық-грамматикалық және синтаксистік қателердің аз мөлшері, сөйлеу регистрлеріне сәйкес лексикалық бірліктерді дұрыс қолданбаумен, төмен деңгей – ШКҚ компоненттерін қанағаттанарлық деңгейде меңгеру және едәуір көп қателердің болуымен сипатталады.

Белгілі бір іс-әрекет жүйесінің нәтижелілігі критерийлер жиынтығы арқылы анықталуы тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің өлшемдері мен көрсеткіштеріне тоқталғанда,

осы ұғымдардың әртүрлі түсініктеріне байланысты олардың анықтамаларын қарастыру қажет.

Біздің зерттеуде *өлием (критерий)* ұғымы «бағалау, анықтау немесе бірдеңені жіктеу үшін қолданылатын белгі» ретінде түсініледі, ал *көрсеткіш* – «белгілі бір құбылыстың, процестің немесе нысанның дамуы туралы, сондай-ақ осы құбылыстың нақты орын мен уақыттағы өлшемдерінің мәні туралы пікір айтуға мүмкіндік беретін сипаттама» деп анықталады [192].

Оқушының жеке басындағы өзгерістердің объективті картинасын көрсету және маңызды айырмашылықтарды сипаттау үшін, біз төмендегі кестеде көрсетілген компоненттерге сәйкес бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің критерийлерін, көрсеткіштерін және қалыптасу деңгейлерін бөліп көрсеттік (кесте 3).

Е.Н. Громның зерттеуінде шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін объективті бақылау мәселесі көрсетілген [193]. Шетел тілін меңгеру деңгейінің мәнін түсінуде Е.И. Пассов тек сөйлеу әрекетін ғана емес, сондай-ақ «коммуникативтік әрекеттерді шешуге бағытталған тілдік және коммуникативтік міндеттерді» де атап көрсетеді [15, 486]. Т.П. Попованың зерттеуі бойынша, «шетел тілін меңгеру деңгейі» дегеніміз «оқушының грамматикалық тұрғыда дұрыс әрі коммуникативті қолайлы шеттілдік пікірлерін, өз ойын жеткізу мақсатында дұрыс қалыптастыру қабілеті, бұл белгілі бір тілдік, сөйлеу және әлеуметік-мәдени білімдер мен дағдылар жиынтығын меңгеруді талап етеді» [194].

Жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулері негізінде біз «бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі деңгейі» ұғымын шетел тілінде коммуникация шарттарына сәйкес келетін, қажетті тілдік білім мен сөйлеу іскерліктерінің жеткілікті және шынайы арақатынасын қамтамасыз ететін белгілі бір дәрежесі ретінде түсінеміз.

Т.П. Попованың пікірінше, шеттілдік білім, іскерлік пен дағдыларды бақылауға қатысты мәселелерді қарастырған кезде шетел тілін меңгеру деңгейінің халықаралық стандарттарын, сондай-ақ шетел тілі бойынша оқу бағдарламалары мен оқулықтарда ұсынылған заманауи отандық талаптарды да ескеру қажет. Біз Т.П. Попованың шетел тілін меңгеру деңгейі жүйесінің шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін бақылау жүйесімен тығыз байланыста екенін, бұл ретте бақылау нысаны ретінде ШКҚ-тің барлық компоненттері болуы тиіс деген пікірін қолдаймыз [194, 226].

Модельді жүзеге асыруда мынадай дидактикалық шарттар негізге алынады:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізе отырып, оқу процесін ұйымдастыру барысында шетел тілін үйренуде оң мотивация құру;
2. Оқу процесіне «EnglishLab» вариативтік курсы және «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралын ендіру;
3. Мұғалімнің жетекшілігінде АКТ пайдалану арқылы оқушылардың шетел тілін меңгертудегі өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру.

Кесте 3 - Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзіреттілігінің қалыптасу өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлері

Субқұзіреттілік	Өлшемдер	Көрсеткіштер	Деңгейлердің жалпылама сипаттамасы
Тілдік	Тілдік хабардарлығы	-Шетел тілінің дауысты және дауыссыз дыбыстарының оқу/айту ережелерін білу; -Жаңа лексикалық бірліктерді белсенді қолдану; -Грамматикалық материалды меңгеру; -Шетел тіліне тән тұрақты сөз тіркестерді, синонимдік және антонимдік қатарларды тану, таба білу; -Тақырыптарға, салаларға және қарым-қатынас жағдаяттарына сәйкес тапсырмаларды орындау барысында жаңа тілдік құралдарды өздігінен меңгеру;	<i>Жоғары деңгей:</i> Оқушының айтылымдары дұрыс және тілдік нормаға сай құрылған, минималды ауытқуларды көрсетеді, тілдік құралдардың кең ауқымын, грамматикалық дұрыс пікір білдіруді меңгерген, өз пікірін белсенді түрде білдіреді және шетел тілінде әңгімелеседі. Әлеуметтік-мәдени хабардарлықты көрсетеді, АКТ құралдарын белсенді пайдаланады. <i>Орта деңгей:</i> Оқушы тілдік құралдарды қолдануда әрдайым барабарлық таныта бермейді, типтік қателер мен тілдік интерференция байқалады, әңгімені түсінуде кейбір қиындықтар туындайды. Тілі меңгерілетін елдің мәдениеті туралы үстірт түсінігі бар, компьютерлік бағдарламаларды ішінара пайдаланады. <i>Төмен деңгей:</i> Тілді минималды және шектеулі түрде қолданады, сөйлеген және жазған кезде көптеген қателер жібереді, ана тілінің күшті интерференциясы байқалады. Сөйлеуі түсініксіз, ынтасыздық, тілі меңгерілетін елдің мәдениеті туралы білімдері өте аз немесе қате, тілдік сыпайылықты сақтамайды. Сөздіктерді, электрондық оқулықтар мен бағдарламаларды пайдаланбайды.
Сөйлеу	Айтылымның коммуникативтік-сөйлеу мақсаттылығы	- 4-5 сөйлем көлемінде диалогтардың барлық түрін құра білу; - сөйлеу-коммуникативтік дағдыларды тиісті деңгейде көрсету; - коммуникативтік ниеттерді білдіруге тілдік құралдар жетіспеген жағдайда, ым-ишараны белсенді пайдалану; - нақты тақырыптық жағдайлар шеңберінде 5-6 сөйлем көлемінде қарапайым пікірлер құрастыру; - тыңдау арқылы айтылған сөзді дұрыс қабылдау және берілген нұсқауларға сәйкес әрекет ету; - таныс тілдік материалға негізделген оқу және аутентикалық мәтіндердің мазмұнын түсіну; - 30-40 сөз көлемінде жеке немесе электрондық хат жазу және оқу дағдыларын дамыту; - коммуникативтік тапсырмаларға сәйкес мәтіннен қажетті ақпараттарды жазып алу; - вербалды-көрнекі тіректерді пайдалана отырып, өздігінен қарапайым жазбаша пікір білдіруді құрастыру.	
Ақпараттық-танымдық	Мәдени-танымдық нәтижелігі	- тілі меңгерілетін елде қабылданған сөйлеу этикетінің қарапайым репликаларын білу; - шетел мәдениетінің реалийлері (елтану, танымал балалар фольклоры, мақал-мәтелдері) туралы қарапайым білімдерді меңгеру; - шетел тілін өздігінше меңгеру үшін АКТ құралдарын және интерактивті электрондық оқулықты пайдалана білу; - шеттілдік ақпаратты іздеу, жинақтау, жүйелеу, өңдеу дағдылары.	

Сонымен коммуникативтік құзыреттіліктің жоғары деңгейін қалыптастыруға бағытталған интерактивтік технологиялар кешенін қолданудың тиімділігін бағалау мақсатында АКТ арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделі құрылды. Келесі практикалық бөлімде ұсынылған модельді оқу процесіне енгізу және оның тиімділігі қарастырылады.

2.2 Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыруға бағытталған «EnglishLab» вариативтік курсының оқу-әдістемелік кешені

Бұл бөлімде бастауыш білім беру стандарты мен 4 сыныпқа арналған «шетел тілі» (ағылшын тілі) пәнінің типтік оқу бағдарламасына негізделген, бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыруға бағытталған *«EnglishLab» (Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру шеберханасы) атты вариативтік курс бойынша даярланған оқу-әдістемелік кешен* (ОӘК) құрылымының мазмұны қарастырылады. Оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктері негізінде білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті [144].

Оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) – бұл ортақ мақсат пен бағдарламаға біріктірілген арнайы әзірленген оқу және қосалқы материалдар жиынтығы. ОӘК жүйелі, сапалы және терең білім беруге арналған, білім беру мақсаттарына жетуді қолдайды, негізгі білімдерді игеруге және оқушылардың негізгі дағдылары мен құзыреттерін қалыптастыруға көмектеседі.

ОӘК-ке оқулық, жұмыс дәптерлері, тесттер, сондай-ақ дидактикалық және цифрлық ресурстар (бейнесабақтар, интерактивті жаттығулар және мобильді қосымшалар) сияқты жан-жақты оқытуға бағытталған оқу материалдары кіреді.

М. В. Клариннің пікірінше, дұрыс жасалған ОӘК интерактивті және бейімделген оқыту әдістері арқылы оқу материалын тереңірек түсінуге және оқушылардың мотивациясын арттыруға көмектесе алады [195]. Бұл әсіресе ағылшын тілін үйретуде маңызды, себебі мұнда мәдени-тілдік мысалдарға қол жеткізу, сондай-ақ шынайы және модельденген жағдайларда дағдыларды машықтандыру мүмкіндігі зор мәнге ие.

В. В. Гузеев атап өткендей, ОӘК оқу процесін құрылымдауға, оқушылардың білім алу қажеттіліктері мен дайындық деңгейін ескеруге мүмкіндік береді [196]. Бастауыш сыныптарда бұл әсіресе өзекті, себебі оқушылардың тілді меңгеру деңгейі әртүрлі, ал жақсы құрылымдалған ОӘК материалды бейімдеп, барлық оқушылардың бірдей ілгерілеуін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Ғалым Е. В. Мохова «жақсы құрылымдалған ОӘК оқушылардың ақпаратты өз бетінше іздеу дағдылары мен сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді» деп атап көрсетеді [197]. Ағылшын тілі сабақтарында бұл тіл

қолданудағы сенімділікті қалыптастыру және оқу тапсырмаларын шығармашылықпен шешуге ынталандыру үшін ерекше маңызды. ОӘК жаңа материалды меңгеріп қана қоймай, оны практикалық тапсырмалар, тесттер және жобалық жұмыстар арқылы бекітуге мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға сыни ойлау, коммуникативтік және когнитивтік дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Біз әзірлеген вариативтік (факультативтік) курсқа арналған ОӘК оқушылардың ағылшын тілін іс жүзінде қолдану қабілеттерін дамытуға және мәдени әрі тілдік контексті тереңірек түсінуге ықпал етеді, функционалдық сауаттылықты арттыру мақсатында жасалған. Кешен оқушылардың коммуникативтік және сыни дағдыларын дамытуға, сондай-ақ оқытылатын тілдің мәдени және әлеуметтік қырларымен танысуға бағытталған.

Оқу-әдістемелік кешеннің (ОӘК) құрамы:

1. «EnglishLab» (Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру шеберханасы) вариативтік курсының бағдарламасы [198].

2. Тапсырмалар мен жаттығулар жинағы.

3. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулар.

Біз әзірлеген оқу-әдістемелік кешеннің (ОӘК) құндылығы оның құрамындағы электронды оқу құралымен тығыз байланысты. Бұл оқу құралы интерактивті контентке қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыруға және меңгерілген білімді сенімді қолдануға септігін тигізеді. С.В. Иванова атап өткендей, «ОӘК-тің интерактивті компоненттері мен олардың цифрлық ортадағы оқыту мотивациясы мен табыстылығына әсері білім беру процесінің маңызды элементі болып табылады» [199]. Электронды оқулықты дәстүрлі оқу материалдарымен үйлестіре отырып пайдалану бастауыш сынып оқушыларына ақпаратты визуалды, аудиалды және интерактивті арналар арқылы қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл шетел тілін меңгеруге деген танымдық қызығушылық пен оқу мотивациясын арттырады. Осыған байланысты П.А. Захаров: «оқу-әдістемелік кешен оқу процесін электронды материалдармен өзара әрекеттесу арқылы оқушылардың белсенділігін арттыратындай етіп ұйымдастырады», – деп көрсетеді [200]. Электронды оқу материалдары алуан түрлі мазмұнға қолжетімділікті қамтамасыз етіп, шетел тілінің тілдік әрі мәдени компоненттерін тиімді меңгеруге жағдай жасайды. Сонымен қатар, мұндай материалдарды оқу процесіне ерте жастан енгізу бастауыш мектеп оқушыларының тілдік дамуына оң ықпал етеді.

Даярланған оқу-әдістемелік кешеннің (ОӘК) өзіндік ерекшелігі сол, ол бастауыш сынып оқушыларына шетел тілін оқытудың тиімділігін арттыруға бағытталады:

1. *Интерактивтілік* - ОӘК құрамындағы мультимедиялық материалдар оқушылардың тілдік ортаға енуіне мүмкіндік береді. Аудио және видео ресурстарды қолдану тыңдалым және коммуникативтік дағдылардың дамуына оң әсер етеді.

2. *Прогресті бақылау мүмкіндігі* - кешенге ендірілген электронды оқулықтағы автоматтандырылған өзін-өзі тексеру мүмкіндігі оқушылар мен мұғалімдерге меңгерілген материал бойынша оқу жетістіктерін қадағалауға, кателерді талдауға және келесі сабақтарды тиімді жоспарлауға жағдай жасайды.

3. *Оқу ресурстарының алуан түрлілігі* - мәтіндер, видеоматериалдар, аудиотапсырмалар және ойын элементтерінің үйлесімі оқу процесінің қызықты өтуіне ықпал етіп, білімді ұзақ мерзімді есте сақтауға мүмкіндік береді.

4. *Қолжетімділік* - электронды форматтағы материалдардың планшет сияқты құрылғылар арқылы орындалуы оқушыларға оқу процесіне кез келген уақытта және кез келген жерде қолжетімділікке жағдай жасайды. Бұл оқытудағы икемділікті қамтамасыз етеді.

5. *Өзіндік және бірлескен оқуды қолдау* - ОӘК құрылымы жеке және топтық оқу дағдыларын дамытуға бағытталған. Жобалық және ойын түріндегі тапсырмалар оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына, ынтымақтастыққа бейімделуіне мүмкіндік береді.

Осылайша, электронды оқулықпен жабдықталған оқу-әдістемелік кешен вариативтік сабақта ағылшын тілін тереңдетіп үйренуге, оқушылардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ыңғайлы және мазмұнды орта ұсынады. Ол функционалдық сауаттылықты, тілдік және когнитивтік қабілеттерді дамытады және оқушыларға қызықты әрі қолжетімді форматтар арқылы тілдік ортаға тереңірек енуге мүмкіндік береді [201].

Диссертациялық зерттеу жұмысының аясында біз 4-сыныпқа арналған **«EnglishLab»** (*Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру шеберханасы*) атты **вариативтік курсының бағдарламасын** әзірледік. Вариативтік курс 4-сынып оқушыларына ағылшын тілін меңгеру контекстінде функционалдық сауаттылықты тереңдетіп игеру мақсатында әзірленген. Курс тілді нақты өмірлік коммуникациялық міндеттерді шешу үшін қолдану қабілетін дамытуға және шетел мәдениеті туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған.

Вариативтік курс бағдарламасының мақсаттары мен міндеттерін тоқталмас бұрын, ең алдымен «функционалдық сауаттылық» ұғымының мәнін ашып көрсету орынды деп санаймыз.

Оқушының функционалдық сауаттылығы – бұл оқу процесінде меңгерілген білім мен дағдыларды күнделікті өмірде туындайтын нақты практикалық міндеттерді шешу үшін тиімді пайдалану қабілеті. Бұл әртүрлі ақпарат көздері мен салаларынан алынған мәліметтерді пайдалану, сыни ойлау, деректерді талдау және интерпретациялау, негізделген шешімдер қабылдау және тиімді қарым-қатынас жасау қабілеттерін қамтиды. Функционалдық сауаттылық сонымен қатар өзгерістерге бейімделе білу және жаңа, стандартты емес жағдайларда шешімдер табу қабілетін білдіреді.

Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы шеттілдік білім беру контекстінде шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгеру және көптілді ортада бейімделу қабілетін қалыптастыруда маңызды

рөл атқарады. Шетел тілін оқытудың бастапқы кезеңінде функционалдық сауаттылық оқушылардың тілдік, әлеуметтік-мәдени және танымдық дағдыларының негізін қалап, оларды тілді нақты өмірлік жағдаяттарда тиімді пайдалануға дайындайды. Мұндай сауаттылық шетел тілін (мысалы, ағылшын тілін) тек оқу тапсырмаларын орындау құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде кездесетін практикалық мәселелерді шешуге бағытталған құрал ретінде қолдану қабілетін білдіреді. Бұл оқушының шетел тілін қарым-қатынас жасау, ақпаратты оқу және түсіну, талдау мен интерпретациялау, сондай-ақ шынайы жағдаяттарда қолдану сияқты функционалдық мақсаттарда меңгеруін көздейді.

Осы контексте *шеттілдік білім берудегі функционалдық сауаттылық* келесі аспектілерді қамтиды:

1. *Шетел тіліндегі оқылымдық сауаттылық*: қарапайым сөйлемдерден бастап шағын бейімделген мәтіндерге дейін мәтінді түсіну дағдыларын дамыту. Оқушылар негізгі идеяны және ақпаратты табуды үйренеді, бұл коммуникативтік құзыреттіліктің маңызды бөлігі болып табылады.

2. *Тыңдалым және ауызша сөйлеуді қабылдау*: қарапайым нұсқауларды, диалогтарды және мәтіндерді тыңдап, жалпы мағынасын түсіну қабілеті, бұл негізгі тыңдау және коммуникативтік сауаттылықты дамытады.

3. *Тілді қолдану сауаттылығы*: шетел тілінде қысқа ауызша және жазбаша сөйлемдерді құрастыру дағдылары, мысалы, сұрақтарға жауап беру, қарапайым сипаттамалар жасау және сыныптастарымен және мұғаліммен қарым-қатынас жасау. Бұл оқушыларға жаңа тілде ойларын және қажеттіліктерін жеткізуге көмектеседі.

4. *Мәдениетаралық сауаттылық*: оқып жатқан тіл елдерінің мәдени ерекшеліктері туралы бастапқы түсінік қалыптастырып, оқушылардың таным көкжиегін кеңейтіп, мәдени әртүрлілікті түсінуге және айырмашылықтарға құрметпен қарауға үйретеді.

5. *Цифрлық сауаттылық*: шетел тілін үйренуге арналған цифрлық ресурстарды (ойындар, қосымшалар, бейнесабақтар) пайдалану технологиялармен жұмыс істеудің бастапқы дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі, бұл қазіргі білім беру процесінде аса маңызды.

6. Осы компоненттердің жиынтығы функционалдық сауаттылықты қалыптастырады, ол оқушыларға шетел тілін жай ғана оқып қоймай, оны нақты өмірлік мәселелерді шешу және тиімді қарым-қатынас құралы ретінде игеруге көмектеседі. Бұл кезеңде балалар тілдің практикалық пайдасын түсіне бастайды, бұл оларды тілді әрі қарай оқуға ынталандырады және шетел тілдерін сәтті меңгерудің берік негізін қалайды.

7. Бастауыш мектеп оқушыларына арналған шеттілдік білім беру контекстінде функционалдық сауаттылықты дамытуды жалғастыра отырып, келесілерді ескеру маңызды:

8. *Мәселелерді шешу және сыни ойлау дағдылары*: шеттілдік білім беру балаларды жаңа тілдік жағдайларда шешім іздеуге үйретеді — мысалы, таныс емес сөзді мәтіннің контекстінен түсіну немесе заттар мен құбылыстарды

сипаттау үшін сәйкес сөз тіркестерін табу. Бұл олардың ойлау икемділігін дамытып, логикалық байланыстар құруға көмектеседі, жалпы когнитивтік сауаттылыққа ықпал етеді.

9. *Көптілді ортаға бейімделу*: оқушылар тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар әртүрлі мәдени және тілдік контекстерде бейімделу құралы екенін түсіне бастайды. Бұл әсіресе көпұлтты мектептерде пайдалы, мұнда балалар әртүрлі тілдермен және мәдени дәстүрлермен кездесуі мүмкін. Мұндай бейімделуді түсіну мәдени әртүрлілікке деген ашықтықтың негізін қалыптастырады.

10. *Эмоционалдық сауаттылық және сенімділікті дамыту*: жаңа тілмен жұмыс істеу балалардан батылдықты және шектеулі сөздік қор арқылы өз ойларын жеткізуге деген сенімділікті талап етеді. Бұл оларды қателіктерден қорықпауға үйретеді, өзін-өзі танытудың жаңа формаларын ашады және эмоционалдық тұрақтылықты дамытуға көмектеседі, бұл бастауыш мектепте ерекше маңызды.

11. *Өз бетімен және бірлесіп жұмыс істеу дағдылары*: шеттілдік білім беруде бастауыш сыныптарда топтық және жұптық тапсырмалар жиі қолданылады, мұнда балалар өздерін ғана емес, басқаларды да тыңдауды, сыныптастарына көмектесуді және ортақ мақсатқа жұмыс жасауды үйренеді. Бұл ынтымақтастық, эмпатия және тапсырманы орындауда жауапкершілік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

12. *Танымдық мотивацияны қалыптастыру*: бастауыш мектептегі шеттілдік білім беру тілдік және мәдени әртүрлілікке деген қызығушылықты қалыптастырады. Балалар шетел тілін үйрену жаңа әлемдерді ашып, басқа адамдардың өмірі мен дәстүрлері туралы білуді қамтамасыз ететінін түсіне бастайды. Бұл оқу процесіне деген оң мотивацияны қалыптастырып жалпы білім алуға деген қызығушылықты арттырады және оларды жоғары сыныптарда тілдерді табысты меңгеруге дайындайды.

Осылайша, бастауыш мектепте шеттілдік білім беру контекстінде функционалдық сауаттылық тек тілдік дамуға ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар жеке тұлғаның өсуі, әлеуметтік бейімделу және болашақта кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру үшін қажетті әмбебап дағдыларды қалыптастырады.

«EnglishLab» («Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру шеберханасы») вариативтік курсының мақсаты – 4-сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын жүйелі түрде оқыту арқылы оқу, жазу, тыңдау, сыни ойлау және әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас дағдыларын ағылшын тілінде дамыту, нәтижесінде оқушылардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

1. Оқылым және тыңдалым сауаттылығын дамыту, ағылшын тіліндегі ауызша және жазбаша мәтіндерді түсіну және интерпретациялауға үйрету.

2. Ағылшын тілін нақты күнделікті жағдайларда қолдануға арналған негізгі коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру.

3. Оқып жатқан тіл елдерінің мәдениеті туралы білімді кеңейте отырып, бастапқы мәдениетаралық сауаттылықты дамытуға ықпал ету.

4. Сыни ойлауды дамыту, мәселелерді шешуге және ақпаратты шетел тілінде талдауға үйрету.

5. Технологиялық ресурстарды (видео, қосымшалар) пайдалана отырып, тіл үйренуге арналған цифрлық сауаттылықты арттыру.

6. Қызықты және практикалық тапсырмалар арқылы тіл үйренуге деген танымдық мотивацияны және қызығушылықты арттыру.

Курс соңында күтілетін нәтижелер:

- ағылшын тіліндегі бейімделген мәтіндерді оқып, негізгі ақпаратты алу;
- қарапайым мәтіндерді тыңдап, оның негізгі мазмұнын түсіну;
- ағылшын тілінде әртүрлі контекстерде қысқа ауызша және жазбаша сөйлемдер құрастыру;
- ағылшын тілді елдердің негізгі мәдени ерекшеліктерін түсіну;
- тілдік дағдыларды кеңейту үшін цифрлық ресурстарды пайдалану;
- командада жұмыс істеу, ынтымақтастық және ағылшын тілінде өзін-өзі таныту дағдыларын дамыту.

Төменде «EnglishLab» ағылшын тілі вариативтік курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспары берілген (кесте 4).

Кесте 4 – «EnglishLab» ағылшын тілі вариативтік курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспары Calendar-thematic plan (1 hour per week-34 per year)

Lesson №/ hours	Theme of the Lesson	Lesson Objectives	hours			Expected Outcomes
			All	Theory	Practice	
1	2	3	4	5	6	7
1	Course Introduction	Introduce course objectives, discuss the value of functional literacy	1	1		Understands course goals, grasps the importance of functional literacy
2-3	My Day and Professions	Practice creating a daily schedule and learn vocabulary about professions	2	1	1	Describes their day and career dreams, using vocabulary from 'Schedule' and 'Professions'
4-5	Sports and Healthy Lifestyle	Learn vocabulary related to sports and a healthy lifestyle	2	1	1	Uses English phrases to describe sports and discuss a healthy lifestyle
6-7	Myths and Legends	Explore myths and legends from English-speaking countries	2	1	1	Understands and retells myths, develops storytelling skills
8-9	Culinary Traditions and Cultural Features	Discover national dishes and cultural traits in English-speaking countries	2	1	1	Knows names of national dishes, describes cultural features
10-11	Instructions and Describing Toys	Learn to follow instructions and describe objects	2	1	1	Understands and follows instructions, describes toys and objects

4 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
12-13	Describing Nature: Hot and Cold Places	Discuss climates and features of hot and cold locations	2	1	1	Understands climate differences, describes travel preferences
14-15	Travel and Cultural Heritage Treasures	Learn about landmarks and cultural heritage	2	1	1	Knows famous sites and cultural values, discusses favorite places
16-17	Ecology and a Healthy World	Discuss nature, environmental protection, and the importance of ecology	2	1	1	Understands the importance of protecting nature, describes ways to improve ecology
18-19	Space and Machines	Explore topics of space and mechanics	2	1	1	Uses vocabulary related to 'Space' and 'Machines,' describes simple technologies
20-21	Animal Stories and Nature Tales	Develop listening and descriptive skills about nature and animals	2	1	1	Writes and listens to nature stories, highlights key moments
22-23	Fairy Tales and Legends of English-Speaking Countries	Familiarize with cultural fairy tales and legends	2	1	1	Understands and retells cultural fairy tales, develops storytelling skills
24-25	Internet Safety and Digital Literacy	Learn internet safety rules and digital literacy	3	1	2	Applies safe online behavior, understands the importance of digital literacy
26-27	Practice in a Café and Shop	Develop English skills for ordering and purchasing		1	1	Uses English for shopping and ordering, builds confidence
28-29	Creating a Schedule: A Day in My Life	Make a daily schedule and describe it		1	1	Creates a daily schedule, describes daily routine
30-31	Project: My Favorite Holiday	Prepare and present a project about a favorite holiday		1	1	Presents holiday information, improves presentation skills
32-34	Final Presentation and Course Wrap-up	Present projects, review course achievements			3	Presents final project, reflects on skills and knowledge gained

«EnglishLab» вариативтік курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспары аясында: сабақтарда өтілетін тақырыптың аты, мақсаты, сағат саны мен күтілетін нәтижелер беріледі. Барлығы 1-4 тоқсан аралығында 34 сағатқа арналған.

ОӘК-де сонымен бірге бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыруға бағытталған интерактивті жаттығулар жүйесі ұсынылады. Бұл әдістемелік интерактивті жаттығулар жүйесі мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты мен ағылшын тілі пәні бойынша бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған үлгілі оқу бағдарламасы мазмұнына ақпараттық-коммуникациялық технологияларды

(АКТ) әлеуетін толықтай пайдалануға мүмкіндік береді. Олай дейтініміз, нормативтік құжаттарда АКТ-ны қолданудың маңыздылығы атап өтілгенімен, нақты қандай технологиялар мен әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы керектігі айқындалмаған. Бұл мәселе көбіне мұғалімдердің шығармашылығы мен жеке әдістемелік тәжірибесіне тәуелді күйінде қалып келеді.

Осыған байланысты біз зерттеу жұмысы аясында бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар мен интерактивті жаттығулар жүйесін ұсынамыз. Енді осы жаттығулар жүйесіне толығырақ тоқталайық.

Оқыту процесінде маңызды орын алатын әдістемелік категориялардың бірі – «**жаттығу**» ұғымы. Бұл терминге қатысты ғалымдар тарапынан әртүрлі көзқарастар қалыптасқан, олардың әрқайсысы аталмыш ұғымның мазмұнын өз тұрғысынан ашады.

И.Л. Бим жаттығуды оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара әрекеттестік формасы ретінде қарастырады. Ғалымның пайымдауынша, жаттығу – оқу материалы негізінде орындалатын, құрылымы жағынан стандартталған, белгілі бір мәселені қою, оны шешу жолдарын ұсыну және нәтижесін бақылау (соның ішінде өзіндік бақылау) процестерінен тұратын әрекет [28, 446.].

А.А. Леонтьевтің тұжырымдамасына сәйкес, жаттығу – тілдік немесе сөйлеу әрекеттерін автоматтандыруға бағытталған қайталама сипаттағы педагогикалық тәсіл. Ол оқытудағы жаттығудың рөлін білім алушылардың тілдік дағдыларын бекіту мен жетілдірудің негізгі құралы ретінде сипаттайды [192].

Н.Д. Гальскова болса, жаттығуды шет тілін меңгерудің практикалық құралы ретінде қарастыра отырып, оның коммуникативтік бағытта ұйымдастырылуы қажеттігін атап өтеді. Ғалымның көзқарасына сәйкес, жаттығулар тек тілдік дағдыларды қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін дамытуға септігін тигізуі тиіс [52, 686].

Ал педагогикалық энциклопедияда жаттығу жалпыдидактикалық мағынада білім алуды немесе оның сапасын арттыру мақсатында жоспарлы түрде ұйымдастырылған, әрекетті (ойлау немесе практикалық) қайталап орындау ретінде түсіндіріледі [164, 896.].

Осылайша, түрлі зерттеушілердің анықтамалары мен көзқарастары жаттығу ұғымының көпқырлылығын, оның құрылымдық және функционалдық сипаттарын, сондай-ақ оқыту процесіндегі маңызын айқын көрсетеді. Жаттығу – тіл үйретудің құрамдас бөлігі ретінде жүйелі, мақсатты және әдістемелік тұрғыда ұйымдастырылған тапсырмалар кешенін білдіреді.

Жаттығулардың әмбебап типологиясын қалыптастыру мәселесі тіл оқыту әдістемесінде әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған зерттеу нысаны болып табылады. Бұл мәселе әртүрлі әдістемелік мектептердің, оқыту мақсаттарының, білім алушылардың жас ерекшеліктері мен тілдік дайындық деңгейлерінің сан алуандығына байланысты күрделене түседі. Жаттығу түрлерін ғылыми негізде

жүйелеу оқытудың тиімділігін арттыруда және оқу материалының мазмұнын нақты мақсаттарға бағыттауда маңызды рөл атқарады.

Сондай-ақ жаттығу шетел тілін оқытуда маңызды орын алады, өйткені бұл кез келген әрекетті меңгерудің, белгілі дағдылар мен біліктерді алудың негізінде жатыр. Жаттығу — шетел тілін оқыту процесінің негізгі компоненттерінің бірі.

Ғалымдар жаттығу түрлерін әртүрлі белгілері бойынша жіктеуге тырысқан. Мәселен, И.Л. Бим жаттығуларды оқу мақсатына қарай лексикалық, грамматикалық, фонетикалық және орфографиялық деп жіктейді және оларды үш кезеңге бөліп қарастырады: дайындық, автоматтандыру, шығармашылық жаттығулар. Оның пікірінше, бұл кезеңдер тілдік дағды мен қатысымдық құзыреттілікті біртіндеп қалыптастыруға мүмкіндік береді [28, 46б.].

Н.Д. Гальскова мен Н.И. Гез жаттығуларды функционалдық қызметіне қарай тілдік, сөйлеу және шартты-сөйлеу жаттығулар деп үшке бөледі. Олардың көзқарасында, жаттығулар тілдік бірліктерді меңгеруден бастап оларды қатысымдық жағдаяттарда қолдануға дейінгі сатыларды қамтуы тиіс [52, 36б.].

Е.И. Пассов болса, жаттығулардың коммуникативтік сипатына ерекше мән береді. Ол жаттығуларды имитациялық, жартылай шығармашылық және шығармашылық деп бөліп, оқушылардың тілдік әрекетін өмірлік жағдаяттарға барынша жақындатуды ұсынады [104, 124б.].

Бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытуда қолданылатын жаттығулар олардың жас ерекшелігі мен когнитивтік даму деңгейіне сай ұйымдастырылуы тиіс. Бұл жастағы оқушылар үшін көрнекілікке, ойынға, әрекетке негізделген жаттығулар анағұрлым тиімді болып есептеледі. Зерттеуші С.Г. Тер-Минасова бастауыш деңгейде ойын элементтері мен рөлдік жағдаяттарға негізделген жаттығулардың бала қызығушылығын арттырып, тілдік мотивацияны күшейтетінін атап өтеді [202].

Ғалымдардың еңбегінде көрініс алған бастауыш сыныпқа арналған ағылшын тілі жаттығуларының типологиясы кестеде ұсынылады (кесте 5).

Кесте 5 - Бастауыш сыныпқа арналған ағылшын тілі жаттығуларының типологиясы (ғылыми еңбектер негізінде):

Жаттығу түрі	Мақсаты	Мысалы	Ғалым
1	2	3	4
Лексикалық жаттығулар	Сөздік қорды меңгерту	Суретке қарап сөз айту	И.Л. Бим
Грамматикалық жаттығулар	Грамматикалық құрылымды меңгерту	Сөйлемді дұрыс құру	Н.Д. Гальскова
Фонетикалық жаттығулар	Дұрыс дыбыстау	Дыбыстарды қайталау	Н.И. Гез
Шартты-сөйлеу	Тілдік бірлікті сөйлеу	Үлгі бойынша	Е.И. Пассов

5 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
жаттығулары	жағдаятында қолдану	диалог құрау	
Коммуникативтік жаттығулар	Ашық жағдаятта сөйлеу	Рөлдік ойындар, сұрақ-жауап	С.Г. Тер-Минасова
Интерактивті жаттығулар	АКТ құралдарын пайдалану	Қосымша платформада жаттығу орындау	Г.В. Рогова

Жалпы алғанда, жаттығуларды жүйелеу мен олардың нақты мақсатқа сай түрлерін анықтау – тіл үйрету процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды әдістемелік қадам. Бастауыш мектеп жағдайында бұл жаттығулардың құрылымы мен мазмұны оқушылардың жас ерекшелігіне, оқу мотивациясына және тілдік дағдыларды біртіндеп дамыту принципіне негізделуі тиіс.

Зерттеу жұмысымызда бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мақсатында шетел тілін оқыту мазмұнын тұтас құрылым аясында біріктіре алатын тиімді жаттығулар кешенін қалыптастыру қажеттігі анықталды. Мұндай мазмұндық және әдістемелік жағынан ұйымдастырылған бірлік – оқытудағы **жаттығулар жүйесі** ретінде қарастырылады.

И.Л. Бимнің пікірінше, жаттығулар жүйесі – бұл оқу процесінде тілдік және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіруге бағытталған, белгілі бір ретпен ұйымдастырылған жаттығулардың бірізділігі [28, 113б.]. Ғалым оны оқыту мақсатына қарай кезең-кезеңімен дамытын және оқушының тілдік әрекетін біртіндеп күрделендіруге мүмкіндік беретін құрылым ретінде сипаттаса, Е.И. Пассов жаттығулар жүйесін тілдік бірліктерді коммуникативтік жағдаятта қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған және сөйлеу іс-әрекетінің кезеңдерін қамтитын кешенді құрылым деп анықтайды. Ол жүйені коммуникативтік әдістің өзегіне балайды [104, 156б.].

Ал Н.Д. Гальскова [52, 64 б.] жаттығулар жүйесін оқытудың әр кезеңіне сәйкес тілдік, шартты-сөйлеу және сөйлеу жаттығуларын өзара байланыста қолдануға негізделген, білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін кешенді түрде дамытатын құрал ретінде қарастырса, С.Ф. Шатиловтың пайымдауынша, жаттығулар жүйесі – бұл тілдік білім мен дағдыларды негізге ала отырып, оқушылардың сөйлеу біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған, әдістемелік тұрғыда қисынды түрде ұйымдастырылған жаттығулар жиынтығы [203].

Жаттығулар жүйесіне берілген анықтамалар әртүрлі болғанымен, барлығының ортақ тұсы – тіл үйрету процесінің кезеңділігі, бірізділігі және оқу мақсатына сәйкестігі. Осылайша жаттығулар жүйесі — бұл тілдік және сөйлеу дағдыларын бірізділікпен қалыптастыруға бағытталған, оқу процесінің кезеңдеріне сәйкес ұйымдастырылған шетел тілін меңгеруге үшін орындалатын жаттығулардың қажетті түрлерінің жиынтығы. Ол оқытудың мақсаттарына сай құрылып, білім алушының коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың

біртұтас әдістемелік тетігі болып табылады және барлық сөйлеу әрекеті түрлерінде мақсатты дағдылар мен біліктерді қалыптастыруға қызмет етеді. Жаттығулар жүйесінде тілдік және операциялық қиындықтар арту тәртібімен орналасады, әртүрлі сөйлеу әрекеті түрлерінде сөйлеу біліктері мен дағдыларының қалыптасу реттілігін ескеріле отырып ұйымдастырылады [63, 1476.].

Кез келген жаттығулар жүйесі қанағаттанарлық деп есептелуі мүмкін, егер: а) ол білімді меңгеруге, дағдыны қалыптастыруға және қабілеттерді дамытуға арналған жаттығуларды қамтыса; б) қарапайымнан күрделіге қарай нақты бірізділік сақталса; в) жаттығу түрлерінің ішінде әртүрлі жаттығу түрлері ұсынылса; г) барлық жаттығулар шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің барлық компоненттеріне қол жеткізуге бағытталса.

Қазіргі әдістеме бойынша жаттығулардың көпшілігі шынайы сөйлеу жағдайларын қайта құруы және сөйлеу әрекеті үшін қажетті және жеткілікті жағдайлар жиынтығын жасай отырып, сөйлеу әрекетін имитациялауы керек. Жаттығудың коммуникативтік сипатын қамтамасыз ету үшін жеткілікті шарттар мыналар: а) сөйлеушінің стратегиясын коммуникативтік тапсырма арқылы белгілеу; б) оқушының қарым-қатынасқа қызығушылығын ояту; в) қарым-қатынас қатысушыларының өзара байланысын өзекті ету; г) сөйлеу материалын вербалды және құрылымдық тұрғыда әртүрлі ету. Осы талаптарға сәйкес жаттығулар жүйесін оқыту міндеттері мен шарттарына қарай жетілдіруге болады.

Жаттығулардың тиімділігі олардың ұйымдастырылу әдістемесіне де байланысты. Келесі талаптарды ескеру маңызды: 1) әрекеттің сапасын арттыруға бағытталған саналы әрекет; 2) оқушының өз әрекеттерін орындау ережелерін білуі; 3) әрекет жүзеге асырылатын жағдайларды саналы түрде ескеру; 4) қол жеткізілген нәтижелерді есепке алу; 5) жіберілген қателердің себептерін және оларды жою жолдарын түсіну [204]. Сондықтан жаттығуларда осы нұсқауларды ескеру және оқушылардың өз-өзін бақылауы маңызды рөл атқарады.

Әдіскерлер қатарын (Пассов Е.И., Бим И.Л.) жалғастыра отырып, П.Г. Козлов [205] жаттығулар жүйесін әзірлеуде бірнеше факторды, атап айтқанда: лингвистикалық, психолінгвистикалық және әдістемелік факторларды ескеру қажеттілігін атап көрсетеді. Лингвистикалық фактор тілдік материалдың жүйелік сипатын және оның күрделілік деңгейін ескереді. Психолінгвистикалық фактор оқушылардың танымдық әрекетіндегі психикалық процестер ерекшеліктерін ескеруді көздейді. Әдістемелік тұрғыда жаттығуларды әзірлеу барысында оқушылардың құрамын ескеру керек, яғни «нені үйрету» мәселесі «қалай үйрету» мәселесінің шешімін айқындауға және қандай жаттығулар жүйесін ұсыну керектігін анықтауға көмектеседі.

Біз бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүйесін құрастыру барысында бірнеше жетекші әдістемелік принциптерді басшылыққа аламыз.

Бұл принциптер оқыту процесінің тиімділігі мен мақсаттылығын қамтамасыз етіп, тілдік білімнің саналы әрі нәтижелі меңгерілуіне ықпал етеді:

Жүйелілік және сатылылық принципіне сәйкес жаттығулар бірізділікпен ұйымдастырылып, оқушының тілдік және қатысымдық дағдыларын біртіндеп дамытуға бағытталады. И.Л. Бим [28, 576.] мен С.Ф. Шатилов [203, 816.] еңбектерінде атап көрсетілгендей, тілдік білім мен дағды жүйелі жаттығулар арқылы ғана қалыптасады. Әрбір тапсырма алдыңғы меңгерілген материалға сүйеніп, оны бекіту не күрделендіру қызметін атқарады.

Коммуникативтік бағыттылық принципі – Е.И. Пассов [15, 666.] ұсынған бұл принцип оқытудың басты мақсаты – тілдік бірліктерді қатысымдық жағдаятта еркін қолдануға үйрету қажеттігін негіздейді. Сондықтан жаттығулар оқу процесінде шынайы қарым-қатынасқа жақын жағдаяттарды модельдеуге бағытталды.

Мотивацияны арттыру және оқушы белсенділігін қамтамасыз ету – жаттығулар бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, қызығушылық тудыратын мазмұн мен формада ұсынылады. Ойын элементтері, жарыс форматындағы тапсырмалар мен мультимедиялық ресурстарды қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі күшейтілді (С.Г. Тер-Минасова) [202, 546.].

Жас ерекшеліктеріне сәйкестік принципі – бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттері мен когнитивті даму деңгейі тілдік материалды көрнекілік, ойын, әрекет арқылы меңгеруге қолайлы екенін көрсетеді. Сондықтан жаттығулар визуалдық, интерактивті және қимылдық компоненттермен толықтырылады.

Біз ұсынған бастауыш мектеп оқушыларының ШКҚ-ін қалыптастыруға бағытталған интерактивті жаттығулар жүйесі 3 блоктан тұрады:

- тілдік жаттығулар;
- сөйлеу жаттығулары;
- сөйлеу-коммуникативтік жаттығуларды қамтиды.

Бастауыш мектеп оқушыларының ШКҚ-ін АКТ арқылы кезең-кезеңімен қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесінің типологиясы төмендегі кестеде көрініс алады. Кестенің аясында ШКҚ субқұзыреттілігі, жаттығулар блогы, жаттығу түрлері мен мақсаты, мысалдары мен АКТ түрлері қарастырылады (кесте 6).

Кесте 6 - Бастауыш мектеп оқушыларының ШКҚ-ін АКТ арқылы кезең-кезеңмен қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесінің типологиясы

ШКҚ субқұзыреттілігі	Жаттығулар блогы	Жаттығу түрі	Мақсаты	Мысал	Интерактивті форма (АКТ)
1	2	3	4	5	6
Тілдік субқұзыреттілік	Тілдік жаттығулар	Фонетикалық жаттығу	Дұрыс дыбыстау, интонацияны меңгеру	«Listen and repeat», «Phoneme discrimination game»	“English for fun” авторлық интерактивті электронды оқу құралы, Wordwall, LearningApps
		Лексикалық жаттығу	Жаңа сөздерді меңгерту, мағынасын түсіну және есте сақтау	«Match the word with the picture», «Find the odd word»	“English for fun” авторлық интерактивті электронды оқу құралы, Quizlet, Kahoot
		Грамматикалық жаттығу	Грамматикалық құрылымдарды меңгерту, сөйлем құру дағдысын қалыптастыру	«Choose the correct verb form», «Drag the words to make a sentence»	“English for fun” авторлық интерактивті электронды оқу құралы, Kahoot, Quizlet онлайн-платформалары
Сөйлеу құзыреттілігі /	Сөйлеу жаттығулары	Тыңдалым жаттығулары	Тыңдалым арқылы ақпаратты түсіну, сөйлеуді қабылдау	«Listen to the dialogue and answer», «True/False after listening»	“English for fun” авторлық интерактивті электронды оқу құралы, LearningApps,
		Айтылым жаттығулары	Тілдік бірліктерді сөйлеуде дұрыс қолдану, өз ойын білдіру	«Describe the picture», «Record your voice»	“English for fun” авторлық интерактивті электронды оқу құралы
		Оқылым жаттығулары	Мәтіннен ақпарат алу, мағынасын түсіну	«Read and choose the correct answer»	“English for fun” авторлық интерактивті электронды оқу құралы, ReadTheory, StoryJumper
		Жазылым жаттығулары	Қысқа мәтін құрастыру, сөйлемдерді байланыстыру	«Order and write the sentences»	“English for fun” авторлық интерактивті электронды оқу құралы, Google Docs, Liveworksheets

6 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Ақпарат тық- танымд ық субқұзы реттілік	Сөйлеу - комму никати вті жаттығ улар	Респонсивті жаттығулар	интерактивті сұрақ-жауап жаттығулары.	«Answer the questions»	“English for fun” авторлық интерактивті электронды оқу құралы, Lingokids, Chatbot for Kids
		Репродук тивті коммуникати втік жаттығулар	тыңдалған немесе оқыған материалды қайта жаңғырту	«Listen and repeat the dialogue»	“English for fun” авторлық интерактивті электронды оқу құралы, Youtube
		Ситуативті жаттығулар	белгілі бір тақырыпқа байланысты жағдаяттық сөйлеу- коммуникативт ік жаттығулар	«Learn and role play: in a British café»	“English for fun” авторлық интерактивті электронды оқу құралы, Youtube
		Шығармашыл ық-жобалық жаттығулар	тілдік шығармашылы ққа баулу	«Prepare and present a mini- project»,	“English for fun” интерактивті электронды оқу құралы, Google Slides, Reels.

Кестеде көрініс алған жаттығулардың тақырыбы оқу жоспары бойынша 4-ші сыныпта «Ағылшын тілі» пәнінің негізгі мазмұнына сәйкес келеді:

- *Kazakhstan in the World of Sport*
- *Human Values in Myths and Legends*
- *Treasure and Heritage*
- *Professions and Ways of Communication*
- *Hot and Cold*
- *Healthy World*
- *Journey into Space*
- *Machines.*

Аталған жаттығулардың мақсаты, міндеттеріне және мазмұны мен мүмкіндіктеріне қысқаша тоқталатын болсақ:

I Тілдік жаттығулар блогы

Тілдік жаттығулардың негізгі мақсаты – оқушылардың тілдік материалмен жұмыс істеу әрекеттерін автоматтандыру, тілдік бірліктерді репродуктивті деңгейде меңгеруін қамтамасыз ету және тіл үйрену барысында жиі кездесетін тілдік қиындықтарды жеңуге жәрдемдесу. Аталған жаттығулар дұрыс айтылым дағдыларын қалыптастыруға, лексикалық бірліктерді меңгеруге және грамматикалық құрылымдарды тиімді игеруге бағытталады. Тілдік

жаттығулардың түрлері мен типтерін ажырату үшін Н.И. Гез [206] әзірлеген типология негізге алынады. **Тілдік жаттығулардың негізгі түрлері – фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жаттығулар** имитациялық, субституциялық, трансформациялық, комбинациялық және құрастыру жаттығуларын қамтиды. Тілдік жаттығулардың мысалдары қосымшада берілген (қосымша Д).

Фонетикалық жаттығулар

Бұл жаттығулар оқытылатын шетел тілінің дыбыстық ерекшеліктерін қабылдау және дұрыс қайталауға арналған тілдік жаттығулардың бір түрі. Олар айтылу саласында тілдік қиындықтарды жоюға бағытталған (жеке есімдерде, географиялық атауларда екпін, дауысты дыбыстардың ұзақтығы және қысқалығы және т.б.).

Лексикалық жаттығулар

Бұл жаттығулардың түрі жаңа лексиканы меңгерту, мағынасын түсіну және есте сақтау, сөзжасам ережелерін меңгерту мақсатында жеке немес сөздердің лексикалық үйлесімділігін белгілі бір сөйлем моделінің шеңберінде белсендіру үшін қызмет етеді.

Қосымшада ағылшын тілін оқыту барысында лексикалық дағдыны (сөздерді есте сақтау және қолдану) дамытуға бағытталған жаттығулардың бірнеше мысалдары ұсынылады. Бұл жаттығулар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану арқылы жүзеге асырылады. Олар бастапқы деңгейдегі оқушыларға (А1) арналған және сөздерді үйрену процесін қызықты әрі интерактивті етеді.

Грамматикалық жаттығулар грамматикалық құрылымдарды меңгерту, сөйлем құру дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Оларды орындау барысында тілдік тірек ретінде ортақ құрылым мен семантикаға біріктірілген сөйлемдер құру үшін кестелерді қолдану тиімді. Бұл жаттығулар сондай-ақ келесі қиындықтарды жоюға бағытталған: бастауыш пен баяндауыштың байланысы, етістіктердің басқарылуы, артикльдердің қолданылуы.

Оқушылар грамматикалық құрылымдарды пайдалана отырып, сөйлемдер құрастыру дағдыларын сөйлемдерді перифраз жасау, сөйлем құрылымын кеңейту және қысқарту арқылы үлгіні өзгерту тапсырмаларын орындап дамытады. Бұл тапсырмалар тек құрылымдық өзгерту ережелерін білуді ғана емес, сонымен қатар сәйкес лексикалық бірліктерді таңдау бойынша ойлау әрекетін де қажет етеді.

Kahoot, Quizlet онлайн-платформасының интерактивті карточкаларын қолдану арқылы немесе **English for Fun** электронды оқу құралындағы грамматикалық жаттығулар сөйлемдерді құрастыру дағдыларын дамытуға бағытталған. Мысалы, грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлемдер құрастыру үшін берілген сөздер жиынтығын пайдалану, сөйлемді толықтыру немесе бос орындарды толтыру тапсырмалары орындалады (толығырақ қосымшаны қараңыз).

II Сөйлеу жаттығулары блогындағы жаттығулар төрт негізгі сөйлеу дағдысын дамытуға және жақсартуға бағытталған:

1. Listening (тыңдалым) жаттығулары

Оқушы АКТ құралдарын қолдану барысында аудио- немесе бейнематериалдарды түсіну үшін қажеттілікке қарай бірнеше рет тыңдап, өз бетінше жұмыс жүргізе алады. Жауаптарды тексеру кезеңінде визуалды қолдау арқылы қателермен жұмыс жасауға мүмкіндік беріледі. Мұнда дұрыс жауаптар жасыл түспен, қате жауаптар қызыл түспен белгіленеді.

2. Speaking (айтылым) жаттығулары

Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуды көздейтін, шетел тілін меңгеру процесінде оқушылардың дыбыстау, сөз тіркестері мен сөйлемдерді дұрыс айту, өз ойын мазмұнды әрі логикалық тұрғыда жүйелі жеткізу қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған арнайы жаттығулар түрі. Speaking жаттығулары арқылы оқушылар күнделікті өмірге жақын жағдаяттарда қолданылатын фразалар мен қысқа сөйлемдерді айтып, кейіпкерлердің атынан сөйлеуді үйренеді, түрлі тақырыптарда әңгіме құрастырып, баяндау және сипаттау дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, сөйлеу барысында сөздердің дұрыс айтылуы, сөйлем ырғағы мен интонацияны қолдану дағдылары да дамытылады. Бұл жаттығулар оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттырып, тілдік сенімділікті қалыптастырады және шетел тілінде еркін қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады.

3. Reading (оқылым) жаттығулары

Оқушылар қысқа мәтіндерді оқып, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, бұл мәтінді түсіну дағдысын дамытуға көмектеседі. Сондай-ақ бұл тапсырмалардың түрлі вариациялары бар: мәтіндегі бос орындарды мағынасы бойынша толтыру, мәтіннің абзацтарын дұрыс реттілікпен қойып, мәтін құрастыру және оларды суреттермен сәйкестендіру. Мәтінмен жұмыс алды pre-reading tasks, мәтінмен жұмыс барысындағы тапсырмалар while-reading tasks, мәтінді оқып болған соң жасалатын тапсырмалар post-reading tasks бар.

4. Writing (жазылым) жаттығулары қысқа мәтін құрастыру, сөйлемдерді байланыстыру мақсатында берілетін жаттығулар. Оқушылар берілген сөздер жиынтығынан сөйлемдер құрайды немесе белгіленген құрылымға сүйене отырып өз сөйлемдерін жасайды. Бұл жаттығулар ағылшын тіліндегі сөз тәртібін түсінуге көмектеседі. Берілген үлгі бойынша қысқа сипаттамалық мәтіндер жазу, яғни белгілі бір тақырыпқа (мысалы, үйінді сипатта) қысқа мәтіндер (3-4 сөйлем) жазу арқылы ойды жазбаша түрде білдіру дағдысын дамыту. Сөйлемді аяқта жаттығулары оқушылар сөйлемнің басын алып, оны мағынасына сәйкес аяқтайды. Бұл жаттығу шығармашылық ойлау мен мәтін құрастыру дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Жоғарыда келтірілген жаттығулар сөйлеу дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді және сөйлеу-коммуникативтік жаттығуларды орындауға оқушының дайындығын қамтамасыз етеді және 4-сыныптағы бастауыш деңгей үшін өте маңызды.

III Сөйлеу-коммуникативтік жаттығулары

Сөйлеу-коммуникативтік жаттығулар – ауызша қарым-қатынас жасаудың бастапқы деңгейін және шетел мәдениетінің ерекшеліктері туралы ақпаратты

іздеу, өндеу, түсіну қабілетін дамытуға бағытталған тапсырмалар. Бұл жаттығулар оқушылардың бірлескен танымдық әрекетін тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді және тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану қабілетін қалыптастырады. Сөйлеу-коммуникативтік жаттығулар – бұл сөйлеу дағдыларын дамытуға және тілді практикалық тұрғыдан (бастапқы А1 деңгейінің) ең жоғары деңгейде меңгеруге бағытталған шығармашылық жаттығулар түрі.

В.Л. Скалкиннің классификациясы бойынша, мұндай жаттығулар келесі топтарға бөлінеді: респонсивті (сұрақ-жауап), ситуативті және репродуктивті коммуникативтік жаттығулар [207].

Респонсивті (сұрақ-жауап) жаттығулары – оқушыға таныс лексика-грамматикалық материалға негізделіп жасалған сұрақтарға жауап алу мақсатымен арнайы ұйымдастырылған жаттығулар. Бұл жаттығулар оқушылардың белсенділігін арттырады және еркін сөйлеуге деген мотивациясын дамытуға ықпал етеді, сөйлеу қабілетінің өзіндік ерекшелігін және нәтижелілігін арттырады. Респонсивті жаттығулар сонымен қатар оқушыларды әңгіме жүргізуге дайындауда қолданылады. Бұл жаттығулар сөйлеуге ғана емес, сонымен қатар грамматикалық, лексикалық немесе фонетикалық бағытта да қолданылуы мүмкін, яғни олар нақты материалды сөйлеу жағдайында меңгеруге қызмет етеді. Респонсивті жаттығулардың ерекшеліктерінің бірі – қарым-қатынас атмосферасын имитациялау.

Тапсырма 1. *Виртуалды сұхбаттасушымен өзара әрекеттесу* — қарапайым сұрақтар қойып, оларға жауап беру. «Сұрақ қой» жаттығуы ағылшын тілінде сөйлеу дағдылары мен қатысымдық әрекеттестік дағдыларын дамытуға арналған жаттығу, *Lingokids, Chatbot for Kids* платформалары арқылы жүзеге асырылады:



"What's your name?"



"My name is Alima."



"How old are you?"




"I'm 10."

Тапсырма 2. Мұғалім виртуалды тақтаға келесі сөйлемдерді жазады. Сыныпты 3-4 оқушыдан топтарға бөлу қажет. Оқушылар 10 минут ішінде басқа топтарға сұрақ қойып, мүмкіндігінше көп жауап жазулары керек. Әр топтағы оқушылар алынған жауаптарды топ ішінде талқылайды.

- 1 *The country I want to visit*
- 2 *The book I have read last*
- 3 *My favourite singer*
- 4 *My favourite food*
- 5 *The games or activities I don't like to play or do*
- 6 *I want to do*

Репродуктивті коммуникативтік жаттығулар – бұл тыңдалған немесе оқыған материалды (ауызша немесе жазбаша) қайта жаңғыртуға байланысты берілетін жаттығулар. Осы жаттығуларды орындау барысында оқушының назары ең алдымен сөйлеудің мазмұндық жағына бағытталады, сөйтіп ол естіген тілдік материалды қайта жаңғыртуға тырысады. *Book Creator*, *StoryJumper* құралдары арқылы *рөлдік ойындар мен диалогтарды имитациялауға*, яғни күнделікті тақырыптарда (дүкенде, кафеде, мектепте) қарапайым диалогтарды АКТ құралдарының көмегімен тыңдап, ойнау арқылы сұхбатты жүргізу қабілетін дамытуға көмектеседі.

Тапсырма 4. «At the Zoo» видеосын көріп, диалогты қайта жаңғыртыңыз.



Сурет 8 – «At the Zoo» видео тапсырмасының көрінісі

Ситуативті жаттығулар – бұл оқу процесінде белгілі бір тақырыпқа байланысты мұғалім сабақ барысында ұйымдастыратын сөйлеу-коммуникативтік жаттығулар. Мысалы, оқушыға «дүкенде», «дәрігердің қабылдауында», «кафеге бару» сынды әртүрлі шынайы өмірдегі жағдаяттар беріліп, сол тақырып аясында шетел тілінде қатысымға түсуді үйрету мақсатында ситуативті жаттығулар беріледі. Ситуативті жаттығулардың түрлері көп, бірақ бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне қарай біз рөлдік жағдаяттарды тандадық. Бұл жаттығулар мәтіндермен танысу, сөздер мен сөз тіркестерін оқу және сөйлеу құрылымдарын белсендіру жұмыстарынан басталады. Оқушыларға осы құрылымдарды жаттап, кейін оларды жаттығуларда қолдану ұсынылады. Кейін оқушыларға осы материалды өз сөйлеуінде қолдану ұсынылды. Байқалғаны, сөйлеу құрылымдарымен және мұғалім ұсынған жаңа сөздермен жұмыс түрлері қаншалықты көп болса, оқушыларды ағылшын тілінде қарым-қатынасқа үйрету міндеті соғұрлым тиімді шешіледі. Мұндай жаттығуларды мүмкіндігінше жиі қолдану қажет, өйткені олар әрбір баланы ұсынылған кез келген тақырып бойынша мазмұнды түрде еркін сөйлеуге ынталандырады.

Мұндай жаттығуларды орындау барысында оқушылар өздері, отбасылары немесе хоббиі туралы әңгімелеп, үйренген сөз тіркестері мен лексиканы қолданады. Сөйлеу-коммуникативтік жаттығулардың басқа мысалдары мен сабақ барысында қолданылу үлгілері (шығармашылық-жобалық түрі) келесі бөлім мен қосымшада толығырақ баяндалады (2.3 бөлімде).

Ұсынылған жаттығу типологиясы өзара байланысты, өзара тәуелді, иерархиялық тәртіпте орналасқан және функционалдық жағынан бірыңғай жаттығулар жүйесін білдіреді. Ұсынылған жаттығу түрлері қалыптастырылатын бастапқы шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік компоненттерімен (субқұзыреттерімен) үйлесімде жұмыс істейді.

Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған интерактивті жаттығулар жүйесі *бірқатар әдістемелік және ұйымдастырушылық көрсеткіштермен сипатталады*: 1) жаттығулар 4-сыныптың оқу бағдарламасына сай тілдік материалды меңгерту мен оны педагогикалық жағдаяттарда қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағдарланған; 2) әрбір жаттығу оқыту мақсатына сәйкес тілдік әрекетті белсендіру, сөйлеу дағдысын қалыптастыру және оқушылардың танымдық қатысуын қамтамасыз етуге негізделген нақты тапсырманы қамтиды; 3) жаттығулар жүйесі ең алдымен коммуникативтік бағыттылық және жағдаяттық мотивация қағидаларына сүйенеді, яғни әрбір жаттығу шетел тілін оқытудағы нақты мақсаттарға сәйкес жасалып, оқушылардың сөйлеу әрекетіне қатысуын қамтамасыз ететін жағдаяттар негізінде құрылады; 4) жаттығулардың мазмұны мен құрылымы олардың реттілігін қамтамасыз етіп, қойылған дидактикалық міндеттерді бірізді шешуге мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін кезең-кезеңмен әрі тиімді қалыптастыруға ықпал етеді. 5) жаттығуларда оқушылардың сөйлеу нәтижесін қалыптастыруға арналған тапсырмалар қамтылады: олар мәтінді тыңдау немесе оқу негізінде пікір білдіру, қорытынды жасау, диалог не монолог құру сияқты әрекеттерге бағытталады; 6) интерактивті жаттығуларда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) кеңінен қолданылады. Мысалы, тыңдалым мен айтылымға арналған жаттығуларда мультимедиялық ресурстар, сөйлеу жазбаларын тыңдау құралдары, ал жазылым мен оқылымда цифрлық тапсырмалар мен онлайн-құралдар пайдаланылады; 7) оқушылар жаттығуларды жеке, жұптық және топ болып орындайды; 8) жаттығулар практикалық бағыттағы вариативтік сабақтар аясында жүзеге асырылып, келесі технологияларға сүйеніп ұйымдастырылады:

- оқу мотивациясын күшейтіп, тілдік әрекетті белсендіру мақсатында ойын технологиясы;
- интерактивті тапсырмалар мен цифрлық ресурстарды тиімді қолдану үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- оқушы мен оқытушы, оқушы мен оқушы арасындағы белсенді қатысымдық өзара әрекетті дамыту үшін интерактивтік технологиялар.
- интерактивті жаттығулар жүйесі бастауыш мектеп оқушыларының ШКҚ-ін тілдік, сөйлеу және ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталады.

Жоғарыда аталған жаттығулар жүйесі бастауыш сынып оқушыларының тілдік, сөйлеу және ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктерін тиімді дамытуға бағытталады. Жүйе құрылымы мен мазмұны оқушылардың белсенді

әрекетіне, тілді тәжірибе арқылы меңгеруіне және шеттілдік қатысымға еркін араласуына мүмкіндік береді.

2.3 «EnglishLab» вариативтік курсына арналған интерактивті электронды оқу құралы

Қазіргі заманда жалпы білім беретін мектепте оқу процесінде шетел тілін меңгерудің маңызы зор. Мектептегі білім беру процесін жаңғырту шетел тілін оқытудың заманауи қоғам қажеттіліктеріне жауап беретін неғұрлым тиімді тәсілдерін іздеуді талап етеді. Мектептегі білім сапасы электрондық ақпараттық білім беру ресурстарын құру мен қолдануға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық технологияларды енгізумен тығыз байланысты. Мұндай ресурстардың құрамдас элементтері ретінде электрондық оқулық пен электрондық оқу құралы танылады. Электрондық оқу құралы – типтік оқу бағдарламасына сәйкес келетін, оқушыларға оқу курсын немесе оның бөлімін өз бетінше не мұғалімнің көмегімен интерактивті режимде меңгеруге, тапсырмаларды орындауға және оқу жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін бағдарламалық-әдістемелік оқыту кешені. электрондық оқулық пен оқу құралы БМЖМС талаптарына сәйкес болуы тиіс. *Электрондық оқулық* – оқу курсын немесе оның бөлімін жүйелі түрде баяндаған, осы басылым түріне мемлекеттік орган ресми түрде мәртебе берген электрондық оқу басылымы. Ал *электрондық оқу құралы* – оқу курсының маңызды бөлімдерін, сондай-ақ есептер жинағын, анықтамаларды, энциклопедияларды, карталар мен атластарды, оқу экспериментін жүргізуге арналған нұсқауларды, практикумға, курстық және дипломдық жобалауға арналған әдістемелік ұсынымдарды қамтитын, осы басылым түріне мемлекеттік орган ресми мәртебе берген электрондық оқу басылымы болып табылады. Осылайша, электрондық оқу құралы «Шетел тілі» пәнінің барлық бөлімдерін қамтуы мүмкін немесе жекелеген тақырыптарға арналуы мүмкін. Электрондық оқу құралын әзірлеу барысында оқу құралына қойылатын барлық талаптар толық сақталуы тиіс.

Баспа оқу құралынан айырмашылығы – электрондық оқу құралы анағұрлым егжей-тегжейлі құрылымға ие болуы тиіс. Оның мазмұнында мол иллюстративтік материал қолданылуы қажет: суреттер, сызбалар, аудио және бейнематериалдар. Сонымен қатар, білімді бекітуге, өзін-өзі бақылауға, меңгерілген білімді тексеру мен бағалауға арналған түрлі практикалық және бақылау тапсырмалары электрондық оқулықтың құрамында қамтылуы керек (тест тапсырмалары, жаттығулар, шығармашылық, жеке және топтық жұмыстар).

Электрондық оқу құралы әртүрлі мәтіндік және графикалық электрондық білім беру материалдарына гиперсілтемелер жүйесімен қамтамасыз етілуі тиіс. Олардың қатарына көркем және ғылыми әдебиеттер, электрондық кітапханалар,

сөздіктер, анықтамалар, сондай-ақ интернет желісіне орналастырылған өзге де білім беру және ғылыми ресурстар жатады.

Электрондық оқу құралын пайдаланудың бірқатар артықшылықтарын атап өткен жөн: оқушылардың 100% қамтылуын қамтамасыз етуі. Егер әрбір оқушының жеке компьютерлік құрылғысы болса, олар электрондық оқу құралын толыққанды пайдалана алады; ақпараттың үлкен көлемін сақтау және қажетті материалды іздеуге кететін уақытты қысқарту мүмкіндігі; ақпаратты өзектендіру мүмкіндігі, яғни толықтыру, кеңейту және алмастыру. Бұл артықшылық шетел тілі пәні немесе вариативтік шетел тілі курсы үшін ерекше маңызды. Себебі тіл – уақыт өте өзгеріске ұшырайтын, тірі организм тәрізді құбылыс. Қазіргі жаһандану дәуірінде өмірімізге жаңа ұғымдар еніп жатыр, соның салдарынан тіл де жаңа реалиялармен қарқынды түрде толығып келеді. Электрондық оқу құралын жедел жаңарту мүмкіндігі білім алушыларды шынайы тілдік болмысқа жақындатып, шетел тілін оқыту сапасын арттырады; Әртүрлі интерактивті тапсырмаларды (жаттығулар, тесттер және т.б.) қолдану. Бұл жағдайда электрондық оқу құралы бірнеше функцияны орындай алады. Мысалы, белгілі бір материал бойынша білім деңгейін тексеру арқылы ол оқытушы функциясын, ал сұхбат жүргізіп, сұрақтарға жауап беруді ұсыну арқылы әңгімелесуші функциясын атқара алады.

Аудио және бейнематериалдарға бай электрондық оқу құралы оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, нәтижесінде оқу процесінің тиімділігін жоғарылатады. Барлық электрондық оқу құралдарын шартты түрде екі негізгі түрге бөлуге болады: 1) Мектепте қолдануға арналған, яғни оқу және сыныптан тыс жұмыстар барысында тікелей пайдаланылатын — мұғалімнің жұмыс құралдарының бірі ретінде қарастырылады, сондықтан олар тақырыптық құрылымы нақты, мазмұны жүйеленген болуы керек. Мұндай құралдарда әртүрлі материалдар ұсынылып, оқушылардың білімін тексеретін тесттер енгізілуі тиіс. 2) Жеке (дербес) жұмысқа арналған құралдар оқушыларға қажетті анықтамалық ақпаратты ұсынуы, белгілі бір материалды түсіндіріп, сұрақтарға жауап бере отырып, мұғалімнің қызметін ішінара атқаруы тиіс [124, 48-б.].

Электрондық оқу құралын әзірлеу барысында мектептегі шетел тілі сабақтарында оқушыларға тақырыптар бойынша әртүрлі диалогтар, оларға тіркелген аудио және бейнематериалдар, жаттықтыруға арналған тапсырмалар ұсынылуы мүмкін. Ал оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауына арналған бөлімде бағдарлама аясында, оқытудың бейініне сай шетел тіліндегі әртүрлі анықтамалық ақпаратты орналастыруға болады. Бұл бөлімнің маңызды құрамдас бөлігі – өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар, нақтырақ айтқанда, білімнің қорытынды деңгейін бағалайтын тест тапсырмалары. Осылайша, электрондық оқу құралы оқу және сыныптан тыс вариативтік жұмыстарда,

сондай-ақ оқушылардың дербес білім алу процесінде де тиімді түрде пайдаланылуы мүмкін.

Электрондық оқу құралдарын пайдалану келесі дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыруға ықпал етеді: көлемді мәтіндерден негізгі ақпаратты бөліп алу, жалпылау және қорытынды жасау, сондай-ақ дербес ойлау қабілетін дамыту. Бұл құрал шетел тілі сабағында келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: жаңа лексиканы енгізу (көрнекілік, тыңдалым және транскрипциямен бірге графикалық бейне арқылы); лексиканы бекіту; грамматикалық құрылымдармен жұмыс; тыңдалым (мәтінді немесе диалогты тыңдап, тапсырмалар орындау); аралық және қорытынды тестілеу; сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жетілдіру; оқушыларды басқа халықтардың мәдениетімен таныстыру және т.б.

Мектеп оқушыларына арналған шетел тілі пәні бойынша электрондық оқу құралы оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескеруге мүмкіндік береді. Оқу материалы жас деңгейіне сәйкес дәл іріктеліп, көрнекі құралдарға бай болуы қажет. Мысалы, белгілі бір тақырыптарға арналған қосымша диалогтар, аудио-бейнежазбалармен жабдықталған жаттықтыру материалдары ұсынылуы керек. Мұндай мазмұн мен әдістерді қолдану мектептегі шетел тілін оқытудың басты мақсаты – оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту – міндетін табысты орындауға жағдай жасайды. Озық технологиялардың арқасында барлық талаптарға сай әзірленген электрондық оқу құралы шетел тіліне деген оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу материалын тиімді меңгеруге ықпал етеді.

Міне осы жоғарыда айтылғандардың бәрін ескере отырып, біз бастауыш мектеп оқушыларының ШКҚ-ін АКТ арқылы қалыптастыруға бағытталған вариативтік курсының ОӘК-іне арналған интерактивті электронды оқу құралын жасадық.

«English for Fun» интерактивті электронды оқу құралы гипермәтіндік ортада, HTML тілінде құрастырылған. Ағылшын тілі пәнінен бастауыш сынып оқушыларына арналған бұл электронды оқу құралына *интеллектуалдық меншік нысанын тіркеу куәлігі* Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 30 қараша 2022 жылы N30734 берілген [208].

Интерактивті электронды оқу құралын жасауда біз бастауыш мектепте шетел тілін оқытуға арналған барлық бағдарламаларға талдау жасап, ондағы жетістіктер мен кемшіліктерді ескеріп, ұсынылатын оқу құралының мақсаты мен міндеттерін бастауыш білім беру стандартының талаптарына сәйкестендірдік. «English for Fun» деп аталатын арнайы интерактивті электронды оқу құралының алғашқы беті 9-суретте көрініс алады.



Сурет 9 - «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралының алғашқы беті

Мазмұны бойынша электронды оқу құралы біз әзірлеген вариативтік курс бағдарламасынан тыс, бастауыш сыныптарға арналған кез келген ағылшын тілі оқу-әдістемелік кешеніне де қосымша бола алады: шетел тілін тереңдетіп оқытатын мектептердің үшінші сыныптарына және жалпы білім беретін мектептердің төртінші сыныптарына арналған.

Біздің құрған электронды оқу құралымыз оқыту процесіндегі «бос кеңістікті» толтыру, өздік білім алу, білім қорын толтыру, теориялық материалды меңгеріп, практикалық жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, т.б. арқылы оқыту мазмұнындағы іс-әрекеттерді өзінше меңгере алады. Оны пайдаланудың негізгі мақсаты – белгілі бір оқу-әдістемелік кешен бойынша оқытын бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру және арттыру.

Электронды оқу құралының құрылымы, аннотация, жалпы мазмұны, тәжірибелік тапсырмалар, қолданылған әдебиеттер, басқа жүйелерге өту сияқты фреймдардан тұруы сабақ беруде тиімділігін көрсетті. Көптеген жеке материалдар жинақталып, олар әржақты тұжырымдалып, сипатталды.

Осылайша, ұсынылып отырған электронды оқу құралымыз оқушының жеке тұлғасына, оның шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға және шетел тілін оқытуда жеке тұлғаға бағдарланған тәсілді жүзеге асыруға арнайы бейімделген.

Интерактивті электронды оқу құралы кешенді құрылымдалған 8 бөлімнен тұрады. Электронды оқу құралының жалпы құрылымы мынадай тақырыптарды қамтиды (сурет 10):



Сурет 10 – «English for Fun» атты электронды оқу құралының құрылымы

9-суретте электронды оқу құралының алғашқы беті көрсетілген. Оқушылар бір бөлімді оқып болған соң келесі бөлімге өтеді. Бұл бөлімдер ақпараттық блоктар ретінде құрылымдалған. Интерактивті электронды оқу құралының мазмұндық жағы лексикалық материалды (тілдік және сөйлеу бірліктері), қарапайым грамматикалық құрылымдарды, өздерінің монологтық және диалогтық сөйлемдерін құруға мүмкіндік беретін сөйлеу схемаларын, мәтіндер мен диалогтарды қамтиды. Әр тақырыптың соңында сабақты пысықтау мақсатында оқушыларға өз бетімен орындауға арналған кішігірім жобалық тапсырмалар, сұрақтар, педагогикалық жағдаят пен тәжірибелік тапсырмалар мен тестілерден тұратын әдістемелік-дидактикалық тапсырмалар берілген [209].

Жалпы оқу процесінде электронды оқу құралын пайдалану – оқушыға да, мұғалімге де оқу процесінің табысты болуы үшін қолайлы жағдай жасалынуының негізі болды. Яғни, аталмыш электронды оқу құралы сабақтан тыс қосымша сабақтарда, оқу мерзімінің кез-келген уақытында қол жеткізуге және желі арқылы да пайдалануға болады.

Электронды оқу құралындағы ақпараттық технологиялардың оқушылардың жеке жұмыс істеу қабілеттілігін арттырудағы рөлін мына көрнекі материал арқылы көрсетеміз. Тест сұрақтары бірнеше нұсқада беріліп, нәтижесін бірден көруге мүмкіндік жасалған. Әр тақырыптан соң орындайтын тәжірибелік тапсырмалар, берілген тақырыпты қорытындылауға бағытталған. Төменде оқушылардың ақпараттық технологияларды пайдалану, ұлттық құндылық пен өздік идентификациялау және шеттілдік білім, білік, дағдыларын анықтайтын кейбір тапсырмалар көрсетілген (сурет 11).



Сурет 11 – «English for Fun» атты электронды оқу құралындағы тапсырмалар

Бұл электронды оқу құралы Астана қаласының №86 мектеп-гимназиясының 4-сынып оқушыларын жетілдіруде, танымдық әрекеттерін белсендіруде, сонымен бірге әрқайсысының өзіндік қабілетілігі мен тану темпіне қарай пайдаланылып, қолданылады [210].

Бұл «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралы жалпы дидактикалық принциптерге негізделеді: жас және дара ерекшеліктерді ескеру; көрнекілік; түсініктілік және жеңілдік, жүйелілік және бірізділік, белсенділік және саналық принциптеріне сәйкес келеді. Мұны нақты мысалдар арқылы көрсетейік.

Жас және дара ерекшеліктерді ескеру принципі келесідей жүзеге асырылады: интерактивті электронды оқу құралы бастауыш сынып оқушыларына арнайы әзірленді, бұл жастағы оқушыларға арналған мазмұндық тақырыптар ескерілді. Осы тақырыптарды оқу барысында оқушылардың айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым бойынша бастапқы коммуникативтік дағдылары дамытылды, диалогтар мен монологтарда ұсынылған нақты сөйлеу-коммуникативтік жағдайлар арқылы оқушылардың жаңа тілдік әлемге коммуникативтік-психологиялық бейімделуі қамтамасыз етілді. Электронды оқу құралының навигациясы (материалды ұсыну формалары, қателерді тексеру, қателерге жауап беру, орындалған тапсырманы бағалау түрлері, графикалық немесе дыбыстық сүйемелдеу) осы жастағы

балалардың жас және жеке ерекшеліктері (сөйлеу қабілеттері, есте сақтау, назар аудару, ойлау, қиялдау, коммуникативтік белсенділік-пассивтілік, мотивациялық дайындық деңгейі) негізінде жасалған.

Көрнекілік принципі интерактивті электронды оқу құралының дыбыстық және графикалық безендірілуін (жаңа лексиканы иллюстрациялау және дыбыстау және т.б.) біріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Түсініктілік және жеңілдік принципі оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескеру принципімен тығыз байланысты. Интерактивті электронды оқу құралының мазмұны осы жасқа сай келетін, орындауға жеңіл жаттығуларды қамтиды: шағын монологтар мен диалогтар құру, қысқа қарапайым хабарламаларды қабылдау және түсіну, меңгерілген лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымдары бар шағын мәтіндерді оқу және т.б. Электронды оқу құралының навигациясы жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың жауаптарына икемді жауап беру жүйесін ұсынады. Интерактивті электронды оқу құралымен жұмыс барысында арнайы «жауаптарды тексеру» түймесін басу арқылы тапсырмалардың дұрыстығы тексеріледі (бұл меңгеру критерийі ретінде қарастырылады).

Оқушыға ескерту сигналдары беріледі: қате бар болған жағдайда дыбыстық сигнал шығады, мәтін қызыл түспен бөлектенеді, осылайша оқушы материалды қайта оқып, қателерін өзі табуға және түзетуге мүмкіндік алады; жасыл түс және көңілді фанфар дыбысы тапсырманың дұрыс орындалғанын растайды. Оқушының жеке ерекшеліктеріне қарай оқу процесінде гиперсілтемелер жүйесіне өту мүмкіндігі, өзінің жұмыс қарқынында жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл оқушылардың іс-әрекетінде күйзеліс жағдайларын тудырмайды, бұл шамадан тыс эмоционалды-теріс жүктемеден сақтайды.

Бұл электронды оқу құралының маңызды ерекшелігі — оқу курсын өту үшін қандай да бір бекітілген (қатаң алгоритмделген) жолдың болмауы. Құрылымдық блоктарды оқушының қалауына қарай өтуге немесе өткізіп жіберуге болады. Әрбір оқушының жұмысындағы әлсіз және күшті жақтарына икемді түрде жауап беруін қамтамасыз етеді, осылайша оқушылардың оқу мақсатына жетудің өз стратегиясын саналы түрде таңдауына мүмкіндік береді.

Жүйелілік және бірізділік принципі курс материалының игерілу және меңгерілу деңгейіне байланысты әртүрлі күрделілік дәрежесіндегі тапсырмалар жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, біз әзірлеген «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралында тақырыптық лексиканы енгізу және пысықтау бірнеше кезеңде жүргізіледі: демонстрация, бекіту, бақылау. I кезең — лексиканы енгізу: экранда тақырыптық топтағы сөздерді бейнелейтін суреттер шығады. Оқушылар курсорды суретке апарып, басады және жаңа лексиканың дұрыс айтылуын тыңдайды. Жұмыс уақыты шамамен 5 минутты құрайды. Айта кету керек, кейбір оқушылар графикалық бейнені жақсы қабылдаса, басқалары дыбыстық бейнені жақсырақ қабылдайды. Интерактивті электронды оқу құралы әр оқушының кездесетін қиындықтарына қарай белгілі бір операцияны орындауға бағытталған жаттығуларды орындауға мүмкіндік береді. Бұл әрбір

оқушының лексикалық бірліктерді меңгеруін жақсартуға көмектеседі. II кезең – сөздердің айтылуын пысықтау және лексиканы бекіту жұмыстары жүргізіледі. Сөзді немесе сөз тіркесін тыңдағаннан кейін оқушы диктордың айтылуына барынша ұқсатып қайталайды. Ол жеке жұмыс істейді, құлаққап қолдануға болады. Жұмыс уақыты – шамамен 5-10 минут, тақырыптағы сөздер санына байланысты. III кезең – меңгерілген лексиканы бақылау. Оқушылар әртүрлі сұрақтар саны мен жаттығуларды қамтитын тапсырмаларды тандайды. Мысалы: жаңа сөздер мен сәйкес суреттерді сәйкестендіру.

Жазылым дағдыларын үйрету барысында бірден екі міндет шешіледі: ағылшын сөздерін дұрыс жазу және пернетақтаны меңгеру. Интерактивті электронды оқу құралы бұл міндеттерді шешуге көмектеседі. Дерлік әрбір тапсырма ағылшын сөздері мен сөйлемдерін пернетақтада теруді қарастырады. Электронды оқу құралында шетел тілінің грамматикасымен танысу теориялық және практикалық оқытуды қамтиды. Жұмыс түрлері белгілі бір грамматикалық құбылысты немесе грамматикалық құрылымдарды меңгеруге бағытталған: есімдіктер, шақтық аспектілер, сөйлем түрлері, предлогтар және т.б.

Бұл жаста грамматиканы меңгеруді қиындататын себептердің бірі — оқушылардың абстрактілі ойлау деңгейінің жеткілікті дәрежеде дамымауы. Электронды оқу құралының мазмұнына нақты көрнекі элементтерді (суреттер, кестелер, бейнелер) қосу бұл қиындықтарды айтарлықтай жеңілдетеді. Әрекет механизмі келесідей: көрнекі-бейнелі ойлау түрі арқылы абстрактілі ойлауға көшу.

Белсенділік пен саналылық принципі оқушылардың электронды оқу құралымен белсенді әрекеттесуінде жүзеге асырылады, бұл қажетті қарқында жұмыс істеуге және оқу материалын пысықтауға арналған жаттығуларды өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Барлық жаттығулар сөйлеуге бағытталған, мақсатты және мотивацияланған, бұл балалардың белсенді ойлау жұмысын және орындаған тапсырмаларының нәтижелілігіне деген қызығушылығын қамтамасыз етеді. Электронды оқу құралында оқушылар 4-сыныпқа арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар бойынша ағылшын тілі ережелерімен танысатын бөлімдер бар. Мұнда лексикалық материал ауызша немесе жазбаша түрде, схемалық немесе суретті көрнекілік арқылы ұсынылып, оқушыларға енгізіледі және семантизацияланады.

Электронды оқу құралы оқушылардың өздік дербес жұмысына аса қажетті, өйткені: электрондық оқу құралы баспа әдебиеттерінен өзгеше оқу материалын ұсыну тәсілдерінің арқасында (индуктивтік тәсіл, есту және эмоциялық жадқа әсер ету және т.б.) оқылатын материалды түсінуді жеңілдетеді; оқушының қажеттілігіне, дайындық деңгейіне, зияткерлік мүмкіндіктері мен ұмтылысына сәйкес бейімдеуге мүмкіндік береді; күрделі есептеулер мен түрлендірулерден арылтып, пәннің мәніне назар аударуға, көбірек мысалдарды қарастыруға және көбірек тапсырма орындауға жағдай жасайды; оқу жұмысының барлық кезеңдерінде өзін-өзі тексеруге кең мүмкіндік береді; жұмысты әдемі әрі жинақы түрде рәсімдеуге және оны файл

не қағаз нұсқасында мұғалімге тапсыруға мүмкіндік береді; шексіз шыдамды ұстаздың рөлін атқара отырып, оқу материалына қатысты шектеусіз түсіндіру, қайталау және нұсқау ұсынуға қабілетті.

Электронды оқу құралы арнайы жабдықталған аудиторияларда өтілетін практикалық сабақтарда пайдалы, өйткені: компьютерлік қолдауды пайдалану тапсырмалардың көбірек санын шешуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде алынған шешімдерді талдауға және олардың графикалық интерпретациясын жасауға уақыт үнемдейді. Сонымен қатар, бұл тәсіл оқытушыға сабақты оқушылардың компьютермен дербес жұмыс істеу формасында ұйымдастыруға мүмкіндік береді, мұндай жағдайда оқытушының рөлі бағыттаушы және кеңесші ретінде сақталады. Бұған қоса, оқытушы компьютердің көмегімен білім алушылардың білім деңгейін жедел әрі тиімді бақылап, бақылау тапсырмаларының мазмұны мен күрделілік деңгейін нақтылай алады.

Электрондық оқулық мұғалім үшін қолайлы, себебі ол дәріс және практикалық сабақтарда өз қалауынша ең маңызды мазмұнды іріктеп, көлемі жағынан ықшам материалды ұсынуға мүмкіндік береді, ал аудиториялық жұмыс аясынан тыс қалған тақырыптарды білім алушылардың өз бетінше меңгеруіне қалдырады. Сонымен қатар, электрондық оқулық оқытушыны үй тапсырмаларын, типтік жаттығулар мен бақылау жұмыстарын тексеру сияқты уақытты көп алатын жұмыстардан босатып, бұл міндеттерді компьютерге жүктеуге жағдай жасайды. Ол сондай-ақ аудиторияда қарастырылатын және үйге берілетін тапсырмалар мен мысалдардың саны мен мазмұнын тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді. Бұған қоса, электрондық оқулық білім алушылармен жұмысты, әсіресе үй тапсырмалары мен бақылау шараларына қатысты жұмыстарды дараландыра отырып ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Электрондық оқу құралдары оқыту әдістері мен әдістемесін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқыту процесін барынша дараландыруға жағдай жасап, жалпы білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. Электрондық оқу құралын әзірлеу – күрделі әрі еңбекті көп қажет ететін процесс, алайда кез келген оқытушы оның әзірлеу әдістемесін меңгеріп, өз оқу құралын жасап, оны оқу процесінде тиімді қолдана алады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: бастауыш сыныптарда шетел тілін үйренуге арналған интерактивті электронды оқулықтар — бұл бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың заманауи тиімді құралы, ол жоғары дидактикалық мүмкіндіктерге ие, үлкен мотивациялық әлеуетке ие, оқытуды даралау принциптеріне сәйкес келеді және бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Бастауыш мектеп жасындағы балаларды оқытуда мұндай интерактивті электронды оқулықты қолдану ағылшын тілін оқыту мазмұнының лингвистикалық, психологиялық және әдістемелік компоненттерін, ағылшын тілін оқытудың бастапқы кезеңдегі негізгі принциптері, мақсаттары мен міндеттерін барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Екінші тарау бойынша тұжырым

1. Бастауыш білім беру стандарты мен бастауыш сыныптың типтік оқу бағдарламасына негізделіп жасалған, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған модель төрт негізгі блоктан тұрады: мақсатты (бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін АКТ арқылы қалыптастыру), тұжырымдамалық (тәсілдер, принциптер), мазмұндық-ісәрекеттік және бағалау-нәтижелік. Мазмұндық-ісәрекеттік блоктың аясында субқұзыреттіліктер, кезеңдер, әдістер, құралдар («EnglishLab» атты вариативтік курсы, интерактивті электронды оқу құралы «English for Fun», цифрлық оқыту ресурстары, мультимедиа, MsTeams, Google classroom және т.б), технологиялар қарастырылады. Құралдардың ішіндегі авторлық вариативтік курс бағдарламасы мен интерактивті электронды оқу құралы мазмұны бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталады. Бағалау-нәтижелік блок өлшемдер, көрсеткіштер, деңгейлерді қарастырады. Модельдің тиімді жүзеге асырылуы дидактикалық шарттармен айқындалады.

2. Бастауыш білім беру стандарты мен 4 сыныпқа арналған «шетел тілі» (ағылшын тілі) пәнінің типтік оқу бағдарламасы негізінде даярланған, бастауыш мектеп оқушыларының ШҚК-ін АКТ арқылы қалыптастыруға арналған ОӘК-і аясында вариативтік курс бағдарламасы, әдістемелік нұсқаулар, жаттығулар мен тапсырмалар жинағы және авторлық интерактивті электронды оқу құралы қарастырылады. «EnglishLab» («Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру шеберханасы») вариативтік курсының мақсаты – 4-сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын жүйелі түрде оқыту арқылы оқу, жазу, тыңдау, сыни ойлау және әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас дағдыларын ағылшын тілінде дамыту. Жаттығулар жүйесі — бұл тілдік және сөйлеу дағдыларын бірізділікпен қалыптастыруға бағытталған, оқу процесінің кезеңдеріне сәйкес ұйымдастырылған шетел тілін меңгеруге үшін орындалатын жаттығулардың қажетті түрлерінің жиынтығы. Ол оқытудың мақсаттарына сай құрылып, білім алушының коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың біртұтас әдістемелік тетігі болып табылады және барлық сөйлеу әрекеті түрлерінде мақсатты дағдылар мен біліктерді қалыптастыруға қызмет етеді. Жаттығулар жүйесі 3 блоктан тұрады- тілдік жаттығулар, сөйлеу жаттығулары және сөйлеу-коммуникативтік жаттығулар блоктары. Жаттығулар жүйесінде тілдік және операциялық қиындықтар арту тәртібімен орналасады, әртүрлі сөйлеу әрекеті түрлерінде сөйлеу біліктері мен дағдыларының қалыптасу реттілігін ескеріле отырып ұйымдастырылады.

Кез келген жаттығулар жүйесі қанағаттанарлық деп есептелуі мүмкін, егер: а) ол білімді меңгеруге, дағдыны қалыптастыруға және қабілеттерді дамытуға арналған жаттығуларды қамтыса; б) қарапайымнан күрделіге қарай нақты бірізділік сақталса; в) жаттығу түрлерінің ішінде әртүрлі жаттығу түрлері

ұсынылса; г) барлық жаттығулар шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің барлық компоненттеріне қол жеткізуге бағытталса.

3. *Оқу-әдістемелік кешен (ОӘК)* – бұл ортақ мақсат пен бағдарламаға біріктірілген арнайы әзірленген оқу және қосалқы материалдар жиынтығы. ОӘК жүйелі, сапалы және терең білім беруге арналған, білім беру мақсаттарына жетуді қолдайды, негізгі білімдерді игеруге және оқушылардың негізгі дағдылары мен құзыреттерін қалыптастыруға көмектеседі. Ағылшын тілі бойынша бастауыш сыныптарға арналған оқу-әдістемелік кешенін (ОӘК) әзірлеу функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, бұл оқушылардың алған білімдерін тәжірибеде қолдана білу қабілетінде байқалады. Ағылшын тілі бойынша даярланған ОӘК оқушылардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға, сондай-ақ мәдениетаралық білімін жетілдіруге септігін тигізіп, тілді үйренуге ынта-ықыласын арттырады.

«EnglishLab» вариативтік курсының ОӘК-не арналған интерактивті электронды оқу құралы оқушылардың ағылшын тілін іс жүзінде қолдану қабілеттерін дамытуға және мәдени әрі тілдік контексті тереңірек түсінуге ықпал етеді, функционалдық сауаттылықты арттырады. Интерактивті электронды оқулық ағылшын тілінде функционалдық сауаттылықты дамыту үшін практикалық тапсырмалар, интерактивті жаттығулар және мультимедиялық материалдарды біріктіреді. Авторлық электронды оқу құралы оқушының жеке тұлғасына, оның шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға және шетел тілін оқытуда жеке тұлғаға бағдарланған тәсілді жүзеге асыруға арнайы бейімделген. Интерактивті электронды оқу құралы кешенді құрылымдалған 8 бөлімнен тұрады. Электронды оқу құралының жалпы құрылымы мынадай тақырыптарды қамтиды: Sport, Myths & Legends, Treasure & Heritage, Professions, Hot & Cold, Healthy World, Journey into Space, Machines.

Оқушылар бір бөлімді оқып болған соң келесі бөлімге өтеді. Бұл бөлімдер ақпараттық блоктар ретінде құрылымдалған. Интерактивті электронды оқу құралының мазмұндық жағы лексикалық материалды (тілдік және сөйлеу бірліктері), қарапайым грамматикалық құрылымдарды, өздерінің монологтық және диалогтық сөйлемдерін құруға мүмкіндік беретін сөйлеу схемаларын, мәтіндер мен диалогтарды қамтиды.

3 АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТТІЛДІК КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІ-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ

3.1 Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің деңгейлерін диагностикалық бағалау

Тәжірибелі-эксперимент жұмысы Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында жүзеге асырылды. Экспериментке 4-сынып оқушыларының екі тобы, барлығы 66 оқушы қатысты. Соның ішінде 34 оқушы – эксперимент тобында (ЭТ), ал 32 оқушы – бақылау тобында (БТ).

Тәжірибелі-эксперимент үш кезеңде жүргізілді: анықтау, қалыптастыру және бақылау. Әр кезең алдын ала жоспарланып, нәтижелері жүйеленіп, жинақталып отырды.

Анықтау экспериментінің міндеттері:

- Тәжірибелі-экспериментке қатысатын бастауыш сынып оқушыларының зерттеу тақырыбы аясындағы бастапқы білім деңгейлерін субқұзыреттіліктер бойынша анықтау (тест және сауалнама сұрақтарын даярлау, сауалнамалар жүргізу, сұрыптау, жүйелеу, математикалық өңдеу және т.б.);

- «EnglishLab» вариативтік курс бағдарламасында көрініс алған тақырыптар бойынша жаттығулар мен тапсырмалар сұрыптау және оларды эксперимент барысындағы сабақтарда пайдалануға ыңғайлау;

- Мұғалімдерге арнап әдістемелік нұсқаулықтар даярлау және оларды практикаға ендіру жолдарын белгілеу.

Анықтау эксперименті барысында сауалнама, тестілеу, әңгімелесу, бақылау және сұхбат әдістері арқылы оқушылардың зерттеліп отырған тақырып аясындағы субқұзыреттіліктері бойынша бастапқы білім деңгейлері анықталды. Оқушылардың білім деңгейлері субқұзыреттіліктердің негізінде алдын-ала даярланған өлшемдер мен көрсеткіштер арқылы анықталды. Бастауыш сынып оқушыларының ШКҚ қалыптасуының үш деңгейінің жалпылама сипаттамасы 2.1 тарауда көрініс табады (кесте - 3). Соның негізінде әрбір субқұзыреттіліктің деңгейін анықтайтын тест-сұхбат тапсырмалары құрастырылып, бағалаудың ұпайлық шкаласы айқындалды.

Эксперимент барысында (анықтау, қалыптастыру, бақылау) алынған нәтижелер математикалық статистиканың ішіндегі сипаттамалық (дескриптивті) статистика әдістері арқылы есептелінді:

Оқушылардың жалпы саны – N

Деңгейге қатысты жауаптар саны – m

Пайыздық қатынасы – x

$$x = \frac{m}{N} * 100\% \quad (1)$$

Нақтырақ айтқанда, жауаптар санын оқушылар санына бөліп, 100 пайызға көбейткенде оқушылардың жауап беру пайызы анықталады. Жауап беру

пайызы статистикалық жиынтықтың белгілі бір бөлігін сипаттайтын көрсеткіш, сондықтан ол сипаттамалық статистикаға кіреді.

Анықтау эксперименті барысында тест-сұхбатты ұйымдастыру үшін 10 монологтық және диалогтық мәтін, елтану бойынша 10 сұрақ және 10 лексика-грамматикалық, фонетикалық ойын түріндегі тапсырмалар іріктеліп алынды. Осы материалдардың негізінде тест-сұхбаттың 10 нұсқасы құрастырылды. Әр нұсқа тілдік, сөйлеу және ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктердің бастапқы деңгейін анықтауға арналған үш тапсырмадан тұрды.

Тест-сұхбаттағы **бірінші тапсырмалар тобы – тілдік субқұзыреттіліктің бастапқы деңгейін диагностикалауға бағытталды**. Бұл тапсырма ойын түрінде берілген 3 лексика-грамматикалық жаттығулардан құралды. Орындау уақыты – 10 минут. Тілдік субқұзыреттіліктің бастапқы деңгейін анықтау кезінде бізді оқушылардың тілдік білімі: лексикалық және грамматикалық минимум, сонымен қатар қарым-қатынас барысында тілдік құралдарды дұрыс таңдай білуі мен қолдана алуы қызықтырды.

Мысалы, оқушыға келесі тапсырмалар ұсынылды:

Тапсырма 1. «Артық сөзді тап».

Нұсқаулық: «Әрбір тікбұрыштағы сөздер тізімін мұқият оқып, артық сөзді тап».

☐	Mother	☐	School
☐	Brother	☐	Book
☐	Grandfather	☐	Mountain
☐	Sister	☐	Pen
☐	Teacher	☐	Pencil
☐	Uncle	☐	Ruler

Сурет 12 – Тілдік субқұзыреттіліктің бастапқы деңгейін анықтауға арналған тапсырмалардың мысалы

Тапсырма 2. Өзің туралы сұрақтарға жазбаша жауап бер. Оқушыға ағылшын тілінде жалпылама 2-3 сұрақтар қойылады. Мысалы:

What is your name?

How old are you?

How many people in your family?

What is your hobby?

What is your friend doing now?

Тапсырма 3. «Сурет бойынша айт». Оқушыға суреттер бейнеленген карточкалар беріледі. Карточкадағы суретке байланысты тапсырма беріледі. Мысалы: «Сенде суреттегі мына ойыншықтар бар екенін айт (ойыншықтар бейнеленген карточка беріледі). Олардың түсі мен санын айт. Достарыңды бірге ойнауға шақыр».

Тест-сұхбаттың нәтижесі жоғарыда көрсетілген математикалық формуламен есептелді. Оқушылардың жауаптарын белгілі бір деңгейге

жатқызу, әр тапсырма бойынша үш ұпайлық шкалаға сәйкес алынған бағалардың комбинациялары негізінде, кесте бойынша жүзеге асырылды. Тест-сұхбат және сауалнама нәтижелері хаттамаға тіркелді. Сондай-ақ тест-сұхбаттың видео жазбасы жасалды. Оқушылар осы тест-сұхбаттағы сұрақтарға жауап бергеннен кейін, нәтижелері келесі деңгейді анықтау шкаласы арқылы анықталды:

Төмен деңгей - егер оқушыда ана тілінің күшті интерференциясы байқалып, ол қарым-қатынас барысында ағылшын тілін минималды түрде қолданса, шектеулі лексикалық және грамматикалық қоры болса, тақырыпқа қатысты сөздерді көптеген қателіктермен жазса, оның жауабы *1 ұпаймен* бағаланды.

Орта деңгей - егер оқушыда тілдік интерференция әлсіз байқалса, тілдік құралдарды таңдауда аздаған қателіктер болса, ауызша және жазбаша пікір білдірудің грамматикалық ерекшеліктерін түсінуде анықтық болмаса, грамматикалық тұрғыда сөйлемдерді кейбір қателіктермен құра алса және бұл қателіктер қарым-қатынасқа кедергі жасамаса, оның жауабы *2 ұпаймен* бағаланды.

Жоғары деңгей - егер оқушы ағылшын сөздерін (стандартты фонетикалық айтылуы мен екпіні) дұрыс айтып, сөйлеу барысында тілдік құралдарды орынды қолданса, оның сөйлеуінде тілдік нормадан минималды ауытқулар байқалса, кең ауқымды тілдік бірліктерді пайдаланып, коммуникативтік мақсатқа қарай грамматикалық құрылымды өзгерте алса, оның жауабы *3 ұпаймен* бағаланды.

Ағылшын тілін оқыту барысында оқушылардың тілдік субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейлері бойынша алынған нәтижелер төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 7).

Кесте 7 – Оқушылардың тілдік субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейі

Деңгей бойынша оқушылар саны және %						
Тілдік субқұзыреттілік	жоғары		орта		төмен	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
	—	—	29% (10)	28% (9)	71% (24)	72% (23)

Кестедегі көрініс оқушылардың тілдік субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейі екі топта да төмендігін, яғни ағылшын тілінің лексика-грамматикасы бойынша білімдерінің төмен екендігін көрсетті. Аталған тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың жіберген типтік қателері төмендегідей болды: олар айтылымды артикуляциялық және интонациялық тұрғыдан дұрыс жеткізе алмады, олардың лексикалық қоры зерттелген тақырып бойынша 3-4 сөзбен шектелді, көпше түрдің, Present Simple және Present Continuous формаларының, артикльдердің қолданылуы туралы түсініктері басым

көпшілігінде (71%) болмады. Орта деңгейді ЭТ-да 10 адам (29%) көрсеткен болса, жоғары деңгейдің көрсеткіші мүлдем болмады.

Тест-сұхбаттағы **екінші тапсырмалар тобы – бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейлерін бағалау үшін құрастырылды.** Оқушыларға оқу және тыңдау үшін мәтін, сондай-ақ мәтіннің мазмұны бойынша бірнеше сұрақ берілді. Орындау уақыты – 10 минут. Сөйлеу субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейін диагностикалау кезінде біз оқушылардың қарым-қатынас барысында сөйлеуді коммуникативтік тұрғыдан орынды құрастыруын, яғни оқушының шетел тілінде әңгімелесу қабілетін және серіктесінің репликаларына сәйкес жауап беруін бағаладық.

Оқушыға келесі тапсырмалар ұсынылды:

Тапсырма 1. «Мираның өзінің отбасы туралы әңгімесін тыңда да, сұрақтарға жауап бер».

Оқушыға «Отбасы» тақырыбы бойынша негізгі лексикаға негізделген мәтінді тыңдау ұсынылды. Мәтінді тыңдауға ең көп дегенде 3 рет мүмкіндік берілді. Әрі қарай, мәтін бойынша 3 немесе 4 сұрақ қойылды. Оқушы сұрақтарға барынша нақты және коммуникативтік тұрғыда дұрыс жауап беруі қажет болды.

Тапсырма 2. « Арманның досы туралы әңгімесін оқы және сұрақтарға жауап бер».

Оқушыға «Отбасы» және «Мамандықтар» тақырыптары бойынша негізгі лексикаға негізделген мәтінді мұқият оқу ұсынылды. Мәтінді оқығаннан кейін, экзаменатор оған мәтіннің мазмұны бойынша 4 сұрақ қойды. Оқушы экзаменатордың репликаларына лайықты жауап беріп, онымен коммуникативтік тұрғыда дұрыс әңгімелесу қажет болды.

Бұл тапсырмаларды орындау барысында жиі кездескен қателер: сұрақты түсінбеу, пікірді қисынсыз құру, тілдік қателіктердің көптігінен сөйлеуде шатасуы. Осы тапсырмадағы сұрақтарға оқушылар жауап бергеннен кейін, нәтижелері келесі деңгейді анықтау шкаласы арқылы анықталды:

Төмен деңгей - егер оқушы осы тақырып бойынша шатасып жауап берсе, әңгімеге қызығушылық танытпаса, тілдік қателіктер қарым-қатынасқа айтарлықтай кедергі келтірсе, пікірді қисынсыз құрып, серіктесінің репликаларын түсіндіруді қажет етсе, оның жауабы *1 ұпаймен* бағаланды.

Орта деңгей - егер оқушы әңгімелесуге қабілетті болса, сөйлеу әрекетіне үлкен қиындықсыз қатыса алса, бірақ әрдайым серіктесін қадағаламаса, кейбір репликаларды толық түсінбесе, әңгіме тақырыбын нақтылауға тырысып отырса және әңгіме стратегиясын таңдауда, қиын жағдайдан шығуда кейде қиналса, оның жауабы *2 ұпаймен* бағаланды.

Жоғары деңгей - егер оқушы шетел тілінде әңгімелесе алса, шетел тілінде сөйлесу жағдайында серіктесімен оңай байланыс орнатып, оның репликаларына сәйкес жауап берсе, өз пікірін белсенді білдіріп, бастамашылық танытса, оның жауабы *3 ұпаймен* бағаланды.

Сөйлеу субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейін диагностикалау нәтижелері кестеде көрсетілді (кесте 8).

Кесте 8 – Оқушылардың сөйлеу субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейі

Деңгей бойынша оқушылар саны және %						
Сөйлеу субқұзыреттілігі	жоғары		орта		төмен	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
	—	—	24% (8)	19% (6)	76% (26)	81% (26)

Кестедегі нәтижелер бастауыш сынып оқушыларының басым көпшілігінде сөйлеу субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейі төмен екендігін көрсетті. ЭТ және БТ-да төмен деңгейді 26 оқушы, орта деңгейді ЭТ-та 8 оқушы, БТ-да 6 оқушы көрсетсе, жоғары деңгейді көрсеткен оқушы болмады.

Үшінші тапсырма – сауалнама – **ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктің бастапқы деңгейін диагностикалауға** бағытталды. Сауалнама ауызша сұрақ-жауап айдарынан тұрды. Оқушыларға ағылшын тілді елдер мен олардың мәдениеті жөнінде 3 сұрақ қойылды. Орындау уақыты – 5 минут.

Ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктің бастапқы деңгейін диагностикалау кезінде бізді оқушылардың оқытылатын шетел тілі мәдениеті туралы білімі мен мәдени-ақпараттық (танымдық) бағдарлануы қызықтырды: ағылшын реалийлерінің ұлттық-мәдени мағынасын ана тілінде түсіндіре білу, шеттілдік мәдениеттің белгілі фактілері туралы ақпараттық-мәдени хабардарлық.

Ауызша сұрақ-жауап бөлімінде оқушыға төрт сұрақ қойылып, әрқайсысына үш-төрт жауап нұсқасы ұсынылды. Мысалы:

«Ұлыбританияның астанасы қай қала? New York, London, Washington Pyramid/ The Statue of Liberty/ Baiterek қайда орналасқан?»

«Ағылшын тілді досыңмен және оның ата-анасымен қалай амандасасың? Hello/ Good-bye/ How do you do/ Hi!» және т.б. Оқушы негізделген жауап беріп, басқа нұсқалардың неге сәйкес келмейтінін түсіндіруі тиіс болды.

Сұрақтарға жауап беру кезінде типтік қателер: қалалар мен елдерді шатастыру, ағылшын мәдениетінің элементтерін қазақ мәдениетіне ауыстыру (қосымшалар, амандасу түрлері), өз мәдениетімен аналогия жүргізе алмау.

Сауалнамаға қоса, сабақ барысында оқу әрекетінде ақпаратты іздеу және өңдеу дағдыларын көрсетуге бақылау жүргізілді. Сауалнама мен бақылау нәтижелерін қорыта отырып, біз оқушылардың жауаптарын үш балдық шкала бойынша бағаладық. Осы тапсырмалардағы сұрақтарға оқушылар жауап бергеннен кейін, нәтижелері келесі деңгейді анықтау шкаласы арқылы анықталды:

Төмен деңгей - егер оқушы зерттелетін тілдің мәдениеті туралы жеткіліксіз немесе қате хабардар болса (географиялық, елтану деректерді шатастырса), фактілерді салыстыруда аналогия, қарама-қарсы қою, жалпылау жасай алмаса, шеттілдік сөйлеу мінез-құлқы туралы қарапайым түсінікке ие болса, шетел тілін өздігінше меңгеруге арналған сөздіктерді, компьютерлік

бағдарламаларды пайдаланбаса және ақпаратты іздеу мен өңдеу дағдыларына ие болмаса оның жауабы *1 ұпаймен* бағаланды.

Орта деңгей - егер оқушы шетел тілінде сөйлескенде әдептілік сақтаса, зерттелетін тіл елінің мәдениеті мен мінез-құлық стереотиптері туралы нақты емес түсінігі болса, тілдік қателерді түзету үшін екітілді сөздікті қолданса, шетел тілін өз бетінше үйренуге арналған компьютерлік бағдарламаларды ішінара пайдаланса және ақпаратты іздеу мен өңдеу дағдыларын меңгерген болса оның жауабы *2 ұпаймен* бағаланды.

Жоғары деңгей - егер оқушы шетел және туған мәдениет фактілерін салыстыруда аналогия жүргізе білсе, ағылшын реалийлерінің ұлттық-мәдени мағынасын ана тілінде түсіндіре алса, шеттілдік мәдениеттің белгілі фактілері туралы әлеуметтік-мәдени хабардарлық танытса, екітілді сөздіктерді, шетел тілін өз бетінше үйренуге арналған компьютерлік бағдарламаларды белсенді қолданса және ақпаратты іздеу мен өңдеу дағдыларына толық ие болса оның жауабы *3 ұпаймен* бағаланды.

Ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктің бастапқы деңгейін анықтау үшін алынған сауалнама ауызша және жазбаша бөлімнен тұрғандықтан, қарапайым математикалық статистика әдісімен орта мәні алынды. Ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктің бастапқы деңгейін диагностикалау нәтижелері 9-кестеде көрсетілген:

Кесте 9 – Оқушылардың ақпараттық-танымдық субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейі

Деңгей бойынша оқушылар саны және %						
Ақпараттық-танымдық субқұзыреттілік	жоғары		орта		төмен	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
	—	—	38%(13)	37% (12)	62% (21)	63% (20)

Кестедегі көрініс ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктен алғашында ЭТ-да да, БТ-да да жоғары деңгейді көрсеткен оқушы болмаса, орта деңгейді ЭТ-та – 13 оқушы (38%), ал БТ-да – 12 оқушы (37%) көрсетті, төмен деңгейді ЭТ-да 21 оқушы (62%), БТ-да 20 оқушы (63%) көрсетті.

Оқушылардың жазбаша бөлімдегі - сауалнама сұрақтарына берген жауаптарының нәтижесінде балалардың көпшілігі компьютерде жұмыс істей алатыны анықталды (70%); бірақ оқушылардың көпшілігі компьютерді тек ойын ойнау үшін пайдаланады, оқу мақсатында пайдаланбайды (85%); оқушылардың басым көпшілігі компьютермен жұмыс істегенді ұнатады (90%); бірақ оқушылар шетел тілін өздігінше меңгеруге арналған сөздіктерді, компьютерлік бағдарламаларды пайдаланбайды және ақпаратты іздеу мен өңдеу дағдылары төмен деңгейде екенін көрсетті.

Сонымен, ЭТ және БТ-дағы анықтау эксперименті барысында әрбір субқұзыреттілік бойынша алғашқы деңгейінің нәтижесі төмендегі кестеде беріледі (кесте 10).

Кесте 10 – Анықтау экспериментінің нәтижесі (топтар бойынша)

№	субқұзыреттілік	Эксперимент тобы 34, бақылау тобы – 32					
		жоғары		орта		төмен	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
1	Тілдік	-	-	29% (10)	28% (9)	71% (24)	72% (23)
2	Сөйлеу	-	-	24% (8)	19% (6)	76% (26)	81% (26)
3	Ақпараттық-танымдық	-	-	38% (13)	37% (12)	62% (21)	63% (20)
Орташа жиынтық нәтижесі		-	-	30%	28%	70%	72%

Анықтау экспериментінің нәтижесі бастауыш мектеп оқушыларының субқұзыреттіліктер бойынша (тілдік, сөйлеу, ақпараттық-танымдық) алғашқы білім деңгейлерінің ЭТ-да да, БТ-да да төмендігін көрсетті.

Біз осыны ескере отырып, шетел тілін оқыту әдістемесінде шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті тиімді қалыптастыру мақсатында бастауыш сынып оқушыларының шетел тіліне деген қызығушылығын, яғни шеттілдік қарым-қатынасқа мотивациялық даярлық деңгейін білу үшін қосымша сауалнама жүргіздік. Оқушылардың мотивациялық даярлық деңгейі келесі сұрақтар арқылы анықталды:

1. Ағылшын тілін оқыған саған ұнайды ма?
2. Ағылшын тілін оқудағы мақсатың қандай? (шетелге саяхаттауға/ басқа ұлт өкілдерімен араласу үшін/ өз елің мен мәдениетің туралы басқаларға айту үшін/ өз жауабың)
3. Ағылшын тілін үйрену не үшін маңызды? (мектепте оқытылады/ басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас жасау үшін/ жаңа нәрсені үйрену үшін/ өз жауабың)
4. Ағылшын тілінде сабақтан тыс қолданасың ба?
5. Ағылшын тілі сабағында немен айналысқанды жақсы көресің?

Егер оқушыда шеттілдік қарым-қатынас жасауға деген қажеттілік байқалса (мысалы: «Өйткені шетел тілінде сөйлесу қызықты», «Шетелдіктермен сөйлескім келеді»), ол тілдік құбылыстарды танып-білуге ұмтылып, шетел мәдениетінің элементтерін меңгеруге қызығушылық танытса және шетел тілін меңгерудің жеке және қоғамдық мақсаттарын түсінсе, онда сауалнамадағы жауабы 3 ұпаймен *мотивациялық даярлығы жоғары* деңгей деп бағаланды.

Мотивациялық даярлық *деңгейі орташа* оқушылар шетел тілін меңгеруге белгілі бір дәрежеде ынта білдіреді, жеке және қоғамдық мақсаттарды ішінара түсінеді, алайда тілдің қатысымдық құндылығын толық сезіне бермейді және оны меңгеруге айтарлықтай бастамашылық танытпайды. Мұндай оқушылардың жауаптарына мысал ретінде: «Бір жаққа бару үшін», «Шетел тілінде сөйлейтін адамдарды түсіну үшін» деген жауаптар келтірілді. Бұл жауаптар 2 ұпаймен бағаланды. Мотивациялық деңгейі төмен оқушыларда шетел тілін меңгеруге деген ынтасыздық, тіл үйренудің жеке және қоғамдық мақсаттарын толық түсінбеу немесе мүлде түсінбеу, сондай-ақ ішкі мотивацияның төмендігі және сыртқы мотивацияның басымдығы байқалды. Мұндай оқушылардың жауаптарына мысал ретінде: «Шетел тілін оқыған ұнамайды», шетел тілін меңгеру негізінен оқулықтағы белгілі бір жаттығуларды орындаумен шектелді. Бұл оқушылар көбінесе репродуктивті сипаттағы әрекеттерге бейім, баяу, мұғаліммен және емтихан алушымен қарым-қатынасқа түсуі қиын, мінез-құлқында алаңдаушылық байқалды. Мұндай жауаптар 1 ұпаймен бағаланды. Оқушылардың жауабының нәтижесі төмендегі 11- кестеде көрсетілген:

Кесте 11 – Оқушылардың мотивациялық даярлығының бастапқы деңгейі

Оқушылардың шетел тілін оқуға деген мотивациялық даярлығы		Деңгей бойынша оқушылар саны және %		
		жоғары	орта	төмен
	ЭТ	–	14 – 41%	20 – 59%
	БТ	–	10 -31%	22 - 69%

Кестеден мотивациялық даярлығы жоғары оқушылардың екі топта (ЭТ, БТ) да болмағанын көруге болады. Мотивациялық даярлығы жоғары деңгейдегі оқушылар тілдің әртүрлі мәдениет өкілдері арасындағы қатынас құралы ретіндегі функционалдық рөлін саналы түрде түсінеді. Біздің бақылау нәтижелерімізге сәйкес, олар шетел тілін оқуға қызығушылықпен қарап, шығармашылық белсенділік танытады, шетел тілінде қатынас жасауға қажеттілік сезінеді және тілдік ойындарға құлшыныспен қатысады. Мұндай оқушыларда шетел тілін оқуға деген ішкі мотивтер айқын көрінеді.

Біздің зерттеудегі анықтау экспериментіндегі келесі қадам – *бастауыш сыныптарда шетел тілін оқыту процесінің жай-күйін және АКТ құралдарын қолдану деңгейін талдау болды*. Біз шетел тілі пәні бойынша 20 сабаққа қатысып, 7 мұғалімнің іс-әрекетін бақыладық және олардың ақпараттық-коммуникациялық (компьютерлік) технологияларға деген қатынасын және оларды қолданудың орынды екенін анықтау үшін сауалнама жүргіздік.

Мұғалімдер мемлекеттік бағдарламалар бойынша жұмыс жасайды. Бұл бағдарламаларда оқушылардың жас ерекшеліктері мен психофизиологиялық сипаттамалары ескерілген. Мұғалімдер шетел тілін оқыту әдістемесін толық меңгерген. Ал олардың эмоционалдық тұрақтылығы, белсенділігі, жігерлігі, саналығы, жаңа тәжірибеге ашықтығы, артистік қабілеттері, оқытуда жағымды

атмосфераны қолдауы, демократиялық қарым-қатынас стилі оқу процесі мен эксперименттік зерттеу жүргізуге тек қолайлы жағдайлар жасады.

Алайда, бақылау барысында оқу нәтижелерінің төмендеуіне әсер ететін бірнеше себептер анықталды. Бірінші себеп – сыныптардағы оқушылар санының көптігі. ҚР Білім және ғылым министрлігі белгілеген нормалар (шетел тілін оқыту үшін сыныпта 10-12 оқушы болу керек) сақталмайды. Осы сыныптарда әрбір топта ең кемі 15-17 оқушыдан болды.

Шетел тілін оқыту тиімділігіне теріс әсер ететін екінші себеп — бірінші себептің салдары болып табылады. Сыныптардың толып кетуіне байланысты мұғалім оқытудағы жеке даралықты толық қамтамасыз етіп, оқушылардың психофизиологиялық және тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік ала алмайды.

Үшінші себеп – педагогикалық ұжымдарда психологиялық-педагогикалық жұмыстың жеткіліксіздігі. Толыққанды педагогикалық жұмыс жүргізу толып тұрған сыныптарда мүмкін емес, сондықтан мұғалім тек ұжымдық және топтық жұмысты қамтамасыз ететін әдістер мен тәсілдерді қолданады, сондай-ақ тек үлгерімге байланысты дифференциацияны ескереді.

Сондықтан эксперимент және бақылау топтарындағы жағдайды зерттеу үшін мұғалімдерге де сауалнама жүргізілді. Сауалнама 6 сұрақтан тұрды:

1. Қазіргі уақытта шетел тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті электронды оқулықтар, Интернет және цифрлық білім беру ресурстары және т.б.) қолдану маңызды деп санайсыз ба?

2. АКТ қандай мақсаттарды жүзеге асыру үшін қолданылуы керек?

3. Шетел тілін оқыту процесінде АКТ қандай оң рөл атқарады?

4. Шетел тілін оқытуда компьютерді қолдануда қандай негізгі мәселелер бар?

5. Бастауыш сынып оқушыларына арналған шетел тілі бойынша қандай арнайы компьютерлік бағдарламалар мен интерактивті электронды оқулықтарды білесіз немесе қолданып көрдіңіз бе?

6. Шетел тілі сабақтарында АКТ құралдарын қаншалықты жиі қолданасыз?

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдерінен алынған сауалнама нәтижелері барлық мұғалімдер (7 адам - 100%) қазіргі уақытта АКТ-ны, соның ішінде компьютерлік және мультимедиялық технологияларды, оқу процесінде қолдану маңызды деп санайтынын көрсетті, өйткені қоғамды ақпараттандыру қазіргі уақытта кеңінен жүргізілуде.

Екінші сұраққа жауап беру барысында үш мұғалім АКТ құралдарын қолданудың басты мақсаты бастауыш сынып оқушысының тұлғалық дамуын қамтамасыз ету екенін атап өтті (3 адам - 43%). Бір мұғалім (1 адам - 14%) АКТ қолданудың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру деп есептейді. Қалған 3 мұғалім (43%) бұл пікірмен келісе отырып, шетел тілін меңгеру тұрғысынан АКТ ең алдымен бастауыш сынып оқушыларының

шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға ықпал етуі тиіс деп қосты.

Үшінші сұраққа келесі жауаптар алынды: шетел тілін оқытуда АКТ құралдары (компьютер, компьютерлік бағдарламалар, электронды оқулықтар) оқу процесін барынша дараландырып, оңтайландырады – 1 адам (14%); АКТ құралдары оқушыларға нәтижелі оқу әрекетін жүргізуге көмектеседі – 4 адам (58%); Сабақта АКТ құралдарын (компьютер, компьютерлік бағдарламалар, электронды оқулықтар) қолданудан оқу ойын түрінде өтеді және көптеген балалардың оқу әрекетіне деген мотивациясы артады – 1 адам (14%); Сабақта жағымды атмосфера қалыптастырады – 1 адам (14%).

Бұл жауаптар АКТ құралдарының оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға және оқушылардың мотивациясын арттыруға оң әсер ететінін көрсетеді.

Төртінші сұраққа жауап бергенде мұғалімдердің пікірлері бөлінді: мұғалімдер компьютерлік бағдарламалар әзірлеушілері оқушылардың нақты тобының ерекшеліктерін әрдайым ескере алмайтынын және компьютер арқылы оқу процесінің тәрбиелік міндеттерін жүзеге асыру мүмкін еместігін атап өтсе — 1 адам (14%); мұғалімдердің енді бірі көптеген электронды оқулықтар мен оқу құралдары жүйелі, терең білім көзі бола алмайтын, қарапайым анықтамалықтар екенін айтты. Олардың пікірінше, оқыту материалының әдістемелік түрде жеткіліксіз ойластырылғаны және оқушыларға қатал алгоритммен әрекет етуді міндеттейтіндігі, бұл олардың өз бетінше жұмыс істеу мүмкіндіктерін шектейді — 2 адам (29%).

Сондай-ақ, мұғалімдер мен оқушылар шетел тілі сабақтарында компьютер мен бағдарламалық құралдарды пайдалануда бірнеше мәселелерді атап өтті: электронды оқулық немесе басқа оқу құралын шығаруда тұжырымдамалық негіздің жоқтығы — 1 адам (14%); шетел тілі сабағында бағдарламалық құралдарды қолдану әдістемесі әзірленбегені — 2 адам (29%); пән мұғалімінен компьютерге қатысты арнайы білім талап етілуі — 1 адам (14%).

Бесінші сұраққа берілген жауаптардың көпшілігі теріс болды (6 адам — 86%). Мұғалімдер бастауыш мектепке арналған шетел тілін оқытуға арналған арнайы бағдарламалармен таныс емес және оларды іс жүзінде ешқашан қолданбаған. Бір мұғалім (14%) Learn to Speak English бағдарламасын білетіндерін, бірақ оны іс жүзінде ешқашан пайдаланбағанын айтты.

Алтыншы сұраққа жауап бергенде, пандемия кезінде онлайн оқуға көшуге байланысты барлық мұғалімдер (100%) Zoom, McTeams, WhatsApp бағдарламалары арқылы сабақ өткізгендерін атап өтті.

Сауалнама нәтижелері білім беруді ақпараттандырудың жеткілікті әрі тиімді жүріп жатпағандығын көрсетеді. Оқу процесін компьютерлендірудің күтілетін қайтарымы әлі де толық байқалмайды. Шетел тілін оқытуда компьютерлік оқытудың тиімді жүзеге аспауы, сондай-ақ электронды оқулықтар мен бағдарламаларды әзірлеуде бірыңғай әдістемелік көзқарас пен тұжырымдамалық негіздің болмауы оқу-әдістемелік кешендердің тиімділігін төмендетіп, бастауыш шеттілдік білім беру сапасына кері әсерін тигізуде.

Мұндай жағдай шетел тілін оқыту стандарттарын және осы саладағы болашақ мамандарды даярлау талаптарын қайта қарауды қажет етеді.

Сонымен анықтау кезеңінің нәтижелері көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларының зерттеу тақырыбы аясындағы бастапқы білім деңгейлерінің төмен болуы бірнеше себептерге байланысты екендігі анықталды. Атап айтсақ:

1. Оқу топтарында адам саны толып кетуіне байланысты мұғалімнің шетел тілін оқыту процесінде бастауыш сынып оқушыларының жеке ерекшеліктерін ескермеуі;
2. Оқушылардың шетел тілін оқуға мотивациялық даярлығының төмендігі;
3. Мұғалімдердің оқушыларға шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды жеткіліксіз қолдануы;
4. Бастауыш деңгейде шетел тілін оқытуға арналған стандартталға негізделген бағдарламалық өнімдердің жеткіліксіздігі.

Балалардың шеттілдік оқуға деген ынтасы мен дайындығы және шетел тілін оқыту жүйесінің прогрессивсіз болуы арасында қалыптасқан қайшылық сауалнама нәтижелерінде көрініс тапты. Бұл жағдай шетел тілі бойынша авторлық интерактивті электронды оқу құралы «English for Fun» және шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру процесін барынша даралайтын ағылшын тілі бойынша вариативтік курсқа арналған ОӘК даярлап, оны оқу процесіне ендіруге нақты алғышарттар жасады. Біздің ойымызша, қалыптасқан мәселені осылайша шешу шетел тілін оқыту процесін оңтайландырады, өйткені бұл тәсіл балалардың жеке, жас ерекшеліктерін және типологиялық сипаттарын ескеріп, оқыту процесін әдістемелік, білім беру және мәдени тұрғыда жаңа сапалық деңгейге көтереді, сондай-ақ тұлғаға бағдарланған жаңа білім беру парадигмасына сәйкес келеді.

Тәжірибелі-эксперимент жұмысының қалыптастыру кезеңінде бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) арқылы қалыптастыру моделінің тиімділігі апробацияланып, бағаланды. Бұл кезеңде арнайы әзірленген оқу-әдістемелік кешен құрамындағы «English for Fun» электронды оқу құралы мен интерактивті жаттығулар жүйесі вариативтік сабақтар барысында қолданылды [210].

Эксперимент барысында шарттар екіге бөлінді: өзгеріссіз және өзгертілген шарттар. *Өзгеріссіз эксперимент шартына* екі топ үшін де оқу бағдарламасының мазмұны, бақылау формалары және эксперименттің ұзақтығының бірдей сақталуы тән болды. *Өзгертілген эксперимент шартында* «EnglishLab» атты вариативтік курс аясында жаңа педагогикалық әдістер мен технологиялар, соның ішінде интерактивті және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар енгізілді. Бұл технологиялар тек эксперимент тобының оқыту процесінде қолданылды, ал бақылау тобы дәстүрлі әдістермен, яғни АКТ қолданусыз оқытылды.

Тәжірибелі-эксперимент жұмысының қалыптастыру кезеңінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі (ШКҚ) құрылымындағы субқұзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін бағалауға арналған өлшеу құралдары қолданылды (кесте №10). ШКҚ-нің үш субқұзыреттілігі — тілдік, сөйлеу және ақпараттық-танымдық — келесі бағалау критерийлері бойынша бағаланды: *тілдік хабардарлық* (лексикалық-грамматикалық білім мен дағдылардың меңгерілуі); *айтылымның сөйлеу-коммуникативтік жағынан орынды рәсімделуі* (коммуникативтік жағдаятқа сәйкес сөйлеу әрекетін ұйымдастыра білуі); *мәдени-ақпараттық бағдарлану* (шеттілдік ақпарат пен бастапқы мәдениетаралық танымға (шетел мәдениетінің реалийлері) бағдарлай алу деңгейі). Критерийлердің әрқайсысы төмендегі кестедегі көрсеткіштермен сипатталады (кесте 12, 13).

Кесте 12 – Бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуын бағалайтын диагностикалық құралдар

ШКҚ-нің субқұзыреттілігі	Көрсеткіштері	Субқұзыреттіліктердің қалыптасуын бағалауда қолданылатын құралдар
1	2	3
Тілдік субқұзыреттілік	- ағылшын тіліне тән дауысты және дауыссыз дыбыстарды оқу ережелерін меңгеру; - меңгерілген грамматикалық материалды қолдану; - ағылшын тіліне тән тұрақты тіркестерді, синонимдік және антонимдік қатарларды пайдалану; - жаңа лексикалық бірліктерді белсенді қолдану; - тапсырмаларды орындау барысында тақырыптарға, қатысым салалары мен жағдаяттарына сәйкес жаңа тілдік құралдарды өздігімен меңгеру; - шетел тіліндегі тілдік құбылыстар туралы білімді, сондай-ақ ана тілі мен үйреніліп жатқан тіл арқылы ойды білдіру.	Меңгерілетін шетел тілінің лексика, грамматика, фонетикасын білуге бағытталған практикалық тапсырмалар және оқушылардың алған білімдерін бекітуге арналған білім срездері мен интерактивті тест
Сөйлеу субқұзыреттілігі	- Қатысымдық жағдаяттарда қолданылатын вербалды және вербалды емес этикеттік реплика-клише үлгілерін жасау. - 4–5 реплика көлемінде диалог құру; - Коммуникативтік ниеттерді білдіруге тілдік құралдар жеткіліксіз болған жағдайда мимика мен ым-ишараны қолдану; - Нақты тақырыптық жағдаяттар аясында 5–6 сөйлем көлемінде қарапайым айтылымдар құру; - тыңдадылымды түсініп қабылдауда берілген	Сөйлеу әрекетінің 4 негізгі түрін меңгеруге арналған практикалық тапсырмалар және оқушылардың алған білімдерін бекітуге арналған білім срездері мен интерактивті тест,

12 – кестенің жалғасы

1	2	3
	нұсқауларға сәйкес әрекет ету; - Таныс тілдік материалға негізделген қысқа аутентті мәтіндердің мазмұнын түсіну; - 30–40 сөз көлемінде жеке/электрондық хат жазу; - Коммуникативтік міндеттерге сәйкес мәтіннен қажетті шеттілдік ақпаратты іріктеу; - Вербалды және бейнелік тіректерді пайдалана отырып, өздігімен қарапайым жазбаша айтылым құру.	тест-сұхбат
Ақпараттық-танымдық субқұзыреттілік	- тілі меңгерілетін елде қабылданған сөйлеу және іс-әрекеттік мінез-құлықтың қарапайым формаларын меңгеру; -тілі меңгерілетін ел(дер), сондай-ақ танымал балалар фольклоры шығармалары туралы, қазақ және ағылшын халықтарының танымал ертегілеріндегі кейіпкерлер туралы қарапайым білімдерді көрсету; -меңгерілетін тіл елінде типтік қарым-қатынас жағдаяттарында қолданылатын сөйлеу және іс-әрекеттік мінез-құлық этикетінің дайын тіркестерін белсенді қолдану; -электрондық сөздіктерді пайдалану; -ақпаратты іздеу, жинақтау, жүйелеу, өңдеу дағдыларын меңгеру.	Шетел тілі мәдениетіне қатысты сұрақтарға жауап беруі, тілі меңгерілетін елде қабылданған сөйлеу және іс-әрекеттік мінез-құлықтың қарапайым формаларын білуге бағытталған практикалық тапсырмалар мен қорытынды топтық жобалық жұмыс

Кесте 13 - Бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлері

Субқұзырет тіліктер	Деңгейлер		
	Жоғары	Орта	Төмен
1	2	3	4
Тілдік	- ағылшын тіліне тән дыбыстарды оңай ажыратады; - сөздер мен сөз тіркестерін орынды қолданады; - жаңа лексикалық бірліктерді, грамматикалық материалды, сөзжасам тәсілдерін еркін меңгерген және сауатты жазады; -коммуникативтік мақсат өзгерген жағдайда сөйлемнің грамматикалық құрылымын English for Fun арқылы еркін түрлендіре алады.	- ағылшын тіліндегі дыбыстарды ажыратады; - сөздер мен сөз тіркестерін қолдануда (айту,жазу) қиналады, мұғалімнің көмегіне жүгінеді; - жаңа лексикалық бірліктерді, грамматикалық материалды, сөзжасам тәсілдерін меңгерген және ішінара қателер жібереді; - коммуникативтік мақсат өзгерген жағдайда сөйлемнің грамматикалық құрылымын English for Fun арқылы дұрыс түрлендіреді.	ағылшын тіліне тән дыбыстарды ажыратпайды; - сөздер мен сөз тіркестерін қалай қолдану керектігін түсінбейді; - жаңа лексикалық бірліктерді, грамматикалық материалды, сөзжасам тәсілдерін еркін меңгермеген, жазбашада көп қателер жібереді; -коммуникативтік. мақсат өзгерген жағдайда сөйлемнің грамматикалық құрылымын түрлендіруді білмейді

13 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Сөйлеу	- Оқушы шетел тілінде диалогты еркін жүргізеді; - шеттілдік қатысым жағдаяттарында тілдесушімен өзара жеңіл әрекеттеседі; - өз ойын белсенді білдіріп, тілдесушінің репликаларына тиісті түрде жауап беріп; - таныс тілдік материалға негізделген шағын мәтіндерді тез қабылдайды	- Оқушы шетел тілінде диалогты жеткілікті деңгейде жүргізе алады; - шеттілдік қатысым жағдаяттарында тілдесушімен әрекеттесуде ішінара қиналады; - өз ойын белсенді білдіреді, тілдесушінің репликаларына мүмкіндігінше жауап береді; - таныс тілдік материалға негізделген шағын мәтіндерді баяу қабылдайды	- Оқушы шетел тілінде диалог құра білмейді; - шеттілдік қатысым жағдаяттарында тілдесушімен әрекеттесе алмайды; - өз ойын жеткізе алмайды, тілдесушінің репликаларына тиісті түрде жауап бермейді; - таныс тілдік материалға негізделген шағын мәтіндерді түсінбейді.
Ақпараттық-танымдық	- аудиовизуалды ақпаратты пайдалана отырып, шетел мәдениетінің ұлттық мәдениетпен салыстыра отырып мазмұнды әңгімелейді; - ағылшын тіліне тән ұлттық мәнерді ана тілінде компьютерлік ойындарды қолдана отырып әсерлі түсіндіреді; - шетел мәдениетінің жекелеген бағыттарынан, әлеуметтік-мәдени хабардарлығын бейнекөріністер арқылы еркін әңгімелейді; - екітілді сөздіктерді, шетел тілін өздігінен меңгеруге арналған электронды оқулықтарды қызыға қолданады, шеттілдік ақпаратты тез іздестіріп, тиісінше өңдемелейді.	- аудиовизуалды ақпаратты пайдалана отырып, шетел мәдениетінің ұлттық мәдениетпен салыстыра отырып әңгімелейді; - ағылшын тіліне тән ұлттық мәнерді ана тілінде компьютерлік ойындарды қолдана отырып түсіндіреді; - шетел мәдениетінің жекелеген бағыттарынан, әлеуметтік-мәдени хабардарлығын бейнекөріністер арқылы әңгімелейді; - екітілді сөздіктерді, шетел тілін өздігінен меңгеруге арналған электронды оқулықтарды қолданады, шеттілдік ақпаратты мұғалімнің көмегімен іздестіріп, өңдемелейді.	- аудиовизуалды ақпаратты пайдалана отырып, шетел мәдениетінің ұлттық мәдениетпен салыстыра отырып әңгімелей алмайды; - ағылшын тіліне тән ұлттық мәнерді ана тілінде компьютерлік ойындарды қолдана отырып түсіндіре алмайды; - шетел мәдениетінің жекелеген бағыттарынан, әлеуметтік-мәдени хабардарлығы жоқ; - екітілді сөздіктерді, шетел тілін өздігінен меңгеруге арналған электронды оқулықтарды қолданбайды, шеттілдік ақпаратты іздестіру мен өңдемелеуді жүргізе алмайды.

3.2 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу процесін қарқындалтуға, оқу процесін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін жетілдіруге бағытталған. Оқытудың ең тиімді формасы — шетел тілі сабақтарында АКТ-ның бір түрі компьютерлік технологияларды қолдану. Әсіресе, шетел тілін оқытуда интерактивті электронды оқулықтардың және Интернет желісінің танымал болуымен оқу процесі қарқынды дами бастады.

Тақырыптардың сан-алуандығы, интерактивті электронды оқулықтардың тартымдылығы мен қызықтылығы оқушыларда үлкен қызығушылық тудырып,

шетел тілін оқуды белсенді, шығармашылық, табиғи процесс ретінде қалыптастырады. Интерактивті электронды оқулықтарды пайдалану дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда көптеген артықшылықтарға ие. Сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін жаттықтыруға және оларды әртүрлі комбинацияларда біріктіруге, оқытудың тұлғаға бағдарланған тәсілін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Шетел тілі сабақтарында интерактивті электронды оқулықтар мен интернет ресурстарын қолдану бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін сәтті мотивациялауға ықпал етеді; мазмұнды, формаларды, құралдарды, ақпаратты алу мен өңдеу әдістерін кең тандауды ұсына отырып, оқу-зерттеу және жобалық жұмыстарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді; бастапқы шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді; бастауыш сынып оқушыларының белсенділігін арттырады; оларды пассивті тыңдаушы күйінен білім беру қызметінің белсенді қатысушысына айналдырады.

Алдыңғы тарауда сипатталған ОӘК тақырыптары бойынша теориялық және практикалық білімдер бастауыш сынып оқушыларына арналған «EnglishLab» (ресми атауы «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру шеберханасы») вариативтік курсына бекітілді. Вариативтік курс бір оқу жылына, яғни 34 сағатқа жасалған. Вариативтік курс аясында бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің субқұзыреттіліктерін АКТ арқылы қалыптастыру үшін «English for fun» атты авторлық интерактивті электронды оқу құралы мен интерактивті жаттығулар жүйесін енгіздік. Енгізілген жаттығулар жүйесі бастауыш сынып оқушыларының ШКҚ-нің тілдік, сөйлеу және ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктеріне сәйкес құрастырылған.

АКТ арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдік әдістемесі түпкі мақсаты шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуына бағытталған. Бұл құзыреттілік шетел тілін бастапқы деңгейде меңгеру үшін қажет және оның тілдік, сөйлеу және ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктерінің дәйекті түрде игерілуі арқылы қалыптасады. Әрбір кезең шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің белгілі бір деңгейде қалыптасуын сипаттайды.

Бірінші ұғымдық-когнитивтік кезеңі тілдік субқұзыреттілікті қалыптастырумен байланысты. Ұғымдық-когнитивтік кезең шетел тілін меңгертудің бастапқы сатысы ретінде оқушылардың жаңа тілдік бірліктермен (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық) танысуына және олардың мағынасын саналы түрде түсінуіне бағытталады. Бұл кезеңде оқушылар шеттілдік қарым-қатынас жағдаяттарында аталмыш бірліктерді қолданудың негізгі тәсілдерін меңгереді.

Аталмыш кезеңнің басты міндеті – оқушылардың когнитивтік әрекетін белсендендіру арқылы тілдік материалды қабылдау, ұғыну және оны есте сақтау процестерін қамтамасыз ету. Сонымен қатар, бұл кезеңде бастауыш сынып оқушылары шетел тілінің тілдік жүйесі туралы бастапқы ұғымдық

түсініктерді қалыптастырып, оларды нақты жағдаятта қолдануға дайын бола бастайды.

Осылайша, ұғымдық-когнитивтік кезең – оқушы санасында шеттілдік білімнің алғашқы құрылымын қалыптастыратын, әрі оны алдағы кезеңдерде белсенді қолдануға негіз дайындайтын маңызды әдістемелік саты болып табылады.

Бұл кезеңде біз «English for fun» атты авторлық интерактивті электронды оқу құралын, әртүрлі бастауыш сынып оқушыларына бейімделген интернет ресурстарын, аудио және бейнематериалдар қолдандық. Электронды оқу құралы шетел тілі мәдениетіне тән сөздер мен берілген тақырыптар бойынша жаңа лексика, фонетика мен грамматиканы ойын түрінде меңгеріп, бекітуге тамаша мүмкіндік берді. Бұл кезеңде оқушылардың лексика, грамматика бойынша дербес жұмысы, негізгі сөздер мен тіркестерді талдау жұмыстары жасалынды, бұл өткен материалды бекітуге, лексиканы жинақтауға және алынған білімді өзіндік бақылауға ықпал етеді. Бұл кезеңде АКТ құралдары ретінде әртүрлі бастауыш сынып оқушыларына бейімделген интернет ресурстары, аудио және бейнематериалдар қолданылды.

«English for fun» электронды оқу құралы – бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекеттерін ынталандыруға бағытталған, бастауыш сыныптың 4-сыныбына арналған ағылшын тілі пәні бойынша жалпы білім беру стандартына сәйкес тақырыптар мен мәліметтерді бекітуге, сондай-ақ тереңдетіп оқытуға қажетті қосымша материалдар жинақталған интерактивті оқу құралы. Бұл оқулық 8 бөлімнен тұрады және оқу, тыңдау, сөйлеу, грамматикалық және лексикалық дағдыларды, айтылу дағдыларын бекітуге арналған кең көлемді материалдарды қамтиды. Сондай-ақ, түрлі ойындар мен қызықты оқыту формалары, әртүрлі тесттер және оқушылардың жетістіктерін көру үшін бақылау тапсырмалары ұсынылған.

Электронды оқу құралы гипермәтіндік ортада, HTML тілінде құрастырылған және оқулық мазмұны қабылдаудың барлық түрлеріне бағытталған тапсырмаларды қамтамасыз етеді: фотогалерея, бейнематериал, мәтіндік ақпарат, аудиодыбыстық сүйемелдеу, интерактивті тапсырмалар, пернетақтамен жұмыс. Балалар барлық оқу мәселелерін үлгілеу арқылы шешеді. Аталмыш электрондық оқу құралында оқушылардың білім, білік дағдысын қалыптастыру мақсатында теориялық білімдерін бақылау, бағалау, есепке алу негізінде әрбір бөлім соңында тест сұрақтары бөлімі берілген.

«English for fun» интерактивті электронды оқу құралы арқылы **ұғымдық-когнитивтік кезеңінде** тілдік субқұзыреттілікті қалыптастыру үшін әртүрлі **интерактивті тілдік жаттығулар** типтері мен үлгілерін бастауыш сынып оқушыларына ойын технологиясын қолдана отырып ұсындық. Солардың кейбіреулеріне тоқталайық.

Жаңа лексиканы меңгеру және бекіту мақсатында аталмыш электронды оқу құралында берілген жаңа лексиканы суреттермен сәйкестендіру (matching) жаттығуын қолдандық. Оқушылар «Places» тақырыбындағы жаңа лексиканы тиісті суреттермен сәйкестендіреді (сурет 13).

- a) Match the places with the pictures.
- b) Choose your favorite places that you like to go and tell your friend.



Сурет 13 – «English for fun» интерактивті электронды оқу құралындағы «Places» тақырыбындағы лексикалық жаттығу [199]

Оқушылар

- ағылшын тіліндегі ғимараттар түрлерін еске түсіреді
- сөздер мен суреттерді дұрыс сәйкестендіріп, жаңа лексиканы бекітеді
- берілген сөздер арасынан өзінің сүйікті жерлерін таңдап алып, жұпта талқылайды (1-2 сөйлем).

Жаттығулардың екінші түрінде бастауыш сынып оқушыларының деңгейлеріне бейімделген аутенттік мәтіндердің жинағы берілген ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды қолдандық. Мысалы Double-decker (<https://double-decker.ru/texts-for-reading-in-english-4-5-form/#5>) – бұл бастауыш мектеп оқушыларына онлайн режимде оқуға және түсінуге тегін машықтануға мүмкіндік беретін ағылшын тіліндегі мәтіндер жинағының ресурсы (сурет 14). Жазбаша ағылшын тілін түсінуге арналған сабақтар олардың сөздік қорын кеңейтіп, грамматика мен сөз тәртібін меңгеруін жақсартады, сондай-ақ аутенттік мәтіндерді аудио форматта тыңдау мен жетістіктерін бірден бағалау мүмкіндігі тілдік субқұзыреттіліктің қалыптасуына және сөйлеу субқұзыреттілігінің дамуына алғышарттар жасайды.

5

Museum — Музей



Yesterday, I was in a museum with my family. It had large rooms full of paintings on the walls. People stood and looked at them. We saw paintings of young ladies wearing great, old-style clothes, scenes of the countryside, flowers in pots that looked like in real life. Now I understand that people can paint amazing things.

Вчера я был в музее со своей семьей. Там были большие комнаты, увешанные картинами на стенах. Люди стояли и смотрели на них. Мы видели картины молодых девушек в великолепной старинной одежде, сельские пейзажи, цветы в горшках, которые выглядели как в реальной жизни. Теперь я понимаю, что люди могут рисовать

Озвучка — Museum — Музей



Сурет 14 – Double-decker мәтіндер жинағының ресурсы

Келесі жаттығуда оқушылар «Traveling abroad» тақырыбында арнайы ақпараттық-коммуникациялық ресурстарда берілген аутентті мәтіндерді оқып, ақпарат жинап, «young traveler's map» (жас саяхатшының картасы) жаднамасын толтырды. Тапсырманы орындау барысында оқушылар оқытылатын тіл елінің мәдениетімен, салт-дәстүрінің элементтерімен танысып, елтану және шеттілдік этикасы жайында білім алады.

c) Imagine that you are a young traveler. Read the texts and complete your traveler's map.

Оқушылар

- «Traveling abroad» тақырыбында берілген материалдағы ақпаратпен танысады;

- «young traveler's map» (жас саяхатшының картасы) жаднамасын толтырады;


- Шетел мәдениетімен өз елінің мәдениетін салыстырып, топтық пікір алмасады (We go to see Baiterek in Astana and Big Ben in UK).

Сонымен аутенттік мәтінді тыңдау және оқу (дұрыс жауаптарды табу және белгілеу); сөздердің мағынасын, этимологиясын, бір тақырыптық топтағы синонимдерді іздеу; сөздік викториналар мен тесттер орындау сынды жаттығулар әртүрлі дағдылар мен қабілеттерді меңгеруге, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға, сөздерді дұрыс оқу және жазу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. АКТ құралдары ретінде «English for Fun» сияқты электронды оқу құралдары, интернеттегі білім беру ресурстары және т.б. қолданылады.

Үшінші жаттығуда оқушылардың білімін бекіту үшін «English for fun» интерактивті электронды оқу құралындағы unit соңындағы «тест» бөлімін

оқушылар өзіндік жұмыс ретінде өтті. Сондай-ақ біз ұсынған ОӘК құрамында берілген Power Point презентациялар мен материалдар жинағындағы «Doda» деп аталатын интерактивті ойынды өткіздік. Тест нәтижесі мен додада жиналған ұпайлар саны қосқанда ең көп ұпай жинаған топ жеңімпаз атанды.

d) Answer the questions and be the winner team!



Сурет 15— «English for fun» интерактивті электронды оқу құралындағы бөлім соңындағы тест

Оқушы берілген сөйлемдердің дұрыс-бұрыстығын ажыратып, дұрыс ақпараты бар сөйлемді таңдайды. Дұрыс жауап таңдалған жағдайда жасыл түс, қате – қызыл түске боялады.

Білімді тексеру тесті. Әр бөлімді аяқтағаннан кейін оқушылардың өзін-өзі тексеруі үшін тест тапсырмалары беріледі. Тест лексика-грамматикалық сұрақтардан тұрады. Тестті орындағаннан кейін оқушылар нәтижелерін бірден тексеріп, қателермен жұмыс жасай алады. Айта кету керек, тестті орындағаннан кейін (ақпарат әлі өзектілігін жоғалтпаған кезде) оқушыға нақты нәтижелер мен қателер туралы ақпарат беру маңызды, бұл мысалы, ауызша сұрақ-жауап кезінде мүмкін емес. Сабақта компьютерлік тесттер мен диагностикалық кешендерді қолдану мұғалімге оқушылардың барлық материалды меңгеру деңгейін тез арада анықтауға және қажет болған жағдайда дер кезінде түзету енгізуге мүмкіндік береді (сурет 15).

Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің **сөйлеу субқұзыреттілігін қалыптастыратын екінші функционалды кезең** — оқушылардың меңгерілген тілдік материалды сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерінде (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қолдану арқылы коммуникативтік іскерліктерін дамытуға бағытталған оқыту процесінің маңызды сатысы болып табылады. Кезеңнің басты мақсаты — тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым әрекеттерінде коммуникативтік іскерліктерді қалыптастыру және жетілдіру, сондай-ақ тілдік автоматизмді дамыту. Бұл мақсатқа жету үшін жаттығулар жүйесі оқушыларды нақты жағдаятта сөйлеуге,

ойын білдіруге және мәтінмен жұмыс істеуге ынталандыратын тапсырмалармен толықтырылады. Бұл кезеңде оқушылар репродуктивтік сипаттағы сөйлеу жаттығулар арқылы тілдік әрекетке белсенді қатысады. Мұндай жаттығулар оқушылардың бұрын меңгерген тілдік бірліктерді дайын үлгілер негізінде қолдануына жағдай жасайды және оларды әртүрлі қатысымдық жағдаяттарда орынды пайдалануға үйретеді.

Осылайша, екінші кезең оқушылардың функционалдық тілдік және сөйлеу субқұзыреттіліктерін жетілдіріп, тілдік бірліктерді шынайы немесе модельденген қарым-қатынас жағдаятында тиімді қолдану машығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Функционалды кезеңінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдана отырып, **сөйлеу жаттығуларын** тілдік жаттығулармен қоса ұсындық. Бұл сатыда біз жаттығуларды авторлық электронды оқу құралымен бірге мультимедиялық ресурстарын/құралдарын соның ішінде бейнематериалды (видео) қолдану арқылы әзірледік.

Бірқатар авторлар (О.В. Михайлова, У.К. Мухамедова, Н.В. Куликова, Е.В. Левшикова, О.И. Коваль) шетел тілін оқытуда аудио және бейне материалдарды қолданудың тиімділігін атап өтеді. О.В. Михайлова [211] бейнематериалдарды шетел тілін оқытуда шеттілдік коммуникативтік және әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерді қатар дамытуда тиімді құрал ретінде қарастырса, У.К. Мухамедова «Шетел тілін коммуникативтік бағытта оқытуда мультимедиялық интерактивті технологияларды пайдалану жүргізілетін сабақтың тиімділігін арттырады және оқушылардың сабақ материалдарын тез әрі терең түсінуін қамтамасыз етеді» деп пайымдайды [212]. Ал О.И. Коваль болса мультимедиялық құралдарды қолдану оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға және олардың шетел тілін үйренуге деген ынтасын арттыруға ықпал ететінін атап өтіп, аудио және визуалды құралдар арқылы тілді тасымалдаушылармен жанама байланыс орнатады [213], ал бұл өз кезегінде басқа мәдениетті түсінуге әкеледі» деп санайды. О.Л. Родионова да ағылшын тілін оқыту кезінде бейнематериалдарды пайдалану оқушылардың мәдениетаралық коммуникацияға қажетті дағдылары мен біліктерін дамытуға ықпал ететінін алға тартады. [214]. Сол себепті жаттығулар барысында бейнематериалдарды көрсету үшін YouTube видеохостингін таңдадық. Өйткені, YouTube – ең танымал веб-ресурстардың бірі және шеттілдік білім беру процесінде оқушылардың аутентикалық сөздерді тыңдап, оларды дұрыс айту дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы кезеңде айтылған мультимедиялық ресурстарды қолдану арқылы біз келесі жаттығуды пайдаландық: ағылшын тіліндегі жағдайлық бейнероликтерді көру және қайталау, видео кейіпкерлерінің диалогтарын қайталауға арналған топтық жұмыс тапсырмалары визуалдық және есту жадын ынталандырады, монологиялық және диалогтық сөйлеуді тыңдау арқылы қабылдауды жақсартады, топта жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. АКТ құралдары ретінде Youtube.com, British Council for kids сайтынан ағылшын тіліндегі қызықты сюжеттерді іздеу, электронды оқулықта ұсынылған

бейнефильмдерді көру: Treasure Hunt, Countable & Uncountable Food және т.б. (сурет 16,17), сондай-ақ Instagram мен басқа интернет білім беру ресурстарында мұқият таңдалған бейнематериалдар мен рилстер қолданылады.



Сурет 16 – «English for fun» интерактивті электронды оқу құралындағы Treasure hunt видео материалы

Бірінші жаттығуда оқушылар электронды оқулықтағы немесе YouTube каналы арқылы видеоларды көріп, ағылшын тіліндегі тағам тақырыбындағы зат есімдерді саналатын және саналмайтын түрін ескере отырып, электронды оқулықтың өзінде берілген кестені толтырды (сурет 17). Электронды кестені толтыру тік төрт бұрыштың ішінде берілген сөздерді тінтуірдің көмегімен қажетті ұяшыққа апару арқылы оңай жүзеге асырылады.

Watch the video “Countable and uncountable food”. Fill the table below




Сурет 17 – «English for Fun» атты электронды оқу құралындағы тапсырмалар

Оқушы

- YouTube/ Электронды оқулық арқылы бастауыш сынып оқушыларына арналған сабақ тақырыбын түсіндіретін ақпараттық видео көреді;
- саналатын/саналмайтын зат есімге жататын тағам түрлерінің аттарын анықтайды;
- видео бойынша электронды кестені толтырып шығады.

Осындай тапсырмаларды алуан түрі форматта сабақтың мақсатына қарай қолдануға болады – бастауыш сынып оқушыларының жасы мен ағылшын тілі деңгейіне арнайы бейімделген ағылшын тіліндегі фильмдерді жеке және жұппен көру, оны үй тапсырмасына арналған оқудың орнына қолдану және ағылшын тіліндегі әндерді тыңдау. Мұнда оқушылар өз пікірлерін білдіре алады, фильм мен әндегі сөз тіркестерін немесе түсіп қалған сөздерді толықтырып айту, ойын түрінде мазмұндау немесе қысқаша әңгімелеп беру сияқты тапсырмаларды орындайды. Сондай-ақ АКТ құралдарының көмегімен интерактивті ойындар, кроссвордтар, чайнвордтар, шытырман оқиғалы ойындар, ертегі әлеміне саяхат сияқты ойын формасындағы жаттығуларды қосуға болады. Өртүрлі тілдік материалдарды қолдану арқылы мотивацияны қалыптастырады, коммуникативтік дағдыларды дамытады, өзара алмасуға ықпал етеді, тыңдау дағдыларын және аутенттік сөйлеуді, оның ішкі тіркестері мен екпіндерін түсінуді, таныс материал негізінде құралған аудио-бейнематериалдарды есту арқылы қабылдауды жақсартады. Екінші жаттығуда да АКТ құралдары ретінде бастауыш сынып оқушыларына арналған *English for Fun* электронды оқу құралындағы Исаак Ньютон туралы бейнематериалды пайдаландық (сурет 18).



Сурет 18 - «English for Fun» атты электронды оқу құралындағы тапсырмалар

Оқушы берілген видеоны мұқият тыңдайды. Қажет болған жағдайда қайталап тыңдау, артқа айналдыру, дыбыс қаттылығын ыңғайлы реттеу мүмкіндігі бар. Видеодағы әңгіме желісіне байланысты берілген сөйлемдерді дұрыс реттілікте нөмірлеп шығады. Жауабын автоматты түрде тексере алады.

Көрнекі құралдар оқыту процесінде қолайлы жағдай жасайды, шынайылықты нақты бейнелер мен дыбыстар арқылы көрсетіп, сөйлеу мәлімдемесіне, жаттығуға және сөйлеу үлгілерін қолдануға мотивация береді. Бейімделген бейнематериалдарды қолдану барысында белгілі бір коммуникативтік үлгіні, фразаны немесе тіркесті бірнеше рет тыңдау

мүмкіндігі бар, бұл визуалды және есту есте сақтау қабілеттерін қатар ынталандырады. Бұл монологтық және диалогтық сөйлеуді тыңдау арқылы жақсы қабылдауға, түрлі жеке айтылу ерекшеліктерін түсінуге алғышарт жасайды.

Оқулықтағы ұсынылған үлгілерді меңгеру бойынша тапсырмаларды толықтыру — мысалы, түсіп қалған репликаларды толықтыру, негізгі сөздер мен тіркестерді талдау және т.б. — белгілі бір коммуникативтік жағдайда монологтық және диалогтық дағдыларды бекем меңгеруге және қол жеткізілген нәтижеден психологиялық жайлылық пен қанағат сезімін алуға ықпал етеді. Оқу процесіне тіл тасымалдаушылардың күнделікті өмірін бейнелейтін шынайы материалдарды қосу әртүрлі мәдениеттер өкілдерін түсіну және өзара түсіністікке қол жеткізудің терең шарты болып табылатын контекстің шынайылығын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Бейнематериалдармен жұмыс келесі кезеңдерден тұрады: 1) Компьютер мониторларында бейне немесе мәтіндік материалды көрсету; түсінуді фронтальды тексеру; 2) Материалды қайта көрсету, тілдік қиындықтарды жою; 3) Проектор арқылы экранда қарастырылып отырған тақырып бойынша лексикалық минимумды көрсету; 4) Ақпаратты талдау: лексикалық минимумға сүйене отырып, мәселені талқылау; 5) Оқушылардың жеке және топтық тапсырмаларды орындауы; 6) Оқушылардың жұмысын бақылау.

Бейнематериал белсенді пікір білдіруге, материалды бөліп көрсетуге, нақтылауға, қосымша ақпарат қосуға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділікті дамытуға, пәнге қызығушылықты арттыруға, тыңдау және сөйлеу дағдыларын меңгеруге қолайлы жағдай жасайды, бұл ақыр соңында ағылшын тілі сабақтарында материалды тиімді меңгеруді қамтамасыз етеді.

Бейнематериалды қолдануға арналған сабақтың үлгілі жоспарын келтірейік.

Сабақтың тақырыбы. Holidays. «English for fun» электронды оқу құралындағы «Treasure hunt» бейнематериалын көрсету.

АКТ құралдарын қолданудың өзектілігі — сабақта сыныптық жұмыстың әртүрлі формалары: фронтальды, топтық, жұптық және жеке жұмыс қолданылады. Бейнефильмді пайдалану материалды көрнекілік, қолжетімділік және жүйелілік принциптері негізінде ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың ойлау және шығармашылық белсенділігін, пәнге қызығушылығын ынталандырып, тыңдау және сөйлеу дағдыларын меңгеруге қолайлы жағдай жасайды және ағылшын тілі сабағында материалды тиімді меңгеруді қамтамасыз етеді.

Сабақтың мақсаты: бастауыш сынып оқушыларын оқып жатқан тілдің дәстүрлері мен мерекелерімен таныстыру, оларды монологтық және диалогтық сөйлеуге үйрету.


Сабақтың міндеттері: тақырып бойынша лексикалық материалды белсендіру, дәстүрлер мен мерекелер туралы монологтық және диалогтық сөйлеуді тыңдау және құрастыру тәжірибесі. Жұптық және топтық жұмыс

дағдыларын дамыту. Сөйлеу дағдыларын меңгеруге деген ұмтылысты қалыптастыру.

АКТ қолдану мақсаты: сабақта бейнематериалды пайдалану арқылы оқушылардың оқу мотивациясын арттыру; бейнематериалмен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.

АКТ құралдарымен негізгі жұмыс түрлері: бейнематериалды көру, сұрақтарға жауап беру, фильмдегі жіберілген репликаларды толтыру.

1. Бейнематериалды қараудан бұрын Holidays тақырыбы бойынша Brainstorming жаттығуы. Оқушылар интерактивті тақтаның көмегімен келесі тақырыптар бойынша танымал мерекелердің атауларын сәйкестендіреді: 1) оқып жатқан тіл елінде атап өтілетін мерекелер, 2) Қазақстандағы мерекелер, 3) екі елге ортақ мерекелер.



Сурет 19 – Holidays тақырыбы бойынша Brainstorming жаттығуы

2. Интерактивті тақтада пайда болған сұрақтарға жауап береді (pre-watching task):

How do people celebrate Halloween/ Merry Christmas/ Birthday Party?

What is the most popular Halloween/ Merry Christmas/ Birthday Party tradition?

What kind of Halloween/ Merry Christmas/ Birthday Party activities do you know?

3. Электронды оқулықтағы Видео/бейнематериалды бірнеше рет көріп, бос орындарды толтыру (while-watching task)

near the tree	treasures	tool shed			
four steps ahead	treasure hunt	marked	with	an	
“X”	maps				

Parent: There are _____ hidden for you somewhere

You must play a game and find out where

Follow your _____ and have lots of fun

That's the only rule of a _____

Baby: My treasure is hidden _____

Let me go near it and look carefully

I can see something over here

Boy: My treasure is _____

Girl: My treasure is _____

It's right outside the _____

4) Бейнематериалды электронды оқулықтан қайталап көріп, жауаптарды тексеріп, сұрақтарға жауапбереді (post-watching task)



Answer the questions

1. What kind of game did children play?

2. How to play this game? Describe the rule of the game.

3. What kind of treasures did children find?

4. Whose birthday party was it?


Сурет 20 – «English for Fun» атты электронды оқу құралындағы айтылым тапсырмалары

Мұндай жаттығулар тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын дамытып, көрнекі есте сақтауды жетілдіреді және сөйлеуге, сөйлеу үлгілерін қолдануға деген мотивацияны арттырады, шетел тіліндегі сөйлеуді тыңдау арқылы қабылдауды және жеке айтылу ерекшеліктерін түсінуді жақсартады.

Келесі жаттығулар — *аутенттік мәтіні бар аудиоматериалдарды тыңдау*.

Сабақтың үлгілі жоспары:

1) Оқушылар электронды оқулықтағы "Technology" тақырыбындағы аудионы тыңдап, бос орындарды толтырады.



Сурет 21 – «English for Fun» атты электронды оқу құралындағы тыңдалым тапсырмалары

2) *Интерактивті тақтада оқушылар берілген өнертабыстардың қайсысы ең маңызды екенін айтып, оларды маңыздылығына қарай белгілейді*

Work with a partner. Name the two main kinds of technology. Which of these inventions do you think is the most important? Mark them 1 for the most important to 7 for the least one.

the fridge

the car

the computer

Internet

the plane

the mobile phone

TV

3) **Discuss with your groupmates. Which of these inventions do you think is the most important? Why?**

Мұндай жаттығулар тыңдау дағдыларын дамытып, тіл тасымалдаушысының акценті мен типтік тіркестерін, монологтық және диалогтық сөйлеуді тыңдау арқылы қабылдау дағдыларын жақсартады және жеке айтылу үлгілерін түсінуді арттырады. Сабақ барысында ағылшын тілінде нақты қарым-қатынас жүзеге асырылады. Оқушылар сұрақтар қою, жазба жасау, алынған ақпаратты өңдеу тәжірибесінен өтеді. Мұндай оқу формасы оқушыларды өз дағдылары мен біліктілігін одан әрі жетілдіруге ынталандырады. Сонымен қатар, оқу және тыңдау дағдылары қатар дамиды; бұл әдіс визуалды және есту есте сақтауды ынталандырады. Тыңдау жаттығулары кезінде әр бастауыш сынып оқушысы шетел тіліндегі сөйлеуді тыңдау мүмкіндігіне ие болады.

Жаттығулардың келесі түрі – оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар.

Unit 6 Healthy World

Exercise 2. Read the text and choose TRUE or FALSE statements.

For breakfast English people often have porridge with milk and sugar. They don't eat much bread. They usually have toasts. They enjoy drinking strong tea with milk. At one o'clock English people have lunch. They usually have lunch in a restaurant or a cafe.

On a warm sunny day you can see people under the trees on the grass eating their sandwiches. English people don't eat much soup. There is only one kind of soup on the menu: onion, tomato or mushroom. For the main course they have fish, steak or roast beef with vegetables: carrots, cabbages, beans or potatoes.

Five o'clock tea is a national habit. English people have tea with biscuits, apple pie, fruit or fruit salad or sandwiches. At about seven or eight o'clock they have dinner or supper. It can be soup, sometimes meat and vegetables, pasta and cheese. The English people drink little coffee. Tea is their favorite drink.

	True	False
English people don't eat porridge	☒	☐
They eat much bread	☐	☒
At one o'clock English people have lunch.	☒	☐
They don't have lunch in a restaurant or a cafe.	☒	☐
English people don't eat much soup.	☒	☐
English never eat vegetables.	☐	☐
Tea is their favourite drink.	☐	☐

Сурет 22 – «English for Fun» атты электронды оқу құралындағы оқылым тапсырмалары

Алдарыңызда оқуға арналған аутенттік мәтіннің үлгісі берілген. Бұл кезеңде оқушылар ағылшындардың тамақтану мәдениеті туралы мәтінді оқиды. Кейбір тапсырмаларда мәтінді бір уақытта оқып, тыңдау мүмкіндігі бар. Осылайша, оқушыларға таныс емес сөздерді жаттығып, дұрыс айтуға мүмкіндік

береді. Оқушылар мәтінді оқып болған соң, мәтін мазмұнын түсінуін тексеруге арналған тапсырмалар беріледі. Олар тапсырмаларды мәтіннің мазмұны бойынша ойындық интерактивті формада орындайды. Тапсырмалар фонетикалық, грамматикалық немесе лексикалық сипатта болуы мүмкін. Кейбір тапсырмаларда оқушы жіберілген сөздер, тіркестер мен репликаларды толықтыруы керек. Барлық тапсырмаларды орындап болған соң, оқушылар өздігінен дұрыс жауаптарды тексеру үшін "өзін-өзі тексеру" батырмасын басу арқылы немесе әрбір тапсырмадан кейін тиісті дыбыстық сигнал және белгілер арқылы бірден тексере алады.

Бастауыш сынып оқушыларында оқуға үйрету барысында дыбыс-әріп сәйкестіктерін орнату дағдылары, дауыстап оқуды үйрену техникасы, рецептивтік лексикалық және грамматикалық дағдыларды бекіту, мәтіннен мағыналық ақпарат алу қабілетін игеру, мәтінді талдаудың әртүрлі түрлерін меңгеру, тілдік қиындықтарды өз бетінше жеңу, тілдік немесе экстралингвистикалық қолдау көрсету арқылы анықтамалық-ақпараттық қолдау беру және оқылған мәтінді дұрыс әрі терең түсіну дағдылары қалыптасады.

Жазу дағдыларын дамыту. Бастауыш сынып оқушыларының жазу қабілеті сөйлеу әрекетінің басқа түрлерін меңгеру деңгейінен әлдеқайда төмен екенін атап өту қажет. Жазбаша сөйлеуді оқытудың мақсаты — оқушылардың жазбаша коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, ол жазу белгілерін, жазбаша сөйлеу мазмұнын және формасын меңгеруді қамтиды. Жазбаша сөйлеуді оқытудың түпкі талаптары бастауыш сынып оқушыларының шетел тілінде жазуды қарым-қатынас, таным және шығармашылық құралы ретінде қолдану қабілетін дамытуға бағытталған.

Жазуға үйрену барысында бастауыш сынып оқушылары кроссвордтар, чайнвордтар, ребустар шешіп, сөздерді іздеп, түрлі ойындық қарапайым жаттығуларды орындаудан бастап, қысқа әрі деңгейге сай электронды хаттар мен мәтіндер жазу тапсырмалын орындап, күрделендіре алады. Ойындар жарқын, түрлі-түсті, қызықты, дыбыстық және музыкалық сүйемелдеумен беріледі. Бұл жұмыс түрі бастауыш сынып оқушыларына өте ұнайды. Сабақта барлық оқушылар белсенді қатысады. Әрбір оқушы, тіпті ең әлсізі де, өз қабілеті мен мүмкіндіктерін көрсетуге мүмкіндік алады.

Сабақтың үлгілі жоспарының үзіндісі.

Сабақ тақырыбы – «Solar System Planets» / Unit 7 «Journey into space»


АКТ құралдарын қолданудың өзектілігі — сабақта сыныптық жұмыстың әртүрлі формалары: фронтальды, топтық, жұптық және жеке жұмыс қолданылады.

Сабақтың мақсаты: бастауыш сынып оқушыларын Күн жүйесіндегі ғаламшарлар мен ғарыш әлемімен таныстыру; жаңа терминдерді меңгерту (ауа-райы); грамматика - Present Simple/Past Simple меңгерту.

Сабақтың міндеттері: тақырып бойынша жаңа лексикалық материалды белсендіру, ғарыш және планеталар туралы пәнаралық білімдерді бекіту, орфография, монологтық және диалогтық сөйлеуді дамыту бойынша практика жасау. Жұптық және топтық жұмыс дағдыларын дамыту. Тақырып бойынша

жазу және жаңа лексиканы дұрыс жазу дағдыларын меңгеруге ұмтылуды қалыптастыру.

АКТ қолдану мақсаты: сабақта электронды оқулық, интерактивті тақта, PowerPoint презентациясын пайдалану арқылы оқушылардың оқу мотивациясын арттыру; электронды оқулықпен және пернетақтамен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.



Сурет 23 – «English for Fun» атты электронды оқу құралындағы кроссворд форматындағы лексикалық жаттығу

Task 7. Our Solar System Crossword You have 7 minutes

ACROSS


3. _____ is the second nearest planet to the sun.
6. The Earth is _____ than the moon. The moon is lighter.
7. _____ is the 8th planet from the sun.
9. The sun is _____ than the Earth.
11. The _____ is the 3rd planet from the sun.
12. _____ is the 7th planet from the sun.
13. _____ is the nearest planet to the sun.
14. _____ is often called the red planet.

DOWN

1. _____ is the largest planet in the solar system.
2. _____ is the second largest planet in the solar system.
4. Russian Yuri Gagarin was the first man in _____.
5. The sun is _____ than other stars.
8. There are eight _____ in the solar system.
10. The sun is _____ to the Earth than other stars.
13. Neil Armstrong was the first man to land on the _____.

Оқушылар кроссворды орындағаннан кейін жауаптардың негізінде тақырып аясында 4-5 сөйлемнен тұратын шағын мәтін жазады. Сондықтан жазу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар арасында дұрыс сөзді немесе грамматикалық форманы таңдауға арналған тілдік жаттығулар және сөйлем

құрастыру жаттығулары ерекше рөл атқарады. Олар сөйлеу жаттығуларымен қатар қолданылады. Оқушылар электронды оқулықтағы төмендегі тапсырманы тінтуірдің көмегімен сөздердің орнын ауыстыру арқылы дұрыс реттілікпен орналастырып, дұрыс сөйлем құрастырады. Дұрыс жауабын тексеру түймесін басу арқылы оқушы қатемен жұмыс жасап, жұмысты өздігінен орындауға машықтанады.



Сурет 24 – «English for Fun» атты электронды оқу құралындағы сөйлем құрастыру жаттығуы «Task 5 Oder the words to make correct sentences

»

Электронды оқулықтағы дұрыс грамматикалық форманы (Past Simple) таңдауға арналған тапсырмаларды орындау арқылы грамматиканы меңгеріп қана қоймай, бұрынғы өткен тақырыптарды да бекітеді (Present Simple). Электронды оқулықта берілген тапсырмалар бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай ойын технологиясын қолдана отырып жасалғандықтан, тапсырманы орындау барысындағы графикалық сүйемелдеу болады, яғни қатенің қызыл түсті, дұрыс таңдалған грамматикалық форма немесе сөздің жасыл болып жазылуы оқушыларға дербес режимде жұмыс жасауға мүмкіндік береді.



Сурет 25 – «English for Fun» атты электронды оқу құралындағы грамматикалық жаттығу

Шетел тілін үйретуде ойын түріндегі осындай тапсырмалар өте маңызды. «English for Fun» электронды оқулығы негізіндегі шетел тілін үйретуге арналған ойын формасындағы үлгі тапсырмалар мыналар болуы мүмкін: дұрыс жауапты табу; бос орындарды, кестелерді толтыру, кроссворд шешу, суреттегі заттарды орналастыру; сұрақтарға жазбаша жауап беру және пернетақтамен енгізу; суреттерге сәйкес келетін сөздерді табу; сөздерді оқып, заттарды көрсету; ән тыңдап, қосылып айту; мәтінді тыңдап; сөзді, сөз тіркесін немесе сөйлемді теру.

Жазбаша сөйлеуді оқыту барысында шешілетін міндеттер жазбаша сөйлеуді үйренуге қажетті жағдайларды қалыптастырумен байланысты. Бұл міндеттер оқушыларда қажетті графикалық автоматизмдерді, ойлау-сөйлеу дағдылары мен жазбаша стильге сәйкес ойды тұжырымдау қабілетін қалыптастыруды, білім мен дүниетанымды кеңейтуді, жазбаша сөйлеу мәдениетімен интеллектуалдық дайындығын меңгеруді, жазбаша мәтіннің мазмұны, сөйлеу стилі мен графикалық формасы туралы аутентті түсініктерді қалыптастыруды қамтиды.

Сөйлеу дағдыларын дамыту. Сөйлеуге үйрету барысында оқушылар шеттілдік қарым-қатынастың бастапқы дағдылары мен қабілеттерін ғана алады. Осыны ескере отырып, сөйлеу лексикалық дағдыларын және тілдік картаны қалыптастыру үшін коммуникативтік шартталған шартты-сөйлеу жаттығулары (имитациялық, алмастыру, трансформациялық) енгізілген. Сондай-ақ, меңгерілген лексикалық бірліктерді монологтық және диалогтық сөйлеуде қолдануды ынталандыратын сөйлеу-коммуникативтік жаттығулар ұсынылған. Мысалы: экрандағы сурет бойынша әңгіме-сипаттама құру, тыңдалған және бір уақытта оқылған мәтіннің мазмұнын жеткізу, берілген нақты лексикалық бірліктерді қолданып ұсынылған жағдайға диалог құру (мысалы, досы туралы әңгіме). Оқушылар түрлі диалог түрлерінде тілдік бірліктер мен сөйлеу үлгілерін меңгеру мақсатында оларды түсінуге және диалогтық сөйлеуде қолдануға жаттығады. Сабақтарда диалогты берілген қарым-қатынас шарттарына (тақырып, жағдай, коммуникативтік міндеттер) сәйкес репликалар қосу арқылы біртіндеп кеңейту және қарым-қатынас шарттары өзгертілгенде оларды түрлендіру қарастырылған.

Үшінші коммуникативті-адаптивті кезеңде ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктің қалыптасуын қамтамасыз етіледі және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, төмендегі **сөйлеу-коммуникативтік жаттығуларды** пайдаландық. Сөйлеу-коммуникативтік жаттығулар - сөйлеу жаттығуларының күрделенген және коммуникацияның карапайым формасына бағытталған шығармашылық жаттығуларды да қамтиды.

Респонсивті және репродуктивті жаттығулардағы меңгерілген материал негізінде оқушыларға жаңа фразалар, сөйлемдер құрастыру ұсынылды. Үлгілермен танысқаннан кейін оқушылар үйренген материалды нақты жағдайларда қолданды (Оқушылар ұсынылған жағдайға сәйкес диалогтарды өздері құрайды):

1. Сіз Лондондасыз және досыңызға қоңырау шалуыңыз керек. Сіз досыңызға қоңырау шаласыз, бірақ ол үйде жоқ. Сіз оның ата-анасынан хабарлама қалдыруды сұрайсыз.

2. Ұлыбританиядағы досыңыз сіздің қалаңызға келгісі келеді және сізден кеңес сұрайды. Сіз оған ауа райын сипаттап, не алып келгені дұрыс екенін, белгілі бір жерге қалай жетуге болатынын айтасыз.

Оқушыларға ағылшын тілінде қажетті фразаларды қолдану бойынша нұсқаулары бар электронды карточкалар ұсынылады, бұл олардың жеке қабілеттерін ескере отырып беріледі. Сөйлеу дағдысы тілдік қарым-қатынаста, коммуникативтік қызметте практикалық жаттығулар арқылы қалыптасады. Барлық ұсынылған жағдайлар оқушылармен алдымен жұпта, содан кейін қатысушылар санын көбейте отырып ойналады. Мектеп оқушыларының болашақта серіктесінің сөзін түсініп қана қоймай, әңгімеге қолдау көрсетуі, репликаға жауап беруі маңызды. Бастапқыда бұл жұмыс оқушыларға қиын болып көрінеді, сондықтан оларға алдымен алынған диалогтарды дәптерге жазып алуды, содан кейін көзбен жаттап, ауызша қайталауды ұсынамыз.

Диалог-ситуацияларды меңгергеннен кейін оқытылатын тақырып бойынша елтану материалдарын қосу. Озық оқыту элементтерін қолдана отырып, диалогтармен жұмысты жалғастыру барысында оқушылар «Ұлыбритания дәстүрлері», «Мифтер мен аңыздар» сияқты әртүрлі мәтіндермен танысады. Мәтінмен танысып, оның түсіну деңгейін тексергеннен кейін, оқушыларға жоспар бойынша жоба тапсырмасы ұсынылады.

Оқушылардан тек жаттаған мәтінді қайталау ғана емес, сонымен қатар оны сөйлесу барысында қолдана білу талап етіледі; әңгімелесу барысында өз ойын жеткізіп қана қоймай, серіктесінің сөзін түсініп, репликаға жауап беру, «иә», «жоқ» деп шектелмей, сөйлесу құрылымдарын қолданып, толық жауап беру немесе өз пікірін қосу, әңгімені қолдау. Бұл үшін оқушылар тек жаттаған мәтінді ғана емес, сондай-ақ өз қаласы, өз елі, өзі туралы ақпаратты пайдаланады, осылайша екі мәдениетті салыстыра алады. Сабақ телемост форматында өткізіледі, мысалы, Астана – Лондон (сондай-ақ дөңгелек үстел, «Интернет», сондай-ақ рөлдік ойындар қолданылуы мүмкін). Жүргізуші рөлін мұғалім атқарады. Сыныптағы жұмыс барлық оқушыларды қамтуы керек.

Жазбаша және ауызша сөйлеуді дамыту жаттығулары: шетелде тұратын достарына бейресми хат жазу, достарымен өміріндегі маңызды оқиғалар туралы бөлісу, мұғалімнің көмегімен ағылшын тілінде қарапайым блог жүргізу (имитация). Бұл жаттығулар жазбаша және ауызша коммуникативтік құзыреттілікті, жазбаша және ауызекі сөйлеу стиліне сай ойды тұжырымдау дағдыларын қалыптастырады, бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік жазба мен қарым-қатынас, таным және шығармашылық дағдыларын жетілдіруіне ықпал етеді. Бұл әдісте АКТ құралдары ретінде Интернет,

информатика сабағында құрылған оқушылардың электронды поштасы, «English for Fun» электронды оқулығы және т.б. қолданылды.


Зерттеу немесе жобалық әдіс негізіндегі тапсырмалар: ақпарат іздеу, презентациялар дайындау және жобалау. Бұл тапсырмаларға негізделген жаттығулар бастауыш сынып оқушыларының зерттеу қабілеттерін дамытуға, танымдық тиімділікті арттыруға, жазба стилінде ойды тұжырымдау дағдыларын қалыптастыруға және құндылықтармен өзара алмасуға ықпал етеді. АКТ құралдары ретінде интернеттегі білім беру ресурстары, PowerPoint, Microsoft Word және т.б. пайдаланылады.

Жобалық әдіс негізіндегі тапсырмалардың тағы бір түрі — оқушылар өздігінен дыбыстап жасайтын бейнерилстер (Reels), мұнда белгіленген тақырып бойынша ақпарат іздеу, қажетті суреттер мен бейнелерді табу немесе өздері түсіру және рилсті Instagram арқылы жобалау жүзеге асырылады (26-сурет). АКТ құралдары ретінде Google Pictures, Instagram, білім беру сайттары немесе интернет ресурстары және мобильді технологиялар қолданылады. Мұндай сабақтарды ұйымдастыру әдетте үш кезеңнен тұрады және топтық формада өтеді:

1) дайындық кезеңі — Интернеттен суреттер іздеу, оқу және жазу, нақты ақпаратты іздеу және оны жауап парақтарына толтыру, сұрақтарға жауап іздеу, оқушыларды ынталандыру және әрі қарай жұмысқа дайындау, тақырыпқа кіріспе және т.б. Бұл кезеңде оқушылар не істеу керектігін және оған қанша уақыт берілгенін нақты түсінуі керек.

2) Reels жасау — сөйлеу дағдыларын дамыту, дыбыстық жазбаға арналған сөз дайындау арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту, бұрын алынған білімдерді белсендіру, сөздермен танысу, дайын шаблондарды, эффекттерді қолданып рилсті жобалау және өздігінен дыбыстау.

3) Сыныпта желіден тыс жұмыс — алынған ақпаратпен алмасу және желіде жұмыс барысында оқушылардың не тапқаны, не білгені туралы пікір алмасу, reels соңғы нәтижесін қарау. Тапсырмалар жұптық немесе топтық жұмысты көздейтіндей етіп ұйымдастырылғаны жөн, өйткені бұл коммуникативтік дағдыларды және ынтымақтастықта оқытуды дамытуға ықпал етеді.



Сурет 26 - Жобалық әдістің бір түрі – бейнерилстер

Сонымен деңгейлер өзара тұтастыққа ие болып, олардың мазмұны осы құзыреттілікті қалыптастырудың әр кезеңінде оқыту мақсаттары мен мазмұнын нақтылауды қамтамасыз етеді. Бұл оның құрамдас бөліктерінің бірізділігін сақтауға, сондай-ақ олардың оқу материалының мазмұнымен өзара байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ал бастауыш мектеп оқушыларының ШКҚ-ін қалыптастыру құралы – АКТ қолдану сөзсіз бастауыш сынып оқушыларының шетел тілін үйренуге деген мотивациясын арттырады және олардың жеке, шығармашылық және танымдық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. АКТ оқу процесін оқушы үшін жеке мәні бар тәжірибеге айналдырады, онда ол өзінің шығармашылық әлеуетін толық ашады, зерттеушілік қабілеттерін, қиялын, креативтілігін, белсенділігін және өз бетінше жұмыс істей алу дағдыларын көрсетеді. Компьютерлерді қолдану оқытудың деңгейін арттырып, көрнекілікті, аудио сүйемелдеуді, бақылауды қамтамасыз етеді, үлкен көлемдегі ақпаратты қамтиды және компьютерлік және желілік технологиялардың мүмкіндіктері шексіз.

Осылайша, келесі қорытынды жасауға болады: шетел тілдерін оқыту процесінде АКТ қолдану мұғалімге оқу ортасын құруға; оқытудың түбегейлі жаңа формалары мен әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұғалім оқушы тұлғасының дамуын қолдау және бағыттау, шығармашылық ізденіс пен оқушылармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру, ең жақсы оқу бағдарламаларын әзірлеу және таңдау үшін қосымша мүмкіндіктер алады; интеллектуалды еңбек түрлерін пайдалану арқылы оқытудың негізгі мақсатын жүзеге асырады: бастауыш сынып оқушыларының бастапқы шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, яғни әлемдік қауымдастыққа еркін ену және онда табысты қызмет атқару.

Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін әзірленген жаттығулардың тиімділігі диссертациялық зерттеудің келесі бөлімінде тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижелерін талдау барысында анықталды.

3.3 Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижелері

Тәжірибелі-эксперимент жұмысының анықтау кезеңінде бастауыш сынып оқушыларының ШКҚ-нің субқұзыреттіліктерінің бастапқы деңгейін анықтайтын тест-сұхбат өткізілді.

Эксперименттік зерттеудің қалыптастыру кезеңінің негізгі мақсаты бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін вариативтік курс барысында оқу-әдістемелік кешен мен «English for Fun» интерактивті электронды оқулығын пайдалану арқылы қалыптастыру болды. Шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасу динамикасын анықтау үшін бастауыш сынып оқушылары екі топқа бөлінді: эксперименттік және бақылау топтары. Эксперименттік топтың оқушылары (34 адам) сынып

сабақтарынан бөлек вариативтік сабақтарға қатысып, бір оқу жылы бойы интерактивті электронды оқулықпен жұмыс істеді; бақылау тобының оқушылары (32 адам) тек шетел тілі бойынша дәстүрлі сабақтарға қатысып, интерактивті электронды оқулықпен жұмыс істемеді. Аралық бақылау кесінділерін өткізу үшін біз сауалнама, тест-сұхбат, тестілеу және бақылау әдістерін қолдандық.

Шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің әрбір компонентінің қалыптасу динамикасын анықтау барысында бұрын әзірленген тест-сұхбат тапсырмалары қолданылды. Тест-сұхбат тәжірибелі-эксперименттің анықтау кезеңіндегідей ұйымдастырылды. Алынған нәтижелер анықтау экспериментінде айтып өткен математикалық статистиканың ішіндегі сипаттамалық статистика әдістері арқылы есептелінді ($x = \frac{m}{N} * 100\%$).

Тілдік субқұзыреттілікті қалыптастыру лексика мен грамматиканы олардың функционалдық қолдануын игеруді қамтыды. Шеттілдік сөздік қорды қалыптастыру ана тілі сөздігін қалыптастыруға қарағанда басқа жағдайларда жүреді. Шетел тілін үйрену барысында балада бар бейнелер, ұғымдар және түсініктер жүйесі қолданылады, ал біздің міндетіміз оқушылардың семантикалық өрісіне шетел тіліндегі жаңа символиканы енгізу болды. Бұл тәсіл сөздіктен бейнеге және керісінше еркін, жылдам ауысуды қамтамасыз етеді.

Ағылшын грамматикасын меңгеру аналитикалық-синтетикалық іс-әрекетті мұқият қалыптастыруды талап етеді. Грамматикалық құрылымдарды талдау және синтездеу материалы дайындық кезеңінде оқушы алған бастапқы тілдік қор болуы мүмкін, сондықтан интерактивті электронды оқу құралында грамматика мәтіндер мен жаттығуларда түсіндірілместен бұрын имплицитті түрде, түсіндірілгеннен кейін эксплицитті түрде қарастырылады. Электронды оқулықтағы ойындардың көмегімен оқушыларға грамматикалық құрылымдармен, сөйлем құрастырумен, сөзжасамға байланысты жаттығулармен жұмыс істеу жеңіл болды.

Тілдік субқұзыреттілікті диагностикалау бойынша бақылау сынаамасы нәтижелерін төмендегі 14-кесте мен диаграммада көрсеттік.

Кесте 14 – Тілдік субқұзыреттіліктің қалыптасуының қорытынды деңгейі

субқұзыреттілік	Эксперимент тобы 34, бақылау тобы – 32						
	Эксперимент кезеңдері	жоғары		орта		төмен	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
тілдік	соңы	44% (15)	—	56% (19)	34% (11)	—	66% (21)

14-кестеде көрсетілгендей, оқушылардың тілдік субқұзыреттілігінің деңгейі екі топта да артқан. Эксперимент тобында жоғары деңгейге жеткен

оқушылар үлесі 44%-ды (бұрын – 0%), орта деңгей - 56% құрады (бұрын – 29%), ал бақылау тобында (БТ) орта көрсеткіш 34% болса (бұрын – 28%), жоғары көрсеткішті көрсеткен оқушылар саны өзгеріссіз, есесіне төмен көрсеткішті оқушылар саны едәуір азайған - 66%. Көрсеткіштердің диаграммалық көрінісі төменде берілген.



Сурет 27 – Тілдік субқұзыреттіліктің қалыптасуының қорытынды деңгейінің диаграммасы (ЭТ)

Тілдік субқұзыреттіліктің қалыптасқан деңгейін анықтау барысында біз тілдік қателер санының азайғанын, ана тілі мен шетел тілі арасындағы интерференция процесінің төмендегенін, оқушылардың қарым-қатынас құралдарын (қарым-қатынас жағдайының ресмилігін-ресмилік еместігін ескере отырып) неғұрлым орынды қолдана бастағанын байқадық, сондай-ақ олардың лексикалық және грамматикалық минимумы кеңейді.

Сөйлеу субқұзыреттілігін қалыптастыру оқудың, жазудың, тыңдаудың және сөйлеудің дағдыларын дамыту жұмысын қамтиды. Вариативтік курс бағдарламасына және интерактивті электронды оқу құралында оқушыларға түрлі сөйлеу жағдайларында бағдарланып, өздерінің коммуникативтік ниеттерін орынды жүзеге асыруға көмектесетін жаттығулар енгізілді. Оқушыларға мәтінді қажетті рет тыңдау мүмкіндігі берілді. Бұрын өткен материалға, сөздікке сілтеме жасауға рұқсат етілді. Оқушыларға мәтінді бірнеше рет тыңдау және оқу, кез келген уақытта сөздікке, грамматикалық анықтамаға немесе бұрын өткен материалға жүгіну мүмкіндігі берілді. Лексикалық және грамматикалық дайындық жаттығуларын орындауға да рұқсат етілді. Сөйлеу субқұзыреттілігін диагностикалау бойынша бақылау сынамаcы нәтижелерін төмендегі 15-кесте мен диаграммада көрсеттік:

Кесте 15 – Сөйлеу субқұзыреттілігі қалыптасуының қорытынды деңгейі

Субқұзыреттілік	Эксперимент тобы 34, бақылау тобы – 32						
	Эксперимент кезеңдері	жоғары		орта		төмен	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Сөйлеу	соңы	35% (12)	-	65% (22)	28% (9)	-	72% (23)

егер алғашында ЭТ-да жоғары деңгей көрсеткен оқушы болмаса, соңында олардың саны 35%-ға көтерілді, орта деңгейді алғашында оқушылардың 24% көрсетсе, соңында оның саны 65%-ға көтерілген, төмен көрсеткендер болмады. Ал БТ-да орта деңгей оқушыларының 28 %-ын (бұрын – 19%) құраса, төмен деңгейде қалған оқушылардың үлесі айтарлықтай азайды– 72% (бұрын – 81%).



Сурет 28 – Сөйлеу субқұзыреттілігінің қорытынды деңгейінің диаграммасы (ЭТ)

Сөйлеу субқұзыреттілігінің қалыптасу динамикасын анықтау барысында оқушылардың тілдік құралдарды сөйлеуде дұрыс пайдалана бастағаны, сөйлеу әрекетіне қиындықсыз қатысқаны және әңгімелесу стратегиясын (пікір алмасу, сұрақ қою және т.б.) жеткілікті деңгейде дұрыс таңдағаны байқалды. Олар серіктесінің репликаларына сәйкес жауап беріп, өз пікірлерін белсенді білдірді. Оқушылардың мінез-құлқында сенімділік, белсенділік және бастамашылдық қасиеттері көрінді. Сөйлеу субқұзыреттілігінің қалыптасуының қорытынды деңгейі бойынша нәтижелер 15-кесте мен 28-суреттегі диаграммада көрсетілді.

Кесте 16 – Ақпараттық-танымдық субқұзыреттілігі қалыптасуының қорытынды деңгейі

Субқұзыреттілік	Эксперимент тобы 34, бақылау тобы – 32						
	Эксперимент кезеңдері	жоғары		орта		төмен	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Ақпараттық-танымдық	соңы	35% (12)	—	65% (22)	44% (14)	—	56% (18)

16-кестеде көрсетілгендей, оқушылардың ақпараттық-танымдық субқұзыреттілігінің деңгейі екі топта да артқан. Эксперимент тобында жоғары деңгейге жеткен оқушылар үлесі 35%-ды, орта деңгей - 65% құрады (бұрын – 38%), төмен - 0% (бұрын – 62%) болса, ал бақылау тобында (БТ) бұл көрсеткіштер жоғары деңгей - өзгеріссіз, орта көрсеткіш 44% болса (бұрын – 37%), төмен көрсеткішті оқушылар саны - 56% құрады. Көрсеткіштердің диаграммалық көрінісі төменде берілген.



Сурет 29 – ақпараттық-танымдық субқұзыреттілігінің қорытынды деңгейінің диаграммасы

Оқушылардың шетел тілін оқуға мотивациялық даярлығы деңгейінің өзгерісін анықтау мақсатында қайталама сауалнама жүргізілді. Оқушылардың жауаптарын талдау кезінде мотивациялық даярлығы жоғары балалар санының артқаны байқалды. Олар тілді әртүрлі мәдениеттер арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде жақсырақ түсініп, шетел тілін және мәдениетін үйренуге ынта танытты, өз мәдениеті мен шетел мәдениеті арасында логикалық аналогияларды көбірек жасай білді. Диагностика нәтижелері 17-кестеде көрсетілді.

Кесте 17 – Оқушылардың мотивациялық даярлығының қорытынды деңгейі

Оқушылардың шетел тілін оқуға деген мотивациялық даярлығы	Эксперимент тобы 34, бақылау тобы – 32						
	Эксперимент кезеңдері	жоғары		орта		төмен	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
	соңы	47% (16)	3% (1)	53% (18)	41% (13)	-	56% (18)

17-кестеде көрсетілгендей, оқушылардың ағылшын тілін оқуға деген мотивация деңгейі ЭТ-да артқан. Эксперименттік топта (ЭТ) жоғары деңгейге жеткен оқушылар үлесі 47%-ды құрады (бұрын – 0%), ал бақылау тобында (БТ) бұл көрсеткіш 3% болды. Орта деңгейге жеткен оқушылар саны да өскен: ЭТ – 53% (бұрын – 41%), БТ – 41% болса, төмен деңгейде қалған оқушылар үлесі

едәуір қысқарды: ЭТ – 0%, БТ – 56%. Оқушылардың АКТ мен интерактивті электронды оқу құралымен жұмысын бақылау барысында олардың барлығы оң мотивация танытқаны байқалды. Алғашқы сабақтан кейін-ақ барлық оқушы мұғаліммен ағылшын тілінде амандасып, қоштасып, өз жұмыстарын бағалап, жетістіктері туралы сыныптастарымен пікір алмасып отырды. Сабақтар ынтымақтастыққа негізделген жағымды атмосферада өтті.

Кесте 18 – Шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуының қорытынды деңгейі (субқұзыреттіліктер бойынша)

№	субқұзыреттілік	Эксперимент тобы 34, бақылау тобы – 32						
		Эксперимент кезеңдері	жоғары		орта		төмен	
			ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
1	Тілдік	басы	-	-	29% (10)	28% (9)	71% (24)	72% (23)
		соңы	44% (15)	-	56% (19)	34% (11)	-	66% (21)
2	Сөйлеу	басы	-	-	24% (8)	19% (6)	76% (26)	81% (26)
		соңы	35% (12)	-	65% (22)	28% (9)	-	72% (23)
3	Ақпараттық-танымдық	басы	-	-	38% (13)	37% (12)	62% (21)	63% (20)
		соңы	35% (12)	-	65% (22)	44% (14)	-	56% (18)

Ағылшын тілі вариативтік сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) мен авторлық интерактивті электрондық оқу құралын қолдану эксперименттік топтағы оқушылардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға, білімдерінің деңгейін тереңдетуге ықпал етті, бұл топтың нәтижелері бақылау тобымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болды. Сонымен қатар, оқушылардың ойын түрінде ұйымдастырылған интерактивті электронды оқу құралымен жұмыс істеуге деген көзқарасы өзгеріп, оны тілдік мәдениетті арттыру құралы ретінде оң қабылдай бастады. Электрондық оқу құралында берілген аудио, бейне және визуалды материалдар оқушылардың жаңа лексикалық бірліктерді меңгеруін жеңілдетті, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастырды. Интерактивті жаттығулар арқылы тілдік бірліктерді көп қайталау және жаттықтыру мүмкіндігі туды. Электронды оқу құралындағы тыңдалым мен оқылым тапсырмалары, мәтінге қатысты сұрақтар мен ауызша жауап үлгілері оқушылардың сөйлеу дағдыларын жетілдірді. Олар өз ойларын шетел тілінде жүйелі және мағыналы түрде жеткізуге дағдылана бастады. Оқу құралына енгізілген әлеуметтік жағдаяттарға негізделген диалогтар мен мәдениетаралық мазмұн оқушылардың тілдік жағдаяттарға бейімделу қабілетін арттырды. Олар


түрлі қатысымдық жағдаяттарда тілдік бірліктерді орынды қолдануды меңгерді. Осы айтылғандардың барлығын 19-кестедегі көрсеткіштер дәлелдейді.

Кесте 19 – Шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасыуының қорытынды деңгейі

№	Эксперимент кезеңдері						
		жоғары		орта		төмен	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
1	басы	-	-	30%	28%	70%	72%
	соңы	38%	-	62%	35%	-	65%

Эксперименттің қорытынды нәтижесі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың деңгейлерінің айтарлықтай жоғарылағанын дәлелдейді. Егер анықтау эксперименті барысында эксперимент тобында төмен деңгейді көрсеткен оқушылардың саны – 70% болса, эксперимент соңында төмен деңгейді көрсеткендердің саны 0% болды, орта деңгейді алғашында 30% көрсетсе, соңында олардың саны 62% жетті, жоғары деңгейді алғаш 0% оқушы көрсетсе, соңында олардың саны 38 пайызға жетті. Бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Сонымен, авторлық вариативтік курстың аясында интерактивті электронды оқу құралы мен оқу-әдістемелік кешенді қолдана отырып ұйымдастырылған шетел тілін меңгеруге бағытталған оқу іс-әрекеті тиімді болды. Бұл жоғарыда көрсетілген қорытынды диагностика мәліметтерімен расталды.



Сурет 30 – Шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің қорытынды қалыптасу деңгейінің диаграммасы

Жоғарыда айтылғандардың барлығынан бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік деңгейі «EnglishLab» вариативтік курсына арналған ОӘК мен «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралын қолдана отырып жүргізілген эксперименттік іс-әрекет барысында артқаны анықталды. Бұл факт шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың дидактикалық шарттары дұрыс ескерілгенін және біздің әзірлеген «English for Fun» интерактивті электронды оқу құралы жалпы оқу құралдарына қойылатын талаптарға сай келіп, техникалық және әдістемелік, психологиялық-педагогикалық артықшылықтарын толық жүзеге асыратынын көрсетеді.

Осылайша, тәжірибелі-эксперимент жұмысы бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін АКТ арқылы қалыптастыру моделінің, оның өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерінің тиімділігі іс жүзінде растады, сондай-ақ АКТ құралдары арқылы ИКҚ қалыптастырудың ұсынылған әдістемесінің тиімділігін дәлелдеді

Үшінші тарау бойынша тұжырым

1. Бастауыш сынып оқушыларының ШКҚ-ін қалыптастыруды оның құрылымдық компоненттерінің бастапқы деңгейін диагностикалаудан (тест-сұхбат арқылы), оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеруден бастау қажет.

2. ШКҚ-тің қалыптасу деңгейінің бастапқы диагностикасын жүргізу барысында бастауыш сынып оқушыларының ШКҚ төмен деңгейде екені анықталды. Мәселен, ЭТ пен БТ-да тілдік және сөйлеу субқұзыреттіліктің жоғары деңгейі мүлдем болған жоқ, ал төмен деңгейі әр құзыреттілік үшін 71% және 76% құраса, ақпараттық-танымдық құзыреттіліктің төмен көрсеткіші 62% болды. Бұл оқу процесін ұйымдастырудағы әдістемелік кемшіліктерге, соның ішінде АКТ-ны қолданудағы мұғалімнің дайындығының жеткіліксіздігіне байланысты болды. Мәселен, мұғалімдер арасында жүргізген сауалнама нәтижесі білім беруді ақпараттандырудың жеткілікті әрі тиімді жүріп жатпағандығын көрсетеді. Шетел тілін оқытуда компьютерлік оқытудың тиімді жүзеге аспауы, сондай-ақ электронды оқулықтар мен бағдарламаларды әзірлеуде бірыңғай әдістемелік көзқарас пен тұжырымдамалық негіздің болмауы оқу-әдістемелік кешендердің тиімділігін төмендетіп, бастауыш шеттілдік білім беру сапасына кері әсерін тигізуде.

3. ШКҚ тиімді қалыптастыру мақсатында интерактивті электронды оқу құралын қолдана отырып, шетел тілін оқыту бастауыш сынып оқушыларының жас, және коммуникативтік даму ерекшеліктеріне, сондай-ақ компьютерлік лингводидактика принциптеріне сәйкес келуі тиіс.

4. ШКҚ тиімді қалыптастыру оқу құралдарын қағаз және электронды тасымалдағыштарда қатар, жүйелі және тұрақты түрде қолдануды талап етеді. АКТ арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ШКҚ қалыптастыру әдістемесі 3 кезең бойынша жүзеге асты. *Бірінші ұғымдық-когнитивтік кезеңі* тілдік

субқұзыреттілікті қалыптастырумен байланысты. Ұғымдық-когнитивтік кезең шетел тілін меңгертудің бастапқы сатысы ретінде оқушылардың жаңа тілдік бірліктермен (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық) танысуына және олардың мағынасын саналы түрде түсінуіне бағытталады. Бұл кезеңде оқушылар шеттілдік қарым-қатынас жағдаяттарында аталмыш бірліктерді қолданудың негізгі тәсілдерін меңгереді. Сөйлеу субқұзыреттілігін қалыптастыратын *екінші функционалдық кезең* — оқушылардың меңгерілген тілдік материалды сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерінде (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қолдану арқылы коммуникативтік іскерліктерін дамытуға бағытталған оқыту процесінің маңызды сатысы болып табылады. *Үшінші коммуникативті-адаптивті кезеңде* ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктің қалыптасуын қамтамасыз етіледі.

5. Бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың соңғы кезеңі оның құрылымдық компоненттерінің (тілдік, сөйлеу, ақпараттық-танымдық субқұзыреттіліктер) қалыптасу деңгейінің қорытынды диагностикасы және алынған нәтижелерді талдау арқылы шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің одан әрі дамуын бірізді түзету болуы қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік — шетел тілінде тиімді қарым-қатынас жасаудың қажетті шарты. Бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру — күрделі және көпсатылы білім беру процесі. Қазіргі уақытта шетел тілін оқытудың жастық шегінің төмендеуі шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің негіздерін ерте жастан қалыптастыру ықтималдығын арттырады, бұл оқушыларға өзге әлеуметтік орта мәдениетін және тілін тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді. Шетел тілін оқыту процесінің тиімділігі тек мұғалім мен оқушының дайындығына ғана емес, сонымен қатар сабақта қолданылатын заманауи технологиялық шешімдерге де байланысты.

Қазіргі Қазақстандық білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қосымша білім беру ресурсы ретінде кең сұранысқа ие. Компьютер зияткерлік құрал ретінде мұғалім атқаратын барлық функцияларды орындай алады, оқушылардың жеке басымдықтарына байланысты білім алу процесін реттеп, өзгерте алады. Компьютерлік оқыту тілдік білім беруде шетел тілін оқыту деңгейін айтарлықтай арттырады.

Ерте жастан оқытуға арналған компьютерлік бағдарламалар мен интерактивті электронды оқулықтар білім алудың жеке контекстін, біліктілік пен дағдыларды қалыптастыруды ескере отырып, оқушылардың мотивациялық дайындығын едәуір арттырады, олардың белсенді ойлау әрекетін дамытады, танымдық қажеттіліктерін ынталандырады және оқу процесін барынша дараландырады.

Зерттеу көрсеткендей, эксперименттік жұмыс жүргізілген кезде бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігі жоғары деңгейде қалыптаспаған. Бұл оқу процесінің оқушылардың жеке ерекшеліктеріне жеткілікті дәрежеде бейімделмеуі, шетел тілінде білім алудағы әлеуметтік-мәдени контексттің әлсіздігі, материалды дәстүрлі түрде ұсыну және инновациялық техникалық шешімдердің жетіспеушілігі сияқты факторлармен түсіндіріледі.

Интерактивті электронды оқулықты қолдану арқылы эксперименттік оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалды: әлеуметтік-мәдени білімдері артып, оқушылар қарым-қатынастағы психологиялық кедергілерді оңай еңсерді, шетел тілін үйренуге деген ішкі мотивациялары күшейді. Бұған келесі шарттарды сақтау ықпал етті: вариативтік курс кезінде электронды оқулықты жүйелі, тұрақты және бірізді түрде қолдану, оның негізгі эргономикалық және лингводидактикалық талаптарға сәйкестігі, оқулықты әзірлеу барысында бастауыш сынып оқушыларының жас, жеке және коммуникативтік даму ерекшеліктерін ескеру, электронды оқулық мазмұнының шетел тілін оқытуға қойылатын Мемлекеттік білім беру стандарты талаптарына және бастауыш тілдік білім беру бойынша мектеп бағдарламасына сәйкестігі, оқыту кезінде тұлғалық және әлеуметтік-мәдени тәсілдерді жүзеге асыру.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік зерттеу көрсетілген шарттарды сақтау барысында бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру тиімділігі туралы болжамды растады. Қойылған мақсатқа қол жеткізіліп, алға қойылған міндеттер шешілді. Бұл АКТ қолдануды көздейтін әдістеменің тиімділігін растауға мүмкіндік берді.

Біздің ұсынған әдістеме эксперименттік апробациядан өтті және келесі тұжырым жасауға мүмкіндік берді:

1. Бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру шетел тілін оқытудағы мақсаттар, міндеттер, мазмұн және технологиялардың келісімділігі мен өзара байланысын, сондай-ақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен оқыту шараларының дәйектілігін қамтамасыздандыруы тиіс.

2. Интерактивті электронды оқулықты қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының шетел тілін тиімді оқуы белгілі бір деңгейдегі шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуын қамтамасыздандырады. Оның өлшемдері: тілдік хабардарлық, сөйлеуді коммуникативті тұрғыда орынды құрастыру, мәдени-ақпараттық бағдарлану.

3. Интерактивті электронды оқулықты қолдану арқылы шетел тілін оқыту бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу және психологиялық дамуына барынша ықпал етеді.

Жүргізілген зерттеу мәселені толық шешуді мақсат тұтпайды, керісінше оны дамытуды қажет етеді, бұл бастауыш мектепте шетел тілін оқытуда мәдени-ақпараттық ортаны құру мен оның қызмет ету мәселелерін зерттеуді болжайды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тоқаев, Қ.К. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: Қазақстан халқына Жолдау. – 01.09.2022 ж. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>.
- 2 Кунанбаева, С.С. Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан. – Алматы: КазУМО и МЯ им. Абылай хана, 2010. <https://library.ablaikhan.kz/wp-content/uploads/2025/02/5783.pdf>
- 3 2023 – 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту тұжырымдамасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>
- 4 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітуге арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>
- 5 ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы. "Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035670/info>
- 6 Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – 2022 ж.
- 7 Кунанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы [Мәтін] : оқулық. – Алматы, 2010. – 324 б.
- 8 Брунер, Дж. Психология познания / Пер. с англ. – Москва: Прогресс, 1977. https://www.phantastike.com/common_psychology/psihologia_poznania_zh_predelami_neposredstvennoj_uyformacii/html/.
- 9 Выготский, Л.С. Мышление и речь. – Москва: Лабиринт, 2012. – 352 с.
- 10 Булаховский, Л.П. Проблемы изучения грамматического строя восточнославянских языков. – Киев: Издательство АН УССР, 1953. – 419 с.
- 11 Хомский Н. Язык и мышление. – М.: Прогресс, 1972. – 164 с.
- 12 Luria A. R., Yudovich F. Ia. Speech and the Development of Mental Processes in the Child: An Experimental Investigation. – Baltimore: Penguin Books, 1971. – 136 p.
- 13 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 2002. – 720 с.
- 14 Жетписбаева Б.А., Смагулова Г. Ж. Параметры аутентичных аудио- и видеоматериалов в обучении иностранным языкам // Инновационные педагогические технологии: материалы IX Междунар. науч. конф.- Казань: Молодой ученый, 2019, <https://moluch.ru/conf/ped/archive/326/14912/>
- 15 Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М.: Просвещение, 1985. – 223 с.

- 16 Бабин И.А. Компетентностный подход в образовании: проблемы и перспективы // Педагогика. – 2005. – № 10. – С. 161.
- 17 Заболоцкая О.Н. Формирование ключевых компетенций у студентов вуза // Вестник высшей школы. – 2006. – № 7. – С. 45–50.
- 18 Зимняя И.А. Компетентностный подход: каково его место в системе современных подходов к проблемам образования (теоретико-методологический аспект) // Высшее образование сегодня. – 2006. – № 8. – [https://psychlib.ru/mgppu/periodica/IYaSh062012/ZKk-002.htm#\\$p2](https://psychlib.ru/mgppu/periodica/IYaSh062012/ZKk-002.htm#$p2)
- 19 Селевко Г. Компетентности и их классификация // Народное образование. – 2004. – № 4. – С. 138.
- 20 Вербицкий А.А. Компетентностный подход и теория контекстного обучения. – М., 2004. – 84 с.
- 21 Шишкин Ф.Т. Компетенция и компетентность как ключевые понятия компетентностного подхода в образовании // Наука и школа. – 2008. – № 4. – <https://cyberleninka.ru/article/n/kompetentsiya-i-kompetentnost-kak-klyuchevye-ponyatiya-kompetentnostnogo-podhoda-v-obrazovanii>
- 22 Gordon J. et al. Key competences in Europe: Opening doors for lifelong learners across the school curriculum and teacher education. – CASE Network Reports, No. 87, Center for Social and Economic Research (CASE), Warsaw, 2009. <https://www.econstor.eu/bitstream/10419/87621/1/613705459.pdf>
- 23 Зязюн И.А. Философия прогресса и прогноза образовательной системы // Педагогическое мастерство: проблемы, поиски, перспективы: монография. – Киев, Глухов: Изд-во ГДПУ, 2005. – С. 118.
- 24 Кичук Н.В. Ключевые компетентности личности специалиста как педагогическая проблема // Научный вестник Южноукраинского государственного педагогического университета имени К. Д. Ушинского: сб. науч. тр. – Одесса, 2004. – № 8–9. – С. 53–58.
- 25 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Эксперимент и инновации в школе. – 2009. – № 2. <https://cyberleninka.ru/article/n/klyuchevye-kompetentsii-novaya-paradigma-rezultata-obrazovaniya>
- 26 Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. – 2003. – С. 160.
- 27 Шадриков В.Д. Новая модель специалиста: инновационная подготовка и компетентностный подход // Высшее образование сегодня. – 2004. – № 8. – <http://journals.uspu.ru/attachments/article/2069/%D0%A1%D1%82%2032.pdf>
- 28 Бим И.Л. Методика обучения иностранным языкам как наука и проблемы школьного учебника. – М.: Русский язык, 1977. – 288 с.
- 29 Леонтьев А.А. Слово в речевой деятельности. – М., 1965. – 245 с.
- 30 Norman D. et al. Communicative Ideas: An Approach with Classroom Activities. – London: Language Teaching Publications, 1986.

- 31 Сафонова, В.В. Изучение языков международного общения в контексте диалога культур и цивилизаций. — Воронеж: Истоки, 1996. — 238 с.
- 32 Chomsky N. Aspects of the Theory of Syntax. — Cambridge: MIT Press, 1965. — 251 p.
- 33 Hymes D. On Communicative Competence. In: J.B. Pride & J. Holmes (Eds.), Sociolinguistics: Selected Readings. — Harmondsworth: Penguin, 1972. — pp. 269–293. www.homes.uni-bielefeld.de
- 34 Gumperz J. Communicative Competence Revisited. — Berkeley: University of California, 1986.
- 35 Ulrich W. Der Fremdsprachenunterricht DaF in der (ehemaligen) DDR im Spannungsfeld von Tradition und Reformation. — Saarbrücken, 1991. — 154 S.
- 36 Bunting K.-D., Kochan, D.C. Linguistik und Deutschunterricht. — Kronberg: Scriptor, 1973. — 152p.
- 37 Gunther, S. Interkulturelle Kommunikation und Fremdsprachenunterricht. // Info DaF, 1989, №16, p. 447.
- 38 Savignon, S.J. Communicative Competence: Theory and Classroom Practice. — 2nd ed. — New York: McGraw-Hill, 1997. — 352 p.
- 39 Зимняя И.А. Психология обучения неродному языку. — Москва: Русский язык, 1989. — 133 с.
- 40 Гез Н.И. Методика обучения иностранным языкам в средней школе: учебник. — Москва: Высшая школа, 2009. — 345 с.
- 41 Коккот В.А. Лингводидактическое тестирование. — Москва: Высшая школа, 1989. — 123 с.
- 42 Димова Л.С. Коммуникативные языковые компетенции в свете общеевропейских рекомендаций Совета Европы по вопросам образования. // Педагогика и психология, 2012. — №28. — С. 27–34.
- 43 Узакбаева С. А., Туганбаева Г. Е. Сущность иноязычной коммуникативной компетенции учащихся основной школы. Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана, серия «Педагогические науки», Том 59 № 4, 2021.-105с.
- 44 Заболоцкая, Л. А. Педагогические условия формирования коммуникативных умений учителя // Научный вестник Мелитопольского государственного педагогического университета. Серия: Педагогика. — 2011. — №7. — С. 65–70.
- 45 Богуш А.М. Истоки речевого развития детей дошкольного возраста: Программа и методические рекомендации. — Киев: ИЗИН, 1997. — 112 с.
- 46 Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. — Москва: Русский язык, 1989. — 277 с.
- 47 Фурманова В.П., Щеглова, И.Н. Формирование культурно-языковой личности обучающихся в преподавании иностранных языков на основе развития межкультурной компетенции: учебное пособие. — Саранск; Рузаевка: Рузаевский печатник, 2017.
- 48 Харченкова Л.И. Этнокультурные и социолингвистические факторы в обучении русскому языку как иностранному. — Санкт-Петербург, 1997.

- 49 Canale M., Swain, M. Theoretical Bases of Communicative Approaches to Second Language Teaching and Testing. // Applied Linguistics, 1980. – №1. – p.54.
- 50 Н.И. Гез и др. Актуальные вопросы коммуникативно-ориентированного обучения иностранным языкам в школе и неязыковом ВУЗе.– Москва: МГЛУ, 1992. – 146 с.
- 51 Cazden C. Dell Hymes's Construct of "Communicative Competence" // Anthropology & Education Quarterly. – 2011. https://www.researchgate.net/publication/262856656_Dell_Hymes%27s_Construct_of_Communicative_Competence.
- 52 Гальскова Н. Д. Теория обучения иностранным языкам: лингводидактика и методика / Н. Д. Гальскова, Н. И. Гез. – М.: Академия, 2005. – 336 с.
- 53 Соловова Е. Н. Методика обучения иностранным языкам: базовый курс / Е. Н. Соловова. – М.: Просвещение, 2006. – 175с.
- 54 Гончарова Н. Л. К вопросу об иноязычных компетенциях // Педагогика и психология образования. – 2016. – № 4. – С. 79–84.
- 55 Федорова О. В. Условия формирования коммуникативной компетенции студентов неязыковых вузов: автореф. дис. ... канд. пед. наук / О. В. Федорова. – Саратов, 2003. – 18 с.
- 56 Щукин, А. Н. Методика преподавания русского языка как иностранного / А. Н. Щукин. – М.: Высшая школа, 2003. – 334 с.
- 57 Зимняя И. А. Педагогическая психология / И. А. Зимняя. – М.: Логос, 1999. – 383 с.
- 58 Coste D. Competence plurilingue et pluriculturelle / D. Coste, D. Moore, G. Zarate // Le Français dans le monde. – 1998. – 70p.
- 59 Панина Е. Ю. Рекламные тексты как средство формирования иноязычной коммуникативной компетенции в профессионально-ориентированном чтении (на материале немецкого языка): дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02 / Е. Ю. Панина. – Пермь, 1999. – 221 с.
- 60 Александрова Н. Ю. Формирование иноязычной коммуникативной компетенции у учащихся классов информационно-технологического профиля средствами информационно-коммуникационных технологий / Н. Ю. Александрова. – Чебоксары, 2010. – 150с.
- 61 Doye P. The Intercultural Dimension of Foreign Language Learning: An element in the education of primary school teachers / P. Doye. – Strasbourg: Council of Europe Press, 1995. – 83 p.
- 62 Вятютнев М. Н. Методические основы теории школьного учебника русского языка как иностранного: дис. ... д-ра пед. наук: 13.00.01 / М. Н. Вятютнев. – М., 1983. – 496 с.
- 63 Гез Н. И. Иностранные языки: учебник для студентов педагогических вузов / Н. И. Гез. – М. : Академия, 2005. – 181с.
- 64 Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка / Ж. Пиаже; пер. с фр., предисл. Л. С. Выготского. – М.–Л. : Учпедгиз, 1932. – 320 с.

- 65 McKay, P. *Assessing Young Language Learners* / P. McKay. – Cambridge : Cambridge University Press, 2006. – [уточните количество страниц].
- 66 Давыдов В. В. Проблемы развивающего обучения: опыт, теоретические и экспериментальные психолого-педагогические исследования / В. В. Давыдов. – М. : Педагогика, 1986. – 239 с.
- 67 Singleton D., Ryan L. *Language Acquisition: The Age Factor* / D. Singleton, L. Ryan. – 2nd ed. – Clevedon : Multilingual Matters, 2004. – [уточните количество страниц].
- 68 Эльконин Д. Б. Психологические вопросы формирования учебной деятельности в младшем школьном возрасте // Вопросы психологии обучения и воспитания: тез. докл. на конф. / под ред. Г. С. Костюк, П. Р. Гамата. – Киев : Изд-во НИИ психологии УССР, 1961. – С. 268–275.
- 69 Выготский Л. С. *Воображение и творчество в детском возрасте*. – СПб.: Союз, 1997. – 91 с.
- 70 Щерба, Л. В. Языковая система и речевая деятельность / Л. В. Щерба. – М. : Наука, 1974. – 342 с.
- 71 Белкин А. С. *Основы возрастной педагогики: учеб. пособие для студентов высших педагогических учебных заведений* / А. С. Белкин. – М. : Издательский центр «Академия», 2000. – 192 с.
- 72 Абильдина З. А. Бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытудың педагогикалық негіздері / З. А. Абильдина. – Алматы : Рауан, 2012. – 190б.
- 73 Әбдіғаппарова, Г. Т. Бастауыш сынып оқушыларының шетел тілі сабақтарында коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жолдары : дис. ... канд. пед. наук / Г. Т. Әбдіғаппарова. – Алматы, 2014. – 183б.
- 74 Никитенко Г. А. Модель формирования коммуникативной компетенции младших школьников на уроках иностранного языка // Вестник Томского государственного педагогического университета. – 2012. – № 4. – С. 88–93.
- 75 Гальскова Н. Д. *Современная методика обучения иностранным языкам: пособие для учителя* / Н. Д. Гальскова. – М. : АРКТИ, 2004. – 192 с.
- 76 Гальперин П. Я. *Психология как объективная наука: избранные психологические труды* / П. Я. Гальперин ; под ред. А. И. Подольского. – М. : Московский психолого-социальный институт ; Воронеж : МОДЭК, 1998. – 416 с.
- 77 Palmer H. E. *The Principles of Language-Study* / H. E. Palmer. – London : George G. Harrap & Co., 1921. – 113p.
- 78 Солопова О. А. *Формирование иноязычной коммуникативной компетенции младших школьников* / дис. – Елец, 2008. – 214с .
- 79 Ладыженская Т. А. *Обучение иностранному языку в начальной школе: коммуникативный подход* / Т. А. Ладыженская. – М. : Владос, 2003. – 190с.
- 80 Сафонова В. В. *Культурология и обучение иностранным языкам в средней школе* / В. В. Сафонова. – Воронеж : Истоки, 1996. – 210с.

- 81 Негневицкая Е. И. Общение и коммуникативная компетентность младших школьников на уроках иностранного языка / Е. И. Негневицкая. – М. : Академия, 2005. – 138с.
- 82 Нұрғазина Н. И. Бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары / Н. И. Нұрғазина. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 185б.
- 83 Zhumabayeva A.E., Zhusupbekova G., Stukalenko N.M. Use of communicative learning technologies for speech activity development of junior pupils. Revista ESPACIOS, Vol. 39(40), 2018.-5p.
- 84 Горлова Н. А. Раннее обучение иностранным языкам: психолого-педагогические основы / Н. А. Горлова. – М.: Академия, 2010. – 160 с.
- 85 Постовалова В. И. Наука о языке в свете идеала цельного знания: В поисках интегральных парадигм / В. И. Постовалова. – М.: ЛЕНАНД, 2016. – 272 с.
- 86 Степанов Ю. С. Язык и метод. К современной философии языка / Ю. С. Степанов. – М.: «Языки русской культуры», 1998. – 784 с.
- 87 Крысина Л.П. и Шмелев Д.Н. Социально-лингвистические исследования; АН СССР, Институт русского языка. – М.: Наука, 1976. – 230 с.
- 88 Серебренников Б. А. Язык как общественное явление (Общее языкознание. Формы существования, функции, история языка) / Б. А. Серебренников. – М., 1970. – С. 417–450.
- 89 Залевская А. А. Введение в психолингвистику: учеб. пос. / А. А. Залевская. – М., 1999. – С. 44–63.
- 90 Шахнарович А. М. Общая психолингвистика: учеб. пос. / А. М. Шахнарович. – М., 1995. – С. 39–72.
- 91 Кубрякова Е. С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира / Е. С. Кубрякова ; РАН ИЯ. – М. : Языки славянской культуры, 2004. – 560 с.
- 92 Жинкин, Н.К. Механизмы речи. — М.: Изд-во Академии педагогических наук РСФСР., 1958.-140с.
- 93 Anderson J. M. Language Form and Linguistic Variation: Papers Dedicated to Angus McIntosh / J. M. Anderson. – Amsterdam : John Benjamins Publishing Company, 1982. – 320 p.
- 94 Маслова В. В. Лингвокультурология: учебное пособие / В. В. Маслова. – М. : Высшая школа, 2001. – 208 с.
- 95 Zhumabekova B. (2024). Modern model of language teaching: integration of content, approaches, resources. Bulletin of S. Ualikhanov KU – Philology Series, №2, 2024, 267p.
- 96 Golovchun A.A., Irgatoglu A. Formation model of university students' intercultural communicative competence, Bulletin of UIRaWL, № 4.-2024, 50p.
- 97 Колшанский Г. В. Объективная картина мира в познании и языке / Г. В. Колшанский. – М. : Наука, 1990. – 256 с.

- 98 Халеева И. И. Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (Подготовка переводчиков) / И. И. Халеева. – М. : Высшая школа, 1989. – 236,[2] с. : 22 см. – ISBN 5-06-002119-X.
- 99 Мильруд Р. П., & Максимова, И. Р. Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения иностранным языкам // Иностранные языки в школе. – 2000. – № 4. – С. 9–15.
- 100 Карташова В. Н. Раннее иноязычное образование. Теория и практика: монография / В. Н. Карташова. – Елец : ЕГУ им. И. А. Бунина, 2001. – 149 с.
- 101 Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики / Ф. де Соссюр. – Екатеринбург, 1999. – 432 с.
- 102 Зимняя И. А. Психология обучения иностранным языкам в школе / И. А. Зимняя. – М. : Просвещение, 1991. – 221 с.
- 103 Янг К. Sociology and Social Life / К. Янг. – Нью-Йорк : American Book Company, 1956.
- 104 Пассов Е. И. Основы методики обучения иностранным языкам / Е. И. Пассов. – М. : Педагогика, 1977. – 240 с.
- 105 Демьяненко М. Я., Кислая С. В., Лазаренко К. А. Основы общей методики обучения иностранным языкам / М. Я. Демьяненко, С. В. Кислая, К. А. Лазаренко. – Киев : Русь, 1976. – 136 с.
- 106 Тоқаев Қ. К. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021 жыл. – Режим доступа: <https://www.akorda.kz>
- 107 Савченко Н. А. Использование информационных и коммуникационных технологий в общем среднем образовании [Электронный ресурс] / Н. А. Савченко. – 200? <http://www.humanities.edu.ru/db/msg/80297>
- 108 Уруймасова О. В. Современные информационные технологии в формировании коммуникативной компетенции студентов: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 / О. В. Уруймасова. – Владикавказ, 2005. – 198 с.
- 109 Гребенюк О. С., Рожков М. И. Общие основы педагогики / О. С. Гребенюк, М. И. Рожков. – М.: Владос-Пресс, 2004. – 160 с.
- 110 Можаяева Г. В. Роль современной информации в современном источниковедении / Г. В. Можаяева // Открытый междисциплинарный электронный журнал «Гуманитарная информатика». – 2004. – Вып. № 1.
- 111 Рябенко Н. Л. Формирование иноязычной коммуникативной компетенции студентов международного профиля средствами интерактивных технологий: диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – М.: Московский государственный институт международных отношений (Университет), 2019. – 216 с.
- 112 Луцевич Л. В. Вопросы эффективного использования ЭВМ в учебном процессе // Автоматизированные системы научных исследований обучения и управления в ВУЗах. – Новосибирск, 1986. – С. 33–39.

- 113 Юзвешин И. И. Энциклопедия информатиологии / под ред. А. М. Прохорова. – М. : Информатиология, 2000. – 199 с.
- 114 Жалдак М. И. Информационные технологии в образовании. – М. : Академия, 2004. – 320 с.
- 115 Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании: учебное пособие / И. Г. Захарова. – М.: Академия, 2011. – 190 с. – ISBN 978-5-7695-7976-9.
- 116 Нургалиева Г. К. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқытудың заманауи әдістері // Информатика негіздері журналы. – № 5, 2014.
- 117 Джусубалиева Д. М. Использование электронных учебников для повышения качества иноязычного образования будущих учителей иностранного языка / Д. М. Джусубалиева. – Алматы: Абылай хан ҚазХҚжӘТУ, 2013. – 84 с.
- 118 Тажигулова А. И. Педагогические принципы конструирования электронных учебников в условиях информатизации профессионального образования: дисс. канд. пед. наук. – Алматы, 2000. – 152 с.
- 119 Жақсыбекова Ә. Ә. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.
- 120 Nurzhanova S.A., Serik M. Possibilities of the subject "Information and Communication Technologies" in Accustoming Primary School Students to Research activities. International Journal: Interactive Mobile Technologies, Kassel University, Vol 12, № 6, 2018.- 35-47 p.
- 121 Yelubayeva P.K., Nemtchinova E. The impact of digital authentic materials in ESP classrooms on students' critical thinking and effective communication. Bulletin of the Khalel Dosmukhamedov Atyrau University. 2025;76(1) <https://doi.org/10.47649/vau.25.v76.i1.19>.
- 122 Кульгильдинова Т. А., Чакликова А. Т. Аксиологические основы информатизации иноязычного образования. Вестник Карагандинского университета, сер. «Педагогика», № 2(86), 2017.-149с.
- 123 Беспалько В. П. Образование и обучение с помощью компьютеров: учебно-методическое пособие / В. П. Беспалько; Рос. акад. образования. – М. : Изд-во Моск. психол.-соц. ин-та; Воронеж : МОДЭК, 2002. – 352 с.
- 124 Красильникова В. А. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: учебное пособие / В. А. Красильникова; ГОУ ВПО «Оренбургский государственный университет». – М.: Дом педагогики, 2006. – 231 с.
- 125 Полат Е. С., Бухаркина М. Ю., Моисеева М. В., Петров А. Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учебное пособие / под редакцией Е. С. Полат. – 4-е изд., стереотипное. – М.: Академия, 2009. – 269 с.
- 126 Barker P., King T. The Development of Multimedia Learning Resources for the Web // Educational Media International. – 2003. – 40(1-2), С. 71–81.

- 127 Livingstone S. Critical reflections on the benefits of ICT in education // Oxford Review of Education. – 2012. – 38(1). – С. 9–24.
- 128 Щукин А. Н. Современные интенсивные методы и технологии обучения иностранным языкам: учебное пособие / А. Н. Щукин. – 2-е изд. – М.: Филоматис, 2010. – 188 с.
- 129 Саржанова Ғ.Б. Ашық білім беру кеңістігіндегі студенттердің ақпараттық технологияларды пайдалануының ғылыми-педагогикалық негіздері: философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Л. Н. Гумилев атын. Еуразия ұлттық ун-ті... – Астана, 2016.
- 130 Жорабекова А.Н. Gamification strategies in primary school English classes: enhancing motivation and language acquisition through digital games // The bulletin of the academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.-2025.- № 1(413), p.115.
- 131 Аманжолова А. Т. Цифрлық педагогика: теория және практика // Педагогика және психология. – 2021. – № 3.
- 132 Зайцева С. А., Иванов, В. В. Современные информационные технологии в образовании. <http://sgpu2004.narod.ru/infotekyinfotek2.html>.
- 133 Мартин У. Д. Информационное общество / У. Д. Мартин // Теория и практика общественно-научной информации. – 1990. – № 3, С. 115–123.
- 134 Хабермас Ю. Моральное сознание и коммуникативное действие / Ю. Хабермас. – СПб. : Наука, 2000. – 380 с.
- 135 Азимов Е. Г., Щукин, А. Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М.: Изд-во ИКАР, 2009. – 448 с.
- 136 Клоков Е. В., Денисов, А. В. Технология проектного обучения // Школа. – 2006. – № 2. – С. 29–36.
- 137 Гордиенко Т. П., Смирнова, О. Ю. Классификация информационно-коммуникационных технологий в образовании // Проблемы современного педагогического образования. – 2017. – № 55-1. – С. 130–140.
- 138 Беспёрстова И. В. Организация учебного процесса с использованием информационных компьютерных технологий <http://festival.1september.ru/articles/592048/>
- 139 Евстигнеев М. Н. Методика формирования компетентности учителя иностранного языка в области использования информационных и коммуникационных технологий: автореф. дис. канд. пед. наук. – М.: Моск. пед. гос. ун-т, 2012. – 129 с.
- 140 Биболетова М. З. Мультимедийные средства как помощник УМК "Enjoy English" для средней школы // ИЯШ. – 1999. – № 3.
- 141 Савицкая Т. Н. К вопросу о пользе электронного словаря на уроке иностранного языка. www.kgau.ru/new/all/konferenc/konferenc/2012/g16.doc
- 142 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы "Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

143 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы "23" сәуірдегі № 258 қаулысы.

144 Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – 2018 жыл. <https://jumys.snation.kz/kz/tko/page/goso-nachalnoe-obrazovanye>

145 Учебная программа для начальной школы (1-4 классы) в рамках обновления содержания среднего образования. – Астана, 2018. – 28 с.

146 Кушнир, М. П. Об особенностях государственного общеобязательного стандарта начального образования Республики Казахстан // Наука и современность. – 2015. – № 39. <https://cyberleninka.ru/article/n/ob-osobennostyah-gosudarstvennogo-obscheobyazatelno-go-standarta-nachalnogo-obrazovaniya-respubliki-kazahstan>

147 Европейские публикации по вопросам написания результатов обучения. http://main.isuct.ru/files/edu/umu/publ_result_obucheniya.pdf

148 1-4 сыныптарға арналған «Шетел тілі» (ағылшын тілі) пәнінің типтік оқу бағдарламасы // ENGLISH Course Plan, Grade 4, Autonomous educational organization «Nazarbayev intellectual schools», 2018-2019 academic year.

149 Полат Е. С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 272 с.

150 Пассов Е. И. Коммуникативность обучения – в практику школы. – М.: "Просвещение", 1987. – 132 с.

151 Беляева А. П. Информационные технологии в обучении: классификация и применение. – М.: Академия, 2006. – 256 с.

152 Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 2002. – 192 с.

153 Ваграменко Я. А. Компьютерные обучающие программы: теория и практика. – Санкт-Петербург: Питер, 1999. – 320 с.

154 Ершов А. П. Введение в информатику. – М.: Наука, 1990. – 240 с.

155 Кузнецов, А. А., Кузнецов, Ю. К. Педагогические технологии с применением компьютера. – Санкт-Петербург: Питер, 2001. – 256 с.

156 Лапчик М. П. Информационные технологии в педагогике. – М. : Академия, 2003. – 288 с.

157 Марусева И. В., Марон А. Е. Компьютерные технологии в образовании. – М.: Академия, 2003. – 272 с.

158 Киршев С. П. Компьютер как средство повышения эффективности учебного процесса / С. П. Киршев, Н. В. Киршева // URL: <http://www.lib.sportedu.ru/>

159 Руденко-Моргун О. И. Компьютерные технологии в проблемном обучении языку [Текст] / О. И. Руденко-Моргун // Язык, сознание, коммуникация: Сб. статей. – М. : Диалог-МГУ, 1999. – Вып. 9. – С. 166-171.

- 160 Дмитриева Е. И. Технологичность как основной методический подход к созданию курсов дистанционного обучения через Интернет / Е. И. Дмитриева // Иностранные языки в школе. – 1998. – № 1. – С. 6-11.
- 161 Коряковцева Н. Ф. Современная методика организации самостоятельной работы изучающих иностранный язык [Текст] : пособие для учителей / Н. Ф. Коряковцева. – М. : АРКТИ, 2002. – 189 с.
- 162 Цветкова Л. А. Использование компьютера при обучении лексике в начальной школе [Текст] / Л. А. Цветкова // Иностранные языки в школе. – 2002. – № 4. – С. 25-27.
- 163 Крысин, Л.П. (2018). Современный словарь иностранных слов: свыше 7000 слов и выражений, толкование значений, происхождение, употребление. Москва: АСТ-Пресс школа.
- 164 Ресей педагогикалық энциклопедиясы. – М.: Ресей энциклопедиясы, 1993. – С. 289.
- 165 Щедровицкий П. Г. Исходные представления и категориальные средства теории деятельности // Методологические проблемы системных исследований. — М.: Институт философии РАН, 1995. – 38с.
- 166 Кунанбаева С. С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. – Алматы, 2014. – 208 с.
- 167 Брунер Дж. The Process of Education. – Harvard University Press, 1976. URL: <https://www.hup.harvard.edu/books/9780674710016>
- 168 Штофф В. А. Моделирование и философия. — М. : ЛГУ, 1966.
- 169 Қожахметова К., Таубаева Ш., Жанзакова Ш. Жалпы және этникалық педагогиканың әдіснамасы логика-құрылымдық схемаларда. – Алматы, 2005. – 174 б.
- 170 Полонский В. М. Білім беру және педагогика бойынша сөздік. – М. : Жоғары мектеп, 2004.
- 171 Андреева И. А. Обучение межкультурной коммуникации в различных условиях. – Пятигорск : Пятигорск ПГЛУ, 2000.
- 172 Юдин Э. Г. Системный подход и принцип деятельности. Методологические проблемы современной науки [online]. — Москва: Наука, 1978. — 391 с. URL: <http://www.cs.vsu.ru/~svv/se/%> (citat 20.10.2020).
- 173 Витт Н. В. Психологические вопросы индивидуализации обучения иностранным языкам в средних специальных учебных заведениях. – М.: Педагогика, 1975. – 193 с.
- 174 Кузовлев В. П. Структура индивидуальности учащихся как основа индивидуализации обучения речевой деятельности / В. П. Кузовлев // Иностранные языки в школе. – 1980. – № 2. – С. 17-19.
- 175 Леонтьев А. А. Психолого-педагогические основы обновления методики преподавания иностранных языков: Лекция-доклад. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 1998. – 24 с.
- 176 Выготский Л. С. Психология развития ребенка. – М.: Эксмо, 2004. – 502 с.

- 177 Эльконин Б. Д. Психология игры. – М.: Педагогика, 1978. – 304 с.
- 178 Роджерс К. Психотерапия и изменение личности / Совм. с Р. Даймондом (R. Dymond). – 1954. – 28-30 с.
- 179 Maslow A. A Theory of Human Motivation. – Hardcover Library Edition. 1943 – 80p.
- 180 Амонашвили Ш. А. Гуманно-личностный подход к детям. – М.: Издательство института практической психологии, 1998. – 554 с. ISBN: 5-89112-032-1.
- 181 Zhumabayeva A.E. The impact of folk games on primary school students// Journal of Education and e-Learning Research, 2023, 10(2), Б. 125–131
- 182 Сейілова Ж. Ж. «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы білім беру сапасын арттыру» // Білім беру технологиялары журналы. – 2023. – № 2. – Б. 45–50.
- 183 Prensky M. Digital Natives Digital Immigrants. – MCB University Press, Vol. 9 No. 5, 2001. <https://www.marcprensky.com/writing/Prensky%20-%20Digital%20Natives%2C%20Digital%20Immigrants%20-%20Part1.pdf>
- 184 Беспалько В. П. Образование и обучение с участием компьютеров (педагогика третьего тысячелетия). <https://staff.tiame.uz/storage/users/445/books/LOWXGIW2IHjNyzqHQiTdtqxcYZybBPQrsqUfXQW4.pdf>
- 185 Шамова Т. И., Лубков А. В., Шклярова О. А., Осипова О. П., – основоположник научной школы управления образовательными системами. Столетию со дня рождения посвящается // Наука и школа. – 2024. – № 6. <https://cyberleninka.ru/article/n/t-i-shamova-osnovopolozhnik-nauchnoy-shkoly-upravleniya-obrazovatelnyimi-sistemami-stoletiyu-so-dnya-rozhdeniya-posvyaschaetsya>.
- 186 Әдістемелік терминдер мен ұғымдардың жаңа сөздігі. – 2009.
- 187 Слостенин В. А., Подымова, Л. С. Педагогика: инновационная деятельность / В. А. Слостенин, Л. С. Подымова. – М. : Магистр, 1997. – 224 с.
- 188 Кунанбаева С. С. Қазіргі шеттілдік білім беру: әдіснама және теориялар. – Алматы, 2005. – 264 с. – 47-48 б.
- 189 Чакликова А.Т. Научно-теоретические основы формирования межкультурно-коммуникативной компетенции в условиях информатизации иноязычного образования: автореф. дис. ... док. пед. наук: 13.00.08. – Алматы, 2009.- 340 с.
- 190 Щукин А. Н. Обучение иностранным языкам: Теория и практика: Учебное пособие для преподавателей и студентов. – М. : Филоматис, 2004. – 416 с.
- 191 Коменский Я. А. Ұлы дидактика / Ағылшын тіліне аударған М. W. Keatinge. – London: J. M. Dent & Sons, 1896. – 358 б. – Қолжетімді: <https://archive.org/download/cu31924031053709/cu31924031053709.pdf>

- 192 Неволина Е. М. Как написать и защитить диссертацию: краткий курс для начинающих исследователей / Е. М. Неволина. – Челябинск: Урал ЛТД, 2001. – 192 с.
- 193 Гром Е. Н. Содержание и формы контроля уровня сформированности иноязычной коммуникативной компетенции у учащихся 10-11 классов школ с углубленным изучением иностранного языка: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02 / Е. Н. Гром. – Москва, 1999. – 315 с.
- 194 Попова Т. П. Формирование иноязычной коммуникативной компетенции студентов первого курса заочного отделения языкового ВУЗа (английский язык): дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02 / Т. П. Попова. – Н. Новгород, 1999. – 160 с.
- 195 Кларин М. В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игры и дискуссии. – Рига: Эксперимент, 1995. – 176 с.
- 196 Гузеев В. В. Системные основания образовательной технологии: технологические основы конструирования и проектирования учебного процесса. – М.: НИИ школьных технологий, 1995. – 128 с.
- 197 Мохова Е. В. Функциональная грамотность в рамках УМК: подходы и реализация. // Современные проблемы науки и образования. – 2020. – № 6. – С. 112–117.
- 198 Асылжанова Д.Е., Назымбекова Д. «EnglishLab - Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру шеберханасы» авторлық бағдарлама бағдарламасы, 2023ж., ISBN 978-601-02-1199-5
- 199 Иванова С. В. Электронные учебники как часть УМК: опыт и перспективы. // Образование и наука. – 2021. – № 2. – С. 45–50.
- 200 Захаров П. А. Учебно-методические комплексы для младших школьников: структура и содержание. // Начальная школа. – 2019. – № 4. – С. 23–28.
- 201 Assylzhanova D., Sadykova A. K. Formation of foreign language communicative competence of primary school students // Abai Kazakh National Pedagogical University Journal “Pedagogy and Psychology” Series “Pedagogical sciences”. – 2024. - Vol 1(58). - 50-57 pp.
- 202 Тер-Минасова, С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – Москва: Слово, 2000. – 624 с.
- 203 Шатилов С. Ф. Методика обучения немецкому языку в средней школе: учебное пособие. – М.: Просвещение, 1986. – 223 с.
- 204 Николаев С. Ю. Подход к проблеме упражнений с позиции теории индивидуализации обучения [Текст] / С. Ю. Николаев // Иностранные языки в школе. – 1987. – № 5. – С. 21-26.
- 205 Козлов П. Г. Интегративная роль результата в технологии обучения иностранному языку // Новые технологии в учебном процессе в вузе. – Алматы, 1995. – 18 б.
- 206 Гез Н. И. Типология языковых упражнений в обучении иностранным языкам // Вопросы методики преподавания иностранных языков. – М.: Изд-во МГУ, 1982. – С. 45–52.

207 Скалкин В. Л. Обучение диалогической речи. – М.: Просвещение, 1981. – 192 с.

208 Асылжанова Д, Алькеева М. «English for Fun» атты авторлық интерактивті электронды оқу құралы, Интеллектуалдық меншік нысанын тіркеу куәлігі N30734, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, 30 қараша 2022 жылы.

209 Assylzhanova D., Aubakirova G. M., Rysbekova R. M. The educational use of electronic textbooks in primary foreign language teaching in the context of digitalization. – Bulletin of Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Series “Pedagogical sciences” №3(74), 2024, 432-444 pp.

210 Assylzhanova D., Uzakbayeva S. A., Rakhimbekova G. O., Ramashov N. Investigating The Effects of ICT-based Interactive Foreign Language Teaching to Primary School Students // Journal of Social Studies Education Research (Turkey) – 2024. – V.15. – Iss. 5. – 26-58 pp. JSSER, ISSN: 1309-9108.

211 Михайлова О. В. Использование видеоматериалов в развитии коммуникативной компетенции студентов // ResearchGate. – 2023. https://www.researchgate.net/publication/374483986_Using_video_materials_in_developing_communicative_competence_of_students

212 Мухамедова У. К. Мультимедийные технологии в обучении иностранному языку // ResearchGate. – 2020. https://www.researchgate.net/publication/341144908_Multimedia_technologies_in_teaching_a_foreign_language

213 Коваль О. И. The Effectiveness of Applying Video Materials in Communicative Language Teaching // International Journal of Education and Research. – 2020. <https://www.idpublications.org/wp-content/uploads/2020/02/full-paper-the-effectiveness-of-applying-video-materials-in-communicative-language-teaching.pdf>

214 Родионова О. Л. The Usage of Authentic Video Materials for the Formation of Cross-Cultural Competencies in Teaching a Foreign Language // E3S Web of Conferences. – 2021. – Т. 273. https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/pdf/2021/49/e3sconf_interagromash2021_12154.pdf


Қосымша А

Асылжанова Данагуль Ерболовна
Назымбекова Дамира Нурлановна

Авторская программа

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру

English LAB



2023

Қосымша Ә

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

КУӘЛІК

2022 жылғы «30» қараша № 30734

Автордың (лардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):
**АСЫЛЖАНОВА ДАНАГУЛЬ ЕРБОЛОВНА, АЛҒАЕВ МЕРУЕРТ НУРЛАНОВНА, НАЗЫМБЕКОВА
ДАМИРА НУРЛАНОВНА**

Авторлық құқық объектісі: **ЭЕМ-ге арналған бағдарлама**

Объектінің атауы: **Бастауыш сынып оқушыларына арналған «English for Fun» электрондық оқу құралы**

Объектіні жасаған күні: **21.11.2022**

Құжат түпнұсқасының: <http://www.kazpatent.kz/ru> сайтының
"Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады. <https://copyright.kazpatent.kz>

Подлинность документа возможно проверить на сайте [kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz)
в разделе «Авторское право» <https://copyright.kazpatent.kz>

ЭЦҚ қол қойылды

Е. Оспанов

Қосымша Б
Тест-сұхбат тапсырмалары

Тілдік субкүзыреттілік

1. Find the odd one out.

<u>Animals</u>	<u>Jobs</u>	<u>Numbers</u>
Cow	Doctor	Nine
Horse	Driver	Two
Dog	Taxi	Piano
Cat	Pilot	Ten
Two	Baker	Four
Hen	Teacher	One

2. Жазбаша/ауызша сұрақтардың мысалдары (әр оқушыға 2 сұрақ қойылады):

What is your name?

How old are you?

Where are you from?

How many people in your family?

How old is your mother?

What is your hobby?

What is your friend doing now?

Describe your friend (hair, eyes, tall/short)

What is your favourite fruit or vegetable?

3. Сенде суреттегі мына ойыншықтар бар екенін айт (ойыншықтар бейнеленген карточка беріледі). Олардың санын айт. Достарыңды бірге ойнауға шақыр.
4. Бэнның ойыншықтары өте көп. Карточка бойынша оның ойыншықтары туралы айтып бер (ойыншықтар бейнеленген карточка беріледі).
5. Сэмның отбасы мүшелері туралы айтып бер. (аты, жасы, мамандығы туралы ақпараты бейнеленген сурет беріледі)
6. Суретте бейнеленген жемістер мен тағамдардың қайсысын жақсы көресің және жақсы көрмейсің?
7. Досыңа кітапты үстелдің үстіне немесе астына қой деп өтініш білдір.
8. Суретті мұқият қара. Қай заттар Айбектікі, ал қай заттар Джонға тиесілі?
9. Оқушыларға карточка бойынша Whose book/pencil/dog/ cat is it? Сұрағы қойылады. Оқушы карточкадағы ақпарат бойынша жауап беруі тиіс.
10. Карточкадағы жануарлар қай жерде екенін айт (the cat is in the box, the dogs are under the table etc.)

Қосымша В
Тест-сұхбат тапсырмалары

Сөйлеу субкүзыреттілігі

Тапсырма 1. «Мираның өзінің отбасы туралы әңгімесін тыңда да, диктордың сұрақтарына жауап бер» (аудиожазба).

Тапсырма 2. «Арманның досы туралы әңгімесін тыңда және сұрақтарға жауап бер» (аудиожазба).

Тапсырма 3. Америкада тұратын Брайнның аудиохатын тыңдап ол туралы айтып бер» (аудиожазба).

Тапсырма 4. Селлидің туған күніне қандай сыйлықтар алғанын тыңдап, тағы не алғысы келетінін айтып бер (аудиожазба).

Тапсырма 5. Нұрайдың аудиожазбасын тыңдап, оның қай жерден екенін айт. Оның ағасы мен әпкесі кім болғысы келеді? (аудиожазба).

Тапсырма 1. Хатты оқып, автордың аты кім және оның қай жерден екенін анықта.

Тапсырма 2. Мәтінді оқып, Алиманың қандай тағамдарды сүйіп жейтінін және нені жеуді ұнатпайтынын айтып бер.

Тапсырма 3. Сэмның үй жануарлары туралы мәтінді оқып, олар туралы айтып бер.

Тапсырма 4. Дэнның ата-анасы туралы мәтінді оқып, олардың мамандығы туралы айтып бер.

Тапсырма 5. Алиманың ойыншықтары туралы мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Қосымша Г
Тест-сұхбат тапсырмалары
Ақпараттық-танымдық субқұзыреттілік

1. Ұлыбританияның астанасы қай қала:
a) Лондон b) Париж c) Нью-Йорк
2. Ағылшын досыңның үйінде құмыра сындырып алдың. Кешірім сұрау үшін қай сөз тіркесін қолданасың?
a) Good morning! b) I'm sorry c) So-so
3. Ұлыбританияда Аяз атаны қалай атайды?
a) Santa Clause b) Father Frost c) Greench
4. «Ағылшын тілді досыңмен және оның ата-анасымен қалай амандасасың?
Hello/ Good-bye/ How do you do/ Hi!» Жауабыңды негізде
5. Pyramid/ The Statue of Liberty/ Baiterek қайда орналасқан?»
6. «АҚШ астанасы қай қала?
a) Лондон b) Вашингтон c) Нью-Йорк
7. Ұлыбританияда қандай атақты ғимараттар бар?
a) Eiffel Tower b) Big Ben c) Statue of Liberty
8. Ұлыбританиядағы атақты өзен қайсы?
a) Темза b) Ніл c) Есіл
9. Ұлыбританияда қандай мейрамдар бар?
a) Наурыз b) Christmas c) Құрбан айт d) Halloween
10. Британ халқы шайды қалай ішеді?
a) Шайды тұз қосып ішеді b) Шайды сүт қосып ішеді c) Шайды лимонмен іше алмайды

Қосымша Д

I Тілдік жаттығулар блогы

Фонетикалық жаттығулар

1-тапсырма. Берілген сөздерді LearningApps-та тыңдаңыз және қайталаңыз (Listen and repeat):

Aunt, ant, bear, cucumber, onion, potato, tomato, weather

2-тапсырма. «English for Fun» интерактивті оқулығынан «Space» тақырыбынан алынған. Берілген сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз



3-тапсырма Дыбысталуы берілген интерактивті диктанттар (Wordwall, LearningApps, English for Fun) арқылы сөздердің жазылуын тыңдау арқылы бекіту. Мысалы: оқушы «banana» сөзін тыңдайды және бұл сөзді әріптеп жазады.

4-тапсырма Spelling Bee – SpellingTraining.com арқылы орфографиялық жады мен зейінді дамытуға арналған онлайн-сайыс. Суретке қарап, берілген сөзді тыңдаңыз да, оны әріптеп пернетақтаның көмегімен жазыңыз. Мысалы: "How do you spell the word?"- оқушы 'elephant' сөзін тыңдайды және енгізеді.

Лексикалық жаттығулар

5-тапсырма Жаңа сөздерді суреттермен байланысқан ассоциациялар арқылы есте сақтауға бағытталған. Бұл тапсырма Quizlet карталарын пайдалану арқылы орындалады.

Компьютер немесе планшет арқылы Quizlet платформасын ашыңыз. Суретке назар аударып, сөзді дауыстап оқыңыз және оны 2–3 рет қайталаңыз. Содан кейін сөздерді дәптерге жазыңыз.



6-тапсырма Сөздерді олардың мағынасы немесе санатымен сәйкестендіруге арналған. Бұл тапсырма Kahoot сияқты интерактивті платформалар көмегімен жүзеге асырылады.

Мысалы:

"blue" → нұсқалар: а) көк, б) үлкен, с) мысық.

"sheep" → нұсқалар: а) қой, б) құс, с) ағаш.

7-тапсырма Жаңа лексиканы бекітуге арналған сөздерді суретімен сәйкестендіруге арналған «English for Fun» электронды оқулығындағы «Sport» тақырыбындағы интерактивті лексикалық жаттығу. Тапсырма аяқталған соң «Тексеру» батырмасын басу арқылы оқушылар тапсырманың жауабын бірден тексеріп, өз бетінше қатемен жұмыс жасай алады.

Тінтуірдің көмегімен сөздерді сәйкес суреттермен сәйкестендір және тексер (match sports with their pictures)




8-тапсырма Жаңа лексиканы танып, таба білуге және бекітуге арналған жаттығу. «English for Fun» электронды оқулығы арқылы орындалады. Жаттығудың берілу форматын мақсатқа сай түрлендіре беруге болады. Мысалы сөйлемдегі түсіп қалған сөзді табу, бос орындарды қажетті сөзбен толтыру, тест форматындағы жаттығу, орфография дағдыларын дамыту мақсатында жаңа лексиканы пернетақтаның көмегімен енгізу жаттығуларын ұсынуға болады және кейбір мысалдары төменде берілген.

а) Жасырылған мамандықтарды тауып, тінтуірдің көмегімен белгілеу.
Find hidden professions and remember them



ә) 9-тапсырма «Space» тақырыбында өткен жаңа лексика – ғаламшарлардың аттарын бекітуге және орфография дағдысын қоса дамытуға арналған лексикалық жаттығудың пернетақтамен жұмыс істеуді қажет ететін форматы төменде берілген



б) 10-тапсырма Unscramble the picture. Use given picture and letters.



e	r	T	a	e	c	h
T	e	a	c	h	e	r

в) Сөйлемдерді толықтыру, бос орындарды толтыру жаттығулары
11-тапсырма Complete the sentences. Use the correct form of these verbs.



г) Тақырып бойынша сөздердің семантикалық ассоциацияларын белсендіру жаттығулары зерттелетін сөздің мағынасын кеңейтілген семантикалық контекст арқылы түсінуді көздейді:

12-тапсырма Choose the odd one out (Тақырыпқа сәйкес келмейтін артық сөзді алып тастаңыз)

Game:	football	hopscotch	hide-and-seek
Football:	helmet	boots	ball
Ice hockey:	stick	ball	puck

д) Сөзжасамдық болжамды дамыту жаттығулары (белгілі бір жұрнақтар арқылы жаңа сөздер жасау)

13-тапсырма Make new word using the given suffixes –er, -or, -ing, -ly, -ness

Sing	build	teach	run	read
beautiful	slow	happy	act	

Жоғарыда келтірілген лексикалық жаттығулардың форматына сай «English for Fun» электронды оқулығы, Puzzle Maker, Crossword Labs, Quizlet, Kahoot сияқты интерактивті платформалар көмегімен жүзеге асырылады.

English for Fun көмегімен ойын түрінде грамматикалық құрылымдарды қайталауға арналған **грамматикалық жаттығулар**:

бос орынды толтыру

14-тапсырма Complete the sentence with the suitable word. Write the negative form

Unit 1 Sport

1 I don't ... (present simple negative) don't/doesn't + verb

2

3

4

5

6

7

8

Exercise 5. Write the negative.

I play the piano very well	I don't play the piano very well
Janiya plays the guitar very well	Janiya play the guitar very well
I know the answer	I know the answer
Madina works very hard	Madina work very hard
She loves him	She him
They speak English	They English
I want it	I it
He lives in Italy	He in Italy

15-тапсырма: «There is/There are», «Can/Can't», «Have got» тақырыптары бойынша деңгейлерден өтіп, жұлделерге ие бол.

Unit 3 Treasure & Heritage

Exercise 4. Complete the sentences with **There is** or **There are**

1		a sofa in the living room.
2	There is	four cups in the cupboard.
3	There are	a clock in the kitchen.
4		lots of chairs.
5		a garage
6		some pictures on the wall
		a desk in the study

Тексеру

Padlet, Jamboard виртуалды тақтасының көмегімен сөйлемнің жетіспейтін бөліктерін толықтыруға арналған жаттығулар.

16-тапсырма: Етістіктің дұрыс формасын таңдап, сөйлемдердің жетіспейтін бөліктерін толықтырыңыз. Балалар виртуалды тақтаға дұрыс формасын жазуы керек.

Мысалы:

He ___ an apple.” (have/has)

I ___ not have money (do/does)

Does she ___ a dog? (have/has)

17-тапсырма Write the negative. (Сөйлемнің грамматикалық формасын өзгерту)

1. I play the piano very well – I don't play the piano very well
2. Janiya plays the guitar very well - _____
3. I know the answer - _____
4. Madina works very hard - _____

18-тапсырма Төмендегі кестені пайдаланып, мүмкіндігінше көп сөйлем құраңыз. Пернетақтаның көмегімен енгізіңіз.

I			bananas
You			apple juice
Arman	don't	like(s)	meat
My dog	doesn't	eat(s)	winter
We		drink(s)	reading books
Children		buy(s)	sleeping
		draw(s)	listening to music

19-тапсырма Put in correct order and make questions (Fun English электронды оқулығында тінтуірдің көмегімен сөздерді дұрыс ретке қойып, сұрақтар құрастыру)

Unit 1 Sport

Do you...? Does she...? (present simple questions)

Exercise 6. Put in correct order and make questions.

-
-
-
-
-
-
-
-

where do you live ?

to pool swimming how often

does she go ?

hard work you do

get up you what time do

school you to do how get

Тексеру >>

II Сөйлеу жаттығулары блогы

Listening жаттығулары

20-тапсырма Read and complete. LearningApps-тағы әннің аудиожазбасын тыңдай отырып, оқушылар сөйлемдер немесе мәтіндердегі бос орындарды толтырады, бұл тыңдау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Fun holiday summer

Summer holiday
Summer fun!
Summer holiday,
In the _____
We love the sun;
Summer is _____

Оқушылар Fun English электронды оқулығындағы қысқа диалогтар мен әңгімелерді тыңдап, естігендерін түсінуді тексеру үшін сұрақтарға жауап береді немесе берілген сөйлемдерді дұрыс реттілікке келтіреді

Тапсырма 21. Listen to the phone conversation. Choose a or b

1 Who does Molly want to talk to?

a) Ben b) Emma

1 Where is Emma?

a) At home b) out

2 What is Holly's phone number?

a) 405 69 78 b) 405 79 89

Speaking жаттығулары

22-тапсырма Fun English электронды оқулығындағы шағын аудио немесе видеожазбаны көрген соң, сол бойынша берілген сұрақтарға жауап беру арқылы қысқа монологтар құр.



23-тапсырма Canva цифрлық суреттерін пайдалану арқылы берілген суретті 3-4 сөйлеммен сипатта.

- **This is a baby boy.**
- **He is eating an ice cream.**
- **He is sitting on the books**
- **He likes it.**



24-тапсырма Қажетті сұхбаттасушыны табу. Әр оқушыға Kahoot, Wordwall, Quizlet онлайн-платформаларының көмегімен жасалған электронды карточка таңдауға мүмкіндік беріледі. Карточкадағы ақпаратқа сәйкес балалар топтық чатқа сұрақ жазу арқылы өздеріне сәйкес келетін жұбын табуға тырысады. Мұғалім сондай-ақ оларға сұраулы сөйлемдерді дұрыс құрастыруға көмектесетін көмекші-карточкаларды да экранда ұсынады.

Find someone ...

- who likes bananas
- who can swim
- who likes to eat Italian pizza
- whose birthday in Summer

Do you like bananas?
Can you swim?
Do you like Italian pizza?
When is your birthday?

Reading жаттығулары

25-тапсырма Домбыра туралы аңыз деген мәтінді оқып, мәтіннің мазмұны бойынша True/False жаттығуын орындаңыз.

Unit 2 Myths & Legends

Exercise 6. Read the text and do True/False exercise below




Legend about dombra


In ancient times, two brothers-giants lived in the Altai Mountains. The younger brother had dombra, and he loved very much to play it. He forgot about everything in the world when he began to play dombra.

The elder brother was proud and vain. Once he wanted to become famous and decided to build a bridge crossing the cold river. He began to gather stones and build the bridge, and the younger brother continued to play dombra. The days went by. The younger brother did not help the elder one. He just played his favorite instrument. The elder brother became angry. He snatched dombra out of brother's hands and broke it against the rock. The instrument was broken and the music stopped. Many years passed. People found the stamp and began to make new dombyras, and the music, which was silent for much time, sounded again.

	True	False
The story is about two little brothers.	✗	☐
The elder brother loved music	✗	☐
The elder brother became angry because the younger one didn't help him	✓	☐
Dombra is a favorite musical instrument of the younger brother	✓	☐
The elder brother wanted to build a bridge	☐	☐

Storyline Online немесе YouTube аудиоресурстарын қолдану арқылы жасалатын «Дыбыстық кітап» жаттығуы

26-тапсырма Диктордың «The Rainbow Fish» мәтінін оқығанын тыңдаңыз және экрандағы субтитрлерді мұқият қадағалап бірге оқыңыз. Бір жаңа сөзді таңдап, оны жазып алыңыз және аудармасын табыңыз (мысалы, Google Translate көмегімен).



Мысал: The fish has shiny scales.
Жаңа сөз: shiny – жылтыр.

Writing жаттығулары

27-тапсырма Quizlet немесе Kahoot интерактивті қосымшаларында берілген форманы толтыру. Оқушы өзі туралы ақпаратты толтырып, пернетақтаның көмегімен сөйлемдер жазады (Complete the form about yourself)

First name	My name is Nuraiym
Surname	
Country	
City	
Address	
Age	
Mobile number	
Favorite subject	
Food	

28-тапсырма Компьютерде немесе планшетте Google Docs не Word құжатын ашып, ағылшын тілінде қиялдағы досыңа қысқаша хат жаз.

Хат жазу барысында келесі үлгі тіркестерді қолдан:

- Hello! My name is [сенің атың].
- I am [жасың] years old.
- I like [сүйікті ісің немесе хоббиің].
- What do you like?

III Сөйлеу-коммуникативтік жаттығулар блогы

Сөйлеу-коммуникативтік жаттығулардың кейбір мысалдары

29-тапсырма Оқушылар ситуативті жаттығуға арналған тапсырманы орындамас бұрын, сол жағдаяттың видеосын көреді, келесі кезеңде мұғалім орындайды. Материал меңгерілген соң оқушылар топ болып рөлге бөлініп орындайды және сыныпта көрсетеді. Әр топтың ситуативті жаттығулары әртүрлі. Меңгерілген материал негізінде өз жағдаяттарын құрастырады.

Жаттығудағы айтылатын сөз	Аудармасы	Мұғалімнің іс әрекеті
Let's have breakfast	Таңғы асымызды ішеік	
Come to the kitchen	Асүйге барайық	Ым-ишарамен ас үйге шақырады
I am hungry	Менің қарным ашты	Ішін сипайды
Are you hungry?	Сенің қарның ашты ма?	Бас изеп, ым ишарамен сұрайды
What do we have for breakfast?	Таңғы асқа не жейміз	шат көңілді, қызығушылық тудыратын дауысымен айтады
Flakes	Хлопья	Хлопья салынған реквизитті көрсетеді
Flakes with milk	Сүтпен хлопья	Тағы да хлопьяны көрсетеді
Where is the milk	Сүт қайда?	Өз өзінен сұрайды
Nurai, where is the milk	Нұрай, сүт қайда?	Оқушыдан сұрайды
Ah! In the fridge!	А! Тоңазытқышта ғой	Тоңазытқыш салынған суретке нұсқайды
Here, in the fridge!	Мында, тоңазытқышта	Тоңазытқыш салынған суретті ұстайды
Here is milk	Міне сүт	Сүтті алып шығады
The milk is cold, cold	Сүт суық, суық	Суық екенін интонациямен және іс-әрекетпен көрсетеді
Let's warm it up	Оны жылытайық	МКП реквизитін нұсқайды
I need a plate	Маған тәрелке керек	Шұңғыл тәрелкені алады
A plate	Тәрелке	Шұңғыл тәрелкені көрсетеді
First, I pour some milk into the plate	Алдымен, сүтті ыдысқа құямыз	First сөзінде сұқ саусақпен 1-ді көрсетеді
Pour, pour	Құямыз, құямыз	Сүтті құяды
Let's put it into the microwave	Енді микротолқынды пешке салайық	МТ пешке салады
Ok, warm up	Жақсы, жылытамыз	МТ пешті қосады
Now the milk is warm, warm	Енді сүт жылы болды	Жылы дегенді маркайып айтады
Now, flakes.	Енді хлопья	Оқушыларға қарап айтады
Breakfast is ready!	Таңғы ас дайын!	Ыдысты ұсынады


30-тапсырма Қонақтарды қарсы алу жағдаяты. Орындалу реті 29-тапсырмадағыдай, видео көріп, материалды меңгерген соң топ болып орындайды. Аю анадан соң басқа да жануарлар келеді.



Who is there? сұрағы
 Present perfect шағы
 Knock-knocking герундия
 Let's... құрылымы

Жаттығудағы айтылатын сөз	Аудармасы	Оқушының іс әрекеті
I hear knocking	Есік қаққанды естідім	Есік қаққан аудионы естіп құлағын көрсетеді
Who is there?	Кім бұл?	Таңырқаған түр жасайды
Who has come?	Кім келді?	Есік жақтан сұрайды
Let's open the door	Есікті ашайық	Есікті ашады
Bear! Mommy Bear has come	Аю. Аю анашым келді	Аю ана жазуымен оқушы кіреді
Hello hello	Сәлем сәлем	Қол бұлғайды
Nice to see you	қуаныштымын	Өте қуанышты
Hug, let's hug!	құшақтасайық	құшақтасады
We've been missing you	Сізді сондай сағындық	мейірленеді
Mommy Bear, take off your coat	Пальтоңызды шешіңіз	Сырт киімін шешуге көмектеседі
Go to the bathroom	Ваннаға барыңыз	Ванна жақсы нұсқайды

Қосымша Е

Қолданылған және қосымша ақпараттық ресурстар

https://www.spellingtraining.com/ Spelling Training - ағылшын тіліндегі орфографияны (емле) үйретуге арналған қарапайым әрі тиімді онлайн платформа. 41 лексикалық тақырып (түстер, сандар, спорт, Хэллоуин, т.б.), 139 орфографиялық тақырыптар (дауысты/дауыссыз дыбыс түрлері, homophones, compound words, т.б.), 9 тақырып бұрыс етістіктер (irregular verbs), 16 тақырып әндердің сөздері бойынша интерактивті орфографиялық жаттығулар жинағы бар. Сондай-ақ онлайн тесттер, 11 орфографиялық ойындар тыңдалым мен теруді біріктірген интерактивті жаттығулардан тұрады.	
https://www.gamestolearnenglish.com/spelling-bee/ Spelling Bee - 32 тақырып бойынша тыңдалым мен теруді біріктірген ойын түріндегі визуалды интерактивті жаттығулар жинағы. Сондай-ақ лексикалық, грамматикалық жаттығулар бөлімі мен мұғалімнің өз жаттығуларын құрастыруға арналған бөлімдері бар.	

https://www.englishclub.com/esl-quizzes/spelling/ EnglishClub – Spelling Quizzes — ағылшын тілінің емлесін (орфографияны) үйренуге арналған онлайн платформа, әсіресе beginner және elementary деңгейдегі оқушылар үшін тиімді. Сайтта оқушылар жиі шатастыратын сөздермен жұмыс істейді, әртүрлі орфографиялық тесттер мен викториналар арқылы өз білімдерін тексере алады. Жаттығулар қарапайымнан күрделіге қарай құрылып, британдық және американдық жазу ерекшеліктеріне де назар аударады.	Choose the correct spelling of the missing word in each sentence: 1. Are you _____ to the party tonight? ☐ coming ☐ comming 2. I lived in Paris _____ 2012. ☐ untill ☐ until 3. Be careful when you walk _____ the road. ☐ across ☐ accross 4. Do you know _____ answer is correct? ☐ wich ☐ which
https://www.phonicsbloom.com/ Phonics Bloom — балаларға әріптер мен дыбыстар арасындағы байланысты үйретуге арналған интерактивті онлайн ресурстар ұсынады. Сайтта әртүрлі фонетикалық ойындар мен жаттығулар бар, олар оқу мен жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі.	
https://www.kizphonics.com/ Kiz Phonics — мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына арналған фонетикалық оқыту бағдарламасын ұсынады. Сайтта әртүрлі деңгейлерге арналған жаттығулар, ойындар, бейне сабақтар және жұмыс парақтары бар.	
https://www.teachyourmonster.org/ Teach Your Monster to Read – сайт ойын арқылы оқушыларға фонетиканы үйренуге көмектеседі. Ойын барысында оқушылар әріптер мен дыбыстарды сәйкестендіреді, сөздерді оқиды және монстрларын оқуға үйретеді.	
https://learnenglishkids.britishcouncil.org/ LearnEnglish Kids – British Council — бұл ағылшын тілін жаңа бастап жатқан балаларға арналған халықаралық білім беру платформасы. Сайт бастауыш сынып оқушылары үшін арнайы жасалған және ағылшын тілін ойындар, бейнежазбалар, әндер, әңгімелер, грамматика мен сөздік жаттығулары арқылы оңай әрі қызықты үйренуге көмектеседі.	
https://www.wordgametime.com/subject/vocabulary Word Game Time – Vocabulary Section — бұл бастауыш және орта деңгейдегі оқушыларға арналған ағылшын лексикасын дамытуға бағытталған тегін онлайн платформа.	

<https://www.k5learning.com/free-grammar-worksheets>

K5 Learning – Free Grammar Worksheets — бұл бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын грамматикасын дамытуға бағытталған тегін онлайн ресурс. Ол оқушылардың грамматикалық білімін бекітуге арналған басып шығаруға болатын жұмыс парақтарын (worksheets) ұсынады.



<https://double-decker.ru/texts-for-reading-in-english-4-5-form/#5>

Double-decker – бұл бастауыш мектеп оқушыларына онлайн режимде оқуға және түсінуге тегін машықтануға мүмкіндік беретін ағылшын тіліндегі мәтіндер жинағының ресурсы. Сондай-ақ аутенттік мәтіндерді аудио форматта тыңдау мен жетістіктерін бірден бағалау мүмкіндігі бар

